Қазақстанда теміржол жұмысшылары XIX ғасырдың соңында қалыптаса бастады. Оған алғашқыда мұнда Сібір теміржолының Омск-Петропавловск бөлігінің, Покровск-Орал-Рязань теміржолдары мен Воскресенск темір жолдарының салынуы негіз болды. 1900-1904 жылдарда Қазақстан теміржолшыларының саны 6-7 мың адамға жетті. Орынбор-Ташкент теміржолы құрылысы аяқталысымен теміржол жұмысшыларының қалыптасу процесі шапшаң қарқын алды. 1906 жылы Қазақстанда 20 мыңдай теміржолшылар болды, ал 1913 жылы Троицк теміржолы іске қосылғаннан кейін олардың саны 22 мыңға дейін өсті. Мұның үстіне көтерме жұмыс істейтін (работающие по подряду) бірнеше мың жұмысшылар болды.

Алтай, Риддер темір жолдарының салынуы мен бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты Орынбор-Ташкент, Сібір-Рязань-Орал және Троицк теміржолдарындағы тасымал көлемінің өсуі нәтижесінде 1917 жылы Қазақстандағы теміржолшылар саны 28 мыңнан асып, көтерме жұмыс атқаратындарды қосқанда 30 мыңдай болды [3, 519 б.].

Темір жолдар ірі капиталистік кәсіпорын сияқты өз уақытының жетік технологиясымен жабдықталғандықтан, біліктілігі жоғары жұмысшылар қажет еді, ал олар кей жерлерде, дәлірек айтсақ Қазақстанда мүлдем болмады десек те болады. Бұл мәселе бойынша 1908 жылы, Генерал-майор Милеант: «Орынбор-Ташкент темір жолы толық тек 1905-1906 жылдары іске қосылды, сондықтан жауапкершілігі жоғары және дайындықты керек ететін мамандықтарды дайындап үлгере алмады. Құрылыстан кейін қалған жұмысшылардың қызметтік сапасы темір жолды пайдалануға сай келе бермеді» деп атап өтті. Осы жағдай Қазақстанның басқа темір жол желілерінде де байқалды. Сондықтан темір жолшы кадрларының көп бөлігі Ресейдің орталық және басқа аймақтарынан келген, негізінен орыс жұмысшыларының есебінен толықтырылды. Бұл жұмысшылардың арасында царизм антиүкіметтік іс-әрекеттері үшін қудаланған адамдар көп болды. Генерал-майор Милеант «Орынбор-Ташкент темір жолына негізінен бұрынғы қызмет орындарында жолы болмағандар жұмыс іздеп келеді» - деп жазды [4, 64 б.].

Қазақстанның темір жолдарында жоғарғы білікті мамандарға деген сұраныс әрдайым білінді. Сондықтан мұндай жұмысшыларды Ресейдің басқа темір жолдарынан ауыстырып алып келді, ал қиын жағдайларда оларды қызмет бабымен белгілі бір уақытқа жіберді. Жол қатынастар министірілігі 1911 жылы Орынбор-Ташкент темір жолында қосымша 24 разъездің ашылуына байланысты, және астықты тасуды жеңілдету үшін мұнда 50 разъезд басшысының көмекшісімен 100 стрелочниктерді қызмет бабымен жіберді.

Бірақ, білікті мамандардың жетіспеушілігіне қарамастан, Қазақстан темір жолдарында арнайы мамандандырылған әскери бөлімдер, темір жол батальондарын күштеп жұмыс істету онша таралмады. Аймақтық басты магистралы Орынбор-Ташкент темір жолында көрші Орта-Азиялық темір жолға қарағанда оларды мүлдем пайдаланбайды.

Қазақстан теміржолшы кадрлары өз құрамы жөнінен көп ұлтты болды, алайда олардың көпшілігі ішкі губернияларынан келген орыс жұмысшылары еді. Олардың жекелеген кәсіби топтарының құрамындағы ұлттар өкілдерінің ара салмағы да әр түрлі болды. Мәселен, тұрақты түрде еңбек ететіндердің басым көпшілігін орыстар құрады, ал күндеп жұмыс істейтіндердің ішінде орыс емес ұлттардың өкілдері басым болды. Мысалға, Орынбор-Ташкент темір жолында 1908 жылы тұрақты жұмыс істейтін және қызметкерлердің 92,86 % -ы орыстар, орыс еместер - 7,14 % болды. Осы топтың ұлттық құрамы мынандай еді: поляктар - 3,11 % (271 адам), қазақтар - 2,2 % (194 адам), немістер - 0,72 (63 адам), парсылар - 0,40% (35 адам), татарлар - 0,22 % (19 адам), еврейлер - 0,15 % (13 адам) болды [5, 217-219 бб.].

Келтірілген деректерге қарап, қазақтар саны бойынша орыстар мен поляктардан кейін 3-ші екенін көреміз. Бұл бізге егер 1913 жылы Орынбор-Ташкент темір жолында тұрақты жұмыс істейтіндер мен қызметкерлердің ішінде қазақтардың саны жоғарыда көрсетілгендей 2,2 % болса, яғни олар 250 адамға жуық болды.

Мұндай жағдай орыс емес ұлт өкілдерін теміржол жұмысына алуға патша үкіметінің шек қоюымен түсіндіруге болады.

Мәселен, 1917 жылғы мәлімет бойынша Орынбор-Ташкент теміржолының Тоғыз сапақ бөлімшесіне қарайтын станциялар мен разъездерде тұрақты жұмыс істейтіндер қатарындағы қазақтар үлесі 2-3%-тей болса, күнделікті жалданып істейтіндер қатарындағы қазақтар үлесі 70% болған [3, 519 б.].

Қазақстан темір жол желілерінің бойындағы станциялар мен разъездегі үйлерде тұрған халық жұмысшылар беріп отырды. Бұл халықтың саны тез өсті: 1906 жылы Орынбор - Ташкент темір жолындағы үйлерде 40846 адам тұрса, ал 1913 жылы 58000 адам тұрды, осыншама жыл ішінде 42 %-ке өсті. Бұл жерде

айта кету керек, қазақ далаларында пайда болған темір жол станциялары аймақты жаңа экономикалық, саяси, мәдениет ошақтарына және сол кездегі халық көп шоғырланған жерлерге айналдырды. Ірі деген станциялардағы халық саны бірнеше мыңға жетті: Мысалы, 1916 жылы Орынбор станциясында 9720 адам, Ақтөбеде - 3163, Шалқарда - 5300, Қазалыда - 3600, Перовскіде - 1852, Түркістанда - 2984 адам тұрды [4,69 б.].

Құрылыс жұмысшыларының кадрлары ХХ ғасырдың бас кезінде күрт өсе бастады, әсіресе Орынбор-Ташкент темір жолының (1901-1906 жж.) құрылысы кезінде өсті. 1901 жылдың күзінде темір жол құрылысында 4 мың адам жұмыс істесе, 1902 жылдың мамыр-маусым айларында - 17 мыңнан астам, ал 1902-1904 жылдары - 30 мыңға жуық адам жұмыс істеді. Жұмысшылар бүкіл Ресейден келіп жатты. Бірақ жұмысшылардың көп бөлігін жергілікті халықтар: қазақтар, өзбектер, татарлар және басқа шаруалар, сонымен қатар қоныс аударып келген орыс және украин шаруалары құрады.

Балмұрын деген жерде (Шиелі станциясына жақын жерде) 1500 жұмысшының ішінде 1902 - 1904 жылдары орыстар - 6-8 % , қалған ұлттар 92-94 % болса, ал 1905 жылдың жазында алғашқылары - 12-14 % , кейінгілері - 86-88 % болды. 1905 жылдың мамыр айының ортасында бұл жердің жұмысшыларының ұлттық құрамы: қазақтар - 31,5%, қарақалпақтар - 31,2%, парсылар - 19 % , орыстар - 13,6%, ауғандар - 2,5%, татарлар - 1,2 % , Кавказдан шыққандар - 1% болды. Құрылыс жұмыстарының қызған шағында (1903-1904 жж.) жұмысшы қазақтардың саны 10-12 мыңға жетті, яғни жалпы көпшіліктің 30-40% құрады [4,56 б.].

Газеттер «сырттан келген жұмысшылардың саны болмашы» деп жазды, ал жолдың кейбір бөліктерінде, мысалы, Перовск және басқа уездерде «құрылыс жұмыстары тек қырғыз халқына берілген» делінді. Осыған қарай Орынбор-Ташкент темір жолының құрылыс жұмыстарына қазақтар белсене қатысқанын көреміз.

Енді темір жолшылардың орташа жасына келетін болсақ, Орынбор-Ташкент темір жолында жұмыс істейтін теміржолшылардың жасы 40-45 тен аспағадар 70-75 % құрайтын, ал әйелдер бірен-сараны болмаса - 30 жастан аспайтын, қазақтар мен басқа жергілікті халық өкілдерінен шыққан темір жолшылардың жасы 30-35 аспайтын, өйткені жұмыс берушілер бұл жастан асатын адамдарды жұмысқа алмауға тырысты. Орынбор-Ташкент темір жолының жұмысшыларының 6,4 % -ын әйелдер құрады [5,548-551 бб.].

Ауыл мен селоларды тастап қалалар мен теміржолдарға барып, пайда тауып қайтатындар (отходники) саны күннен күнге көбейе бастады. Осындай кәсіппен айналысатындар санының көбеюінің әлеуметтік-саяси мәні айтарлықтай болды. Бұл құбылыс бір жағынан ауыл тұрғындарының патриархалдық томаға тұйықтығын шайқалтса, екінші жағынан, халықтың белгілі бөлігін товарлық-ақшалық қатынастарға тартты. Ал мұның өзі түптеп келгенде халықтың жалпы мәдени дәрежесі мен саяси санасының өсуіне қызмет етті.

Ресейдің орталық аудандарындағы 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы империяның отарлық аймақтарына, олардың қатарында Түркістан өлкесіне де белгілі дәрежеде әсер етті. 1905 жылғы 12 қаңтар күні өлке орталығы Ташкент қаласында теміржол жұмысшыларының белсенді түрде қатысуымен көп адам қатынасқан бұқаралық митинг болды. Оған қатынасушылар 1905 жылғы 9 қаңтарда Петербургте орын алған қанды оқиғаларды, оны ұйымдастырған патша үкіметін айыптады. Ташкентте өткен айтылмыш митингке Ташкенттің, Перовскінің, Түркістан қаласының және Орта Азия және Орынбор-Ташкент темір жолдары шеберханалары жұмысшыларының өкілдері қатынасты. Ал 1905 жылғы қаңтар, ақпан айларында қазыналық (мемлекеттік) баспаханалардың жұмысшылары саяси және экономикалық талаптар қойған ереуілдерге шықты.

Олар жалақыны көбейтуді, сегіз сағаттық жұмыс күнін орнатуды, ешбір дәлелді себепсіз жұмыстан шығаруды тоқтатуды талап етті [6, 345-346 б.].

1905 жылғы қазан, қараша айларында Орынбор-Ташкент және Орта Азия темір жолдарының жұмысшылары патшалық билікке қарсы тағы да ашық ереуілдерге шықты, теміржолшылармен қатар ереуіл қозғалыстарына жергілікті мақта тазалау заводтарының жұмысшылары да қатынасты. Соңғыларының көпшілігі жергілікті халықтардың өкілдері болды [7].

Қазақстанның оңтүстік аудандарының (Жетісу және Сырдария облыстары) социал-демократиялық ұйымдары мен топтары, соның ішінде Орынбор-Ташкент темір жолының оңтүстік бөлігінің станциялары -Түркістан, Перовск, Қазалы станцияларының жұмысшылары Түркістан ұйымдарының РСДЖП одағының құрамына кірді. Олар «Рабочий», «Солдатский листок», «Правда», «Русский Туркестан» газеттерін шығарды. Социал-демократиялық топтар одақтың комиттерінің қажеттіліктері үшін өздерінің бюджетінің 30 %-ын бөліп отырды [5,123 б.]

Қорыта келгенде, 1901 жылдың ерте көктемінде басталып, 1904 жылдың 1-сәуірінде іске қосылған Орынбор-Ташкент темір жолы Қазақстанның әлеуметтік-саяси және экономикалық өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Темір жол саламыз деген желеумен Орталық Ресейдің мұжықтарды көшіріп әкелу одан сайын күшейе түсті. Сонымен қатар қазақтардың байырғы заманнан көшіп-қонып жүрген жерлері темір жол саламыз деп тартып алынды. Онсыз да ушығып тұрған жер мәселесі одан сайын қиындай түсті. Бірақ Орынбор-Ташкент темір жолының құрылысы тек жаманшылық жақтары ғана болған жоқ, сонымен қатар тиімді және пайдалы жақтары болды. Ең алдымен темір жол құрылысы Қазақстандағы алғашқы жұмысшы кадрларын қалыптастырды. Сонымен бірге кедейленген қазақ шаруалары - жатақтар күн көру үшін осы темір жол құрылыстарына жалданып, өз күнін көрді. Бірақ олар көбінесе кесімді, уақытша немесе қара жұмыстарға жалданды. Темір жол құрылыстарына жалданған қазақ шаруалары көбінесе көшпелі өмірден отырықшы өмірге көше бастады. Олар бірте-бірте отырықшылықпен, көпшілігі сол темір жолда тұрақты жұмыс істеп, Қазақстанда алғашқы болып, 8 сағаттық жұмысқа өту үшін ереуілдерге шығып, өз талаптарын қойды. Сонымен қатар олар 1905-1906 жылдарындағы революция мен 1916-1917 жылдардағы оқиғаларға алғашқылардың бірі болып қатысты. Бұл оқиғалардан темір жол бойында тұратын халықтың әлеуметтік-саяси көзқарастарының терең екендігін байқауымызға болады.

Орынбор-Ташкент темір жолының іске қосылуымен қатар аймақтың экономикалық дамуының келбеті де өзгерді. Бұрын негізінен дәстүрлі шаруашылық дамыса, темір жол салынғаннан кейін негізінен шикізаттық шаруашылық қарқынды түрі дами бастады.

Әдебиеттер

1 Наурызбаев С. Революционное и национально-освободительное движение трудящихся Сыр-Дарьинской области в начале XX века: автореф. ... канд. истор. наук. – Алма-Ата, 1967. – 30 с.

2 Заорская В., Александр К.А. Промышленные заведения Туркестанского края. – Пг., 1915. – Вып. I. – 559 с.

3 Якунин А.Ф. Революция 1905-1907 гг. в национальных районах России. М.: Госполит. изд., 1949. – 260 с.

4 Асылбеков М.Х. Развитие сети железных дорог в конце XIX-начале XX века. – Алма-Ата: Наука, 1972.

5 Асылбеков М.Х. «Формирование и развитие кадров железнодорожников Казахстана (1917-1970гг.)» – Алма-Ата: Наука, 1973.

6 Из истории рабочего класса и революционного движения. – М.: Изд-во АН СССР, 1958. – 795 с.

7 // Туркестанские ведомости. – 1905, ноябрь – 12.

ТОКБЕРГЕНОВА З.С.

(Доцент Таразского государственного педагогического института, к.и.н.)

**ВЛИЯНИЕ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ОРЕНБУРГ-ТАШКЕНТ НА
СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКУЮ И ЭКОНОМИЧЕСКУЮ ЖИЗНЬ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО РЕГИОНА**

Резюме

В статье рассматривается влияние строительства железной дороги на традиционный уклад ведения хозяйства, усиление торгово-промышленных связей с производственными центрами России, формирование национального рабочего класса, особенно железнодорожников.

Ключевые слова: царская Россия, железная дорога Оренбург – Ташкент, традиционное хозяйство, сырьевое производство.

TOKBERGENOVA Z.S.

(Taraz State Pedagogical University, Associate Professor,
Candidate of Historical Sciences)

**THE IMPACT OF ORENBURG -TASHKENT RAILWAY
ON THE SOCIAL-POLITICAL AND ECONOMIC LIFE
OF THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION**

Summary

In this paper the author considers the impact of the railway construction on the traditional way of life, house economy, intensifying commercial-industrial relations with industrial centers of Russia, formation of national labor class, especially railwaymen.

Keywords: Tsarist Russia, Orenburg-Tashkent railway, traditional way of life, house economy.

АБЫЛАЙ ХАН ТҮЛҒАСЫ – АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Аннотация

Мақалада Бұқар, Үмбетей, Тәтіқара, Ақтамберді жыраулар шығармашылығындағы Абылай тұлғасына сараптама жасалып, балалық шағынан бастап хан ретінде халықтың қорғаны, панасы, көсемі болу жолындағы іс-әрекеттері нақты деректермен баяндалған. Жыраулар өз толғауларында қазақ ханының балалық шағындағы ауыр күндерін, қиын халін айта отырып, Абылайдың барлық атақ пен даңққа халықтың қолдауымен және жеке басының қасиеті арқасында жеткенін, оның беделі емес сіңірген еңбегінің нәтижесі екенін толғайды. Өзінің ақ туы астына ісі қазақтың басын біріктіріп, елі мен жерінің тұтастығы үшін қандай да бір күрестен беті қайтпаған халқының ынтымағы мен ырысын көздеп, елдік пен ерлікке, еркіндік пен егемендікке үндеген хан Абылайдың алып тұлға екендігін ауыз әдебиеті деректерімен салыстырып, талданады.

Абылай хан елдің ауыз бірлігін сақтап, халқымыздың басын қосуды, қазақ жерін шапқыншылардан қорғап қалуда, Ресей мен Қытай мемлекеттерімен достық қарым – қатынас орнату арқылы қазақ хандығының тәуелсіздігі мен елдігін сақтауда аса зор қызмет атқарды. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналып, аңыз-өңгіме, жыр–дастандардың негізгі кейіпкері болды.

Кілт сөздер: көсем, батыр, аңыз, өңгіме, жыр, дастан, кеңесші

XVIII ғасыр қазақ тарихында қасіретті де, ерлікке толы кезеңдердің бірінен саналады. Ш.Уәлихановтың сөзімен айтқанда: «Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар ұлыстарға жан-жақты ойран салды, малдарын айдап әкетіп, тіпті көптеген отбасын түгелдей тұтқындады» [1, 3 б.]. Міне, осындай аласапыран, қиын заманда тарих сахнасында қазақ халқының басын құрап, жоңғар басқыншыларына ойсырата соққы беріп, елдің тәуелсіздігін қорғап, Абылай және қазақтың қамал бұзатын батырлары шықты. Бірақ өкінішке орай Абылайдың ұлан-ғайыр қызметі Кеңестік тарихнамада лайықты орнын ала алмай келді. Оның себебі Кеңестік тарихнамаға Абылайдың Ресей мен Қытайдың ортасында өз алдына тәуелсіз саясат жүргізген қайраткерлігі ұнай қоймады, ол орыс-қазақ қарым-қатынасына көлеңке түсіретіндей көрінді. Орыс мемлекетіне бодан болған Әбілхайыр ұлттық батыр саналды да, ал тәуелсіз Абылай «екі жүзді» болып көрсетілді. Алайда, халық эпосы, жырлар, хиссалар, мақал-мәтелдер басқа да ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері Абылай хақындағы тарихи шындықты көрсетеді. Солардың көпшілігінде Абылай тұлғасы айтулы хан, даңқты қолбасшы, халқымыздың қорғаны, панасы, көсемі болып сипатталған. Біз бұл мақалада жыраулар шығармашылығындағы Абылай тұлғасына тоқталмақпыз.

Абылай туралы сол дәуірде өмір сүрген, оның ақылшы-кеңесшісі болған Бұқар жырау өлеңдерінің мәні өте зор. Ұлы жырау өз толғауларында қазақ ханының балалық шағындағы ауыр күндерін, қиын халін айта отырып, Абылайдың барлық атақ пен даңққа халықтың қолдауымен және жеке басының қасиеті арқасында жеткенін, оның беделі емес сіңірген еңбегінің нәтижесі екенін толғайды. Үмбетей, Тәтіқара, Ақтамберді жыраулар толғауларында да, Абылай атына, оның батырларына айтылатын мадақ Бұқар өлеңдерімен сарындас келеді.

Абылай /азан шақырып қойған аты Әбілмансұр/ 1711 жылы Уәли сұлтанның шаңырағында дүниеге келген. Оның шыққан тегі төре тұқымынан. Арғы атасы

атақты Жәңгір хан /1628-1680 ж./ нәсілінен. Шәкәрім Құдайбердиевтің айтуынша, Абылай мән-жайы мынадай:

Абылай ханның өз аты - Әбілмансұр, ол қазақтың әйгілі ханы Салқам Жәңгірдің бесінші ұрпағы. Жәңгір ханның Уәлибақи /Үргеніштегі Файып ханның қызынан туған/, Тәуке /қалмақтың ханының қызынан туған/ деген екі ұлы болады.

Жәңгір хан қайтыс болып, орнына Тәуке хан болғанда Уәлибақи хандыққа өкпелеп, Үргеністі билеген нағашы атасы Файып ханның қолына кетеді. Уәлибақидың баласы Абылай, жекпе-жекке шыққан батырларды өлтіре берген соң «Қанішер Абылай» атанады. Осы Абылайдан Көркем Уәлі туады. Көркем Уәліден Әбілмансұр, яғни хан Абылай дүниеге келеді. Жоғарыдағы үш атасы да Файып хан қолында тұрып хан болмай өлген. Мұның тұсында Файыптың нәсілінен хандық кетіп, жүдеу тартқан соң, Әбілмансұр жетім бала күнінде қазақ елім, Сарыарқа жерім деп іздеп Төле бидің қолына келеді. Төле би басында түйе бақтырып, ақырында әр түрлі мінездерімен ұнап бала қылып күтіпті. Кімсің десе білмеймін деп, атың кім десе сіз қойған ат атым болсын деген соң, шашы өскен, киімі жырттық баланы Сабалақ деп ат қойыпты.

Қазақ халқының аузында есімі жырға айналған Абылай өзінің балалық, жастық шағын, жоқшылық пен кіріптарлықтың тауқыметін тартып жүріп, қуғын-сүргінде өткізген.

Халық арасында сақталған тарихи мағлұматқа сүйенсек, ол алдымен Төле бидің есігінде жүрсе, енді бірінде Темірбай деген байдың малын бағады. Атығай руынан шыққан Даулетбай деген кісі тәрбиеледі деген сөз де бар.

Исі қазаққа аты мәлім Төлеби Әлібек ұлы Әбілмансұрды қамқорлығына алып, түйесін бағуға пайдаланады. Сол кездің өзінде-ақ Сабалақ басқа бақташыларға ұқсамайтын қылықтарымен өзіне Бидің отбасының назарын аударады. Абылайдың өмірінің осы кезеңін Үмбетей жырау:

«Жас күнінде Абылай,
Үргеніштен мұнда кеп,
Сарыарқаны жерім деп,
Қалың қазақ елім деп
Келмеп пе едің жаяулай.
Төле биді тапқанда,
Күндіз түйе баққанда,
Жалғызбын деп шошымай,
Еш малшыға қосылмай,
Қара жерге отырмай,
Күпінді салып астыңа.
Жең жастанып басыңа,
Төрт аяғың төрт жақта
Жатушы едің сол шақта...»,-

деп тамаша сипаттаған [2, 76-77 б.]. Бұқар жыраудың :

«Ей, Абылай, Абылай,
Мен сені көргенде
Тұрымтайдай үл едің,
Түркістанда жүр едің,
Үйсін Төле билердің

Түйесін баққан күл едің, - деп айтатыны оның өмірінің дәл осы тұсы. Абылайдың текті жерден шыққанын, бойында асыл қасиеттердің барын Төле бидің бәйбішесі байқап, оны бағалағандығын білдіретін ел арасында мынадай бір әңгіме бар: Қойшы-қоланның кою қойыртпағын ішпейтін, тақыр жерге отыра кетпей астына күпісін төсеп алатын бозбаланың бойында бір дегдарлық барын алдымен бәйбіше байқайды. Ол және жылқы күзетінен келіп, бозбаланың сәскеге қарай биге сәлем бергенін де селк ете қалатынын да аңғарады. Бір күні бұны жасырмай:

- Сабалақ келіп, сәлем берген сайын селк ете қалатының не осы? – деп сұрайды.

- Қой, қайдағына айтпай. Есікте жүрген жалшыдан шошып мені қара басты дейсің бе? – деп би оған сенбейді.

- Нанбасаң, сынап көрші көзің жетсін,- деп бәйбіше ертеніне жылқышы келер кезде бидің етегіне тебен ине қадап қояды. Айтқанындай-ақ жігіт кіріп келгенде би селк ете түсіп, тебен сынып кетеді. Бірақ іш пікірін іште түйіп Төле би тіс жарып, ештеме демейді.

Абылай Төле биге сәлем бере келген Қанжығалы Бөгенбай батырмен кездесіпті. Қалмақтарды барлауға бара жатқан батыр Сабалақтың тегін жан емес екендігін сезіп бірге ала кетеді. Бөгенбай өте сыншыл жан екен, адамның да, малдың да асылын бір көргенде таниды екен. Барлаудан аман оралып, елге қайтарында Бөген батыр:

Шырағым, көзің отты бала екенсің,

Мінезің бөлек біткен хан екенсің

Жазға салым, қалмаққа аттанамыз,

Соған да керек болар жан екенсің, - деп батасын беріп, астындағы

Нарқызыл деген тұлпарын Әбілмансұрға ұсыныпты.

Батырдың хабарлағанындай, келесі көктемде Әбілмәмбет хан қазақтан қол жинап, қалмақтан кек алуға аттанғалы жатыр деген хабар тарайды. Осыны естіген Сабалақ Төле биге келіп, соғысқа баруға рұқсат сұрайды, Төле би: «Саған соғысқа барғаннан жылқы жайған жақсы емес пе?» – дейді. Сонда ол: «Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалғаннан соң жігіт адамның өлгені жақсы емес пе?!» – дейді. Төле би оның соғысқа қатысуына рұқсат етеді [3, 27 б.]. Сабалақ майдан шебіне келгенде қазақ пен қалмақ екі төбеге жиылып, ортасында Қалдан Сереннің жиені Шарыш жекпе-жекке батыр сұрап тұр екен. Іркіліп қалған елдің ішінен суырылып шыққан Сабалақ Әбілмәмбет ханнан батасын алады да, «Абылайлап» ұран салып, Шарышқа қарай шабады. Жоңғардың батыры Шарыштың басын кесіп алып, «Жау қашты» – деп қолбасшысынан айырылған жоңғар жасақтарына қарай ат қоя шабады, қуалай соғып, қазақ әскерлері зор жеңіске жетеді. Бұл соғыста зор жеңіске жеткен қазақ әскерлері бір төбеге жиналып, Әбілмәмбет хан шатырын тігіп, Әбілмансұрды (Сабалақты) қасына отырғызып: “Шырағым сен кімсің? Абылайлап шапқаның қалай?» - деп сұрайды. Ол: «Мен қанішер Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болған атамның аруағын ұран қылдым,» – дейді. Сонда Әбілмәмбет хан: «Қарағым, бауырым» - деп құшақтап, сүйіп, халқына айтыпты: «Баяғы Уәлибақының нәсілінен жалғыз бір бала қалды деп естіп едім, бұл сол екен, сіздер ұнатсаңыздар хандық осыныкі,» – деп, халыққа ұнап үш жүзден тоқсан жақсылар еріп барып, өздері қасиетті көретұғын арғын Шақшақ нәсілінен Жәнібек деген кісіден бата алып, Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты, Абылай атанғаны Абылайлап шапқаннан болды, – деп жазады Ш. Құдайбердиев [3, 27 б.].

Ал, шындығында Абылай бірден хан болмаған, үлкен беделге ие болды. Сұлтан атанды, Әбілмәмбетпен билікті қатар жүргізді. Қалмақтарға тегеурінді тойтарыс берген осы бір шайқас Абылай өміріне келелі өзгеріс енгізген шайқас болды. Сабалақ осы жеңістен кейін Абылай атанды. Осыдан кейін Абылай қазақ халқын Жоңғар феодалдарының шапқыншылығына қарсы күреске ұйымдастырады. Тікелей қолбасшылық етіп, шеберлікпен соғыстар жүргізеді.

Абылайдың жұлдызы жанып, ерлік атағын әлемге әйгілі еткен бұл шайқас - 1730 жылы Балқаш көлінің Оңтүстік шығысында Итішпес көлінің жағасында болған Аңырақай шайқасы болуы керек. Бұл кезде Абылай 20-ға шыққан жігіт еді. Бұған дәлел ретінде Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай» деп басталатын өлеңінің бір шумағын келтіре кетейік:

Ай, Абылай, Абылай....

Сен жиырма жасқа жеткен соң

Алтын тұғыр үстінде

Ақ сұңқар күстай түледің.

Дәулет құсы қонды басына,

Қыдыр келді қасына [2, 91 б.].

Абылайдың аты жиырма жасқа келгенде шыққанын Үмбетай жырау да растайды:

Ей, Абылай, Абылай,
Жиырма жасқа толғанда
Қалмақпен соғыс болғанда
Алғашқы бақты тапқанда
Шарыштың басын қаққанда
Қанжығаңа бас байлап,
Жау қашты деп айғайлап
Абылайлап шапқанда... [2, 77 б.].

XVIII ғасырдағы қазақтың білгір басшысы, елінің қорғаны, қамқор батыры Абылай үш жүздің ақылгөй билерін, дана шешендерін, жау жүрек батырларын төңірегіне топтастырып, қазақ елін өз дәуірінің қуатты мемлекеттерімен тең ұстап, сыртқы жаулардан қорғап, ел бірлігін сақтай білді. Абылайдың ақылгөйлігі сол, ол ақсүйек сұлтандарға емес, қалың қазақ жұртшылығына, халқымыздың рухани көсемі болған Бұқар, Үмбетей, Ақтамберді сияқты жырауларға, ақыл парасаты шындалған билерге, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Бәсентін Сырымбет, Малайсары, Уақ Баян сияқты басқа да қаһарман батырларға сүйенеді.

Бұқар жырау: Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін.
Қылмандар жанжал ерегес, - еп халықты, елді бірлікке,
тірлікке, жатқа тізгін бермеуге ақырады. Сонымен қатар:

Ханның жақсы болмағы –
Қарашының елдігі.
Қарашы халық сайласа,
Алтыннан болар белдігі, - деп

Абылайды қалың елмен тіл табысуға үндейді. Хан мен қараша проблемасын жырау тәуелсіздік, біртұтастық қажеттілігіне байланыстырып қарайды.

Бұқар Абылайдың батырлары туралы:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі Қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлашбек..., - деп толғайды.

Бұқар Абылай саясатын жақтап, реті келгенде ханды мадақтап, дәріптеп отырған: «Дүниеден шықпай мініңіз

Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын кұрадың
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың,
Әділдікпен жүрдіңіз
Әдепті іске кірдіңіз” [2, 98 б.].

Бұқар жырау сондай-ақ Абылайдың ел ішіндегі беделінің жоғары болғандығын мына өлеңдерінде айтады:

«Жұлдызың туды- ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Он сан Алаш баласын
Жусатып, таға өргізіп
Жұмсап бір түрсын қасыңнан» [2, 92 б.].

Абылай сол бір жаугершілік заманда қазақтың қамал бұзар батырларына сүйене отырып, ұлан байтақ жерді жан-жақтан анталаған жаудан қорғады. Сондықтан оның туған халқының алдында мәртебесі жоғары болды.

Қанжығалы Бөгенбай мен Қаракерей Қабанбайдың орны Абылайды қоршаған батырлардың ішінде ерекше болып, қазақ халқының бағына туған қос жұлдызы болған. Бөгенбай қайтыс болғанда, Абылай ханға Бұқар, Үмбетей, Тәтіқара батырдың өлімін естірткен.

Өзінің ақ туы астына ісі қазақтың басын біріктіріп, елі мен жерінің тұтастығы үшін қандай да бір күрестен беті қайтпаған халқының ынтымағы мен ырысын көздеп, елдік пен ерлікке, еркіндік пен егемендікке үндеген хан Абылайдың алып тұлға екендігін де ешбір дау жоқ. Абылай хан елдің ауыз бірлігін сақтап, халқымыздың басын қосуды, қазақ жерін шапқыншылардан қорғап қалуда, Ресей мен Қытай мемлекеттерімен достық қарым – қатынас орнату арқылы қазақ хандығының тәуелсіздігі мен елдігін сақтауда аса зор қызмет атқарды. Көзі тірісінде- ақ аты аңызға айналып, аңыз- әңгіме, жыр–дастандардың негізгі кейіпкері болды. Абылайдың асыл тұлғасы сол заманның ақын–жырауларының шығармаларында бес қаруды жете білген батыр, ел қамын ойлаған қайраткер, халық сыйлаған парасатты хан ретінде жырланады.

Абылай хан бабамыз өзінің стратегиялық мақсатын – бір орталыққа бағынған Қазақ елінің мемлекеттігін құрып, тәуелсіздігін сақтап қалуды асқан жігерлілікпен жүргізе білді. Абылай армандаған асқақ ой бүгінде шындыққа айналып, тәуелсіз Қазақ елі әлемдік аренада өзіндік орны бар ірі мемлекетке айналды.

Әдебиеттер

1 Уәлиханов Шоқан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. (Мәдени мұра) – Т. 5.– 528 б.

2 Бес ғасыр жырлайды.– Алматы: Ғылым, 1989. – Т. 5. – 320 б.

3 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі – Алматы: – Сана баспасы, 1991. – 298 б.

References

1 Uәlihanov Shokan. Kөp tomdyk shygarmalar zhinagy. – Almaty: Tolagaj grupp, 2010. (Mәdeni mura) – T. 5.– 528 b.

2 Bes gasyr zhyrlajdy.– Almaty: Gylym, 1989. – T. 5. – 320 b.

3 Kudajberdiuly Sh. Tүrik, kyrgyz-kazak һәм handar shezhiresi – Almaty: – Sana baspasy, 1991. – 298 b.

ИСАБЕК Б.К.

(Южно-Казахстанский государственный педагогический институт,
доцент кафедры Истории Казахстана и всемирной истории, к.и.н.)

ЛИЧНОСТЬ АБЫЛАЙ ХАНА В УСТНЫХ ИСТОЧНИКАХ

Резюме

В данной статье анализируются жизненные этапы Абылай хана по сведениям устной историографии. Политический портрет Абылай хана зафиксирован поэтами-импровизаторами Бухар жырау, Умбетей, Татикара и др.

Ключевые слова: вожьд герой, легенда, стихи, поэма, советник.

ISSABEK B.K.

(South Kazakhstan State Pedagogical Institute,
Department of History of Kazakhstan and World History, Associate Professor,
Candidate of Historical Sciences)

PERSONALITY OF ABYLAИ KHAN IN VERBAL SOURCES

Summary

In this article the author analyzed some life stages of Abylai khan basing on data of verbal historiography. The political portrait of Abylai Khan is captured by poets-improvisators Bukhar zhyrau, Umbetey, Taticara, etc.

Keywords: hero leader, legend, verses, poem, adviser.

АХМЕТБЕК Б.М.

(Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
«Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми маманы)

АЛТЫН УӘЛІ БИ ХАҚЫНДА

Аннотация

Мақалада Сыр бойының белгілі биі Алтын Уәлі Итенұлы жайлы мағлұмат берілген. Уәлі би Кенесары көтерілісін қызу қолдаған қайраткер. Бұл кісінің әкесі Итен би Дербісәлі бай ұлы Кенесарының ағалары Есенкелді мен Саржан сұртандардың қозғалысына қатысқан кісі.

Кілт сөздер: би, құдық, өткел, қайраткер, сұлтан

Ертеректе Сыр бойында, қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы жұртшылығының арасында және Ырғыз өңірінде Уәлі бидің есімі кеңінен мәлім болған. Халық оны әділ де бірбеткей кесімді жақтайтын, сонысымен бүкіл жұртшылықтың құрметті биі есебінде біледі.

Уәлі бидің ата тегі: Алшын-Байұлы-Алтын-Көзала-Айдар аталығынан. Айдардан -Тілеуке би -Дербісәлі бай -Итен мырза. Итеннен әрі бай, әрі емші Құлты әулие, Жақсылық, Жайсанқұл, Тасмамбет (Таспембет), Ақмамбет (Ақпембет) және Уәлі би дүниеге келеді. Итен мырзаның ата қонысы Еділ өзенінің бойы екен. Уәлі би – қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Еділ бойында 1798 жылы туылған. Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатына сай туған жерінен ығыстырылған қазақ ауылдары Жайықтың бойына, Арқаға ауып келе бастады [1].

Сол кезде Итен де Құлты, Уәлі деген балаларымен бірге қазіргі Ақтөбе, бұрынғы Торғай облыстарының жеріндегі арқа өңіріне көшіп келеді. Қазірде Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Нұра ауылының Мамыр бөлімшесінде «Құлтының қара моласы» деп аталып кеткен жер бар. Бұл жергілікті жұрттың әулие бейіті деп зиярат етіп, түнеп кететін қасиетті орны болып саналады [2, 4 б].

2009 жылы Құлты әулиенің ұрпақтары Құлты әулиенің басына ескерткіш тақта орнатты. Осы Ырғыз ауданында «Уәлі өткелі» деген жер және Уәлі базасы бар. Тағы айтып жіберетін жәйіт, 2010 жылы Уәлі бидің ұрпақтары Уәлі өткелінің қасына арнайы ескерткіш тақта орнатып қайты. Енді қайтадан сонау XIX ғасырға барайық. Құлтыдан Үмбет, Шоқан, Медет батыр, Майыр, Бекберген, Маңғыбай, Манан, Кәрібай, Ормантай, Оңдыбай, Орақ деген балалары қалады. Құлтының ұрпақтарынан елге белгілі, беделді кісілер шығады. Мысалы немерелері Байымбет (елді билеген, бұл кісі 1901 жылы қайтыс болған), Сүйінқара батыр (1853-1927), Шоңмұрын бай (18?-1930/31), (1930, 1931 жылдары Шөңмұрын баба Кенес үкіметіне қарсы шыққан Алтын көтерілісіне қатысып, ұсталған. Қарт кісі Қызылорда қаласының түрмесінде қайтыс болған) [3,3 б].

Құлты әулиенің немересі Үмбетұлы Бәйімбет молда елге діни –ағартушылық қызметімен және билігімен белгіленді. Бәйімбет молданың бейіті Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы Құлты әулиенің қасында. Бәйімбет молданың немересі Мәжит Бәйімбетов 12 томдық Қазақ ССР энциклопедиясының Бас редакторының орынбасары болса, келесі немересі Бәйімбетов Әбрек Қазақстан Республикасының алғашқы ихтиолог-ғалымдарының бірі.

Құлты әулиенің шөберелері – Искендір ақын, молда, шежіреші (1886-1968) және академик, медицина ғылымдарының докторы 1936 ж.т. Камал Сәуарұлы Ормантаев. Шөпшегі – Мақым ауылнай Қараұлы (1890-1976). [4-12, 13 бб].

Ағасы Құлты қайтыс болғаннан кейін Уәлі би өзіне қарасты ағайындарын Сыр бойына көшіруді ойлайды [5,652 б].

Себебі, бұл өңірге Ресей жағынан көшіп келуші мұжықтар да көбейе бастаған еді. Уәлі би Сыр бойына келісімен Қаратамыр руынан шыққан Пішан биге келіп, ауылын қоныстандыратын жер сұрайды. Сөйтіп, екі би келісе отырып, алыстан арып-ашып көшіп келген ағайындарға, осы күнгі Қорқыт стансасының шығыс жағындағы патша

үкіметінің пошта жолының аялдамасы «Қызыл үй» деген тоғайдан бастап, шығысқа қарай Қармақшы қыстағына дейінгі, Сыр бойындағы Жайлау, Байзақ, Сүйінқара, Шоңмұрын (кейінгі атаулары), Жапырақшы, Кеңтоғай, Шақпақты деп аталатын тоғайларды бөліп, сол жерлерге Уәлі би өзіне қарасты ағайындарын орналастырған. Сөйтіп, алтын руы сыр бойындағы ағайындарымен өзара араласып, қыз алысып, қыз берісіп, құдандалы болып кетеді. Уәлі би осы өңірде өте сыйлы адам болып, өз елінің арасында билік құрады [6, 7, 8, 9 б.].

1845/46 жылдары Елікей Сыр бойында хандық құрады. Ал Елікей (Ермұхамед) Әбілқайыр ханның шөпшегі. Бірде Елкей ханның шешіміне риза болмаған Уәлі би: «Әділеттілік құдайда болмағанда, ханда қайдан болсын» - деп ханның билігін қайта бұздырған екен. Уәлінің мұндай өткір де батыл сөздері сол кезде халық арасында кең тараған. Уәлі би батырға лайық тұлғасына ақыл парасаты жарасқан кісі болыпты. Ол кісі онша бай болмаған. Бірақ байлығына сенген кейбір адамдардың әділетсіз әрекеттеріне қатты тойтарыс беріп, кедейлердің мүддесін қорғауға көп еңбек еткен. Уәлі би Кенесары хан басқарған халық қозғалысын да қызу қолдаған адам болған. Өйткені, оның өзі де, ағайындары да Ресей империясының отаршылық саясатынан жапа шегіп, туған жерінен ауып келген кісі. Осындай әрекеттері үшін ол кейін басқа билермен бірге Орынбор қаласына шақырылып, губернатордан қатты ескерту алған [10].

Уәлі бидің бет әлпетіне келсек көк көзді, денелі, өте ірі кісі болған. Би бабамыздың үш әйелі болған, алдыңғы екі зайыбының есімі ұмытылып қалды, кіші зайыбының есімі Жақсы болған, тегі – Байұлы Жаппас. Уәлі бидің он үш баласы болған: Ықылас, Тоқыш, Топышбай – сері болған, Әлімбаи, Шоғырбай, Байжан, Шилібай, Байзақ (Байұзақ) – ел билеген кісі, Өмірзақ, Жанұзақ деген кісілер. Соңғы үш баласының анасы Жақсы деген кісі. Бірде Атырау өңірінен тегі – Байұлы Байбақты Қара деген кісі бір адамды абайсызда өлтіріп, Сыр бойына қашып келеді. Қармақшы өңіріне келіп, Уәлі биге жағдайын айтып, көмектесуін сұрайды. Би бұл кісіні қамқорлығына алады. Уақыт өте Атырау өңірінен Байбақты руының жігіттері келіп, Уәлі биден Қара деген кісіні беруін сұрайды. Сонда Уәлі би Қараны ақтап, қорғап, Байбақтыларға бермей, оларды қайтарып жібереді. Кейін Уәлі би Қараның баласы Барпыға (18?-1920) немересі Құндыз Ықыласқызын береді. Құндыздан Көріп, Бибіғали, Дөріп (1912-1985) деген жиендер туылады. Қазір бұл жиендерден тараған ұрпақтар Қызылорда қаласында, Қармақшы ауданында тұрып жатыр [11].

Уәлі би әрдайым елдің қамын ойлап, олардың шаруашылығының жөнделіп кетуіне көмектескен. Мәселен 1860 жыл шамасында Қарақұмда (Қармақшы елді мекенінің солтүстік батысында) Уәлі құдығы деп аталып кеткен құдықты қаздырған. Би бабамыз елден бір атақты палуанды алдыртып, құдық қаздырады. Палуан тереңдігі 22 метрдей құдық қазады. Түбіне келгенде үлкен тас көреді де, жоғарыда тұрған биге айтады. Сонда Уәлі би: «Тасты көтер, астынан су шығады», - дейді. Палуан алып күш иесі, тасты көтергенде астынан су шығады. Халық шексіз риза болады. Елден Уәлі биге сыйлықтар түсіп жатады. Би елден түскен сый-сияпатты, түйе, жылқыларды палуанға береді. Уәлі құдығы Қарақұм мал жайылымын игеріп, елдің малды көп өсіруіне игі әсерін тигізеді. Қызылорда облысының Қармақшы, Жалағаш аудандарының Қарақұм мал жайылымына көшетін фермалары осы құдықты пайдаланып келді. 1996 жылы шілдеде Уәлі бидің ұрпақтары – Алматыда тұратын Ысқақов Жәнібек (1924-1998) және Қармақшы тұрғыны Әлімбаев Зинабдин 1929 ж.т. ағайындарымен бірлесіп осы құдықтың орнына ескерткіш тақта орнатты. Қызылорда облысының топографиялық картасындағы «Уәлі» деген жер құдықтың аумағы болып есептеледі [12].

Бір күні Уәлі би сыртта жүргенде, ауылына барымташылар шабады. Олар Уәлінің бүкіл малын алып кетеді. Би ауылына келіп отырғанда, шеңгелдің арасынан бір лақ шығады, бүкіл малынан бір лағы қалғаны ғой. Сонда Уәлі би: «Мен құдайы мал берем», - деп лақты сойдыртады. Бұл оқиғадан Уәлі бидің тағдыр тәлкегіне мойынсұнбағанын байқап тұрмыз. Уәлі биді Сыр бойының сүлейлері де жырына қосқан. Мысалы қазақтың алып ақындарының бірі Асқар Тоқмағамбетов жырына қосқан. Уәлі биді Сыр бойының шежіреші ақыны Әлімбаи Әлиасқаров (1908-1990) «Қазақ шежіресі» еңбегінде:

«Тілеукеден Тілеулі, Мойнақ, Жайнақ,
Дербісәлі жүрген жер болған ойнақ.

Мұнан туған балалар он бір екен,
Қожан, Итен, Тұрымтай өскен жайнап.

Қожаннан туатұғын алты бала,
Итеннен Құлты, Уәлі, бұған қара.
Құлтыдан он бір, Уәліден он үш ұл бар,
Ел болып өсіп кеткен дара-дара.», - деп жырлаған.

Анасына келсек, бидің анасы Шөмекейдің атақты биі Солтанұлы Жәрімбеттің қызы болған. Солтанұлы Жәрімбет (1735-1809), кейбір деректерде (1728-1802) жж. өмір сүрді деп жазады. Бұл анамыз жаужүректі, алып күштің иесі болған. Анамыз белгілі Шөмекейдің батыры Бәйтік Баймембетұлының (1762-1841) шөбере бауыры. Екеуіде арқалы батыр Келмембет (Сарықасқа) баласы Өтебай батырдың шөберелері еді. XVIII ғасырдың екінші жартысы жаугершілік заман. Бірде Итеннің ауылына барымташылар келеді. Сонда батыр анамыз екі қолын кең жайып, екі сиырдың құйрығынан тырп еткізбей ұстап, жібермей тұрыпты. Барымташылар ананың ер жүректілігіне, қайраттылығына риза болып, малды тастап кетеді. Осы батыр-палуан анамыздан атақты Уәлі би дүниеге келеді [13-22].

Енді бидің ұрпақтарына келейік. Уәлі бидің үлкен ұлы Ықыластан-Сүгірәлі, одан Әлі (1889-1932), Әліден Балтабек (1926-1943) Ұлы отан соғысында Таяу Шығыста ерлікпен қаза болған жауынгер-ақын, ұрпағы жоқ. Бидің екінші ұлы Тоқыштан Кәлі апамыз (18?-1932) аштық кезінде қайтыс болады. Қызы Айқыннан жұрағат бар. Уәлінің үшінші ұлы Топышбай сері болған, ұрпағы жоқ. Уәлі бидің төртінші ұлы Әлімбай мен келіні Зейнеп. Әлімбай Уәліұлы жөнінде: «Туркестанская ведомость» газетінің 1881 жылғы 2 ақпандағы № 5 санында: «Перовск уезі бастығына жеке тұрғын үйлері мен малдарына табыс салығы үшін есепке тұрды. Олар Дәулет Бошаев, Тобжан Байназаров, Әлімбай Уәлиев және Мекебай Манақовтар әрқайсысы малдары үшін 500 сомға тұрып, уездегі әскерилерге отын-шөп тасып беруге келісімге келді», - деген мәлімет бар [23, 86 б.].

Әлімбайдан Қойшыбай (1878-1972), Әлмен (1890-1967) туылады. Кезінде Уәлі би өлер алдында: «Немерелерімді шақырындар», - дегенде 4 жасар Қойшыбай немересін көріп, иіскеп, үстіндегі жейдесін шешіп, баланы орап, балаға : -«Көп жаса» - деп батасын берген екен. Қойшыбай атамыз ұзақ жасап 96 жасында қайтыс болады. Қойшыбай әкемізден Қожабек (1926-2003), Қалдыбек (1929-2011), Қашқынбай (1938-1998) туылады. Әлмен әкемізден Зинабдин 1929ж.т., Шамшадин 1940ж.т., туылады. Әлімбаев Зинабдин Әлменұлы КСРО-ның еңбек сіңірген мұғалімі. Қармақшыда қырық жылдай мектеп директоры болған. Бидің бесінші ұлы Байжаннан Алаш, одан Мұса атамыз Ұлы Отан соғысында қаза болады. Уәлі бидің жетінші ұлы Байзақтың (Байұзақ) (1868-1943), екі әйелі болған, біріншісі – Көнеш Алтыбас Шортыққызы (18?-1915), тегі – Әсір Шүңғыр Алтын. Екінші әйелі – Масаты Арқабайқызы (18?-1959), тегі – Көкмұрын Қыпшақ, оның ішіндегі Лақ аталығынан. Бес ұлы болған. Олар: Ысқақ (1888-1958), Әбдірәсіл (1893-1955), Ахметбек (1905-1973), Дастан (1907-1978), Әбузар (1929-1978) [4,1 б].

Уәлі бидің Өмірзақ, Жанұзақ деген кенже балалары жігіт кезінде қайтыс болған, ұрпақтары жоқ. Уәлінің Байзақ деген баласын халық сыйлаған, өке жолын құып, билік айтқан, мешіт ұстап бала оқытқан. Сыр бойындағы «Байзақ тоғайы» деп аталатын жер осы кісінің есімімен аталады. Байзақ ірі денелі, аққұба, көзі көк, мұрынды, қасы қалың әрі ұзын болған, кісі бетіне тура қарамаған. Киетің киімі ақ түсті болыпты: ақ шапан, ақ шалбар, т.б. 1932 жылы Байзақты Кеңес үкіметі қудалап, Ырғызға жер аударған. Байзақ атамыз бен бірге екі аталас бауыры ұсталып, жер аударылған. Біріншісі – Жәдік аталығынан шыққан Жұбан бай. Ол кісі атақты, үлкен бай болған, бірақ балалары болмаған. Кейбір деректерде бұл кісінің есімі Жұманазар Қоңырбайұлы деседі, бірақ Жұманазар ақсақалдан ұрпақ бар. Екіншісі – Жәдік аталығынан шыққан молда, Базар баласы Жүсіп қажы. Ол кісі кезінде Меккеге барған, мешіт ашқан әулие адам болған. Осы кеткеннен екеуіде қайтып оралмаған. Байзақ атамыз 1933 жылы балалары Байзақов Ысқақ пен Байзақов Әбдірәсілдің ықпалымен Сыр бойына, еліне қайтып оралған. Байзақ бабамыз қонақжай, дархан мінезді кісі екен. Бір уақыттары баласы Дастан әкесіне тоқсан қой алып келсе, Байзақ бабамыз тоқсан қойды бір айда

тауысады екен. Үйінен қонақ арылмаған. Осы Байзақтың баласы Ахметбектен туған Нурадин деген жігіт әскери қатарында жүргенде 1956 жылы Венгриядағы бүлікшілік кезінде ерлікпен қаза тапқан. Жерлестері қыршын кеткен жас жауынгердің есімін есте қалдыру үшін аудан орталығы Жосалы қыстағының бір көшесіне Байзақ тегі Нурадин атын берді. Уақытында осы Байзақов Нурадиннің фамилиясы Уәлиев болған екен. Комсомолға қабылдайтын кезде: «Сен Уәлі бидің ұрпағысың, шынжыр балақ шұбар төстің ұрпағысың» - деп Нурадинді комсомолға қабылдамапты. XX ғасырдың 40-шы жылдары Сталиннің заманы сондай екені белгілі ғой. Сонда Нурадин қатты ренжиді, өзі сабақты өте жақсы оқыған бала, намыстанады. Фамилиясын атасы Байзақтың атына аумастырып, Байзақов болады. Кейін бұл жағдайды естіген ағасы Дастан Байзақұлы Нурадинге: - «Әй, сен Уәліден жаланаяқ қашқан неме» - деп қуып жүріп ұрысқан екен [11,11 б].

1882 жылы Уәлі би 84 жасында дүниеден өтеді. Сүйегі – Қорқыт ата қорымына қойылған. 1943 жылы қыс айында Байзақ әкесінің мазарына уақыт өткен сайын, дария жақындай түскенін көріп, өзін әрірек биіктеу жаққа қоюын айтып, науқастанып жатып қалады. Байзақ тоғыз күн ауырып жатады. 14 ақпанда қасында зайыбы Масаты, баласы Ахметбек, келіні Әйімкүл отырады. Баласы Ахметбек шай беріп отырып әкесінен сұрайды:

«Аға, не айтасын көнекей,
Біз шәй беріп отырмыз.
Сізден қауіптеніп отырмыз», - дегенде.
Байзақ баба:
«Менен неге қауіптенесің, қауіптенбе!
Ешкімге де ештеңе демеймін.
Саған ештеңе демеймін,
Сенен топырақ бұйырса деген кісі едім,
Таланыма келдің, сен көмсең болды», - деді де жата берді.

Түнде бәрі күзетті. Таңға жақын 15 ақпанда Байзақ 75 жасында қолындағы Ахметбек баласының үйінде қайтыс болады. 1943 жылы көктем айында Уәлі бидің мазары дария толқынына шайылып құлайды. Мазардың дарияға құлайын деп тұрғанын көрген, бидің немересі Байзақұлы Ахметбек бабасының сүйегін алып, басқа жерге



жерлейін десе, жездесі молда Арғын Пірман Саматұлы (1870-1958): «Бабаң, саған сүйегімді ал деп аян бермесе, сүйекке тиіспе, суға кеткені жақсы болады, ал егер алсаң құдайдан сұрақ болады», - деп алғызбаған. [4-12, 14 бб].

2003 жылы 17 тамызда Уәлінің мазарының құлаған жері манайына, бидің шөбересі, «Стомед» тіс емдеу емханасының директоры Ысқақов Жеңісбек Ысқақұлы ескерткіш орнатты. Суретте Итенұлы Уәлі биге қойылған ескерткіш. Авторы – Ж. Ысқақов. Ескерткіштің арғы бетінде бидің баласы Байзақтың сағанасы тұр. Мазары кам кесектен жасалған, өлшемі 6х6м.

2013 жылы 8 мамырда Алтын Уәлі бидің ұрпақтары ұлы бабаларының басына, Уәлі құдығының қасына барып зиярат етіп қайтты. Сонда бидің шөбересі зейнеткер, ұлағатты ұстаз, орыс тілі және орыс әдебиетінің мұғалімі Ысқақова Рая Ысқаққызы сол сапарда өлен, жыр шығарады.

Уәлі әкемізге

Ұлы Бабам!
Жастайынан әділдікті көкसेген,
Ер жүректі, қайсар мінез,
Жалын жігер даналықпен бірлескен.
Алмас тілмен талай топты қақжарып,

Қазағымның ұлттық рухын ту еткен!
Тура айтып, әділ шешім қабылдап,
Жетім бала, ер намысын қорғаған
Қиын-қыстақ күн туғанда еліңе
Бодандықпен күресуге бел буған.
Биік тұлғаң мәңгі тұрар жүректе,
Әрбір ісің үлгі болар біздерге
Адалдықпен әділдікті биікте
Ұстауды да өздеріңіз үйреткен.
Туған елдің азаттығын армандап
Келер ұрпақ еркін өмір сүрген деп
Жаңа қоныс, жайлы мекен табам деп,
Көш бастадың кең Даланы бетке алып.
Жігерлі ой билеп бойды, тұрақтап
Жетектепті болашаққа қиялдап
Қайран Атам !
Қандай толқу, қандай күйде болды екен
Кіндік кескен, туған жермен қоштасып
Сыр бойына, кең далаға бастаған ?!

Ұлы Бабам!
Ғасырларға жетті даңқың, ерлігің
Көз алдымнан өткендей –ақ, өмірің.
Мына жерге құдық қазып мейіріңді бір қандыршы
Үй көтеріп, бие сауып аналарым жүгіріп.
Әке, келді ұл-қыздарың қыр асып,
Дала гүлін, жұпар иісін сағынып
Ұлы Дала! Бұрқыраған жусаны,
Сен ғасырлар, Ата – баба куәсі.

Ұлы Бабам!
Тағзым етіп есіміңе келді міне ұрпағың
Кәрі де бар, орта буын,
Жас та бар, бала да бар
Тәй-тәй басып келетін.
Міне осылар өміріңнің жалғасы.
Сен деп соғар кеудесінде жүрегі
Өзің салған дара жолдың үстінде
Аңсап келді ата – баба қонысын
Аңсап келді сенің әрбәр ізіңді
Жүрген жерің, жасыл жайлау, қысыңды
Құдығыңның мөлдір суын ішуге,
Тарихыңа бір шомылып кетуге.
Күндер өтер – өшпес бірақ есімің
«Уәлі ата ұрпағымын»- дегенде
Балаларын мақтан етер әркезде
Ұл – қыздарың есен – аман жүргенде
Кеуделерін күдірет күш кернейді,
Дүрсіл қағып жүрек дамыл бермейді.
Сол қызу қан Сенің қаның емес пе?!
Өзіңе ұқсап шындық іздеп келуде. [24].

Қазақта «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген нақыл бар. Сондықтан, біздер кейінгі ұрпақ, кезінде халық мүддесін қорғап, бір рулы елді сонау Еділ бойынан бастап келіп, әділдігімен ел құрметіне бөленген Уәлі бидің есімін ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер

1 Ахметбек Б.М. Алтын Уәлі би – ел жанашыры. Жинақта: /Әбділда Тәжібаевтың туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген «Әбділда Тәжібаев – поэзия алыбы» атты III республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қызылорда, 2009.

2 Ахметбек Б.М. Уәлі би // Сыр бойы. Қызылорда облыстық ұлттық танымдық-саяси басылымы. – 2009. – 11 тамыз. – 4 б.

3 Ахметбек Б.М. Уәлі би Итенұлы // Ақмешіт апталығы. Сыр елінің әдеби, тарихи-танымдық басылымы – 2009 – № 43. – 29 қазан. – 3 б.

4 Ахметбек Б.М. Уәлі би Итенұлы //«Әлімсақ», әдеби-мәдени, тарихи-танымдық журнал. – 2010. – № 12, (21) желтоқсан. – 12, 14 бб.

5 Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. – Алматы, 2006. – 8 том. – 652 б.

6 Ахметбек Б.М. Сәлтеке батыр әулеті. Жинақта: Танымдық лингвистика: даму бағыттары, мәселелері атты филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ш.Бекмағанбетовтың 60 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, 2010.

7 Ахметбек Б.М. Сәлтеке батыр әулеті. Жинақта: /Қазақстан Республикасы Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы. Қазақтың ұлы қолбасшылары атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. – 2010, 10 желтоқсан.

8 Ахметбек Б.М. Сәлтеке батыр әулеті // Ақмешіт апталығы. Сыр елінің әдеби, тарихи-танымдық басылымы – 2010. – № 38. – 23 қыркүйек. – 5 б.

9 Ахметбек Б.М. «Сүйінқара батырдың қылышы қайда?» Ақмешіт апталығы. Сыр елінің әдеби, тарихи-танымдық басылымы. – 2009. – № 48. – 3 желтоқсан. – 1 б.

10 Ахметбек Б.М. Жинақта: «Уәлі би». Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Хабаршысы. – 2011. – №1(31). – 29 б.

11 Ахметбек Б.М. Уәлі би // «Халық». Республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз апталық. – 2011. – № 5. – 28 сәуір. – 11 б.

12 Ахметбек Б.М. Уәлі би Итенұлы //«Самала» Республикалық ақпараттық танымдық басылым. – 2011. – № 28, (364). – 15 шілде. – 4, 5 бб.

13 Ахметбек Б.М. Сәлтеке батыр әулеті //«Әлімсақ», әдеби-мәдени, тарихи-танымдық журнал. – 2011, мамыр. – № 5, (26) – 10, 13 бб.

14 Ахметбек Б.М. Сәлтеке батыр әулеті //«Самала» Республикалық ақпараттық танымдық басылым. – 2011. – № 27, (363). – 8 шілде. – 4, 5 бб.

15 Ахметбек Б.М. Сәлтеке батыр әулеті //«Халық». Республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз апталық. – 2012 – № 5, 3 ақпан. – 3, 5 бб.

16 Ахметбек Б.М. Сыр бойының алтындары // «Көз» Республикалық ақпараттық танымдық басылым. – 2012. – № 4-5. – 21 ақпан.

17 Ахметбек Б.М. Алтын баба ұрпақтары //«Көз» Республикалық ақпараттық танымдық басылым. – 2012. – 16 сәуір. – 4,5 бб.

18 Ахметбек Б.М. Алтын баба ұрпақтары //«Сыр ардагері» Республикалық басылым. – 2012. – 1 қыркүйек.

19 Ахметбек Б.М. Алтын баба ұрпақтары //«Базар жырау» Республикалық әдеби, ғылыми-танымдық журнал. – 2012. – № 3. қыркүйек. – 77, 92 бб.

20 Ахметбек Б.М. Алтын баба ұрпақтары. Кітапта: Академик. Ж. Момынбаев, Ө. Момынбаев, Қ. Құдайбергенов. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2014. – 299, 319 бб.

21 Ахметбек Б.М. Сәлтеке батыр әулеті. Жинақта: «Білім. Ғылым. Инновация: Өзекті мәселелері мен даму жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. – 2010 ж.

22 Ахметбек Б.М. Сыр елінің билері // Сыр түлегі. – желтоқсан, 2013.

23 Дайрабай Т. Сыр перзенттері. – Алматы : Арыс, 2010. – 86 б.

24 Б.М.Ахметбектің дерек қорынан, мәлімет Уәлі бидің ұрпағы дербес зейнеткер, 20 жылдан астам №198 орта мектеп директоры болған ұстаз Исмаилова Рамза Ысқаққызынан алынған.

References

1 Ahmetbek B.M. Altyn Uәli bi – el zhanashyry. Zhinakta: /Әbdilda Tәzhibaeвтuң tuғanyna 100 zhyly toluyna oraj өtkizilgen «Әbdilda Tәzhibaeв – pojezija alyby» atty III respublikalыk ғыlymi-praktikalыk konferencija materialdary. – Kyzylorda, 2009.

- 2 Ahmetbek B.M. Uәli bi // Syr bojy. Kyzylorda oblystyк җltтык танымдық-сајasi басылымы. – 2009. – 11 тамыз. – 4 б.
- 3 Ahmetbek B.M. Uәli bi Itenyly // Ақмешит апталығы. Syr еliniң әдеби, tarihi-танымдық басылымы – 2009 – № 43. – 29 қазан. – 3 б.
- 4 Ahmetbek B.M. Uәli bi Itenyly //«Әlimsак», әдеби-мәдени, tarihi-танымдық zhurnal. – 2010. – № 12, (21) zheltoksan. – 12, 14 bb.
- 5 Қазақ Ұлттық Jenciklopedijasy. – Almaty, 2006. – 8 tom. – 652 b.
- 6 Ahmetbek B.M. Sәlтеке batyr әuleti. Zhinaқта: Tanymдық lingvistika: damu baғыttary, мәseleleri atty filologija fылымдарының кандидаты, docent Sh.Bekmaғанбетovтың 60 zhyldyғyna арналған respublikalyқ fылыми-tәzhiribelik konferenciya, 2010.
- 7 Ahmetbek B.M. Sәlтеке batyr әuleti. Zhinaқта: /Қазақстан Respublikasy Zhoғарғы оқу орындарының қауымдастығы. Қазақтyң ұлы қолбасшылары atty respublikalyқ fылыми-tәzhiribelik konferenciya. – 2010, 10 zheltoksan.
- 8 Ahmetbek B.M. Sәlтеке batyr әuleti // Ақмешит апталығы. Syr еliniң әдеби, tarihi-танымдық басылымы – 2010. – № 38. – 23 қыркүйек. – 5 б.
- 9 Ahmetbek B.M. «Sыjınқара batyrdyң қулыshy қajда?» Ақмешит апталығы. Syr еliniң әдеби, tarihi-танымдық басылымы. – 2009. – № 48. – 3 zheltoksan. – 1 б.
- 10 Ahmetbek B.M. Zhinaқта: «Uәli bi». Қорқыт Ata atyndары ҚМУ Habарshysy. – 2011. – №1(31). – 29 б.
- 11 Ahmetbek B.M. Uәli bi» // «Halyқ». Respublikalyқ қоғамдық-сајasi төuelsiz aptalyқ. – 2011. – № 5. – 28 сәуір. – 11 б.
- 12 Ahmetbek B.M. Uәli bi Itenyly» //«Samala» Respublikalyқ ақпараттық танымдық басылым. – 2011. – № 28, (364). – 15 shilde. – 4, 5 bb.
- 13 Ahmetbek B.M. Sәlтеке batyr әuleti //«Әlimsак», әдеби-мәдени, tarihi-танымдық zhurnal. – 2011, мамыр. – № 5, (26) – 10, 13 bb.
- 14 Ahmetbek B.M. Sәlтеке batyr әuleti //«Samala» Respublikalyқ ақпараттық танымдық басылым. – 2011. – № 27, (363). – 8 shilde. – 4, 5 bb.
- 15 Ahmetbek B.M. Sәlтеке batyr әuleti //«Halyқ». Respublikalyқ қоғамдық-сајasi төuelsiz aptalyқ. – 2012 – № 5, 3 ақпан. – 3, 5 bb.
- 16 Ahmetbek B.M. Syr bojynың altyndary // «Kөz» Respublikalyқ ақпараттық танымдық басылым. – 2012. – № 4-5. – 21 ақпан.
- 17 Ahmetbek B.M. Altyn baba ұрпақтары //«Kөz» Respublikalyқ ақпараттық танымдық басылым. – 2012. – 16 сәуір. – 4,5 bb.
- 18 Ahmetbek B.M. Altyn baba ұрпақтары //«Syr ardageri» Respublikalyқ басылым. – 2012. – 1 қыркүйек.
- 19 Ahmetbek B.M. Altyn baba ұрпақтары //«Bazar zhyrau» Respublikalyқ әдеби, fылыми-танымдық zhurnal. – 2012. – № 3. қыркүйек. – 77, 92 bb.
- 20 Ahmetbek B.M. Altyn baba ұрпақтары. Kitapta: Akademik. Zh. Momynbaev, Ә. Momynbaev, Қ. Қудайbergenov. – Almaty: Poligrafkombinat, 2014. – 299, 319 bb.
- 21 Ahmetbek B.M. Sәlтеке batyr әuleti. Zhinaқта: «Bilim. Fылым. Innovaciya: Özekti мәseleleri men damu zholdary» atty respublikalyқ fылыми-tәzhiribelik konferenciya. – 2010 zh.
- 22 Ahmetbek B.M. Syr еliniң bileri // Syr tylegi. – zheltoksan, 2013.
- 23 Dajrabaj T. Syr perzentteri. – Almaty : Arys, 2010. – 86 б.
Қолдарында «күн көсемдердің» суреттері, ұрандар, қызыл тулар, алиықтарында кетпен, күрек асынған тұрғындар алдын ала белгіленіп берілген жерлеріне барып, жұмысқа қызу кірісіп кетті. Осылайша, өңір үшін ғана емес, республика үшін өте маңызды ауқымды су жүйесі құрылысы басталып, ол 1502 мың гектар жерді суландырып, егіс көлемін ұлғайтуға тиісті болды. Мұнымен бірге бөгет құрылысы негізінде электростанция салу көзделді. Сондай-ақ, бөгет құрылысы Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан көптеген елді мекендердің қаламен тұрақты байланысын біржолата шешетін еді. Бұл Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берген үлкен бастама болды. 1947 жылдың 29 тамызында Қызылорда облыстық атқару комитетінің арнайы шешімі қабылданды. Құжатта Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің алдына «Қызылордаплотинастрой» қыстағының орнына қала типіндегі жұмысшы поселкесін салуды, оған «Тасбөгет» деген атау беруді ұсынды. Бұл ұсыныс Республиканың Жоғарғы Президиумы тарапынан қолдау тауып бекітілді. Жаңадан салынатын поселке Қызылорда қалалық кеңесіне бағынатын болды.

Соғыстан кейінгі алғашқы кезеңде Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін Р.Төлебаев (1940-1945), ал облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін Х.Тастайбеков атқарған еді. Одақтық маңызы бар «Қызылордаплотина» жобасының авторы орталықтан шақырылған инженер Г.И.

Прозоров болды. Аталған өңір басшылары жаңадан салынуға тиісті су торабын іске қосу үшін көп жұмыстар атқарды. Алайда, кеңестік бюрократиялық кедергілер, қаржы тапшылығы – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету ісіне кедергі келтірді. Оның үстіне облыс басшыларының «жоғарыдан» қаржы сұрау, талап ету «белсенділігі» де төмен болды. Нәтижесінде облыс көлеміндегі ірі құрылыс «Тасбөгет плотинасы» 1956 жылы ғана іске қосылды.

1947 жылдың соңында облыстық партия ұйымдары 1940-1947 жылдардағы атқарған жұмыстары туралы есепті конференцияларын өткізді. Жосалы механикалық зауыты, «Челюскинец» артелі, «Сұлутөбе» машина-трактор станциясы, күріш зауытының еңбек ұжымдары, социалистік жарыс жеңімпаздары деп танылғанымен жалпы қалыптасқан ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайды кеңестік облыс басшылары мойындауға мәжбүр болды. Қарапайым халыққа ауыр тигені - ауылшаруашылықты аймақтың нақ ауылшаруашылық өндірісінің күрт құлдырауы болатын. «Айталық, 1947 жылы жалпы дақылдар егісінің көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 1500 гектарға азайды. Дәнді дақылдардың орташа өнімділігі 1940 жылғы 10,7 центнер орнына 1947 жылы 6,9 центнерге дейін кеміді» [2,1516]. Кеңестік әкімшілік-өміршілдік экономика жағдайында шаруашылықты жүргізудің интенсивті формасын ұстану мүмкін болмады. Осыған сәйкес Сыр өңірінде жердің құнарлылығын арттыру, тыңайту жұмыстары жүргізілмеді. Шаруашылық тек экстенсивті бағытта жүріп егістік жерлердің көлемі жиі ауыстырылғандығы, ұлғайғанына қарамастан алынған өнім көлемі мардымсыз болды. Бұған кеңестік басқарудың басты дерті - ұйымдық берекесіздіктер қосылды. Бұған қарапайым еңбеккерлердің, колхозшылардың еш кінәсі жоқ еді. Қайта керісінше олар аянбай еңбек етті. 1948-1949 жылдары облыстың 33 еңбеккеріне «Социалистік Еңбек ері» атағы берілді. Мал шаруашылығында да ілгерілеу байқалды. 1951 жылы ірі мүйізді қара саны – 137,6 мыңға, қой мен ешкі 914,7 мыңға, жылқы 58,1 мыңға, түйе 17,3 мыңға жетті [3,1576].

Сыр өңірі тұрғындарының бағы – Сырдария өзені болса, екінші бағы оның негізгі елді мекендерінің темір жолының бойында орналасуы еді. Сондықтан облыс көлеміндегі өнеркәсіпке, байланыс құралдарына және мәдениет саласындағы ілгерілеушіліктер осы факторлармен тығыз байланыста болды. Бұл жылдары өнеркәсіп, көлік байланысының және халық шаруашылығының басқа да салалары, кәсіпорындары мен мекемелері жоғары көрсеткіштерге жетті. Мәдени ағарту, кино жүйесі мен радио тораптары мекемелерінің жұмысшылары жетілдіріле түсті. Оқу ағарту, денсаулық сақтау мекемелерінің жүйесі ілгеріледі. «Жаңадан 72 мектеп, 30 фельдшерлік-акушерлік пункттер пайдалануға берілді. Ауруханалардағы төсек саны 350-ге дейін артты» [2,151 б].

Алайда, өңірде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай ауыр күйінде қала берді. Жоғарыда аталған жетістіктер облыс халқының қажеттіліктерін өтеуге жеткіліксіз болды. Көптеген мәселелер жоспарланған «Тасбөгетплотинасының» іске қосылмауынан туындады. Нәтижесінде суландыру жүйесіндегі берекесіздіктерден 1951 жылы егілген егіс көлемінің 20 пайызы судың жетімсіздігінен зая кетті. Бұл жағдай 1952-1953 жылдары да қайталанды. 1953 жылы облыстағы егіс көлемі 1941 жылмен салыстырғанда 16 мың гектарға кеміді. Мұнымен қатар бау-бақша, көкөніс өнімдерінің көлемі де азайды. Бұл шын мәнісінде апатты жағдай еді. Кеңестік жүйе облыс басшыларын жиі-жиі алмастыру арқылы мәселені шешуге ұмтылды. Соғыстан кейінгі 8 жылда облыс басшылығында 6 басшы алмасты. 1945 жылдың қазан айынан – 1947 жылдың шілдесіне дейін Бектелеев Сапар Темірханұлы, 1947 жылдың тамызынан 1950 жылдың тамызына дейін Ибрагимов Баймахан Ескендірұлы, 1950-1952 жылдары екінші рет Бектелеев Сапар Темірханұлы, 1952-1954 жылдары Қойсақанов Арынғазы, ал 1954 жылдың қаңтар-маусым аралығына дейін, яғни бар болғаны 5 ай басқарған Жанбаев Сағалбай болды. Бұл қазіргі тілмен айтқанда кадрлық дағдарыс еді.

Өңірдің қоғамдық-саяси өмірі. Тұрғындардың күнделікті тіршілігі. Сыр өңірінің қоғамдық-саяси өмірі және тұрғындардың күнделікті тұрмыстық

тыныс тіршілігі де кеңестік идеологиялық өктемдік аясында өтіп жатты. Кеңестік идеологиялық өктемдіктің ауыртпалықтары, әлеуметтік-экономикалық өмірдің ауыртпалықтарынан кем болмады. Барлық Кеңес еліндей, Сыр өңірінде де Кеңестік жүйенің жазалаушы күштеу құрылымдары бұрынғысынша барлық қуатымен жұмыс істеп тұрды. Сталиндік арнайы жазалаушы құрылымдар: «Үштік», «Бестік», «Айрықша бөлім» дейтіндер тұрғындардың ғана емес, ауылдық, аудандық, облыстық партия, Кеңес орындары басшы қызметкерлердің үстінен қаһарын төгіп тұрды. Соғыс жылдары кеңес лагерлеріндегі сотталғандардың көпшілігі майдан далаларынан оралмаған соң «лагерь экономикасы» адамдардың аздығынан құлдырай бастады. Олардың орнын толтыру үшін «еңбек лагерлерін» қайтадан толықтыру қажет болды. Сондықтан жоғарыдан әрбір облыстың аудандарынан қанша «халық жаулары» ұсталуы керектігі жоспарланды. Бұл Сыр өңірі халқына да өте ауыр тиді. Облыстағы НКВД басшылары қай ауданнан қанша «халық жауын» ұстау керектігін аудандар халқының санына сәйкес жоспарлап іске асырды. Кейіннен қылмыстық жүйе қылмыстарын жасыру үшін ол құжаттарды жойып отырды. Сондай-ақ тұрғындардың көңіл-күйіне де бақылау орнатылды. Кеңестік негізгі мерекелер 7-қараша және 1-мамыр күндері көңілсіз жүргендер үстінен жасырын «қара тізім» жасалды. Қажет деп тапқан жағдайларда ол «іске қосылды». Әсіресе өңір зиялыларының үстінен қатаң бақылау орнатылды. Мысалы, белгілі этнограф ғалым И. Тоқтыбаев соғыстан кейінгі жылдары түрмеде 20 жылдық мерзімін өтеп болған соң елге оралып, «Қараөзек» ауылында колхозшы болып жүрді. НКВД өкілдері оны тұрақты бақылауға алды. Оны қайтадан соттап, лагерьге жіберу үшін оның тұрмыста «үндемей жүргені» жеткілікті болды. Себебі НКВД жансыздары ананы-мынаны сұрап, сыр тартпақ әрекеттерінен ештеңе шықпады. Ғалым көбіне сыр ашпады, үндемеді. НКВД қызметкерлерінің логикасы бойынша – «демек, кек сақтап жүр» деген желеумен И. Тоқтыбаев қайта сотталды. И. Сталин қайтыс болған соң ол ақталып, өмірінің соңына дейін облыстық өлкетану мұражайын басқарды.

Сондай-ақ, 1950 жылдардың басында Алматыда «ұлтшылдық», «космополитизм» науқаны басталып, бір топ зиялылар Қызылорда өңіріне жер аударылды. Белгілі әдебиетші ғалым, академик І. Кеңесбаевқа Қызылорда педагогикалық институтынан орын табылса, екінші ғалым, атақты түркітанушы Ә. Қоңыратбаевқа орын табылмай, ол Шиелі ауданы «Ортақшыл» ауылы мектебінің бастауыш сыныптарына ана тілінен мұғалім болып орналасты. Сталин өлген соң ғана І. Кеңесбаев Алматыға оралып, Ә. Қоңыратбаев өмірінің соңына дейін Қызылорда педагогикалық институтында оқытушылық қызмет атқарды. Сондай-ақ «Қажымұқан» романының авторы жазушы Қ. Әбдіқадыров Шиелі ауданында колхозшы болып еңбек етуге мәжбүр болды.

Сыр өңірінің қарапайым халқының күнделікті өмірі, тыныс тіршілігі де онайға соқпады. Өңір тұрғындары бірыңғай қам кесектен салынған сабан үйлерде тұрды. Халықтың аузында олар – «қазақы там», «қоржын там» деген атауларға ие болды. Қызылорда қаласында барак түрінде салынған ондай үйлер «қырық кепелер» атанды. Ал көп қабатты үйлер жоқтың қасы еді. Академик Н. Надировтың куәландыруынша 1949-1950 жылдары Қызылорда қаласында 1-маршрутты автобус қызмет етті. Түнге қарай негізгі жарық көзі көдуілгі керосинді бітелі «майшамдар» болды. Тұрғындардың киінген киімдері де өте жұпыны келіп, тағамдарына дейін жұтаң болды. Қант, көмпит, т.б. тәттілермен шәй ішу санаулы отбасыларының ғана үлесіне тиді. Ауыл, аудандарда тұрғындар нанды негізінен қолдан «жапса», Қызылорда қаласындағы нан дүкендеріне деген кезекке тұрғындар таңғы 6.00 ден бастап тұрды. Соған қарамастан халық қайғы-қазанда бір-біріне медеу болып, қуаныштарымен бірге ортақтасатын. Өзара көмек – өмір салты болды. Қиындықтарды жетуде қазақтардың туысқандық жүйесі үлкен рөл атқарды.

Кеңестік партия, комсомол ұйымдарының іс-шаралары да тұрғындардың күнделікті өмірінің құрамдас бөлігі болды. Іс-шаралардың барлығы ұрандармен басталып, ұранмен аяқталды. Жиналыстар әдетте жұмыстан тыс уақытта өткізіліп,

тым ұзаққа созылды. Ауыл мұғалімі, кейіннен тарихшы ғалым Қозыбек Асқаров 1950 жылы туған ауылындағы колхоз жиналысына қатысқанын – «Түнгі 1.00 де халықаралық жағдайды талқылауға көштік» деп еске алатын. Ұжымдардың бастауыш партия, комсомол ұйымдарында міндетті түрде саяси сабақтар жүрді. Алайда, ағарту саласындағы үлкен жетіспеушіліктерге қарамастан соғыстан кейінгі ұрпақтың өнер, білімге деген ықыласы өте зор болды.

1953 жылдың 5-наурызында кеңестік тиран И. Сталиннің қайтыс болуы – Сыр өңірінің қоғамдық саяси өміріне де үлкен оң екіпін әкелді. Рас, жеке адамға табыну жағдайында халық Сталиннің өлімін - үлкен қайғы қасірет ретінде қабылдады. Еңбек ұжымдарында қаралы митингілер өтіп, тарихтың төлкегімен көптеген тұрғындар жылап-сықтап, шын пейілмен қайғырып жатты. НКВД-нің төрағасы Берияның әшкереленуінен басталған КСРО-ның Жоғарғы билігіндегі дағдарыс түпгін түбінде КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Н. С. Хрущевтің сайлануымен аяқталды. Кеңес елінде «жылымық» деген атауға ие болған онжылдық кезең басталды. 1956 жылы КОКП-ның XX съезінде Сталин ресми әшкереленді. Алайда, «жылымық» жылдарының алғашқы айлары Сыр өңіріне оңай болған жоқ.

Қызылорда «жылымық» жылдарында. Істің насырға шапқаны сондай, соғыстан кейінгі жылдары Қызылорда облысының сақталуы немесе таратылуы туралы мәселе оқтын-оқтын күн тәртібінде туындады. Дегенмен, 1954 жылдың мамырында Қызылорда облысының басшылығына Қазақстан Орталық Комитетінің хатшысы М. Сужиковтың (1910-2000) келуімен жағдай күрт өзгерді. Астраханьда оқып, оқытушылық қызмет атқарды. 1938 жылы 28 жасында Володар аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағалығы, Астрахань округтік партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. 1945-1948 жылдары ВКП (б) П Орталық Комитетінің жанындағы партия мектебінде оқып, оны бітіргеннен соң Қазақстанға жіберіліп, Ақтөбе облыстық партия комитетінің хатшысы, бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. 1951 жылдың күзінде 41 жасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшылығына сайланған еді.

«Сужиков өр іске мемлекеттік тұрғыда қараудың, еңбекшілердің мүддесін терең түсінудің, сезінудің халық үшін жауаптылықты білгендігінің нәтижесінде Мәскеу мен Алматының алдында облыс өмірінің ұзақ жылдар шешілмей жүрген түйіндерге айналған ең ауыр мәселелерін батылдықпен, қажырлықпен күн тәртібіне қойды», - деп еске алады партия кеңесі ардагері Тенел Жұмабаев, - Ең бастысы ол күн тәртібіне кезек күттірмейтін және бүгін шешуге болатын, шешуге мүмкіндігі бар мәселелерді таңдай білді» [4,546].

М. Сужиков жұмысқа кіріскеннен кейін облысты 3 ай бойы аралады. Облыстың экономикалық-әлеуметтік ахуалын жан-жақты зерттеп, не істеу керектігін әбден пысықтап, Алматыға Орталық Комитетке, сол кездегі республика басшылары П.К. Пономаренко, Л.И. Брежневке дейін барып, облыстың мүшкіл халін, құлдыраудың себептерін түсіндіреді. Тығырықтан шығудың нақты жолдарын көрсетеді. Алайда, П.К. Пономаренко тарапынан түсіністік таппаған соң онымен жаға жыртқысуға дейін барды. Тек Брежневтің араласуымен ғана мәмілеге келеді. Бұл кеңестік Қазақстан халқы тарихында болмаған халық үшін жан пидалықтың көрінісі еді. Ақыры соңында Қазақстанның екі басшысы Қызылорда облысында қалыптасқан жағдайды түбірінен шешуге келісімін береді. Бірақ олардың да мүмкіндіктері шектеулі еді. Сондықтан Сужиков Мәскеуге шығып олардың келісімін алады. Осылайша, Қазақстан Орталық партия комитеті мен үкіметі шеше алмаған қаржы бөлу мәселесін Сужиков Мәскеу арқылы шешуге ұмтылды. Табандылығының арқасында Кеңес Одағы басшыларының бірі А.Микоян қол қойған – Қызылорда облысына қаржы бөлу туралы қаулы шығартты.

«Одақтық қаулы бойынша күріштің сатылу бағасы қымбаттады. Тоннасы 30 сомдық күріштің бағасы 300 сом болды. Қаракөл елтірісінің бағасы да қымбаттады. «Тасбөгетплотинасының» құрылысын тездету үшін қаржы бөлінді. Қызылқұмды игеруге және шаруашылықтарды ашуға 1520 миллион сом қаржы бөлінді. Күріштің көлемін көбейту және күріштік жерлерді инженерлік жүйеге келтіру қолға

алынатын болды. М.Ә. Сужиковтың басты еңбегі Одақтық және Республикалық үкіметтердің назарын Сыр өңірінің ондаған жылдар бойы шешілмей жатқан проблемаларына аударғандығы еді». Сондай-ақ М.Сужиков – облыстың Одақтық шаруашылықтан оқшауланып қалуын жеңуге көп күш жұмсады. Осы мақсатта Ресейдің Краснодар өлкесі күрішшілерінің тәжірибелерін зерттеуге, тәжірибе алмасуға көп көңіл бөлді. Тіпті, Қытай, Вьетнам, Корея сияқты дәстүрлі күрішті елдердің тәжірибелеріне облыс мамандарының назарын аударды. 1955 жылы К.Қаракөзов, И.Иманқұлов, К.Бердікұлов, Ә.Алшынбеков, З.Жарқынбаев бастаған Қызылорда облысының мамандары Краснодар өлкесіне барып қайтты. «Күріш өсірудің тәжірибесімен таныстық. Инженерлік жүйеге келтірілген жерлерді, жер өңдейтін арнайы жаңа техникаларды көргенде дем ала алмай қалдық, өзіміздің көш артта қалғанымызды, түйе үстінде жүріп күріш егіп жүргенімізді көрдік, көзіміз жетті», - дейді К. Қаракөзов [4, 57 б].

М.Ә. Сужиков салған бойдан Мәскеу арқылы облыстық жер тегістеу, оны инженерлік жүйеге келтіру мәселелерінде шеше білді. Алғашқы ПМК-лар, су құрылысын жүргізетін трестер салынатын болды. 1956 жылы ұзаққа созылған, одан кейінгі 6 обком хатшылары шеше алмаған «Қызылордаплотинасының» құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Онымен бірге Қызылорда қаласы мен өзеннің сол жағалауындағы елді мекендердің арасында тұрақты байланыс орнады. Стратегиялық мәселе шешімін тапты. Айта кетерлік жайт – өзен бойындағы қалаларды көпірлерсіз елестету мүмкін емес. Осылайша, Кеңес елінің 70 жылдық тарихында Қызылорда қаласы тұсынан өзен арқылы бір ғана көпір салынды. Осы заманғы екінші көпір еліміздің тәуелсіздігі жылдары облысты С. Ө. Нұрғисаев басқарған 1999-2004 жылдары салынған еді.

М.Ә. Сужиков – облыс шаруашылығының болашақ басты бағыттарын да айқындап берді. Облыс аудандарында ұзақ жылдар басқарған Қонысбек Қазантаевтың куәландыруынша, облыс шаруашылығының негізгі бағыттарын анықтау оңай шаруа емес-тін [4,58 бет]. Өйткені облыс шаруашылығының негізгі бағыты – егіншілік пе, әлде мал шаруашылығы ма дейтін мәселе үлкен пікірталас тудыратын. М.Ә. Сужиков бұл мәселені бір сермеумен – егіншілікті де, мал шаруашылығында бірдей дамыту керек деп шешті. Мемлекет қайраткері ретінде М.Ә. Сужиковтің шешкен кезекті мәселесі – өңірдегі алапес ауруы (гансен) мәселесі болды. Арал, Қазалы аудандары алапес ауруы шығатын негізгі ошақ болды. Ұзақ жылдар облыстық денсаулық сақтау бөлімін басқарған Софья Өтегенқызы Макашеваның айтуынша, бұған дейін алапесті емдеудің барлық шаралары жасалса да, оны ауыздықтау мүмкін болмады. Алапес елесі Сыр өңірі елді мекендерін еркін кезіп, халықтың үрейін алатын. Тіпті, аталған аудандарға баруға басқа жақтан жіберілген басшы кадрлар да сескеніп жүретін.

М.Ә. Сужиков – осы бір өңір тұрғындарының өзегін өртеген мәселені мемлекеттік дәрежеде көтеріп Мәскеуге шықты. Кеңес одағы үкіметінің «Қызылорда облысында алапеспен күресудің кезек күттірмейтін шаралары туралы» қаулысын қабылдатты. Үкімет Арал, Қазалы аудандарын әлеуметтік-экономикалық жағынан қайта құрудың түбегейлі шараларын белгіледі. Екі ауданда бес мың тұрғын үй салу, халықты сапалы ауыз сумен, жеміс-жидектермен қамтамасыз ету жоспарланды. Республикалық алапес ауруханасы қаладан 30 шақырым жерге көшірілді. Арал, Қазалы аудандарында алапеспен күресетін пунктердің жүйесі кеңейтілді. Жалпыхалықтық күреске – Мәскеу ғалымдарына дейін тартылды. Нәтижесінде осындай шаралардан кейін 1990 жылдарға дейін облыста бірде-бір алапеспен ауырған адам тіркелген жоқ. Бұл Сужиков негізін қалап кеткен ірі жеңіс еді. М.Ә. Сужиков 1958 жылдың аяғында Семей облысы партия комитетінің бірінші хатшылығы ауыстырылды. Бұл барлық жағынан да қате шешім еді. Сыр өңірі халқының көрнекті қайраткермен қоштасса, ал барған бойда Семей полигонына қарсылық білдіргені үшін М. Сужиков көп ұзамай қызметінен алынып, оның саяси мансабына тұсау салынды.

Ауыл шаруашылығы. Өнеркәсіп. Құрылыс. 50-жылдардың ортасында өңірде ауыл шаруашылығының екі саласын – егіншілік пен мал шаруашылығын - бірдей дамыту стратегиясының мемлекеттік тұрғыда шешілуі өз жемісін бере бастады. Бұл 1956 жылы «Тасбөгетплотинасының» іске қосылуымен тікелей байланысты болды. 1957 жылы «Сол жаға» магистральды каналы («Шіркейлі каналы») пайдалануға берілді. Каналдың жобалық су өткізгіштік қабілеті 220 текше метр. Магистральды канал бойында 90013 гектар егістік алқап орналасқан, оның 2790 гектары Қызылорда қаласының, Сырдария ауданына 25501 га, Жалағаш ауданының 37310 га, Қармақшы ауданының 24412 га егістігін үлесінде еді... Каналдың бойында 10 су тоспасы, 49 шаруашылықтарға су беру құрылыстары орналасты [5,210 б]. 1958-1960 жылдары төрт ауданда жаңадан 6 мал шаруашылықтары ұйымдастырылды. «Әсіресе, Жалағаш ауданының «Аққыр» қой шаруашылығы алғашқы он жылдың ішінде таза пайдамен шығып, республикалық жарыстың жүлдегері атанды. Оған мемлекеттік ту тапсырылды. «Аққыр» кеңшарын 20 жыл бойы Ұлы Отан соғысына қатысқан Камал Бердәулетов басқарды» [3,157 б].

1956 жылы Мәскеудегі мемлекеттік жоспарлау институтының арнайы экспедициясының Сыр өңіріне келуі айтулы оқиға болды. Олар заманауи картографиялық құралдармен облыс аймағын картаға түсірді. Осы сапарда экспедиция мүшелері облыста қамыстың мол қоры негізінде Қазақстанда тұңғыш целлюлоза-картон комбинатын Қызылордада салуға шешім қабылдады. Бұл асығыс шешім болғандығына қарамастан өңірде ірі өндіріс орны пайда болды. Комбинат жоспарланғандай қамыс шикізаты емес, Сібірден тасылатын ағаш қоры негізінде жұмыс істеді. Комбинаттың тұңғыш директоры Борис Васильев, ал бас инженері болып Петр Жебрев бекітілді. Комбинат құрылысының нысаны Бүкілодақтық болып жарияланып Молдавия, Татарстан, Башқұртстан, Белоруссия т.б. республикалардан жолдамамен келген жастар тартылды. Іске қосылған алғашқы жылы комбинат 73 мың тонна целлюлоза, 70 мың тонна картон өндірді. Комбинат жанынан №8 кәсіптік-техникалық училище ашылып, Краснокамский целлюлоза – қағаз техникумының филиалы жұмыс істеді. Мұнымен қоса комбинат жұмысшылары үшін Қызылорда қаласының солтүстік-батыс бөлігінен жұмысшы поселкелері салынатын болып жоспарланды. Оларға кейіннен Ю.Гагарин мен Г.Титов есімдері берілді.

1957-1959 жылдары қалада 95 көпқабатты үй салынды. 1958 жылы 1951 жылмен салыстырғанда Қызылорда қаласында пайдалануға берілген үйлер саны 7 есеге артты [6]. Нәтижесінде Социалистік жарыстың жеңімпазы деп танылған Қызылорда қаласына республика министрлер кеңесінің ауыспалы қызыл туы берілді. 1959 жылдың 25 тамызында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетімен Қазақ ССР Министрлер Кеңесі «Қызылорда облысының экономикасы мен мәдениетін одан әрі жақсарту» туралы қаулы қабылдады. Бұл құжаттар өлкенің одан әрі дамуына мүмкіндіктер берді. Әсіресе, сүт зауыты, ет комбинаты, аяқ киім фабрикасы, балық зауыттарының жетістіктері елеулі. 1956 жылы құрылған облыс орталығындағы жөндеу-механикалық заводының міндеті - ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеп қайтадан пайдалуна беру болды.



1950-1961 жылдары еңбекшілер депутаттары Қызылорда атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған аса көрнекті мемлекет қайраткері Долдаш Алисовтің (1902-1961) қала мен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі орасан. Жоғарыда айтылған ізгі істердің жүзеге асуы нақ осы Д. Алисовтың есімімен тығыз байланысты. Ол Еңбек Қызыл ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, 2 мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен *Мұхаммедқали Әленұлы Сужиков* марапатталды. Айта кететін жайт, осы (15.09.1910-14.08.2000 ж.ж.) жылдары облыс пен қаланы басқарған М.Ә. Сужиков пен Д.Алисов Сыр өңірі тарихындағы аңызды есімдерге айналды.

Мәдениет, ағарту ісіндегі ілгерілеулер. Соғыстан кейінгі жылдары халық ағарту мен мәдениет саласында да елеулі ілгерілеушіліктер болды. 1949 жылы Қазақстан Компартиясының IV съезінің шешімімен ауылдық жерлерде міндетті түрде жеті жылдық жаппай білім алу жолға қойылды. Алаудан, қала орталықтарында 8-10 сыныптарда 1947-1948 жылдары 1062 қазақ оқушылары оқыса, 1956-1957 жылдары бұл көрсеткіш 6830-ға жетті [7,54 б]. Яғни, соғыстан кейінгі он жылда 8-10 сынып оқушыларының саны 5 есе көбейді. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында орналасқан білім беру, мәдени ағарту мекемелерінің жұмысы жақсарды. 1944 жылы ашылған мұғалімдер білімін жетілдіру институты және Қызылорда педагогикалық училищесінің ұжымы маман кадрлар даярлауда көп жұмыстар атқарды. Мұнымен қатар 1950-1954 жылдары екі жылдық мұғалімдер институты мен жұмысшы факультеті жұмыс істеді. Қызылорда педагогикалық институтына 1949 жылы орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толуына орай есімі берілді. 1960 жылдарға қарай институттың оқытушылар құрамында да үлкен өзгерістер болды. Мысалы, 1960 жылы институтта 19 ғылым кандидаты жұмыс істеді [7,56 б].

Бұл жылдары үлкен қиындықтармен болса да Қызылорда облыстық драма театры халыққа қызмет етіп жатты. 1945 жылы Қызылорда облыстық Кеңесі атқару комитетінің 4-шілдедегі қаулысымен Қызылорда музыкалық театры қайта ашылды. Бірақ оның шығармашылық құрамын белгілеу өте қиынға соқты. Театрдың директоры Ә.Таласов, көркемдік жетекшісі болып Б.Э. Скоробогатов бекітілді. Шығармашылық топтың алғашқы әншілері мен музыканттары Н. Бекежанов ансамбліндегі көркем өнерпаздардан тұрды. 1945 жылы қыркүйек айында театр өзінің маусымын Алматы «кинотехникумы» деп аталатын оқу орнының алғашқы түлектерінің диплом жұмысы «Жорж Дантен» спектаклімен ашты. Кейіннен Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек», Гаджиевтің «Аршын Мал алан» сияқты классикалық шығармалары сахналанды. Алайда, ауыр материалдық қиындық салдарынан 1948 жылы театр тарап, Шымкент пен Қызылорда қаласына бір театр – Шымкент қаласында орналасатын болды. 1959 жылы Қызылордаға Үштөбе қаласынан корей драма театры көшіп келді. Үш жылдан соң қазіргі облыстық драма театры Талдықорған қаласынан Қызылордаға көшіріліп, оған кейіннен Н. Бекежанов есімі берілді. Корей театрының көшіп келуі – Сыр бойындағы корей халқының жиі шоғырлануымен түсіндірілді. Бұл жылдары облыста корей тілінде «Ленин кичи» газеті шығып тұрды. Сонымен бірге облыстық радиода корей тілінде хабарлар таратылатын. Алайда, 1969 жылы корей театры қайтадан Алматы қаласына қоныс аударды. Ал облыстық қазақ драма театрын 1962 жылдан бастап Сақтаған Тұрлымұратов басқарды.

Түйіндей келгенде, 50-жылдардың ортасынан Сыр өңірінде әлеуметтік-экономикалық өрлеу байқалды. Алайда, шешімін таппай қалған қордаланған мәселелерде аз болмады. Ол кеңестік әміршілдік шаруашылық жүргізу әдістеріне, идеологиялық өктемдіктен туындайтын. СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Н.С. Хрущевтің есімімен байланысты Орталықтың ойластырылмаған саясатының салдары облыс тұрғындары мен шаруашылықтарына дейін теріс ықпалын тигізіп жатты. Айталық, 1957 жылдың көктемінен колхоздарды совхоздарға айналдыру науқаны басталды. Алайда ол тиісті нәтижесін бермеді. Өз мүмкіндіктерін сарқыған машина-трактор станциялары (МТС) таратылды да, олардың техникасы колхоздарға сатылды. Сталин өлгеннен соң Кеңес басшыларының бірі Г.М. Маленков халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін шаруалардың ұсақ жеке шаруашылық жүргізуіне мүмкіндік берген болатын. Осылайша, Сыр өңірі халқының жеке мал ұстауға, артық өнімдерін базарға сатуға құқы берілді. Алайда, 1957-1958 жылдары колхоз-совхоздарда мал санын көбейту үшін ауыл еңбеккерлері меншігіндегі ірі қара мал алына бастады. Осыған байланысты, Сыр өңірі халқының арасында «Маленков берген байталды, Хрущев келіп қайта алды» сөзі өте танымал болды. Барлық қоғамдық іс-шаралардың «жоғарыдан» ұйымдастырылуы да тұрғындардың жүйкесіне тиді.

Өңір тұрғындарының күнделікті өмірінде де оң өзгеріс байқалды. 50-60 жылдардың басында сабан үйлер - «қоржын там», «қазақы тамдар» - іргетасты (фундамент) үйлермен жаппай алмасса, ауылдық жерлерге де электр жүйелері тартылып май шамдарды электр лампаларымен алмастыра бастады. Радио желілерін алыс елді мекендерге тарату қолға алынды. Халықтар еңсесін көтеріп, 30-40 жылдары айырылып қалған ағайындарын іздей бастады. Бұл жылдары Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстаннан көптеген қандастар өздерінің туған өлкесіне оралып, елді қуантты. Олардың көпшілігі Шиелі, Жаңақорған аудандарына қоныстанды. Сол жылдары бұл аудан тұрғындары арасында өзбектің «Наманганның алмасы», «Ей Мехрибанум» өлеңдері өте танымал болып, қазақ әндерімен қатар тұрмыста көп айтылатын. Тұрғындардың тағамдарында өзгерістер болып қантсыз қара шай ішу азайды. Өкінішке орай ойын тойларда ішімдік ішу де дәстүрге ене бастады. Соғыстан кейінгі жылдары ішімдік майданнан оралған жауынгерлер мен басшылардың ғана «артықшылықтары» болса, енді тұрмысқа дендей бастады. Бірақ мас күйінде оспадарсыз қылық жасау өте сирек кездесті. Жастардың арасында үлкенді сыйлау, ал үлкендердің жастарға деген қамқорлығы мен беделі кісі қызығарлықтай қалпында сақталды. Ойын тойлардың ауқымы да ұлғайып той болған үйге «құтты болсынға» сыйлық, «тәттімен» бару үрдіске айналды. Әдетте, ол өте қат әрі тапшы шығматалар, орамалдардан тұрды. Той иесі, әулеті де қарап қалмай сөйкесінше олардың «дастархан-сөмкелерін» қайтарып отырды. Бұл әйелдер үшін жауапты іс болып табылды. Мұндай тойлар ауыл өмірінде ұзақ талқыланып, елеулі оқиға болды. Тойлар да шырқалатын әндерді сүйемелдейтін негізгі аспаптар домбыра мен сырнай болды.

Хрущевтің тұсында НКВД-нің таралып: ішкі істер министрлігі, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МҚК) болып бөлінуі және олардың жергілікті партия орындарына бағындырылуы, жазалаушы «үштік», «бестік», «айрықша бөлімдерінің» жойылуы да тұрғындардың күнделікті өміріндегі қорқынышын сейілтті. Ең бастысы халықтың түнгі ұйқысы бұрынғы жылдардағыдай бұзылмайтын болды. «Түнгі тұтқындаулар» келмесе кетті.

Алайда халықтың тұрмысы төмен қалпында қалып қойды. 1961 жылға дейін колхозшылардың төлқұжаты (паспорты) болмады, оның орнына «колхозшылардың еңбек кітапшасы» ғана болды. Сондықтан олар аудан көлемінен алыс шыға алмады. Олардың төлқұжатқа ие болуы да бұл жылдардағы үлкен жеңіс еді. Соғыстан кейінгі он жылда негізгі көлік түрі ат-көлік, атарба болса, 50-жылдардың екінші жартысында аудан колхоз басшылары дербес «жеңіл машиналарға» қолдары жетіп, ал шаруашылықтарда кеңестік жүк машиналары, тракторлармен толығы бастады. Мәдениеттердің араласуы да төменнен жүріп жатты. Қазақтардан бөлек славян, корей және кавказ т.б. халықтары «қой қоралас - ауыл аралас» өмір сүріп мәдени өмірде, тұрмыста араласу күшейді. Сыр өңірі ежелгі егіншілік дәстүрі бар ел, алайда корейлер егіншілік мәдениетінің дамуына жаңа серпін берді. Аудан орталықтарында славян тілдес халықтар шоғырлана орналасқандықтан, қазақ тұрғындарының өскелең ұрпағы екі тілді бола бастады. Кавказ халықтарының өкілдері жергілікті құқық қорғау құрылымдары ғана емес, тұрғындар үшін де үлкен «мазасыздықтар» тудырған жағдаяттар аз болған жоқ. 1944 жылы туған жерлерінен қуылған бұл халықтар жергілікті жерлерге бейімделе алмай жатты. Алайда, өңірдің өртүрлі халықтарын біріктірген - ортақ қайғы және кеңестік интернационалдық насихатының жемісі еді.

Қоғамдық саяси өмір. 50-жылдардың ортасынан басталған Сыр өңіріндегі «қайта өрлеу» жемісті жүргенімен күткен нәтижелер бермеді. Яғни халықтың әлеуметтік жағдайы біржолата шешімін таппады. Оған сыр өңірі халқының немесе басшыларының кінәсі жоқ-тын. Оның басты себебі кеңестік шаруашылық жүйесінің әміршілдік-өкімшілдік сипатында еді. 1959 жылы КОКП XXI съезінде Н.С. Хрущев елде социализмнің толығымен және түпкілікті жеңгендігін, коммунистік қоғам құру кезеңінің басталғандығын мәлімдеді. Партияның XXII съезінде (1961) КОКП ның үшінші бағдарламасы жарияланып, елде 20 жылдың көлемінде коммунизм орнайды

деген негізсіз тұжырым жасалды. Осы бағдарламаны орындау үшін кадрларға қатал талап қойылады деп есептелді. Бұл Қызылорда облысы бірінші хатшыларының жиі алмасуынан айқын көрінеді. 1958 жылдан, яғни М.Сужиковтан кейінгі 5 жылда үш обком хатшылары өзгерді. 1958 жылдың ақпанынан – 1959 жылдың тамызына дейін Сейдолла Оспанов, 1959 жылдың тамызынан – 1961 жылдың ақпанына дейін Илиясов Ғұбайдулла, 1961 жылдың ақпанынан – 1963 жылдың қаңтарына дейін Сәлімгерей Тоқтамысов өңірді басқарды. Бұлардың ішінде, әсіресе Ғ.Илиясов кездейсоқ келген адам еді. 1961 жылдың 28 ақпанында Қызылорда облысының IV пленумында облыс басшыларына С.Тоқтамысов ұсынылып, Ғ.Илиясов туралы сыни пікірлер көп айтылды. Облыс деңгейдегі басшылар арасында өсек-аяң, аяқтан шалу, көре алмаушылық, аярлық сияқты көріністер тән болды [8,39 б]. Осындай жағдайда С.Тоқтамысов қызметіне кірісті. Алайда, жергілікті «аппараттық ойындар» жалғасын тауып, КОКП Орталық комитетінің органы «Правда» газетінде оның үстінен фельетон-шағым - «Битая карта» («Соғылған карта») деген атпен жарыққа шығады. Онда облыс басшысы С. Тоқтамысовқа карта ойнады деген айып тағылды. Соған сәйкес 1963 жылы 10 қаңтарда Қызылорда обкомының V Пленумында «Қызылорда облыстық Партия Комитетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер жөнінде» мәселе қаралды. Пленум жұмысына Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы И. Юсупов қатысты. И. Юсупов – С. Тоқтамысов қана емес, оның алдындағы басшы С.Оспановты да қатаң сынға алды. «Пленумда обкомның бірінші хатшысы С.Тоқтамысов қызметінен босатылып, С. Оспанов пен Облыстық ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау басқармасының бастығы Ж.Адамов бюро мүшелігінен шығарылды. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып М. Ықсанов тағайындалды.

Саяси өмірдің ерекшеліктері. Сыр өңірінің саяси өмірі Мәскеу және республикадағы саяси өзгерістермен де байланысты еді. «КОКП ОК-нің 1964 жылғы Қазан Пленумында партия мен ел басшылығы ауыстырылды [11,626]. КОКП ОК-нің бірінші хатшылығына Л.И. Брежнев Кеңес Үкіметінің басшылығына А.Н. Косыгин сайланды. Халық шаруашылығын басқаруда орын алған әсіре әміршілдікті айыптаған арнайы шешімдер қабылданды. Алайда, бұдан кейін де шаруашылық басқарудағы әсіре әміршілдік бір сәтте толастаған емес. Әсіресе, Қазақстан шеңберінде де провинция болып саналатын, оның үстіне ауылшаруашылықты өңір Қызылорда облысында әкімшілдік-әміршілдіктің көріністері оңай болмады. «Осындай қиындықтарға қарамастан облыс жұртшылығы өткенге өкінбей үмітпен қарады» [2,155б].

1964 жылы Сыр бойында атакты күрішші Ы.Жақаевтың жас ізбасарларының қозғалысы кең етек алды. Желтоқсан айында жас күрішшілердің бірінші слеті болып, оған көптеген делегациялар келді. Мәскеуден Орталық комитеттің хатшысы В.Т. Дувакин, үшқыш-ғарышкер Г.С. Титов, Өзбекстаннан Д.С Ядгаров – Орталық Комсомол комитетінің хатшысы, С.Қаниязов – Қарақалпақ обком комсомолының бірінші хатшысы, Алматы және Шымкент облыстарының делегациясын комсомол комитетінің бірінші хатшылары М. Жақсыгелдиев, Қ. Тұрсынқұлов басқарып келді. Облыс орталығында тәуір қонақүйдің жоқтығынан Мәскеуден келген қонақтарды партияның обкомының бөлмелерін жабдықтап, орналастырды.

1965 жылдың наурыз айында КОКП Орталық Комитетінің Пленумы «КСРО – да ауыл шаруашылығын одан әрі дамытудың кезек күттірмейтін шаралары туралы» мәселені талқылады. Ауылшаруашылықты облыс болғандықтан бұл құжаттың Сыр өңірі тұрғындары үшін маңызы зор еді. Ауылшаруашылығына орасан зор қаржы бөлініп, өңірдегі колхоз – совхоздардың материалдық техникалық базасын көтеру көзделді. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген баға тұрақтанатын болды. Әсіресе, колхозшы-шаруалардың жеке шаруашылығын дамытуды қолға алу маңызды еді. 1965 жылы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Х.Ш. Бектұрғанов сайланды. Ол бұл қызметті 1972 жылдың маусымына дейін атқарды. Облыс ұжымдарының күш жігері КОКП-ның XXIII–сезін лайықты қарсы алуға жұмсалды.

1966 жылы Мәскеуде КОКП-ның XXIII –сyezі өтіп, ел дамуының 1966-1970 жылдарға арналған 8-бесжылдық жоспарын белгілеп берді. Оның шешімдерін жүзеге асыру бағытында облыс шаруашылықтарында, еңбек ұжымдарында партия, комсомол ұйымдары күшті идеологиялық жұмыстарды өрбітті. Облыста Жақаевшылар слеті, еңбек ұжымдары арасында «социалистік жарыстар» ұйымдастырылып, түрлі мамандықтар бойынша байқаулар мен конкурстар өткізілді. 1967 жылы Мәскеуде өткен Механизаторлардың Бүкілодақтық жарысында Жалағаш ауданының тракторисі Гүлсара Қуандықова бас жүлдені жеңіп алды. «Бұл жылдары атақты күрішшілер Ы.Жақаев, Ким Ман Самның жаңа ізбасарлары, жаңа толқынның өкілдері Тұршабек Елеусінов, механизатор Әлібай Кәрібозов, шопан Әуелбек Хайруллаев, диқан әрі механизатор Жадыра Таспанбетова «Социалистік еңбек ері» атақтарын алды.

1962-1972 жылдары Жалағаш ауданы «Жаңаталап» кеңшарының шаруашылық даңқы өңірден асып, республикалық деңгейге жетті. Шаруашылық 1970 жылы күріштің әр гектарынан 49,3 центнерден өнім алып, КСРО Министрлер Кеңесі мен ВЦСПС-тің Құрмет грамоталары, дипломдарымен марапатталды. Ал шаруашылық басшысы Алдаберген Бисеновке 1971 жылдың 8 сәуіріндегі КСРО Жоғарғы Кеңес президиумының Жарлығымен «Социалистік Еңбек Ері» атағы беріліп, «Ленин ордені» және «Орақ пен балға» медалімен марапатталды.

60 – жылдардың екінші жартысындағы облыстағы ірі өзгерістердің бірі Тереңөзек ауданының құрылғандығы болды. «Қазақстан Компартиясы облыстық комитеті мен еңбекшілер депутаттарының облыстық кеңесі атқару комитеті 1966 жылы 22-қарашадағы біріккен бюро мәжілісінде жаңадан Тереңөзек ауданын құру жөнінде 21/443 нөмірлі қаулы қабылдады»[5,212 б.]. Осы жылы аудандағы «Қызыл Ту» ұжымшары «Шіркейлі» кеңшары болып қайта құрылды.

1969 жылы мамыр айында БЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Е.М. Тяжельников, Қазақстан Орталық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Ө.Жәнібеков Қызылорда облысында болып, Арал ауданы мен Байқоңырда жастармен кездесті. Осы сапар жайлы «Комсомольская правда» газетінде үлкен материалдар жарық көрді.

Мәдени өмір. 1960 жылдардың соңына қарай бүкіл ел көлемі сияқты Қызылорда облысында В. И. Лениннің туылғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу ұранымен социалистік жарыстар ұйымдастырылды. Мәдениет саласындағы үлкен жетістік – 1967 жылдың 28 мамырында облыс орталығындағы көркемөнерпаздардың байқауы болды. Облыстық байқауға 20-дан астам ұжымнан 900-ге жуық көркемөнерпаздар қатысты [13,8 б]. Байқау негізінде 1967 жылдың 5 шілдесінде Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институты мен М.Мәметова атындағы педагогикалық училищесінің студенттері мен оқушыларынан «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі құрылды. Ансамбльдің алғашқы ұйымдастырушысы, әрі көркемдік жетекшісі Мүлкаман Қалауов, ал хор ұжымын басқарған Алматы консерваториясының түлегі доцент Ақсұлу Манасбаева болды. 1967 жылдың 9-14 шілде аралығында ансамбль мүшелері республикалық байқауға қатысып 1-орынды иеленіп, 18 шілде де Мәскеудің Үлкен театрында өнер көрсетті. 1968 жылы шілде айында ансамбль Болгарияда өтетін студенттер мен жастардың дүниежүзілік ІХ-фестивалына жолдама алды. 1968-69 жылдары ансамбль облыс аудандарында колхозшылар мен жұмысшылар алдында көптеген концерттер берді. 1970 жылы «Сыр Сұлуы» халықтық ән-би ансамблі Молдавияның астанасы Кишинев қаласында өткізілген ІІ Бүкілодақтық ән-би ансамбльдерінің фестиваліне қатысуға жолдама алды. 1971 жылы ансамбль туралы «Сыр Сұлуы» атты деректі фильм түсірілді.

1971 жылдың 30 наурызынан – 9 сәуір аралығында Мәскеу қаласында КОКП Орталық комитетінің XXIV съезі өз жұмысын жүргізді. Елмен бірге Қызылорда өңірі де 9-бесжылдыққа аяқ басты. 70-жылдардың басындағы үлкен жетістіктердің бірі облыс орталығында Ғани Мұратбаев атындағы стадионның салынуы болды. Стадионның салынуы облыстық партия комитетінің бірінші

хатшысы Х.Ш. Бектұрғановтың табандылығының арқасында еді. Үлкен спорт жанкүйері Х. Ш. Бектұрғанов – жергілікті футбол клубы «Мелиораторға» (қазіргі «Қайсар») жаттықтырушылыққа қазақтың тұңғыш атақты кәсіби футболшысы Темір Санжарұлы Сегізбаевты шақыртты. 1971 жылғы республика біріншілігінде «Мелиоратор» Т.Сегізбаевтың басшылығымен 6-орынға шықты. Бұл жергілікті футбол клубының ең үлкен жетістігі болып қалды. 1970-80 жылдары жергілікті футбол мектебінің түлегі Әбіл Қалымбетовтың шеберлігі кемеліне келді.

Облыс «тоқырау» жылдарында. 1972 жылы облыс басшылығында өзгерістер болып, Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Исатай Әбдікәрімов сайланды. Талай жыл облыс аудандарын басқарған тәжірибесі мол болғанымен И.Әбдікәрімовке жаңа жағдайларда облысты басқару бірден оңайға түскен жоқ. Кеңестік ресми билік құрылымдары қаншалықты дөріптеп жатқанымен елде 70-жылдардан бастап «тоқырау жылдары» басталған еді. «Мен облыста жұмыс жасаған 1972-1978 жылдар арасында Арал халқының басына түскен қиындықпен тұспа-тұс келді, - дейді И. Әбдікәрімов, - Су құрдымға құлай берді, елді індет жайлады. Кәсіпсіздіктен тоқырауға түскен халық азып-тозып, көзі көріп, құлағы естімеген жаққа қарай бейберекет көше бастады. Аудандағы халыққа күнкөрістік тігін кәсіп орны мен насос жабдықтарын жасайтын заводтарын іске қосуға күш салдық. Бұрын жабылып қалған Сексеуіл депосын қайта аштыруға тура келді [8,73 б].

1972-1973 жылдардың қысы Арал ауданы үшін ауыр болды. Елді мекендер былай тұрсын, отар мен отардың арасында байланыс болмай қалды. Малға жем-шөп тасылып жеткізілмеді. Республика басшыларының араласуымен жедел түрде 4 мың тонна жем бөлініп, жаңа 15 бульдозер, Ташкенттен 3 ұшақ жіберілді, ауыл шаруашылығы министрлігі 200 мың сом қаражат босатты. Осындай жедел шаралардың нәтижесінде малды аман сақтау мүмкіндігі туды [9,220-221 б]. Сыр өңірінің ауыр жағдайын Қазақстан басшысы Д. Қонаев партияның соңғы екі съезінде де айтқан еді. Бірақ одан нәтиже шықпады. И.Әбдікәрімов әбден қартайған КОКП Орталық комитетінің Бас хатшысы Л.И. Брежневтің қабылдауында болғанымен – Сыр өңіріне қосымша қаражат бөлінбейтін болды. Бұл жылдардағы басты мақсат облыс орталығынан тоқылмайтын маталар фабрикасын ашу, күріш шаруашылығы машиналарын жасау және жоспарланған электр бұйымдары тауарларының күрал-жабдықтарын шығару, қаражат көздеріне қол жеткізу, арнайы маман жұмысшыларымен қамтамасыз ету т.б. еді. 1972 жылы қыркүйек айында Қызылорда республикалық күріш ғылыми зерттеу институты ашылып, оның алғашқы директоры Әшім Ыбыраев болып тағайындалды. 1976 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институты Қызылорда филиалының және 1977 жылы Қызылорда музыкалық училищесінің ашылуы елеулі мәдени оқиға болды.

1975 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен республика үкіметі теңіздің тартылуына байланысты арнаулы қаулы қабылдады. Осы қаулы бойынша Сырдариядан су тарту үшін 24 қуатты насос берілді, кеме жөндеу зауыты жаңа кәсіпке бейімделіп, Қазалы мен Қызылордадан балық өсіретін су қоймалары салынды. Аралдан трайлер зауытын салу, жер асты суларын шығаруды тездету, және т.б. жұмыстар атқарылды.

1976 жылдың 24 ақпан – 5 наурыз аралығында КОКП-ның XXV-съезі болып, халық шаруашылығын дамытудың 10-бесжылдығын жариялады. 1977 жылы Орталық комитеттің Қызылорда облысына қатысты қаулысы қабылданды. Соған сәйкес облысқа мемлекеттік жоспарлау комитеті мен бірнеше одақтық министрліктерден өкілдер келді. Нәтижесінде күріш машиналарын жасайтын зауыттың негізі қаланды. Алайда одақтық және республикалық басшылар арасындағы бюрократиялық берекесіздіктерден зауыттың біржолата қалыптасуына мүмкіндік болмады. Бұл жылдары Құмкөл, Шалқия және Шиелі кен орындары зерттеліп, негізі қаланды. Алайда, облыс көлемінде аяқталмаған құрылыс нысандары көбейе түсті. 1974 жылы «Правда» газетінің 8 шілдесіндегі номерінде «Обкомның көз алдында» («У обкома на виду») атты мақала жарияланып, онда облыс қаражатының дұрыс игерілмегендігі қатаң сынға алынды [14].

Бұл жылдары Арал теңізіне төнген қауіп күшейе түсті. Осыған қарамастан облыс көлемінде жерді суландыру жұмыстары кеңінен жүргізілді. Одақтық министрлік – апаттан шығу жолдарының бірі ретінде Сібір өзендерін Орта Азия мен Қазақстанға бұруды жоспарлады. Өкінішке орай бұл жоба орыс зиялыларының «патриоттары» тарапынан қарсылыққа ұшырап, жүзеге аспай қалды. Оныншы бесжылдық соңында (1976-1980) облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуындығы дағдарыстық элементтер күшейе берді. Әсіресе, облыс халқының әлеуметтік-экономикалық өміріндегі ауыртпалығына экологиялық апаттың қосылуы ауыр тиді. Алайда, баспасөз, теледидар және т.б. кеңестік идеологиялық құрылымдар барынша жұмыс істеп, халықтың назарын басқа мәселелерге бұрып отырды. 1977 жылы қабылданған Одақтық жаңа Конституция – «Брежневтік Конституция» - біржолата жеңген социализмнің конституциясы деп аталып, облыс көлеміндегі кезекті үгіт-насихат науқанына түрткі болды.

1978 жылдың соңында И.Әбдікәрімов облыс басшылығынан босатылып, Қазақ ССР-і Жоғарғы кеңесі Президиумының Төрағалығына жоғарылады. Бұл республика басшысы Д.А. Қонаевтың таңдауы еді. Алайда, «аппараттық ойындардың» салдарынан И.Әбдікәрімов 1979 жылдың соңында қызметінен босатылып, дербес зейнеткерлікке шығарылды. Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына Тәкей Есетов сайланды.

1981 жылдың 23 ақпан – 3 наурыз аралығында Мәскеуде КОКП-ның XXVІ съезі жұмысын бастап, он бірінші бесжылдық басталды (1981-1985). Бұл бесжылдықта өнеркәсіп, көлік және байланыс саласында ілгерілеу болды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 1980 жылмен салыстырғанда 30,3 пайызға, оның ішінде 1984-1985 жылдары 1,7 пайызға өсті. Дегенмен, 1985 жылдың өзінде облыстың 14 кәсіпорны халық тұтынатын тауарлар өндіру жөнінде белгіленген жоспарларын орындай алмады. Олар 364 мың сомның өнімдерін кем берді. «Он бірінші бесжылдықта одаққа бағынатын кәсіпорындар нарық үшін тауарлар өндіру жөніндегі мамандандырылған цехтар құрылыстарына ешқандай қаржы бөлмеді. Әсіресе, целлюлоза картон зауытында Қызылорда экспериментальды жөндеу-механикалық зауытында, Арал көтерме транспорт жабдықтары зауытында және Қызылорда темір жол бөлімшесінде бұл жұмыс нөлдік цикл деңгейінде қалып отыр, - деп облыстық атқару комитетінің төрағасы Ү. Калиев атап өтті, – Ол ол ма сүт өнеркәсібі бірлестігінің басшылары сүт өнімдерін жоспарлы түрде ұлғайтудың орнына социалистік меншікті талан-таражға салу сияқты айтуға ұят жолға түсті [14]. Өкінішке орай бұл тек Қызылордалық құбылыс емес – бүкілодақтық кеңестік құбылыс еді. «Тоқырау жылдары» шырқау шыңына жетті. Еңбек адамын меншік пен билікке жақындатпау – адамның жеке басын аяқасты ету – үйреншікті іске айналды. 70-80 жылдардың қоғамдық өміріне тән құбылыс – сөз бен іс арасындағы, қабылданған шешімдер мен олардың орындалуы арасындағы алшақтық. Тұрғындардың енжарлығы мен бойкүйездену, немқұрайдылығы болды.

Тұрғындардың күнделікті тұрмысындағы өзгерістер. 60 жылдардың ортасы 80 жылдардың басында өңір тұрғындарының әл-ауқатының жақсарғандығын байқауға болады. 30-40 жылдардағы ашаршылықты көрген үлкендердің тілімен айтқанда – «шүкір, халық тойынды». 60-70 жылдары – бұрынғы «қоржын тамдардың» жаппай бұзылып, біржолата ірге төсеп, шайырлы үйлерге көшкен уақыт болды. Тұрмыста бұрынғы жылдары қолданыста болмаған электрлі тұрмыстық заттар пайда болды. Олардың ішіндегі маңыздысы үтік пен мұздатқыш еді. Теледидар – шын мәнісінде үлкен тұрмыстық қуанышқа айналды. Заманауи ауыл кеңселері мен клубтардың, фельдшерлік пункттердің, ауыл моншаларының салынуы, аудан аралық автобус қатынастарының жолға қойыла бастауы да осы жылдардағы өзгерістердің бірі болды. Аудан – ауыл жолдарына тас төселіп, асфальт жолдары пайдалануға берілді. 60 жылдары ауыл балалары үшін аудан орталығына барып темір жол вокзалы мен өткен пойыздарды көру ғанибет еді.

Ауыл клубтарында аптаның белгілі бір күндері кинофильмдер қойыла бастады. Мектеп оқушыларына арналған «кино» күндері болды. Оған оқушылар сынып жетекшілерімен бірге барып, оқушылардың түнгі фильмдерге бармауын мектеп мұғалімдері қадағалап отырды. Көрсетілген фильмдер негізінен азамат соғысы мен ұлы отан соғысы тақырыптарына арналды. Бұлармен қоса ауылға «үнді фильмдерінің» келе бастауы 60 жылдыры үлкен оқиға болды. Жоғарғы сыныптың ұл-қыздары арасында көркемсуретті альбом арнау «сөнге» айналды. Әдетте ұлдар мен қыздар альбомдарын бір-біріне беріп, онда тілектер, бір өлеңнің мәтіні міндетті түрде жазылды.

60 жылдардың басында Кариб дағдарысынан салдарынан «Бейбіт» есімі жаңа туған перзенттерге көп қойылды. Идеологиялық насихаттың күшейгендігі сондай балалар арасында ол фауна әлеміне тарай бастады. Атап айтқанда, ойын балалары жүйрік қара құмырсқаларды – «немецкий» деп тауып, жәбірлеуге тырысып, баяу жүретін қызыл құмырсқаларды – «советскийге» жатқызып, ұяларына нан қиқымын тастап, «қамқорлық» көрсететін. Мектептегі пионерлік саптарда саяси хабаршылар - «американ агрессорларын» айыптап жатты. Үздік оқушылар «Ленин парталарына» отырғызылды. 70 жылдардың басында оқытудың кабинеттік жүйесіне көшу қолға алынды.

70-80 жылдардағы ауылшаруашылығындағы келеңсіз құбылыстардың бірі – көзбояушылық, «қосып жазу» үрдістері болды. Ол бойынша күріш шаруашылықтарында «артық егістіктер» пайда болып, бірақ алынған өнімнің жер көлемі қысқартылып көрсетілді. Күріш жинау науқанының қарсаңында алқаптарға жіберілетін судың берілуі тоқтатылды. Нәтижесінде миллиондаған балықтар тартылған күріш арықтары мен атыздарында қалып қырылды. Балықтарды қорғау – ешкімнің қаперіне кірмеді. Бұл 40-50 жыл бойы қайталанып облыстағы экологиялық апаттың қасіретті көрінісі болды. Мүмкіндік бола тұра өңір газдандырылмады. Нәтижесінде соғыстан кейінгі онжылдықтарда табиғаты отын-суға, орман-тоғайға, ұшқан құсқа бай өлке адамдардың көз алдында құрып бара жатты.

Мәдени өмірдегі келеңсіз құбылыстардың бірі – қазақ тілінің ресми қолданыс аясы тарылып, тұрмыстық тілге ығыса бастауы болды. 80 жылдардың басында халық тұтынатын ең қажетті тауарлар дүкен сөрелерінен жоғала бастады, ойын-тойлар ішімдіксіз өтпейтін болды. 1980 жылы облыста жүйке ауруы мен наркологиялық дертке шалдыққандардың саны 100 мың адамға шаққанда 138,8 болса, 1985 жылы 233,2-ге, 1987 жылы 277,2-ге жетті [15,124 б] 70-80 жылдары байқалған жағымсыз көріністердің бірі – басшылық лауазымдарға тағайындауда, жоғарғы оқу орнына оқуға түсудегі тамыр-таныстықтың, паракорлықтың етек жаюы еді. Мансап жасау үшін міндетті түрде КОКП мүшесі болу керек болды. Жоғарғы білімі барлар үшін партияға өтуге шектеу қойылып, жұмысшылар мен колхозшыларға, малшыларға шектеу қойылмады...

Қызылорда облысы тәуелсіздік жылдары қарсаңында. 1985 жылдың наурызында КОКП Бас хатшысы К.У. Черненко қайтыс болғаннан кейін КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшылығына М.С Горбачев сайланды. Осы жылдың сәуір айында КОКП Орталық комитетінің Пленумында әлеуметтік-экономикалық өмірдің мәселелерін жаңаша қарауға әрекет жасалды. Пленумда әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету бағыты жарияланды. Кейінірек әлеуметтік-экономикалық өмірді түбегейлі «қайта құру» көзделді. Алайда, алыстағы Қызылорда облысында бұл «қайта құру» сәл «ертерек» басталды деуге болады. Ол аса көрнекті мемлекет қайраткері Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің(1930-1999) 1985 жылдың қаңтар айында Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшы болып сайлануымен байланысты болды.



Е.Әуелбеков облысқа келгеннен – он күн бойы өңір жағдайымен қағаз жүзінде танысып, сосын шаруашылықтарды аралады, мән-жәймен егжей-тегжейлі танысудан бастады. Салған бойдан Қызылорда темір жол вокзалы алдындағы жаңадан салынған автостанция ғимаратын бұздырды. Себебі әлемдік практикада вокзалдың алды алаң болу керек. Ал Қызылорда вокзалының алдынан ойластырылмай 1972 жылы салынған жаңа ғимарат көзге бірден ерсі көрінетін. Келесі архитектуралық оғаштық Қызылорда әуежайының қаланың нақ ортасында орналасуы еді. Бұл барлық жағынан қауіпті болатын. Жаңа басшы келген бойда жаңа әуежайды қаланың сыртына шығаруды қолға алды. Қаланың Бас архитектуралық жоспарын қайта жасауға пәрмен берді. Бір қызығы Е. Әуелбеков облыс басшылығынан кеткен соң, жаңа Бас жоспар жүзеге аспай ұмытылғаны сондай 2007 жылы оны облыс әкімі М. Құлмұхаммед зорға таптырған еді...

Е.Н. Әуелбеков бұған дейінгі хатшыларға қарағанда Орталық, Республикалық партия, кеңес органдары басшылары алдында өте беделді еді. Мәскеудің алдына бюджетте бұрын қаралмаған Қызылорда облысын - үшінші категориядан екінші категорияға кіргізу мәселесін қойды. Нәтижесінде облысқа орталықтан бөлінетін қаржы бірнеше есе өсті. Өзін-өзі ақтамай басшыларды да, оқу-ағарту мекемелердің жүйкесіне тиетін мәселелердің бірі күріш жинау науқанына мектеп оқушыларын, студенттерді тарту, көрші облыстан автокөлік сұрауы еді. Бұл науқаншылықтың пайдасынан зияны көп-тін. Көрші облыстардан бірде бір автокөлік, бірде-бір оқушы, студент шақырылмайтын болсын. Өз күшімізбен егінімізді жинаймыз» деген талап қойды [17]. Осындай талаптардың нәтижесінде 1985 жылдың қорытындысында көптеген шаруашылықтар таза пайдамен шықты. Бұған дейін шешілмеген Силикат қабырғалы материалдар заводының қордаланған мәселелерін мемлекеттік жоспарлау, үкімет алдына табандылықпен қойып шешті. Зауыттың жұмысшыларына арналған 220 орындық жатақхана құрылысына қаражат бөліріп, екі жылда бітіруге тиісті құрылысты сегіз айда бітіргізді.

Е. Әуелбековтың кезекті жеңістерінің бірі – облыстың экологиялық апат аймағында орналасқанын дәлелдеп, Мәскеуден мамандар, ғалымдар, сарапшыларды арнайы шақыртып, тұрғындарға – «Арал экологиялық апат аймағы» статусын алып беруі болды. Нәтижесінде облыс тұрғындарының жалақысына 30-50 пайыздық үстеме қосылды. Бұл теңдесі жоқ ерлік еді. Сондай-ақ облыс орталығына диагностикалық орталық салғыздырды. Жезқазған облысының құрамынан Орталық Қазақстан аймағының мұнайлы жері «Құмкөл» кенішін Каз ССР Министрлер кабинетінің қаулысын шығартып 20 жылға Қызылорда облысына жалға алып берді [17]. Е. Әуелбеков бастаған істердің жемісін облыс тұрғындары осы күнге дейін көруде. Е.Н. Әуелбеков тұсындағы ірі жеңістердің бірі – облыс тұрғындарының Мәскеу мен Алматыға шағым айтуы күрт азайды. Олардың дені облыстық партия комитетіне ағылатын болды. Тұрғындардың арыз-шағымдарын орта буын басшылары бұрын асты-үсті, жол-жөнекей қарайтын болса, енді жергілікті жерде барынша шешуге тырысты. Ел үлкенді-кішілі басшыларды Әуелбековтың есімімен сескендіретін болды. Басшыларға қатаң талап қойылды. Олардан тұрмыста қарапайым болу талап етілді. Бұған дейін ондаған жылдар бойы менменсініп келген басшыларды Е. Әуелбековтің «сабасына түсіруін» халық жылы қабылдады. Ол қарапайым тұрғындар арасында өте танымал болды. Алайда кейбір басшы қызметке «сырттан» кадрлар алдыруы өзін-өзі ақтаған жоқ. Көз көргендердің айтуынша, ол оған кейіннен өкініш білдірген.

1986 жылғы Алматыдағы қазақ жастарының «Желтоқсан көтерілісі» - Қызылорда жұртшылығын дүр сілкіндірді. Қызылордалық Алматы театр

институтының студенті Аманбай Қанетовтің 3 жыл бас бостандығынан айырғандығы белгілі болды. 1987-1988 жылдары өн бойында орта және жоғарғы оқу орындарының интернационалистік іс шаралар күшейді. Облыстық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері, әсіресе Қызылорда педагогикалық институтының қоғамдық пәндер кафедраларының оқытушылар құрамына қатаң бақылау орнатты. Педагогикалық институттың ректоры А.А. Айтмұхамедов осындай жағдайда дұрыс позиция ұстана біліп, институт көлемінде демократиялық жағдайда құрылып жатқан жаңа-қоғамдық ұйымдар «Қазақ тілі», «Азат» азаматтық қозғалыстарының жұмыстарына түсіністікпен қарады. Облыстық МҚК-ті қызметкерлерінің институт профессор-оқытушылары құрамы және студенттерімен кездесуі жиі-жиі өтіп тұрды.

Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің 1987 жылғы қараша айында болған VII пленумында кадрлар арасындағы жұмысқа айрықша мән берілді. 1986-1987 жылдары облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің номенклатурасындағы 122 қызметкері теріс қылықтары үшін жұмыстан шығарылды [16]. 1988 жылдың қаңтар айында облыстық партия комитетінің бюросында облыстық ішкі істер басқармасының кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу жұмыстары жөнінде мәселе қаралып, көптеген кемшіліктері аталып өтті. Еңбек ұжымдарында бұрынғы дәстүрмен социалистік міндеттемелер қабылданып жатты. 1987 жылы қабылданған республикалық «Тұрғын үй-91» бағдарламасын жүзеге асыруға көп көңіл бөлінді. 1988 жылы наурыз айында өткен халық депутаттары облыстық кеңесінің IV сессиясында облыс халқына медициналық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық қызмет көрсету және оны жақсарту шаралары қарастырылып, жетістіктер мен кемшіліктері көрсетілді. Осы жылдың сәуір айында облыстық партия комитетінде «СОКП Орталық Комитетінің» Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысын іске асыру барысы және «облыс партия ұйымының кезекті міндеттері туралы» облыстық партия комитеті бюросының VII пленумы өтті. Пленумда негізгі баяндама жасаған Е.Н. Әуелбеков, - орыс тілімен бірге қазақ тілінің мәселелеріне де тоқталды, әсіресе басқа ұлт өкілдерінен шыққан басшылардың бұл бағытта «өнеге көрсете алмай» отырғанын атап өтті. 1989 жылы Е.Н. Әуелбековтің Кеңес Одағы Жоғарғы кеңестің депутаттығына сайлануымен шілде айында қызметінен босатылды.

Қызылорда облыстық партия комитетінің I хатшысы болып С.Шаухаманов сайланды. Оның басқарған жылдары КСРО-ның ең соңғы жылдарына сәйкес келді. Дағдарыс тереңдей түсті. Облыс көлемінде жаңадан құрылып жатқан қоғамдық ұйымдар мен партиялардың белсенділігі жандана түсті. Жаңа басшы қала кәсіпорындары мен мекемелері өнімдерін ауыл халқына жеткізу үшін аудан орталықтарында жәрменкелер ұйымдастыруды қолға алды. Барлық аудандарда қала жәрменкелері ұйымдастырылды. Бірақ олардың тиімділігі өте төмен болды. Көп ұзамай Сыр өңірін дамыту, тұрмыстарын жақсарту көзделген «Жасыл өлке» бағдарламасы қабылданды. 1991 жылы еліміздің егемендік алуымен облыс тарихының кеңестік кезеңі аяқталды.

Әдебиеттер

- 1 Байқожаев Ш. Қызылорда плотинасы // Сыр бойы. – 1993 – 28 қыркүйек.
- 2 Сыр өңірі тарихы. – Алматы: Ата-Мұра, 1998-288б. (көне заманнан бүгінге дейін).
- 3 Айдосов А., Қалиев Ы., Кереев М. Қызылорда. Тұмар. – 2005. – 296 б.
- 4 Жұмабаев Т. Сыр өңірі Сужиковты ұмытқан жоқ // Ақиқат, 2008. – № 1. – 53-60 бб.
- 5 Кәрібозұлы Б., Әбілов А., Мыңжасов Н., Тайман С., Тұяқбаев Ф. Сырдария. – Фолиант, 2010. – 288 б.
- 6 Әлісов Д. Бүкіл жұртшылықтың ісі // Ленин жолы. – 1958. – 5 шілде

- 7 Қалиев Ы. Шілдебаев Е. Дария жағасындағы қала. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 96 б.
- 8 Әбдікәрімов И. Көп екен көргеніңнен көрмегенің. Естелік. – Алматы: Атамұра. Қазақстан, 1993 – 152 б.
- 9 Есетов Т.Е. Тағдыр мен тағылым. – Алматы, 2004. – 266 б.
- 10 Жаппархан Ө. Қысастықтың құрбаны // Егемен Қазақстан, 2012. – 25 шілде.
- 11 Бәкірұлы Ә. Қалтыратқан карта немесе Сәлімгерей Тоқтамысов туралы шындық // Әлімсақ. – № 5. – 2013, мамыр.
- 12 Нұрпейсов К., Аяғанов Б., Жақсылықов Н. Қазақстан тарихы (Орта мектептің 11 сыныбына арналған оқулық). – Алматы: Рауан, 1995. – 160 б.
- 13 Сыр Сұлуы. – Алматы: Арыс, 2005. – 184 б.
- 14 У обкома на виду // Правда. – 1974. – 8 июля
- 15 Народное хозяйство Казахстана за 70 лет. – Алма-Ата: Казахстан, 1990. – 392с.
- 16 Облыстық атқару комитетінің председателі депутат А. Қалиевтің баяндамасынан // Сыр бойы. – 1986. – 25 наурыз
- 17 Ансатов С. Ар-намысын арқалаған // Ел тілегі. – 2011. – 8 желтоқсан.

References

- 1 Baiqozhaev Sh. Qyzylorda plotinasy // Syr boiy – 1993. – 28 qyrkuiek.
- 2 Syr oniri tarikhy. – Алматы: Ata-Mura, 1998-288b. (kone zamannan buginge deuin)
- 3 Aidosov A., Qaliev Y., Kereev M. Qyzylorda. – Tumar. – 2005. – 296 b.
- 4 Zhumabaev T. Syr oniri Suzhikovty umytqan zhoq. Aqiqat, №1. – 2008zh. 53-60 bb..
- 5 Karbozuly B., Mynzhasov N., Abilov A., Taiman S., Tuiaqbaev G. Syrdaria. Foliant. 2010. – 288 b.
- 6 Alisov D. Bukil zhurtshylyqtyn isi. // Lenin zholy. – 1958 zh, 5 shilde
- 7 Qaliev Y., Shildebaev E. Daria zhagasyndagy qala. – Алматы. Qazaqstan, 1980 – 96 b.
- 8 Abdikarimov I. Kop eken korgeninnen kormegenin. Estelik. – Алматы: Ata-Mura, Qazaqstan. 1993 – 152 b.
- 9 Esetov T. E. Tagdyr men tagylym. – Алматы, 2004. – 266 b.
- 10 Zhapparkhan O. Qysastyqtyn qurbany. // Egeмен Qazaqstan, 2012. – 25 shilde.
- 11 Bakiruly A. Qaltyratqan karta nemese Salimgerei Toqtamysov turaly shyndyq. // Alimsaq № 5. – 2013, мамыр.
- 12 Nurpeiisov K., Aiagan B., Zhaqsylqov N. Qazaqstan tarikhy. (Orta mektetin 11 synybyna arналған оқулық). – Алматы: Rauan. 1995. – 160 b.
13. Syr suluy. – Алматы: Arys, 2005. – 184 b.
- 14 U obkoma na vidu. Pravda. 1974, 8 iulia.
- 15 Narodnoe khoziastvo Kazazhstana za 70 let. – Алма-Ата: Kazakhstan, 1990 – 392 str.
- 16 Oblystyq atqaru komitetinin predsdateli deputat A. Qalievtin baiandamasynan. // Syr boiy, 1986. – 25 nauryz.
- 17 S.Ansatov. Ar-namysyn arqalagan. // El tilegi. – 2011 – 8 zheltoqsan.

САТБАЙ Д.

(Доцент КГУ имени Коркыт Ата, д.и.н.)

ИСТОРИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ (1946 - 1991)

Резюме

В статье «История Кызылординской области (1946 - 1991)» – исследуются основные этапы развития данного региона, с послевоенного периода до 1991 года, т.е. до приобретения независимости РК. Впервые автором выделяются и обосновываются основные периоды развития области: 1946 – 1953 гг; 1954 -1964 гг; 1964 -1985 и 1985 – 1991 годы, которые соответствует периодизации истории Казахстана в целом. Особое внимание уделяется общественной и государственной

деятельности руководителей области, М.А. Сужикова и Е.Н.Ауелбекова , которые в разные годы руководили областью и оставили добрую память о себе у местного населения.

Ключевые слова: Край Сыра, История региона, Кызылординская область, Тасбугетская плотина, повседневная жизнь.

SATBAI D.

(Korkyt Ata Kyzylorda State University
Associate Professor, Doctor of Historical Sciences)

THE HISTORY OF KYZYLORDA REGION (1946 - 1991)

Summary

In this article the author examines main stages of the region's development since the post-war period to 1991, i.e., the period before the independence of Kazakhstan.

The author marks out and justifies main stages of the region's development, 1946 – 1953; 1954 -1964; 1964 -1985 and 1985 – 1991 which corresponds to periodization of the history of Kazakhstan as a whole.

A special attention is paid to social and public activity of the region's leaders M.A. Suzhikov and Y.N. Auelbekov who led the region in different years and left a good memory for local population.

Keywords: Area of Syr, history of the region, Kyzylorda region, Tasbughet dam, daily life.

**ТАРИХ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯ
ИСТОРИЯ И ДЕМОГРАФИЯ
HISTORY AND DEMOGRAPHY**

УДК 314:351.755.361 (574)

ASSYLBEKOVA Zh. M.-A.
(Doctor of Historical Sciences,
Professor of Al-Farabi Kazakh
National University)

**THE NATIONAL STRUCTURE OF THE POPULATION OF KAZAKHSTAN IN
CONSEQUENCE
OF WHOLE-UNION POPULATION CENSUS OF 1939**

Annotation

The All-Union census of 1939 disclosed a number of both positive and negative consequences of the Soviet policy on accelerated industrialization and perforce collectivization of agriculture in the country. These consequences were primarily reflected on the number of population of Kazakhstan, which increased only to 1,3 % compared with 1926, that is, during more than 12 years (from 6073979 people to 6151102 people, viz., for 77,1 thousand people). Constant decrease of specific weight of the Kazakhs because of migration inflow of the Russians, the Belarusians, the Ukrainians, and representatives of other nationalities outside, started at times of accession of Kazakhstan to Russia and, particularly, during the first decades of the Soviet power, as well as low natural growth. The whole union census of 1939 confirmed the tendency of strengthening of the multiethnic composition of Kazakhstan's population; the demographic data of representatives of more than 50 nationalities were taken into consideration. This process continued in the following years.

Key words: population of Kazakhstan, specific weight, migration, census.

1. Introduction

It is well known that every census is a valuable source for the study of the socio-economic and demographic development of the country, particularly to determine its positive and negative aspects, as well as the development and implementation of the necessary measures for the future. Unfortunately, the materials of Soviet census of 1939, not to mention the 1937 census, has long remained inaccessible not only for the general public, but also for Soviet scientists involved in the study of demographic processes. In 2008, by the initiative of the Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov of Oversight Committee of the Ministry of Education and Science of Kazakhstan, a group of its scientists headed by Academician of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan M.Kh. Assylbekov visited a scientific mission in the Russian State Archive of the Economy and the State Archive of the Russian Federation in Moscow and made the selection of materials Soviet census of 1937 and 1939. As a result of the search scientifically valuable of the proceedings of the census in Kazakhstan by regions and districts were found. According to the results of this work the first volume of 5-volume collection "The population of Kazakhstan in the Soviet census of 1939. In 5 volumes. Volume I". - Almaty: Publisher "Arys", 2009. - 400 pages was published. AssylbekovaZh.M.-A.is one of the authors of this volume. The purpose of this article is

to analyze the changes in the size and relative importance of the Kazakhs in the ethnic composition of Kazakhstan based on the Soviet census of 1939 identified in the Russian archives in 2008

2. Changes in the population of Kazakhstan

Census of 1939 revealed a number of positive and negative consequences of the forced industrialization and forced collectivization of agriculture policy of the Soviet authorities. These effects are reflected in the first place on the population of Kazakhstan, which, compared to 1926, i.e. for more than 12 years, has grown by only 1.3% (from 6,073,979 people to 6,151,102 people, i.e. by 77.1 thousand people) [1]. This was a result of the demographic catastrophe in Kazakhstan in the early 1930's due to mass starvation. It is of great importance to say that in 1930-1933 according to the management of the national economic accounting of the Kazakh SSR, the population decreased from 5,873 thousand to 2,493,5 thousand, i.e. to 3,479,5 thousand, or 59.2% [2]. All these irreparable losses occurred mainly due to the indigenous population of the west, the three regions of the north (Pavlodar, Akmola and Kostanay) and one (Semipalatinsk) region of east Kazakhstan.

For comparison, according to the data in the Union and other national republics, the USSR in the 12 years the population has grown by only 16%, relatively high increase was observed only in Tajikistan – by 43.8%, Armenia - 45.5%, Azerbaijan - 38.5%, and Uzbekistan - 37.4%. In Turkmenistan, the population grew by only 25.4%, and in the Russian Federation – 17.1% and Belarus – 11.8%. After Kazakhstan the lowest population growth was in Ukraine - 6.6% [3]. Thus, the two Soviet republics – Kazakhstan and Ukraine were most affected by famine of 1931-1933.

3. Changes in the ethnic composition of the population of Kazakhstan

Now we will try to briefly review the major-Union Census of the national composition of the population of Kazakhstan. Whole union census of 1939 has officially revealed a fundamentally new relationship in the size and relative importance of the titular nation of the Republic, on the one hand, and representatives of other nationalities on the other. Continuous reduction of the share of Kazakhs because of migration inflows of Russians, Ukrainians, Belarusians and other ethnic groups from the outside, which began with the accession of Kazakhstan to Russia and increased, especially in the first two decades of Soviet power, and low natural increase - a demographic catastrophe in 1931-1933, turned the native population into a minority in their ancestral territory in its national public education - the Kazakh SSR. The share of Kazakhs declined by 20.7% from 58.5% in 1926 to 37.8% in 1939. In contrast, the share of Russian has grown by 19.3%, from 20.6% to 39.9% i.e. they have become the largest ethnic group in Kazakhstan. In 1939, the Ukrainians comprised 10.7% of the population in the republic, they also represent the most quantitative (third, after the Kazakhs) group. Thus, in 1939, Russians and Ukrainians constituted more than half of the population of Kazakhstan (50.6%), along with other Russian-speaking representatives of European nations - the vast majority [4].

A few words about the representation of other ethnic groups living in Kazakhstan (sequentially number and proportion, with over 30 thousand people): Uzbeks - 120.6 thousand people (9.9%), Tatars - 108.1 thousand people (1.7%), Koreans - 96.4 thousand people (1.5%), Germans - 96.4 thousand people (1.5%), Polish - 54.8 thousand people (0.9%), the Uighurs - 35.4 thousand people (0.6%), Belarusians - 31.9 thousand people (0.5%).

4. The Kazakh population in Kazakhstan

Kazakhs because of a number of historical events associated with the colonization of the Russian Empire and the territorial and administrative reforms of Soviet power

were scattered to different regions of the USSR. According to the first general census of the Russian Empire in 1897, there were 4 million Kazakhs 84 thousand people, more than 3392 thousand people of which lived in the territory of Kazakhstan, close to the present, i.e. more than 83% [5]. The number of Kazakhs in the Soviet Union in 1926 was 3,959,839 people, compared to 1897 increased by more than 567 thousand people, as compared to 1908, it decreased by 539,825 people. In 1939, only 3,100,949 Kazakhs were in the Soviet Union i.e. compared with 1926, the number fell by 858,890 people, or 21.7%. In Kazakhstan in 1939, only 75% of Kazakhs lived USSR [6].

Census 1939 clearly showed not only a significant reduction in the proportion of Kazakhs in the republic, but also a sharp reduction in their total population: compared to 1926 for 1 million 247.7 thousand people, from 3 575.3 thousand to 2327.6 thousand, i.e. 35.8% [7]. This situation is the result of not only low natural growth of the Kazakhs, but mainly because of the demographic disaster of famine of 1931-1933 and the transition to sedentary life, political repression, and moving not only outside the country, but outside the Soviet Union, to foreign countries.

Hunger was a consequence of voluntary action dispossessed, settling and collectivization. The scale of the tragedy in Kazakhstan shows a sharp decline in its population in 1930-1933 to 59.2% as it was mentioned above. According to estimates of the Statistic Agency of the Republic of Kazakhstan, in 1929-1934 1610 thousand Kazakhs died, in 1935-1938 about 135 thousand were killed in social and political repression. According to M. Kozybayev, J. Abylhozhin and M. Tatimov, the decline was 1745 thousand people. Causes of death from starvation were not reported. In cities tuberculosis respiratory, lobar pneumonia, typhus, dysentery and other diseases were registered [8]. However, the pace of collectivization was by no means slow. During the period from 1930 to 1935 the percentage of collectivization in Kazakhstan (the number of households) increased from 30.3% to 90.5%. All Kazakhstan was covered by riots turning into armed action. During the period from 1929 to 1931 372 revolts took place in Kazakhstan in which about 80 thousand people were involved. Uprisings were accompanied by mass migration from the republic, including abroad. Since the beginning of 1930 to mid-1931 281,230 farms migrated from Kazakhstan, most of them to the territory of China, Iran and Afghanistan. Outside the country during the years of famine totally 1 million 130 thousand people migrated, of which 676 thousand never came back and 454 thousand permanently later returned to Kazakhstan. Regular troops and forces of the OGPU conducted brutal retaliatory actions against the rebellious population. For participation in major uprisings and unrest between 1929-1937 only bodies of OGPU convicted 5551 people, of which 883 were shot [9]. Thus, the demographic analysis of archival documents and materials of censuses of 1937 and 1939 shows, that the Kazakh ethnic group underwent the most brutal genocide and suffered heavy loss. According to the Commission of the Presidium of the Supreme Soviet of the Republic of Kazakhstan from hunger and related epidemics, as well as a consistently high level of natural mortality Kazakh nation lost 2 million 200 thousand people i.e. about 49% of the composition, and according to S. Aimbetov's estimation, because of famine and epidemics about 2.5 million Kazakh people died [10].

According to the Soviet census in 1939, the share of Kazakhs in the urban population was only 16.1% compared to 15.4% - in 1926. The process of urbanization involved mainly the part of the Kazakh population in the territory, which created the industrial objects (Karagandy, Semipalatinsk oblasts). Thus, in general, the Kazakhs were agrarian ethnic group, 83.9% of the ethnic group were rural. However, the share of Kazakhs in the composition of the rural population of the country has undergone a great change. So, if

based on the Soviet census of 1926, the Kazakhs of rural settlements were 61%, then the Soviet census of 1939 demonstrated 44% [11]. This happened because of the famine of 1931-1933, as well as because of the large influx of rural settlements of special settlers and members of other categories - Russian, Ukrainians, Germans and other nationalities during the forced migration.

5. Conclusion

Thus, the specificity of the resettlement of the Kazakh population and level of urbanization were due to a storm of migration flows from the various regions of Russia, Ukraine and other regions of the USSR. In the course of industrialization, rapid economic development, requiring constant supply of labor, also resulted in multi-ethnic structure of the population, reducing the proportion of the indigenous ethnic group in the whole country, and in its regions and led to the peculiarities of its settlement. Forced industrialization changed the social, occupational structure, educational level and other quality characteristics of the population of Kazakhstan. All this could not but affect the Kazakh ethnoses. All-Union census in 1939 confirmed the trend of multi-ethnic composition of the population of Kazakhstan; demographic indicators of over 50 nationalities were taken into account. This process continued in the following years, especially in connection with the Second World War which began shortly after the Soviet census of 1939 and after the mentioned war.

References

- 1 RGAE F. 1562. Op. 336 D. 264. L. 2.
- 2 RGAE F. 1562. Op. 329. D. 143. L. 143-144.
- 3 RGAE F. 1562. Op. 336. Д. 248. Л. 4.
- 4 RGAE F. 1562. D. 248. L. 1. 79-80; tam zhe. D. 264. L. 12.
- 5 Pervaya Vseobshaya perepis naseleniya Rossiyskoi imperii 1897 g. Obshii svod po imperii rezultatov razrabotki dannykh Pervoi Vseobshei perepisi naseleniya, proizvedennoi 28 yanvarya 1897 g. Nekotorye osnovnye itogi iz Obshego svoda po imperii. – Saint Petersburg, 1905. – 5p
- 6 Vsesoyuznaya perepis naseleniya 17 dekabrya 1926 g. Kratkie svodki VPN. Narodnost' i rodnoi yazyk naseleniya SSSR. Moscow, 1928. P. 16-17; RSAE. F. 1562, OP 336. D. 248. Ll. 63-83.
- 7 RGAE. F. 1562. Op. 336. D. 221. L. 96.
- 8 Kozybayev M., Abylgozhin Zh., Tatimov M. Kazakhstanskaya tragediya. Voprosy istorii. 1989. №7. P. 53-71.
- 9 Sovety Kazakhstana, 1992. 22 dekabrya; Omarbekov T. Ukaz. Rabota. P. 282-314; Kozybayev M.K. Ukaz. Rbota. P. 45-46.
- 10 Sovety Kazakhstana. 1992. 22 dekabrya; Kozybayev M.K., Abylgozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krestianstva. – Almaty, 1992. 7-8, 10-12, 30-31; Aimbetov S. 1926-1939 zhyldar aralygyndagy Kazakhstan khalkynyn etno-demografiyalyk zhane aleumettik kurylymyndagy ozgerister. Tarikh giylymdarynyn kandiady gylymi darezhesin alu ushin dayindalghan avtoreferaty. Almaty, 1998. 16 b. Tatimov M., Tatimova M. Tragediya velikoi stepi. Mysl, 2009. № 6. Pp. 55-60 i dr.
- 11 RGAE. F. 1562. Op. 336. D. 264. Ll. 13-14.

АСЫЛБЕКОВА Ж.М.-А.

(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, т.ғ.д.)

1939 ЖЫЛҒЫ БҮКІЛОДАҚТЫҚ САНАҚ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ

1939 ж. Бүкілодақтық халық санағында Кеңес билігі тұсындағы елдегі халық шаруашылығын индустрияландыру мен күштеп ұжымдастырудың оң және теріс салдарларының әсері орын алды. Бұл нәтижелер бірінші кезекте Қазақстандағы халық санағында көрініс тапты, атап айтқанда, 1926 ж. салыстырғанда, 12 жылда барлығы 1.3% (6073979 адамнан 77.1 мың адам) ғана өсті. Орыс, украин және басқа да ұлт өкілдерінің көптеп көшіп келуі орын алды. Бұл көші-қон үдерісі Қазақстанның Ресейге қосылуы кезеңінен басталып, Кеңес Одағының бірінші онжылдығында жалғасын тапты. 1939 ж. Бүкілодақтық халық санағында Қазақстанның көпұлтты құрамының артқандығы көрсетіліп, 50-ден аса ұлт өкілдерінің демографиялық көрсеткіштері ескерілді. Бұл үрдіс алдағы жылдарда да жалғасын тапты.

Кілт сөздер: Қазақстан халқы, үлес алмағы, көші-қон, халық санағы.

АСЫЛБЕКОВА Ж.М.-А.

(профессор КазНУ им. аль-Фараби, д.и.н.)

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СОСТАВ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ ВСЕСОЮЗНОЙ ПЕРЕПИСИ 1939 Г.

Всесоюзная перепись населения 1939 г. выявила ряд положительных и негативных последствий политики Советской власти по форсированной индустриализации и насильственной коллективизации сельского хозяйства страны. Эти последствия отразились в первую очередь на численности населения Казахстана, которая по сравнению с 1926 г., т.е. за 12 с лишним лет выросла всего на 1.3% (с 6073979 чел., т.е. на 77.1 тыс. чел.). Постоянное снижение удельного веса казахов из-за миграционного притока русских, белорусов, украинцев и представителей других национальностей извне началось в период присоединения Казахстана к России, продолжилось в первые десятилетия Советской власти, также как и низкий естественный прирост. Всесоюзная перепись населения 1939 г. подтвердила тенденцию усиления многонационального состава населения Казахстана; на учет были взяты демографические показатели представителей более 50-ти национальностей. Этот процесс продолжился и в последующие годы.

Ключевые слова: население Казахстана, удельный вес, миграция, перепись населения.

ӘӨЖ 94 (574); 084.91

НҰРЫМБЕТОВА К. Қ.

(Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к.)

РЕПАТРИАЦИЯ ҮДЕРІСІ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Аннотация

Мақала этникалық қазақтардың тарихи отанына оралу үдерісіне арналған. Халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон үрдістерінің құқықтық, әлеуметтік және экономикалық негіздерін белгілейтін

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына орай оралмандарға қатысты жеңілдіктер мен өзгерістерге, тәуелсіздік жылдарындағы репатриация ерекшеліктеріне тоқталып, оралмандар көшіне жаңа серпіліс беретін мүмкіндіктер туралы айтылған.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, тәуелсіздік, «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы, көші-қон, қайта оралу, тарихи Отан.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап көші-қон үрдістерін реттеу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болуда.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы жылдарында мүмкіндік алған алыс және жақын шетелдерде тұратын қандастарымыздың тарихи отанына оралу үдерісі нәтижесінде атаменкеге келіп, қоныстанған қандастарымызға мемлекет тарапынан көптеген жағдайлар жасалуда.

Қолданыстағы «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон үрдістерінің құқықтық, әлеуметтік және экономикалық негіздерін белгілеуде [1]. Заңға сәйкес оралмандар мен олардың отбасы мүшелері жеңілдіктер, өтемақылар және басқа да әлеуметтік көмек түрлерін ие болуда. Сондай-ақ оларға бейімдеу және ықпалдастыруға қатысты қызметтер көрсетілуде. Барлық оралмандарға медициналық қызмет көрсетудің, білім берудің қол жетімдігі қамтамасыз етілген. Оралмандар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары қолданылатын мақсатты топтардың біріне жатқызылған. Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарындағы іске асырылып жатқан бейімдеу бағдарламалары құқықтық мәселелер бойынша кеңес беруді, мемлекеттік тілді және қалауы бойынша орыс тілін үйретуді, кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті көтеруді көздейді.

Шетелден қоныс аударған қандастарымыз бен олардың отбасы мүшелерінің елге келу және азаматтық алу рәсімін жеңілдету, олардың жаңа тұрмыс жағдайларына бейімделуіне жағдай жасау, жайғасуға, көлік қызметтері мен жүк тасымалы ақысын төлеуге қоныстандыру аймақтары бойынша сараланған біржолғы жәрдемақы төлеу және тағы басқа да әлеуметтік қолдау шаралары жүзеге асырылуда.

1991 жылдан бастап 2011 жылғы 1 қазанға дейін тарихи отанына 221,3 мың отбасы немесе 860,4 мың этникалық қазақ оралды [2].

Оралмандардың жалпы санының басым бөлігі - 60,5% Өзбекстаннан келген, 12,4% - Қытайдан шыққандар, 10,4% - Моңғолиядан, 7,8% - Түркіменстаннан, 5,3% - Ресейден және 4,0% - басқа елдерден келгендер.

Оралмандардың шыққан елдері олардың қоныстану өңірлерін айқындады. Оралмандардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан – 21,4% (немесе 183,4 мың адам), Алматы – 15,2% (130,7 мың адам), Маңғыстау – 12,5% (107,5 мың адам) және Жамбыл облыстарында – 9,3% (80,3 мың адам) қоныстанған.

Бұл ретте халықтың жалпы санындағы келген оралмандардың саны Оңтүстік Қазақстан облысында – 7,1%, Алматы облысында – 7,0%, Маңғыстау облысында – 20,1% және Жамбыл облысында – 7,7% құрайды.

Білім деңгейі бойынша 9,2%-ның жоғары білімі, 1,4%-ның аяқталмаған жоғары білімі, 20,5%-ның орта арнаулы білімі, 65,0% жалпы орта білімі болса, 3,9%-ның білімі жоқ. Еңбекке жарамды жастағы адамдар - 54,1% адамды, 18 жасқа дейінгі балалар – 41,2 % адамды және зейнеткерлер – 4,7% адамды құрады [2].

Көшіп келу квотасына сәйкес оралмандар отбасыларының саны мен олардың қоныстану өңірлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленеді .

Алғашқы жылдары келген оралмандарды әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша қатаң бекіту жөніндегі талаптар көзделген жоқ. Этникалық көшіп келушілерді өңірлер бойынша қоныстандыру, өндірістік күштердің аумақтық орналасуы ескерілмей, әрқелкі жүргізілуі барысында, қайталама көші-қон орын алды. Оралмандардың басым бөлігі еңбек күші артық өңірлерде – Оңтүстік Қазақстан,

Маңғыстау, Алматы және Жамбыл облыстарында орналасса, ал солтүстік өңірлер керісінше, еңбек ресурстарына тапшылықты сезінді [3].

Мысалға, Өзбекстаннан шыққандардың 65,7% (494,5 мың адамның ішіндегі 325,2 мыңы) Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Маңғыстау және Жамбыл облыстарына қоныстанды.

ҚХР-дан келген оралмандардың 85,5% (85,5 мың адамның ішіндегі 73,9 мыңы), шекаралас Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарына, ал Түркіменстаннан келген оралмандардың 78,2% (63,7 мың адамның 49,8 мыңы) - Маңғыстау облысына орналасқан.

Сондай ақ, Ресейден келгендердің 59,3% (35,4 мың адамның 21,0 мыңы) - Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарын мекендеген болса, Тәжікстаннан келгендердің 87,2% (11,7 мың адамның 10,2 мыңы) - Оңтүстік Қазақстан облысына жайғасқан.

Саны аз оралмандар Атырау (21,4 мың адам, соның ішінде 18,4 мыңы Өзбекстаннан шыққандар), Қызылорда (20,2 мың адам, соның ішінде 18,1 мыңы - Өзбекстаннан), Батыс Қазақстан (17,4 мың адам, соның ішінде 13,5 мыңы - Өзбекстаннан, 3,5 мыңы - Ресей Федерациясынан) облыстарына, Алматы (8,4 мың адам, соның ішінде 2,7 мыңы - Өзбекстаннан, 2,6 мыңы - ҚХР-дан, 1 мыңы - Моңғолиядан) және Астана қаласына (8,6 мың адам, соның ішінде 2,7 мыңы - Өзбекстаннан, 1,6 мыңы - Ресей Федерациясынан, 1,5 мыңы - Моңғолиядан, 1,2 мыңы - ҚХР-дан) қоныстанған.

Басқа облыстарда оралмандар саны 28,2 мың адамнан (Қостанай облысы) 53,8 мың адамға (Қарағанды облысы) дейін өзгерген [2].

Алғашқы жылдары оралмандар республикалық бюджет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз етілсе, 2004 жылдан бастап оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі өзгеріп, тұрғын үй сатып алудың орнына оралман отбасының әрбір мүшесіне 100 АЕК мөлшерінде қаражат бөліне бастады. Мұндай тәртіп оралмандардың тұратын жерді тұрғын үй бағасы арзан экономикалық төмен дамыған облыстардан таңдауына ықпал етеді деп көзделген болатын. Бұл сондай-ақ жұмыс күшінің келуімен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасауға тиіс болатын.

Бірақ іс жүзінде бұл кері нәтиже берді және оралмандардың солтүстік өңірлерге қоныстануға қызығушылығының төмендеуіне ықпал етті. Олардың бір бөлігі солтүстік өңірлердегі оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша қаржылық қолдауға ие болған соң, республиканың оңтүстік, климаттық жағдайы бойынша неғұрлым қолайлы өңірлеріне көшіп кетулері байқалды. Бұл ішкі көші-қонды туғызып, оралмандардың азаматтық алған соң көші-қон жөніндегі органдардың назарынан тыс қалуына әсері болды.

Осындай олқылықтарды болдырмау мақсатында, қолданыстағы Көші-қон Заңы бойынша, енді Қазақстан Республикасында тұрған алғашқы үш жылдың ішінде оралмандардың көшіп келу квотасын алған кезде қоныстану үшін белгіленген өңірден тыс жерге өзінің ерік қалауымен өз бетінше ішкі көшіп-қонған жағдайларда және оралман мәртебесін алған күннен бастап бес жылдың ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кететін болса, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен алынған қаржыны мемлекетке өтеуге міндетті [1].

«Үкіметтің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы қаулысымен 2011-2014 жылдары жыл сайын 10 мың оралман отбасыға квота бөлінеді деп бекітіліп, ал 2012 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Үкіметі бұл қаулыны кері қайтарып, ата жұртқа жол тартқан қандастарымыздың көші дағдарып қалды [4].

Егеменді еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген мақсаты мен мүддесі, болашағы ортақ қандастарымыз қаншама. Алайда оралмандар көші-қонына, оларды қабылдауда, әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, қазақстандық ортаға бейімделуіне қатысты іс-шараларды жүзеге асыруда және азаматтық алуда қолданыстағы көші-қон заңында жетілдіру қажеттігі туындаған еді.

Елбасы назарында болған бұл қажеттіліктің 2014 жылдың 22 сәуірінде болған Үкімет отырысында оң шешім тапқандығын Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі мәлімдегендей, қолданыстағы заңнамалар бойынша елімізге оралған қандастарымыз 7 жыл азаматтық алуды күтетін болса, енді азаматтық алу тек 1 жыл ішінде жүзеге асырылатын болады. Бұл Қазақстанның азаматтығын шеттен келгендер бір жылда ала алады деген сөз.

Сонымен қатар шеттен келген қандастарымыздың бейімделуі мен ықпалдасу үдерісін жеделдету мен жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында қаралған мәселелер бойынша келген этникалық қазақтар орналасу өңірін өздері таңдайды, төлем қабілетін растау қажет етілмейді, ал еңбек ресурстары жетіспейтін солтүстік өңірлерге орналасатын болса, онда оларға көшіп келуге, жүктерін тасуға жәрдемақы қамтылатын әлеуметтік жиынтық беріліп, 5 жылға дейін тұра алатын жалдамалы үй қарастырылып, 5 жылдан соң қалған құны бойынша жекешелендіріп алуларына болатындығы айтылды [5]. Бұл шеттен келем деген жастардың бейімделуіне мол мүмкіндік беретін қуанышты хабар. Шеттегі қандастарымыздың оралуын қиындатып жіберген мәселелердің оң шешім табуы, саябырлаған этникалық көштің жаңа серпін алуына себеп болатын батыл қадам.

Әдебиеттер

1 Закон Республики Казахстан «О миграции населения» // Казахстанская правда. – 2011. – 6 августа.

2 Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның арнайы баяндамасы // <http://unhcr.kz/eng/resources/publicationsandreports>.

3 Нұрымбетова К.Қ. Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері: тарихи талдау (1991-2008 жж.). – Алматы: Нұрай Принт Сервис, 2011. – 128 б.

4 Сейілбек Мұсатаев. Қандастарымыз тыс қалған жоқ па? // Ақиқат, 2014. – №1. – 42-43 бб.

5 Оралмандар үшін азаматтық алу мерзімі қысқарады // Егемен Қазақстан. – 2014. – 23 сәуір. – №78 (2802). – 2 б.

References

1 Law of the Republic of Kazakhstan «On Migration» // Kazakhstan truth. – 2011. – August 6.

2 Special Report “On the situation concerning the rights of oralmans, stateless persons and refugees in the Republic of Kazakhstan” // <http://unhcr.kz/eng/resources/publicationsandreports>.

3 Nurumbetova K.K. Tauelsiz Kazakstandagy repatriation Maseleleri: Tarija Taldau (1991-2008). – Almaty: Nuray Print Service, 2011. – 128 b.

4 Sejlilbek Musataev. Kandastarymyz tys kalgan zhok pa? // Akikat, 2014. – №1. – 42-43 bb.

5 Oralmandar yshin azamattyk alu merzimi kyskarady // Egemen Kazakstan. – 2014. – 23 sauir. – №78 (2802). – 2 b.

НУРУМБЕТОВА К.К.

(старший научный сотрудник Института истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК, к. и.н.)

ПРОЦЕСС РЕПАТРИАЦИИ – НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

Резюме

Статья посвящена процессу возвращения этнических казахов на историческую родину. Определены особенности и новые возможности репатриации соотечественников в годы независимости.

Ключевые слова: Республика Казахстан, независимость, Закон «О миграции населения», миграция, возвращение, историческая родина.

NURUMBETOVA K.K

(Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Committee of Science at the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Senior Researcher, Ph.D.)

THE PROCESS OF REPATRIATION – NEW OPPORTUNITIES

Summary

The article is devoted to the return of ethnic Kazakhs to their historical homeland. The author identified some features and new opportunities of repatriation in the years of independence.

Keywords: Republic of Kazakhstan, independence, the law “On Migration”, migration, return, historical home.

ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHAEOLOGY

ӘӘЖ

МУҚАМЕТХАНҰЛЫ Н.

(өл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, т.ғ.д.)

ҚАЗАҚТАР МЕН КОРЕЙЛЕРДІҢ ТӘҢІРЛІК ҰҒЫМЫНЫҢ
ОРТАҚТЫҒЫ ЖӨНІНДЕ («Хвандангоги» негізінде)

Аннотация

Мақалада ерте және ортағасырлардағы қазақтар (қазақ ру-тайпалары) мен корейлердің тәңірлік ұғымдарындағы ортақтықтар дәйектелген. Қазақтар мен корейлердің ежелгі қоғамдық дамуы үдерісі мен дүниетанымдық ұғымдарын, діни сенім-нанымдарын, діни рәсімдерін салыстып талдау жасау арқылы екі халықтың байырғы мәдениетінде ортақтықтарын анықтайды.

Кілт сөздер: Төтем, ай, күн, тәңір, құдай, табыну, тасаттық беру, тәу ету.

Баршаға белгілі, бүгінгі қазақтар мен корейлер Азияның ең батысы мен ең шығысында тұрады, аралығы түмен шақырым келеді. Бірақ соған қарамастан олардың арғы ата-бабаларының тәңірлік ұғымында адам таңғалаларықтай ұқсастықтар болған екен. Бұл терең зерттеуді қажет ететін мәселе.

Қазақтар да, корейлер де Азиядағы байырғы этностар болғандықтан, мүмкін олар ұзақ тарихи процесте ұқсас қоғамдық даму кезеңдерін бастан кешірген шығар немесе бірдей қоғамдық формациядан өткен болар, мүмкін оларда өзара араласулар мен бір бірінің құрамдас бөліктерін сіңіру болған шығар, қалай болғанда да ерте заманғы тарихи материалдардан және қазіргі заманғы өмір салтынан қазақтар мен корейлердің ұғымдарының немесе ойлау формасының ортақтығын байқау қиын емес. Ендеше, тарихи процестен қазақтар мен корейлердің ұғымдық формациясын және оның қазіргі кездегі сарқыншақтарын саралап көрейік.

Қазақ халқы б.з.д. бірмыңжылдықта Еуразияда өмір сүрген сак, хун, үйсін, қаңлы, яньчай тайпалары және түрік, түркеш (сарыүйсін), дулат, қарлық, найман, керей, қоңырат, қыпшақ, жалайыр, алшын рулары негізінде, сөнби, жужан (авар), теле, кидан (қарақытай) және моңғол руларының кейбір тайпаларын өздеріне сіңіру арқылы ұзақ тарихи даму барысында біртұтас ұлт болып қалыптасқан. Кезінде бұл тайпалардың қимыл кеңістігі шығысы Лиаохэға дейін, батысы Каспий теңізіне дейін тіпті одан да алысқа жеткен болатын. Ал корейлердің этногенезі Махан, Джинхан және Бйонхан деген үш топтан өрбіген, олар кезінде Корея жарты түбегі мен Ляодун өңірінде өмір сүрген.

Ерте замандағы қазақ тайпалары мал шаруашылығын негіз, егін шаруашылығын қосымша кәсіп етіп өмір сүрген, ал ерте замандағы корей тайпалары болса, әлеулі мал шаруашылығымен айналысып, кейін егін шаруашылығына ойысқан. Кореяның ерте заман тарихы туралы жазба деректер жинағы «Хвандангоги» («檀檀故记») атты еңбекте: «ерте заманда біздің хвандар (檀) көшпелі малмен және егінмен айналысқан, Шэнши билік құрғаннан кейін топырақты игермен шұғылданатын болды» [1] – деп жазылған. Тарихта табиғи апаттар көп болып тұрған, құрғақшылық, сел жүру, қалың қардың басып қалуы сияқты апаттар, егін мен мал шаруашылығын үлкен зиянға ұшыратып отырған, сондай-ақ ол апаттар адамдардың өміріне де зор қатер төндірген-ді. Бірақ ерте замандағы адамдар табиғат апатының алдына дәрменсіз, қорғансыз еді. Содан оларда табиғат күдіретіне табынатын психология пайда болды да, алуан түрлі табиғат тәңірлерін сомдап табиғатқа табыну мәдениетін қалыптастырды.

Ерте замандағы адамдардың табиғатқа табынатын объектісі тылсымдандырылған (күдейландырылған) табиғат құбылыстары, табиғат күші және табиғи материалдық

дүниесі болды. Адамдар табиғатқа табынғанда тілейтіндері: жан мен малды аман ету, елдің тыныш болуы, апаттың болмауы, астықтың мол болуы мен малдың өсіп-өркендеуі. Адамдарда табиғатқа табыну басталысымен ол қоғаммен тығыз байланыстырылды. Сондықтан адамдардың табиғатқа табынуы сан мың жылдар өтсе де халық арасында өз жалғасын тауып келеді.


Діни мәдениетті зерттеуші ғалымдар, тәңірге табынуға қатысты әртүрлі мәдени құбылыстарды - тәңірге табыну мәдени сериясы деп атайды. Ол тәңірлік ұғым, атаулар, образдар, тасаттық беру (祭祀), мифтер, рәсімдер (церемониялар) сияқты мәдени факторларды қамтиды. Осы факторлардың ішінде тәңірлік ұғым абсолютты шешуші рөл атқарады.

Тәңірлік ұғым бойынша, көкте тәңір (күдай) бар, күдіретті шексіз, ол ізгілікті жақтайды, адамды қорғайды. Сондықтан адамдар тұрақты бір уақытта тәңірге тасаттық береді және оны ықыласымен ризашылығымен орындайды. Ал тасаттық берудегі мақсаты – тәңір күдайының қорғауына ие болу немесе оған өз тілеуін қабылдану. Көптеген тарихи деректер ерте замандағы қазақтар мен корейлердің тотемге табыну және тәңірге құлшылық ету церемониясының болғанын анықтайды.

Тотем (totem)- белгілі бір қоғамның немесе жеке адамның символы, ол жақындықтың символы немесе ата-бабаның қорғаушы аруағының символы болып табылады. Тотем символ ретінде ол ғайуан немесе өсімдік, әлде табиғат құбылсы бола береді. Тотемге қатысты әртүрлі ұғымдар, құбылыстар, әдет-ғұрыптардың барлығы тотемизм (totemism) болып саналады, оны қытай ғалымдары «тотем мәдениеті» [2] – деп де атайды.

Бірнеше мың жылдар бойы Шығысы Ляодун жарты аралынан батысы Моңғол үстірті, Алтай, Тянь-Шань, Орал тауына дейінгі кең-байтақ далалы өңірде негізінен көшпелі этностар өмір сүріп, өркен жайды, сол барыста олар шұғылалы сахара өркениетін жаратты. Сол мәдениеттің ең байырғы бір түрі - петроглифтер болып табылады. Ерте замандағы көшпелілерден қалған жартаc суреттерінің (петроглифтердің) мазмұны өте бай, ол көшпелілердің қоғамдық өмірі мен рухани өмірін және әртүрлі мал мен аңдардың түрін мәлімет ретінде тасқа қашап хаттап қалтырған.

Кең-байтақ қазақ даласынан табылған петроглифтерден көрілген тотемдік образдар, қазақтың этногенезі туралы жазылған деректер және археологиялық материалдар, ерте замандағы қазақтардың тотемдік санасын айнытпай айғақтайды. Солардың ішінде ежелден қазақтар өмір сүріп келе жатқан Қытайдың Алтай аймағы Көктоғай ауданындағы Таңбалытас бояулы суреті ең типтік деректердің бірі болып табылады. Осы тауға салынған үңгір жерден бірнеше метр биіктіктегі жартастың үстіне орналасқан, үңгірдің аузы күн шығысқа қаратылған, Таңбалытасқа адам әлпеттес күдай пішіні түсірілген. Үңгірдің іші-сыртына күн формасында салынған үлкенді-кішілі бірнеше шеңбер суреттер бар. Міне, бұл ерте замандағы адамдардың күнге табынуының образды түрде бейнеленуі болып табылады.



(сурет 1. Су Бейхай. Қазақ мәдениетінің тарихы. 71 б.)

Таңбалытастағы адам әлпеттес тәңір пішін суреті – адам мен күдайдың арасын жалғайтын бақсының – шаманның киінуі. Алтай ауданы қалашығының маңындағы Джанчжунтауы жартаc суреттерінде де дәл соған ұқсас образ оюлар кездеседі.



(图сурет 2. Су Бейхай. Қазақ мәдениетінің тарихы. 71)

Алтай аймағы Шіңгіл ауданы Санхайзы жартас суреттерінің сол жағына қашап түсірген дөңгелек шеңбер, күннің символы, оның оң жағында бір жылқы күнге қарап шауып барады. Бұл күнге атаған құрбандық жылқы дегенді білдіреді. Геродот кезінде: скифтер «өртүрлі малдарды құрбандыққа шалады, бірақ негізгісі жылқы»[3]-деп айтқан екен. Сол сөздің ақиқатын жоғарыдағы жартас суреті айғақтап тұр.

Ғылым саласында анықталған қазақ ұлтын құраушы негізгі рулардың бірі – б.з.д. VII-IV ғасырларда Орталық Азияда өмір сүрген сақтар. Нақтылап айтқанда, сақтардың ішіндегі шошақ төбелі тұмақ киген сақтар немесе Тиграхауда сақтары (Saka Tigrhauda) .



(сурет 3. Сақ көсемінің мүсіні. Б.з.д.V-IV ғасыр, Қытай Шынжан Іле қазақ автономиялы облысы Күнес ауданынан табылған. С Сұңқатай: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II т., 2005, Алматы.)

Сақтардың бұл тобы кезінде «Қырғыз және Қазақстан даласында, Памир, Алай шоқысынан Солтүстігі Тянь-Шань, Алтай тауна дейін, Ташкент, Талас, Шу, Іле өзені аңғары мен Балқаш көлінің Шығыс оңтүстік өңірінде өмір сүрген» [4]. Сондай-ақ олар негізінен мал шаруашылығымен шұғылданған. Олар ата-баба аруағына да және табиғат құбылыстарына да табынған. Геродот: көшпелі массагеттер «күллі тәңірлер арасында тек күнге ғана табынады, күнге атап шалатын құрбандықтары – жылқы жануары. Оны құрбандыққа шалу себебі бұл пәниде желдей ұшқыр тұлпар аттар ғана күллі тәңірлердің ішіндегі ең жылдам күнге ілесе алады деп қарауында» [3, 456] – деп жазған.

1970 жылы Қазақстанның Алматы қаласынан 50 км жердегі Есік қорғанынан табылған «Алтын адам», басына шошақ төбелі тымақ киген. Оның шошақ төбелі биік тұмағы көбінесе барыстың, таутекенің, арқардың, аттың, құстың кескінімен өрнектелген, бас киімінің маңдай жағы теке мүйізді қос аттың мүсінімен және ұзын екі қос жапырақпен, басқада бедерлі шеттікпен безендірілген. Мойнына таққан бұралған алтын алқаның ұшында жолбарыс бастары бедерленген. Бұның бәрі Тиграхауда сақтарының ерекшеліктерін бейнелейді.



(сурет 4. Қазақстан Есік қорғанынан табылған «алтын адам» әшекейлері. К.М. Байпақов /бас ред.: Алматы тарихы, 1 т., Алматы тарихы, 129-130 б, Алматы, 2006.)

Тотемдік нысандар (объектілер) негізінен тотемдік белгі безендірулерден көрінеді. Ертедегі сақтардың тотемі бұғы болған. Сондықтан олар бейіттің алдына бұғытас ойма суреттерін орнатуды әдетке айналдырған [5].

Қазақстанның Катонқарағай, Берел қатарлы жерлердегі сақ қорымдарынан табылған (1998-2000 жж.) алтынмен, ағаштан безендірген заттардың ішінде ұзын мүйізді бұғы, ақ киік, марал, мысық тектес ғайуандар, қанатты бұғының бедерлері өте әдемі салынған. Шілікті сақ қорымынан табылған әшекей бұйымдардың арасында бұғы, бүркіт, қабан, таутеке, аюдың ойма суреттері бар [6]. Солардың ішінде мүйізді аттың пішіні шынайы сомдалған. Бұлардың барлығы олардың тотемдік ұғымын білдіреді. Олардың тәңірлік түсінігі бойынша, «бұғы», космостың, күннің символы, ал «самұрық» аспан құдайының, күштіліктің, аруақ тасымалдаушының символы сияқты тотемдік көріністерді байқатайды. Бұның бәрі ежелгі жазба құжаттарда айтылатын сақтардың тәу еткен тотемдік құдайының дәлелі.



(сурет 5. З. Самашев және басалар: Berel, Алматы, 2000, 41, 47 бб)

Жоғарыда айтқанымыздай, хұндар қазақтың негізгі этногенезінің бірі болып табылады. Б.з.д. III ғасырда хұндар Моңғол үстіртінде ұлы империя құрды. Қытайдың «Тарихи жазбалар» атты жылнамасында (хранологиясында): «Маодунь (Maodun – Модэ, Модун) тәңірқұт Дунху (Шығыс ху) патшасын тас-талқанын шығарып, халықы мен малын барымталады. Одан қайтып келіп, батысындағы юэчжилерді шабуылдап, қуып жіберді, Оңтүстігіндегі лоуфанды, баянхэ патшасын өзіне қосып алды, Цинь патшалығы тартып алған хұндардың жерін толық қайтарып алып, Хань патшалығының Хэнан қорғанына жетті. Сонымен Маодунь тәңірқұт күшейіп, 300 мыңнан аса әскер ұстады» [7] – деп жазылған. Оның иелік еткен өңірінің көлемі «Оңтүстігі Хуанхэ Хэтао аймағындағы Хань патшалығымен шектесті, Солтүстігі Байкал көліне дейін, Шығысы Дасинанлинге дейін, Батысы Памир үстірті мен Іле өзені аңғарына дейін жетті. Хұндар барынша шарықтап күшейген кезде Солтүстіктегі этностар ғана емес, Шығыстағы ухуандар, сәнбилер, Батыс өңірдегі көшпелі және қалалық елдер хұндардың үстемдігінде немесе бақылауында болды, Хань патшалығының өзі де олармен «құдандалы болып», патша ханшасын тәңірқұтқа әйелдікке беріп, жыл сайын алтын-күміс, мата торғындарды, егін өнімдерін беріп, Солтүстік жақтың тыныштығын сақтаған» [8]. Қытай тархшысы Лин Ганьның зерттеуінше, Хүн империясы мемлекетті үштік жүйе бойынша ел басқарған: Тәңірқұт ордасы (орталық өңірді басқарды); екінші, Солқанат уәзір ордасы (Шығыс бөлікті); үшінші Оңқанат уәзір ордасы (Батыс бөлікті басқарады). Тәңірқұт ең жоғарғы билеуші, Сол және Оңқанат уәзірлер жергілікті билеушілер [9] болып саналады екен. Көшпелі хун империясы 200 жылдан аса дәурендеген кезде Азия сахара мәдениетінің іргетасы қалады.

Хұндарда төтемдік сана-сезім өте күшті болған. Олар ата-баба аруағына және күн мен айға табынған. Қытай деректерінде: хұндар «жылдың жаңа айында барлық тайпа басылары тәңірқұт ордасына, ғибадатханасына жиналады, маусым айында Лончэн қамалына зор жиналыс өткізіп, ата-баба аруағына, тәңірге, жерге, ие-киелерге тасаттық береді, күзде жылқы семіргенде, Тилинде зор бас қосу өткізіп, мал басын есептеп салық тапсырады; «Тәңірқұт ордадан аттанарда, шығып келе жатқан күнге тағзым етеді, кешке айға табынады»; «хұндар шабуыл жасарда ай жұлдызды күтеді, ай толғанда шабуылға өтеді, ай кемігенде қолын кері қайтарады» [7, с. 732] – деп жазылған. Осыдан хұндардың ай мен күнді қасиетті, күдіретті деп санап, оған тәу ету және бойұсыну керек деп санайтынын аңғаруға болады. Сонымен қатар, хұндар күнді қорғаушы күдай деп санаған, оны ең жоғары күдай «тәңір», одан асқан ешнәрсе болмайды, ол барын белгілейді деп санаған. Сондықтан хун тәңірқұты «Тәңірдің ұлы» деп аталған, ескі қытай тілі бойынша «Гэнли хуту Тәңірдің ұлы шаньюй» деп аталған. Тәңірқұт Хань патшалығына жолдаған хаттарында үнемі: «Тәңір тағайындаған хұндардың Ұлы Тәңірқұты құрметпен патшаға амандық сәлем жолдайды»; «Аспан мен жерден туған, күн мен ай таққа отырғызған Ұлы хун Тәңірқұты» деп айтады. Хұндар соғыста жеңу мен жеңілудің бәрі тәңірдің қолында деп санаған. «Тарихи жазбаларда»: Тәңірқұт «Тәңір өзі жар болғандығы, қолбасшы іскер, әскер алымды, ат-көлік күйлі болғандығы себепті, юэчжилерді қырғындадық, тізбүккендерін қалтырмай басын кестік. Крурана мен үйсіндерді, хучжелерді және 26 көрші елін түгелдей хұндарға бағындырдық» [7, с. 732] – деп айтылған. Ал «Тарихи жазбалар. Давань тарауында»: Күнби «өз елін бастап шалғайға қоныс аударып, дербес тұрыпты, хұндарға аман-сәлем жасай бармапты. Хұндар жеңімпаз әскерлерін аттандырып оларға шабуыл жасапты. Бірақ жеңіске жете алмапты. Сонымен оларды киелі екен деп, олардан ат ізін аулақ салыпты. Олар әлі де өздеріне тәуелді болып тұрғандықтан, онша көп шабуыл жасамапты» [7, с. 801] – деп жазылған. Бұл деректер хұндардың тәңірлік ұғымдарын аңғартады. Демек, хұндар күн тәңіріне қатты табынған.

Діни мәдениетті зерттеген қытай ғалымдары, «тайпалық тотем деген тек тайпаның атауы ғана емес, сонымен бірге ол ру ішіндегі белгілі бір титул атауы. Бұл сияқты титул - билік атауы ең ертедегі билік атауы болып табылады» [2, с. 244] – деп санайды. Хун деген атау ең алғаш қытай жазбаларында Гуйфан, Күниі, Күнрон

және Ху деген есімдермен аталған. Бұлардың барлығы түркі тіліндегі «Кун», қазіргі қазақ тіліндегі «күн» деген атаудың ескі қытай тіліндегі дыбыстық аударлары. Осы арада тарихта үнемі айтылатын «Оңтүстікте ұлы Хань, Солтүстікте мықты ху (Hu-胡), хулар-Тәңірдің ерке ұлдары» - деген сөз еске түседі. Мұнда айтылып отырған «Тәңірдің ерке ұлы» дегені – теңдессіз, қайталанбайтын «Тәңірдің ұлы» дегенді білдіреді. Қытайдың Цинь және Хань империялары тұсында аталатын «ху» – хұндар деген сөз.

Хұндар б.з.д. III ғасырда мемлекет құрғанда, өздерін қорғаушы тәңірдің атауын ең жоғарғы мансап атауы етіп қойған. Хұндардың ең жоғарғы билеушісі «Тәңіркүт» деп аталған. Ол «Тәңірдің ұлы сияқты ұлы кең басшы» дегенді меңзейді [9, с. 27]. Кезінде хұндарға тәуелді болған үйсіндер де қытайдың ескі жазбаларында «Күниі» «Күнроң» (Күн бұратаналары) деп аталған, мұнда «kun-昆» дегені кәдімгі түркі тіліндегі «Кун», ал «yi-夷» дегені кемсіту мағынасында қолданған сөз. Алайда «күн иі» деген атау, күннен жаралған дегенді білдіреді.

Ерте замандағы үйсіндер – қазақтардың маңызды этногенезі. Үйсіндер б.з.д. II ғасырда Іле-Жетісу өңірінде дербес мемлекет құрғанда, өздерінің ең жоғары билеушісін, «kun mi - 昆 弥» – деп атаған. Мұнда «күн» – “昆” дегені қазақ тіліндегі kun, ал «ми» – «弥» дегені қазақ тіліндегі «би» деген сөздің қытай тіліндегі аталуы. Бұл да олардың өздері табынатын күн атауы бойынша ең жоғары билік атын қойғанын көрсетеді. «Хань шу. Батыс өңір тарауы» Үйсін бөлімінде: Үйсін патшасы «күн ми» (“昆 弥”) деп аталады» деп жазылған. Өйткені Патшалық билік ең жоғары, ал күн апсанда, мәңгілік тұрады әрі ешкімнің қолы жетпейді деген түсінік бойынша, үйсін билеушілері «күнді» өздерінің патшалық атауы ретінде қолданған. Оның астарында «күн патшасы», немесе «күндей күдіретті билеуші» дегенді аңғарту жатқаны белгілі. Сонымен қатар «күн тәңірі» патшалық биліктің қорғаушысы дегенді де білдіреді.

Үйсін билеушісінің «Күн би» титулы сол кездегі қытайдың абсолюты феодалдық патшалығының «Тәңір патшалығы – «Tian chao-天朝», «Көктің ұлы» «Tian zi - 天子» деген атауымен және хұндардың «Тәнли хуту –Тәңір құты» атауымен, корестердің «Тангуном – Dan gun - 檀君» деген билік атауларымен мағыналас келеді. Сондай-ақ ол ертедегі Египет патшасының өзін күн тәңірінің баласымен дегені сияқты, күн тәңірінің күдіреті арқылы елін өзіне бойұсындып, билік орнын нығайтуды мақсат еткені түсінікті.

Ерте замандағы адамдардың тәңірлік ұғымы негізінде күн тәңірінің образы қалыптасқан. Адамдардың күнге, айға табынуы алғашқы кезде, көктегі ай мен күнге қарап қол жайып жүгініп тәу ету, тілек тілеу болған. Сондықтан адамдардың ең алғашқы кездегі күнді суреттеуі – күннің пішінін салу болған.



(сурет - 6. Хұндардың жартастағы күн тәңірі. Хэ Чинлиан. Қытайдың табиғатта табынуы. Нанкин, 2006, 136 б.)

Қытайдың Ішкі Моғолия Иншань тауындағы күнге табыну суретінде тәу етіп жүгінушінің басындғы күн пішіні тек дөңгелек шеңбермен ғана көрсетілген.



(Сурет -7-8. Хэланшаты тауындағы жартас суретіндегі күн тәңірі. Хэ Чинлиян. Қытайдың табиғатта табынуы. Нанкин, 2006, 1369, 144 б.)

Хұндардың «Тэнли - “撑犁”» деген, үйсіндердің «Күн - “昆”» деген және қытайлардың «Тянь“天”» деген сөздердің бәрі де екі мағына білдіреді: бірінші мағынасы - материалдық аспан дегендегі тянь немесе көк; екінші мағынасы - рухани Тянь – Тәңір, яғни «Tangгі» дегенді аңғартады.


VI ғасырдағы түріктер хұндардың тәңірлік ұғымына мұрагерлік етті, өйткені олардың этногенез қайнары хұндардан бастау алады, сондай-ақ рухани мәдениет жақта түріктер алдыңғыны соңғыларға дамытып жалғастырушы рөлін атқарды. Жоғарыда айтылған, түріктердің «Tangгі» - хұндардың «Тэнли - Тәңір - 撑犁» екендігінде күман жоқ. Түрік құлпытастарында «Tangгі» деген атау үнемі кездесіп отырады. Бірақ оның мағынасы негізінен Тәңір құдайын меңзейді, ал материалдық мағынада көбінесе көкті – «аспан» деп атаған.

Түрік құлпытасында: «Әкем маған он жеті сарбаз жинапты. [Олар] тыста жорта жүр дегенді бәрі естіп, қаладағылар (қытайша аудармасында «қыстағылар» - Н.М.) жиналды. Таудағылар сонда барып қосылды. Жиналып жетпіс ер болды. Тәңір күш бергені үшін Әкем – қағанның әскері бәрі сияқты батыр еді. Жаулары қой сияқты қорқақ еді. Ілгері-кейін шапқылап [халықты] жинады, көтерді. Барлығы жеті жүз ер болды. Жеті жүз болып елсіреген, қағансызданған халықты; күнденген, құлданған халықты; Түрік төрінен айырылған халықты ата-бабам төрінше қайта жаратты, орнатты. Төлес, тардуш халқын сонда құрды. Оларға ябғу, шад (атақ) сонда берді» [10]; «Түрік қағанның атақ-таңқы өшпесін деп, Әкем қағанды, анам қатынды көтерген Тәңірі, ел берген Тәңірі, Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін деп Тәңірі өзімді қаған [тағына] отырғызды. Ең болмаса дәулетті халыққа отырмадым. Іші асыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халыққа отырдым. ... Мен өзім хан болып тұрғанда жер-жерден босыған халық өліп-жетіп, жаяу-жалаңаш қайта келді. Халықты көтерейін деп, ... Ұлы қолмен он екі рет жорыққа аттандым [.....]; соғыстым. Сөйтіп кейін Тәңірі жарылқап, құтым бар үшін, нәсібім бар үшін, өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, Аз хылықты көп қылдым. Ығыр [болған] елдікті, ығыр[болған] қағандықты игі қылдым. Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт қылдым. Жаусыз қылдым» [10, с. 188]- деген қаған сөздерінен олардың тәңірлік ұғымын тануға болады.

Қытай деректерінде де түріктердің күнге, ата-баба аруағына табынғаны жөнінде жазылған мәліметтер аз емес. «Чжоу шу. Түрік тарауында»: «Қаған ордасының есігі шығысқа қарай ашылады, күн шығысты құрметтегендіктен. Әр жылы қаған ақсүйектерін бастап ата-бабасының қабырына тәу етеді. Мамыр айының ортасында су бойына жиналып күн тәңіріне тасаттық береді» [11] – деп айтылған. Демек, бұдан күн тәңіріне тасаттық беру қимылын қағанның өзі ұйымдастығынын көруге болады. Өйткені ол өзін Тәңірдің әмірі бойынша хан болдым деп санайтын-ды. Бұған түрік құлпытасында жазылған: «Тәңір текті, Тәңірі жаратқан Түрік Білігі қаған бұл заманда [таққа] отырдым»; «Тәңірі өзімді қаған [тағына] отырғызды...» [10, 188] сөздерде дәлелге келтуге болады. «Суй шуда» да: «Ышпора елшісінен жолдаған хатында: Тәңірден туған Ұлы түрік қағаны аспан астындағы қасиетті Тәңірдің ұлы, Елжолшы Мохы қаған (伊利俱盧设莫何可汗), ұлы Суй патшасына хат жолдайды

...» [12] деген мәліметтер бар. Міне, бұл деректердің барлығы түріктердің тәңірілік дүниетанымын анықтайды.

Түріктердің бөріге табынғаны белгілі. Бөрі хүн, үйсін және түріктердің этногенезінде құтқарушы немесе туып өсіруші образында көрінеді, ал іс жүзінде өмірде ол батыллықтың, батырлықтың символы болып саналған. Сондықтан түрік қағанның «байрағында алтын басты қасқыр бедері түсірілген. Қорғаушылары оны бөрі деп атаған» [10, с. 234]. Суй тапшалығының Суй Уньди патшасы Дарту (达头可汗) қағанға елші жібергенде, оған бөрі басты байрақты сыйлаға тартқан.



(Сурет 9. Түрік байрақ басындағы қасқыр бейнесі Ресей, Эрмитаж.)

Жоғарыдағы фактілерден ерте замандағы сак, хун, үйсін және түрік халықтарының төтемге табынуы мен күн тәңіріне табынғандығын анық көруге болады. Осы күн тәңіріне табыну салтының сарқыншақтарын қазіргі қазақтар арасынан анық байқауға болады. Қазақстан Жанбыл облысының Мойынқұм ауданында тұратын Ұлы жүз қазақтарының бір тайпасы «Күн ту» («Kun tu») деп аталады екен. Бұның өзі «Күннен туған тайпамыз» дегенді білдіреді.

Қазақтардың ежелден бері айға табынуы күнге табынудан ешқем түскен емес, тіпті, қазірдің өзінде де айды тылсым санап оған табынатындар кездеседі. Жаңа ай туғанда қазақтың қарт адамдары көктегі айға қарап қол жайып: «ай көрдім аман көрдім, бұрынғыдай заман көрдім, ескі айдан есірке, жаңа айдан жарылқа!» деп бата тілеуі - ай тәңіріне табынудың көрінісі. Ал қазақтың байырғы билерінің бірі – «Айкөлекті» кейбір ғалымдар «бір кездері айға табынған адамдардың оған көрсеткен құрметі негізінде келіп шыққан би болуы керек» [13] деп санайды. Міне, бұлардың барлығы ерте замандағы қазақтардың ай мен күнге табыну салтының ел арасындағы сарқыншақтары екендігін көрсетеді.

Жалпы корей тарихын алып қарайтын болсақ, олардан да қазақтар сияқты тотемге және тәңірге табынғанын байқауға болады. Корейлердің этногенезі туралы жазылған «Хвандангоги» атты еңбекте: «Адамзаттың атасы Баңбанның алғаш Аманмен жолыққан жері Арыс деп аталады, түсінде күн тәңірдің уағызымен некеленеді, содан тоғыз Хуан (桓) әулеті тараған» [1, с. 6]; «...Сонымен Хуан батыр үш мың елін бастап Тайбайшань тауының төбесіндегі киелі ағаштың түбіне түседі, оны «Шэнши» («神市») деп атайды, Хуан батыр «Тәңір патшасы» («天王») деп атайды; «...Тәңірдің әмірімен император болған Данчжун Ванчжиянь, Шэншидың ескі режимін қалпына келтіріп, Асыдадан астана салып, мемлекет атын Чосон (朝鮮)» деп қойды» [14]. Біз қазірше бұл аңыздың шынайылығын анықтамай-ақ қояйық, бірақ оның аңыз етіп отырғаны ертедегі корейлердің тәңірілік танымы екендігі шүбәсіз шындық. Осыдан ертедегі корейлердің өздерінің этногенезін көктен түскен деп санайтындығын білуге болады. Ал қазақтардың этногенезі болған хұндар мен үйсіндер де өздерінің ата-тегін күннен жаралған деп санағаны белгілі. Жоғарыда баяндалған «昆» - «kun» деген ұғымдар соны көрсетеді. Сондықтан бұларды ерте замандағы корейлер мен қазақтардың өздерінің этногенезі жөніндегі танымдарындағы ортақтық деуге негіз бар.

Корея ғалымдарының зерттеуіне жүгінер болсақ, ерте замандағы Корея (Чосан) Махан, Джинхан және Бйонхан деген үш елден құралады екен [1,51].

«Хвандангогиде»: «алғаш аспан астындағы жерді бөгенде үш корейге біртұтас бөліп берген, үш корейге бес әулет, алпыс төрт тайпа болған»; «Тоғыз хуандардың барлығы үш корейнің жерінде болған, патшасының атауы Хванджун-Ванчжиянь деп аталған» [10, с. 186] деп жазылған. Бұдан ерте замандағы Корейнің мемлекет басқаруы үштік жүйеден құрылғанын байқауға болады. Ал қазақтардың арғы тегі хун, үйсін, қаңлы, түрік, тіпті Қазақ хандығы да үштік басқару жүйесін қолданғаны белгілі. Сондықтан, аталмыш екі халықтың кезінде қолданған саяси жүйесі де бір-біріне өте жақын болған деп айта аламыз.

Ерте замандағы корейлер күн тәңірін қатты құрметтеп табынған. «Гао ли ба гуань чжи» деген деректе: «Үш құдай бар, оның бірі жоғарғы әлемнің құдайы, оны Тәңір (Тянь) иесі деп атайды, ол ең жоғары билік құзыретін жаратады; екіншісі астыңғы әлемнің құдайы, оны Жер иесі деп атайды, ол ізгілік күдірет күші, табиғат әлемі, сан мыңдаған материалға (өсімдіктерге) жан бітіретін жақсылықтың тұлғасы; ортаншы құдай «Тай» («太») иесі деп аталады, ол шексіз этика-мораль бағыштайды, сөйлемейді, бірақ сан мыңдаған материалға әдемілік сыйлайды, әсемдік күдіретінің тұлғасы болып табылады» [1, с. 54] – деп жазылаған. Демек, бұдан ертедегі корейлердің әлем үш белдеуден құрылады деген көзқарасын көреміз.

Түріктерде де осы сияқты ұғымдар болған. Мысалы, «Түрік құлпы тасында»: «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер аралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Істемі қаған [таққа] отырған. [Таққа] отырып түрік халқына, еліне, төріне (билік) тұтқа болған, қалыптастырған. Төрт тараптағылар қарсы жау болған. Қол аттандырып төрт тараптағы халықты бағындырып, иеленген. Бағындырып бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген. Ілгері /шығысты/ Қадырхан жынысына дейін (Қытайшада «Дасинанлинге дейін» деп аударылған. Н.М.), кері (батысы) Темір қақпаға дейін қондырған» [1, с. 51] – деген жазу бар. Бұл жазбадан түріктердің дүниетанымына көз жеткіземіз. Олардың танымында, әлем «көк – аспан, жер және адам сынды үш қабаттан тұрады. Оның ішінде Тәңір (Тянь) бөрінен маңызды. Жер де көшпелілер үшін тіпті де қасиетті, маңызды болған. Өйткені олар жердің жұмағын іздеп, шөбі шүйгін суы мөлдір даланы іздеп, кең-байтақ сахарда көшіп-қонып өмір сүрген. Ал көк пен жердің ортасындағы адам баласы Тәңірдің ұйғаруында болады, қағандардың өзі де Тәңір таңдауымен таққа отырады, ел билейді. Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, ерте замандағы корейлер мен түрік – қазақтардың тәңірлік ұғымындағы, ойлау жүйесіндегі жақындықтарды анық байқаймыз.

«Хвандангогиде»: «Аспаннан түскен Данчжун Гао Лезия...»; «Донмин гоның Гао Доумоханы елші жіберіп былай деді: мен Тәңірдің ұлы (Тяньзы) боламын...»; «Патшалардың барлығы Тәңірдің пақыры» [99] деген мәліметтер корей деректерінде көп кездеседі. Ал «Түрік құлпытасында» да мынадай сөздер ойып жазылған: «Тәңір текті, Тәңір жаратқан Түрік Білге қаған бұл заманда [таққа] отырдым»; «[Түрік халқы] жойылып бара жатты. [Сол кезде] жоғарыда Түрік Тәңірісі, Түріктің киелі Жері, Суы былай депті: «Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп», әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-біліге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті»; Тәңірі текті, Тәңір жартқан түрік Білге қаған өзім» [10, 256]. Міне, бұл деректердің барлығы ерте замандағы корейлер мен қазақтардың тәңірлік ұғымының ортақтығын көрсетеді.

Корестер мен қазақтарда ұқсас тәңірлік ұғым болған екен, оларда міндетті түрде ұқсас табыну әрекеттерінің болатыны сөз, бұған ешкім күмәнданбайды. Мысалы, «Династия жазбалары» («朝代记») атты деректемеде: «Ертедегі ғұрып-әдетте жарықты құрмет тұтатын, күнді тәңір, аспанды ата-баба санайтын, оған күллі халық шүбәсіз сенетін, күн шыққанда, батқанда оған қалтықсыз табынатын. Күн деген жарықтың қайнары, үш тәңірдің – құдайдың тоғысқан жері, адамдарды мәңгі нұрға бөлейді, тәбиғатты түрлендіреді, азанда бәрі Шығыс тауына шығып тәу етеді, Батыс өзенге барып жаңа туған айға табынады»; «Асыданы астана етіп құрылып, мемлекет атын Чосан деп қойған тұңғыш патша - Хвандан, Асыда – үш құдайға тасаттық беретін орын»; «Қазанның үшінші күні Байдиншань тауына

(Ақбастауға) шығып Тәңірге және Шэншиға тасаттық беру – ертеден келе жатқан әдетіміз болған» [1, с. 54] – деп, жазылған. Осы деректерден ерте замандағы корейлердің Тәңірге табынатын тұрақты орны мен уақыты болғаны анықтап отыр. Кейбір деректерде олар «Шэншиден бері әр рет тасаттық бергенде, ел ішінде зор жиналыс болып, жиналған жұрт біркелкі дауыспен мадақ әнін айтып, жарасымды түрде Тәңірге рахмет айтады»; Тәңірге тасаттық берген күні «алыс-жақындағы ер-әйелдердің барлығы өздері өндірген өнімдерін сыйға тартып, сырнайлатып ойын-сауық құрады, шағын бектіктердің барлығы жергілікті заттарын тарту етеді» [1, с. 61] – деп айтылады. Өйткені олар «Тәңір жамандық қылғандарға апат жібереді, ізгілік істегендерге бақыт сыйлайды» – деп түсінген. Бұл да жоғарыда келтірілген хұндардың «жылдың жаңа айында барлық тайпа басылары тәңірқұт ордасына, ғибадатханасына жиналады. Маусым айында Лоңчэн қамалына зор басқосу өткізіп, ата-баба аруағына, тәңірге, жерге, ие-киелерге тасаттық береді, күзде жылқы семіргенде, Тилинде зор жиналыс өткізіп, мал басын есептеп салық тапсырады» деген салытымен сәйкес келеді. Бұл мәліметтерден, ертедегі корейлер мен хұндардың зор жиналыс өткізіп тасаттық берулері белгілі дәрежеде саяси сипат алатынын көрсетеді. Сондықтан олар зор көлемде бас қосып тасаттық бергенде «күллі шағын елдердің барлығы жергілікті заттарын ұсыну» мен «мал басын есептеп салық тапсыруылары» - саяси жақта бағынышты екендерін білдірудің бір тәсілі болып табылады.

Қорытып айтқанда, жоғарыдағы пайымдаудан мынадай қортынды шығаруға болатын сияқты: ерте замандағы қазақтар мен корейлерде ұқсас төтемдік сана, тәңірлік ұғым және тәңірге табыну іс-қимылдары болған. Сондықтан олар өздерінің этногенезін «Тәңір» («Tian - 天»)-ден қарастырған; олардың елдерінің ең жоғарғы билеушілері Тәңірдің тағайындауы бойынша таққа отырған деп саналған; әлем үш қабаттан тұрады әрі бір-бірімен үндес келеді деп түсінген; табиғат және адам апатынан сақтану үшін және бақытқа кеңелу үшін Тәңірге тасаттық беріп, тілек тілеу, тәу етіп, табыну қажет деп санаған және солай істеген-ді. Міне, бұндай тәңірлік ұғымдар мен тәңірге табыну әрекеттері корей мен қазақ халықтарының ежелгі мәдениетіндегі ортақтықтарды дәлелдейді.

Әдебиеттер

- 1 桂延寿. 桓檀故记 . 马韩世家上. (337) – Сеул, 74.
- 2 何星亮. 图腾与中国文化. – 南京: 江苏人民出版社. – 2008, (614) 6.
- 3 希罗德德. 历史. –北京: 商务印书馆. – 1959, (720) 455.
- 4 苏北海. 哈萨克族文化史. 乌鲁木齐: 新疆大学出版社– 1989 (554, 108.
- 5 王炳华. 新发现的阿勒泰岩画考述. 乌鲁木齐. 新疆社会科学.– 1986.–№ 5, 67.
- 6 Самашев З., Төлеубаев А., Джумабекова Г. Дала көсемдерінің қазынасы / Treasures of the Steppe Chieftains. – Алматы, ОФ «Берел». – 2004, 176 б .
- 7 司马迁. 史记. – 北京: 中华书局. – 1997, (854) 731.
- 8 田继州. 少数民族与中华文化. 上海人民出版社. – 1996, (830)150.
- 9 林幹. 匈奴史. – 呼和浩特: 内蒙人民出版社. – 1976, (196), 3.
- 10 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. –Астана: Күлтегін, 2005. (360)187.
- 11 令狐德芬等. 周书. 西域传下. – 北京: 中华书局. – 1997, (240) 234.
- 12 魏徵. 隋书. – 北京: 中华书局. – 1997, (486), 476.
- 13 Қайрат Қабитханұлы. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Пекин: Ұлттар баспасы. – 2011, (204) 54.
- 14 Kim Jung Min (金政敏): Что такое Чосон (朝鲜Chaoxian).– Қолжазба.

Refertnces

- 1 Gui Yanshu. Huan tan gu ji. Ma Han shi jia shang . – Seul. (p 337). P 74.
- 2 He Xingliang. Tu teng yu Zhong guo wen hua. – Nanjing: Jiangsu ren min shu ban shi. – 2008 (p 614), p 67

- 3 Herodotus. *Historiae*. - Beijing: Shangwuyin shu guan. – 1959 nian (p 720), p 455.
4 Su Beihai. *Ha sa ke zu wen hua shi*. – Urimzhi: Xin jiang da xue shu ban shi. – 1989 (p 554), p 108.
5 Wang Binghua. *Xin fa xiande Aletai yan hua kaoshu*. - Urimzhi: Xin jiang shi hui kexue. – 1986. – № 5. – p. 67.
6 Samashev M., Toleubaiev A., Zhumabekoba G. *Dala kosemderining haznase / Treasures of the Steppe Chieftains/*. - Almaty: OF Berel. – 2004. – p. 176.
7 Sema Qian. *Shi ji*. -Beijing: Zhong hua shuji. -1997 (p 854), p 731.
8 Tian Jizhou. *Shao shu minzu yu Zhong guo wenhua*. – Shanghai: Renmen shu banshi. – 1996 (p 830). – p. 150.
9 Lin gan. *Xiong nu shi*. – Hou hehaote: Renmen shu banshi. – 1976 (p. 197). – p. 3.
10 Zholdasbekov M., Sarthojia H. *Orhon eskertkisherining toleh Atlase*. –Astana: Kultegin. – 2005 (p. 360). – p.187.
11. Ling Hudefen. *Zhou shu*. -Beijing: Zhong hua shuji. – 1997 (p. 240). – p. 234.
12 Wei Zheng. *Sui shu*. -Beijing: Zhong hua shuji. – 1997 (p. 486). – p. 476.
13 Harat habithanuly. *Qazakh mifologiaseneng tildegi korinisi*. -Beijing: Ulttar baspase. – 2011 (p. 204). – p. 54.
14 Kim Jung Min. *Shtuo takoye Chaoxian*. Holjazba.

МУКАМЕТХАНУЛЫ Н.

(профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби, д.и.н.)

ОБ ОБЩНОСТИ ВЕРОВАНИЙ КАЗАХОВ И КОРЕЙЦЕВ (на основе письменности «Хвандангоги»)

Резюме

В данной статье приводятся доказательства сходства верований кочевых тюркских племен участвовавших в этногенезе казахов и древних корейцев на основе их сравнительного изучения. В качестве примера можно привести схожие традиции и церемонии поклонения солнцу, луне и др. силам природы, существовавшие у двух древних народов и свидетельствующие о близости их мышления и мировоззрения.

Кілт сөздер: тотем, луна, солнце, всевышний, бог, преклонение.

MUKHAMETKHANULY N.

(Professor of Al-Farabi Kazakh
National University, Doctor of Historical Sciences)

ABOUT COMMON BELIEFS OF KAZAKHS AND KOREANS (based on “Khwandanghoghi” writing)

Summary

This article provides the evidence of beliefs similarity at nomadic Turkic tribes participated in the ethnogenesis of the Kazakhs and the ancient Koreans, based on their comparative research. For example, similar traditions and ceremonies of worshipping the sun, moon and other forces of nature which existed at these two ancient peoples, evidence about the proximity of their thinking and world outlook.

Keywords: totem, moon, sun, most high, god, worshipping.

ҒЫЛЫМИ ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫНАН ИЗ МАТЕРИАЛОВ НАУЧНОЙ ЭКСПЕДИЦИИ MATERIALS OF SCIENTIFIC EXPEDITION

«Жүз ауыл, жүз қария, шежіре, ою-өрнек» бағдарламасы бойынша 2013 жылдың аяғы мен 2014 жылдың басында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары еліміздің барлық дерлік аймақтарына этно-тарихи экспедициямен шықты. Соның арқасында жинақталған материалдар негізінде І. Ісләмовтың шежіресін ұсынып отырмыз.

ІСЛӘМОВ І.


(шежіреші)



Ісләмов Ібраһым (Жақан) – 1947 ж. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде туған. Мамандығы дәрігер, Қарағанды медицина институтының түлегі (1970). Өлкетанушы, аудармашы, халықаралық жазушылар одағының мүшесі. Қыыр Шығыста әскери дәрігер (1970-72), Жаңаарқа аудандық және тораптық ауруханаларында учаскелік дәрігер, өндірістік дәрігер, амбулатория, емхана меңгерушісі, терапия бөлімінің меңгерушісі, бас дәрігердің орынбасары (1972-92) қызметтерін атқарған. Міндетті медициналық сақтандыру мекемесінің Жаңаарқадағы филиалының директоры (1995-97), Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары (1992-95, 1997-2006) болып істеген. 2006-2011 жж. Қарағанды облысы Абай ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2011 жылы зейнеткерлікке шықсымен, әуелі Абай аудандық газетінің редакторы болып еңбек етіп, кейіннен Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау мұражайына қызметке ауысты. Бүгіндері сол мұражайда директордың орынбасары қызметінде. Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайын, Шет ауданына қарасты Өспен ауылындағы өлкетану мұражайын ұйымдастырған. Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау мұражайын және Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығын қалыптастыруға белсене атсалысқан. Жезқазған облыс орталығы болып тұрған кезде облыстық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі болған. Жаңаарқа аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, Республикалық партияның, кейіннен «Отан» партиясы аудандық комитеттерінің төрағасы, Қарағанды облыстық ономастикалық комиссиясының мүшесі сияқты қоғамдық жұмыстарды атқарған. Жас кезінде спортпен шұғылданған. Ауыр атлетикадан спорт шебері атағына үміткер болған. 1966 жылы өз салмағында Қарағанды облысының чемпионы, жастар арасында республика біріншілігінің күміс жүлдегері атанған. Қаламгер ретінде «Алтай шежіресі» (1997), «Жаңаарқа тарихы» (Ж. Артықбаев, Т. Аршабековпен бірге, 1999), «Атыңнан айналдым, Жаңаарқам» (Ж. Оспанмен бірге, 1999), «Өспен, ел мен жер шежіресі» (Ж. Оспанмен бірге, 2006), «Ақтау бекінісі» (Т. Аршабековпен бірге, 2007), «Туған жер тынысы» (Ж. Оспанмен бірге, 2008), «Қасиетті мекен - Қарағаш» (Ж. Оспанмен және С. Балташовпен бірге, 2009), «Жыр арқауы - Жаңаарқа» (Ж. Оспанмен бірге, 2009), «Майдангерлерге тағзым» (екі тілде, Ю. Демьяновамен бірге, 2010), «Ақтауым - атамекенім» (Ж. Оспанмен және М. Әнуарұлымен бірге, 2010), «Жер жаннаты - Жаңаарқа» (Т. Аршабековпен және М. Қожахметпен бірге, 2011), «Қарлаг» (екі тілде, И. Кондрашовпен бірге, 2011), «Атамекен - Ақтүбек» (Б. Рахымовпен және Ж. Оспанмен бірге, 2011), «Жаңаарқа ауданының топонимикасы» (Т. Аршабековпен және М. Жакинмен бірге, 2011), «Ортауым – алтын бесігім» (Ж. Оспанмен бірге, 2013), «Қарлаг тұтқынындағы діни қызметшілер – Священнослужители – узники Карлага» (екі тілде, 2013), «Роль

репрессированных в развитии Карагандинского угольного бассейна» (орыс тілінде, М. Козминамен бірге, 2013) кітаптарының, «Жаңаарқа» энциклопедиясының (2009) авторы. Жаңаарқа ауданының тарихын баяндайтын көлемді кітабы Астанадағы «Фолиант» баспасында жатыр. Орыс тілінен қазақшаға аударған үш кітабы бар. Әңгіме, мақалалары мен публицистикалық материалдары «Жұлдыз», «Өмір», «Азия-Транзит» журналдарында, республикалық, облыстық, аудандық газеттерде жарияланған. ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен, мерекелік медальдермен марапатталған.

МАМАДАЙЫР – МАМАШЫҚ РУЛАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ



Мамадайыр, Мамашық рулары туралы аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер:

Бұл рулар туралы ертеден келе жатқан мынадай әңгіме бар: жаугершілік заманда жоңғар қолына қарсы жорыққа шыққан Арыстаннан туатын тоғыз батырдың бесеуі ұрыс үстінде қаза тауып, Мамадайыр, Мамашық, Тоғызак, Барқы қолға түскен. Қалмақтың тұтқынынан жалғыз ғана Барқы құтылып шыққан. Тез арада Арғынның басқа батырларына хабар жетіп, олар төрелердің бастауымен қол жинап келіп, жоңғарды шауып, Мамадайыр мен Мамашықты құтқарып алған. Содан Арғынның басқа балалары елге қайтқанда, Мамадайыр мен Мамашық қалмақтардан кек аламыз деп, төрелердің төңірегінде қалып қойған. Мамадайыр төренің Күнай деген қызына үйленіп, ұрпағы өсіп-өніп, «үш арыс Мамадайыр» атанған рулы ел болып, Қарқаралы жерін тұрақтаған.

Мұрағаттық деректер бойынша, Мамадайыр, Мамашық ұрпағы Әбілпейіз сұлтанның қоластында болған. 1757 жылы сұлтанмен бірге Түркістандағы Созақ өңірінен Шұбартау-Емелтау-Шыңғыстау аймағына қоныс аударған. Мамадайырдың Мұғұл атасы Созақ жерінде қалған. Тоғызактар Тәуекел, Есім хандардың тұсында Тәшкент маңайына көшірілген.

XIX ғасырдың екінші жартысында Мамадайыр – Мамашық ұрпағы Қарқаралы уезінің Шұбартау болысында (1878 жылға дейінгі атауы – Төлеңгіт болысы) шоғырланды. Қарқаралы уезінің 22 болыстарының ішінде халық саны бойынша Шұбартау болысы 4-ші орында болды. 1897 жылғы мәліметке сәйкес болыстың 11 ауылында 8376 адамнан құралған 1900 шаңырақ болған. Болысты әр рудан жиналған төлеңгіттер мекендеген, бірақ негізгі бөлігін мамадайырлықтар құраған. Болыс басшылығы көбінесе осы рудың өкілдерінен сайланған. Қыстаулары: Қосжауыр, Шұбарайғыр, Жауыр, Түндік, Таскүнгеі, Қызылсаяқ, Қызыладыр, Төбесу, Қарабұжыр деген жерлерде болған.

Мамадайырлардың бір тобы Кіші жүз жеріне көшіп кеткен. Олар «Атырау төлеңгіттері» немесе «төре төлеңгіттері» деп аталады. 1810 жылы олар Қарабай сұлтанмен Жайықтан алғаш болып өтіп, Ішкі Ордадағы Бөкей сұлтанның қоластына кіреді. 1801 жылы Бөкей сұлтан император І- Павелдің келісімімен Еділ мен Жайық өзендері аралығынан (1771 жылға дейін қалмақтар жайлаған) Ішкі Орданың негізін қалаған. 1812 жылы сұлтан Бөкейге хан мәртебесі берілгеннен кейін, Ішкі Орда - Бөкей ордасы немесе Бөкей хандығы деп аталатын болды. Бөкейдің өзі де төлеңгіт руының қызына үйленген [С. Сүйінов «Бөкей Ордасы» А., 200. 60-б]. Бөкей хан, кейін оның баласы Жәңгір хан бөліп берген жерлердегі төлеңгіттер руға біріккен. Өздеріне тиесілі жерлерін алған төлеңгіттер, сол отырған жерлеріне

қарай Ұялы төлеңгіті, Сасықтау немесе Қойқын төлеңгіті деп атала бастайды. Ішкі Ордаға қызмет жасаған Мамадайыр руына: ел ішінде Қарабай төренің «бес шалы» деп аталған - Алдасай, Қырғызак, Қалыбай, Сәдібек, және Шеркешбайдың ұрпақтары кіреді. Осы рудың ішінен шыққан, ел өмірінде елеулі із қалдырған белгілі адамдары: қазақ мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, күйші - сазгер Дина Нүрпейісова, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, академик Хисметолла Үкібаев, қазақтың көрнекті жазушысы, әдебиет сыншысы Зейнолла Серікқалиев, медицина ғылымдарының докторы, профессор Қыдырқожа Жаманқұлов және басқалары.

Бораннан – Жанқозы.

Жанқозыдан – Жандос.

Жандостан – Артық, Тайжан, Мейрамбай, Мұқаш, Күзенбек.

Артықтан – Байжиен, Көгенжол.

Байжиеннен – Тұрысбек, одан Тілеукең, Тұрарбек, Оралбек.

Тұрарбектен – Бауыржан, Біржан, Мәди.

Оралбектен – Нұржан, Ержан.

Көгенжолдан – Үйсінбай, Тұрғанбай, Тұрсынбай.

Тұрғанбайдан – Қабдолла.

Тұрсынбайдан – Әскербек, одан Шалқар, Мұхит, Мұқтар.

Мұқаштан – Қасымжан, Мәрлен, Совет.

Қасымжаннан – Нұржан, Еділ, Ертай, Ерлан, Жайық, Мәулен, Ержан, Нұрлан.

Нұржаннан – Мерей.

Еділден – Абылай.

Ертайдан – Талант, Асылан.

Ерланнан – Рауан, Думан, Роллан, Аңсаған.

Жайықтан – Нұрсұлтан.

Мәуленнен – Жарқын.

Ержаннан – Елдос.

Нұрланнан – Айдос, Жандос, Алмас.

Мәрленнен – Ұлан, Арарат, Медет, Қайрат, Талғат, Болат.

Арараттан – Парасат.

Қайраттан – Саят, Самат.

Талғаттан – Жәнібек.

Болаттан – Мұратжан.

Советтен – Бауыржан, Руслан, Еркебұлан.

Бауыржаннан – Мағжан, Марғұлан.

Еркебұланнан – Әділет, Айбар.

Боранға дейінгі 3-4 аталары ұмыт болған Мамадайыр ұрпақтары:

1. Оңғарбайдан – Әміре, одан Тауық, Әзімхан, Кенже, Сейілхан.

Тауықтан – Жеңіс, Серікболат.

Серікболаттан – Серік, Берік.

Әзімханнан – Ералы, Валерий.

Кенжеден – Болат, Қайрат.

Сейілханнан – Нұрқайла, Меңдіғали.

Меңдіғалидан – Арман, Нұрлан, Ерлан.

2. Дөненбектен – Әбдібек, Тұмарбек, Шынарбек.

Әбдібектен – Фазыл, Мелс, Асылхан.

Фазылдан – Шыңғыс, Сырым, Айдын, Ғалым.

Ғалымнан – Жанболат.

Мелстен – Дәулетхан, Мейірхан, Медғат, Уәлихан.

Дәулетханнан – Олжас.

Медғаттан – Думан, Медет.

Тұмарбектен – Науман.

Шынарбектен – Нұрасыл, Дархан, Асылжан, Фазылхан, Даниял,
Кенжехан.

Фазылханнан – Нұрсұлтан, Нұрлыбек.

3. Ыстыбайдан – Егінбай, Жанқозы, Мамырбай, Тақыбай.

Мамырбайдан – Нұрмағанбет, Досмұханбет, Ешмағанбет,
Шаймағанбет, Баймағанбет.

Нұрмағанбеттен – Базар, Жаңылхан.

Досмұханбеттен – Әбуғали.

Ешмағанбеттен – Мақсұт, одан Ахмет, Советбек.

Баймағанбеттен – Тәттіғали, одан Жеңісғали, Кенже.

4. Шаншарбай, Игенбай, Әзімбай.

Әзімбайдан – Адам, Омар (*егіз туады*).

Адамнан – Қордабай, одан Қабдырахман, Қабден, Әбдіуәли,
Бауыржан, Қыбыкен.

Маңдайдан – Жалаңтөс, Ақтөс.

*Жалаңтөс пен Ақтөс батырлығымен және өзара татулығымен ел есінде қалып,
«Екі төс» атанған. Ұрпақтары Қарақұм, Саяқ, Балқаш, Емелтау, Сарқан,
Шұбартау, Алакөл, Түлкілі, Тасарал, Болай жерлерін мекендеген.*

Жалаңтөстен – Қайзақ, Байзақ, Сармырза, Тілеу (Тіленші).

*Жалаңтөс батырдың ұрпағы қоныстанған жерлеріне байланысты «қыр
жалаңдары» және «ой жалаңдары» деп екіге бөлінген.*

Сармырзадан – Есенбай, Татан, Шоңай.

Есенбайдан – Қосыбай, Сәдірбай, Бектас.

Сәдірбайдан – Молдаш, Майтар, Бөленді, Итеке.

Бөлендіден – Рақыш, Сақыш.

Итекеден – Ұзақбай, Серік.

Татаннан – Есенгелді, Дәуітбай.

*Дәуітбай малы көп, дәулетті адам болған. Қарақұм, Саяқ, Балқаш өңірін
мекендеген.*

Дәуітбайдан – Түтқыш, Шалабай, Бойдай.

Түтқыштан – Ерденбек, одан Оспанбек.

Оспанбектен – Тайтөлеу, Байтөлеу, Битөлеу, Алтай.

Тайтөлеуден – Медет.

Байтөлеуден – Тақыр.

Битөлеуден – Бекен.

Алтайдан – Әлімбек, Мейірхан, Нұрлыхан, Сейілхан, Болатбек.

Шалабайдан – Арап (Итаяқ), Кенбай, Көлбай.

Шалабай бай адам болған. Баласы Кенбайды болыстыққа сайлатқан.

Араптан – Ерғазы, Серғазы.

Серғазы 1889 жылы Шұбартау болысы №7 ауылдың биі болып сайланған.

Серғазыдан – Балуанша, Шайқы, Қожақан.

Балуаншадан – Тұрысбек, одан Қабдолла.

Қабдолладан – Серікболат, Есболат, Сәкен.

Шайқыдан – Жұмағали, одан Киікбай.

Киікбайдан – Серік.

Қожақаннан – Нұрсәлі, одан Қуандық.

Кенбайдан – Мейрамғазы, Нүрпейіс.

Мейрамғазыдан – Жұмағұл, Ботай, Нығай, Сүлеш, Райхан.

Ботайдан – Берікбол, Әнуар.

Берікболдан – Тілеуберді.

*Мейрамғазы Берікбол Ботайұлы 1949 жылдың 10 қазанында Қарақұм қонысында
дүниеге келген. 1975 жылы Шымкент педагогикалық – мәдениет институтының*

музыка және ән сабағының оқытушысы мамандығы бойынша бітірген. Балқаш педагогика училищесінің хор және музыка теориялары кафедрасының жетекшісі, музыка факультетінің меңгерушісі, Абай атындағы № 2 лицейдің көркемөнер орталығының жетекшісі қызметтерін атқарған. «ҚР Оқу ісінің үздігі».

Әнуардан – Аян.

Сүлештен – Жағыпар, одан Данияр

Райханнан – Жақан, одан Мақсат, Зауыр.

Нүрпейістен – Ыбырай, Абай, Мақыш.

Ыбырайдан – Мұқан.

Абайдан – Сәбетқали.

Мақыштан – Сәбетжан.

Көлбайдан – Алпысбай, одан Мүбәрак.

Мүбәрактан – Серік, одан Сағынай.

Бойдайдан – Мамырбай, Қамысбай.

Мамырбайдан – Қойшыбек, одан Нұрмағанбет.

Нұрмағанбеттен – Нарымбек.

Қамысбайдан – Тезекбай, Әбеу.

Тезекбайдан – Қуанышбай, одан Шоқы, Әділ, Әзіл, Әзен.

Әбеуден – Ырғалбек, Әлібек, Дәрімбек, Бакытбек.

Шоңайдан – Байсақ, Апырбай.

Байсақ батыр болған. Ағайыны Тіленші батырмен бірге Емелтауда жерленген.

Байсақтан – Беделбай, одан Шөптеміс, Асылбек, Ақылбек, Жарқынбек,

Күсбек.

Шөптемістен – Нұрғали, Мұқаш, Қалижан.

Қалижаннан – Смахан, одан Мұқтар.

Мұқтардан – Қайрат.

Асылбектен – Сыздықбек, одан Жәмия, Смет.

Сметтен – Құлтай, Көтай.

Ақылбектен – Қуанышбек, Қалиакпар, Мақан, Махмет, Қабдыләшім,

Қабдолла.

Қалиакпардан – Әлімхан, Қаһарман.

Әлімханнан – Мақсат, Медет, Манат, Талғат.

Қаһарманнан – Жанар, Жасұлан, Асхат, Хамит.

Қабдолладан – Түрсынбек, одан Кәрімтай.

Күсбектен – Түсіпбек, одан Түрсынбек.

Апырбайдан – Райымбек, Омар, Бекше.

Райымбектен – Төлеутай, Қамлыш, Қалиман, Нұрмағанбет, Нарманбет.

Омардан – Қуандық, Жүніс, Жәми, Жақып.

Қуандықтан – Кенжебай, одан Ақылжан, Шоқан.

Бекшеден – Нұрбай, Абылай, Жобалай.

Абылайдан – Мұқатай, одан Арман.

Тілеуден (Тіленшіден) – Байболат, Бекболат.

Ағайынды екеуін халық «Қос батыр» деп атап кеткен. Тілеудің өзінің де батырлығымен аты шыққан.

Байболаттан – Байқотан, Сеңгірбай.

Байқотаннан – Мүсәпір, одан Елубай, Елубек, Төлеубек, Түсіпбек, Кәрібек.

Елубайдан – Ісләмғали, одан Төлеубек, Базарбек, Ниязбек, Болат.

Кәрібектен – Орынбек, одан Мамыр, Серік, Мақсат, Ақыл.

Сеңгірбайдан – Байқожа, Тайқожа, Сыйқымбай.

Сыйқымбайдан – Жасақбай, Масақбай, Ақмади.

Жасақбайдан – Дүйсебай, Дүйсеқай.

Дүйсебайдан – Рысбек, одан Төлеуғали, Өмірғали, Кенжеғали.

Төлеуғалидан – Ержан, Бакытжан.

Дүйсеқайдан – Сағынғали, одан Сағат, Жомарт, Талғат, Жанат.
Масақбайдан – Жұмақан, одан Сабырхан, Самалхан, Әуесхан, Өмірхан.
Ақмадидан – Бейсебай, Исабай.
Бейсебайдан – Мұқан, Сусын, Нұрақым.
Сусыннан – Марат, Мұрат, Болат, Талғат, Жанат.
Мұраттан – Руслан.
Болаттан – Қайрат, одан Санжар.
Талғаттан – Данияр.
Нұрақымнан – Дәулет, Бақытжан, Бақытберген, Бауыржан, Біржан.
Дәулеттен – Әліби, Бексұлтан.
Бақытжаннан – Жәнібек.
Бақытбергеннен – Шыңғыс, Айсұлтан.
Исабайдан – Сағынтай.
Ақтөстен – Өмірзақ.
Өмірзақтан – Төлек, Сары, Қара, Торы, Жанжігіт, Ақжігіт, Байжігіт, Тауасар,
Абден, Шуан (Қосжетер), Сабаншы.

1. Төлектен – Ботантай, Тоқбай, Таймас, Бесбай, Ботақара, Шешенқара,
Есбол, Досбол.

Төлектің ұрпағы Шұбарайғыр тауының батыс жағын, Қалмақемел тауының күнгей бетін, Төре Төле басы, Мақаштың Қарашоқысы, Ботантай жазығы, Ақ бұйрат, Түкіс сияқты жерлерді мекендеген. Төлектің зираты Саяқ кенті мен Балқаш қаласының аралығындағы «Жаға» деген жерде орналасқан.

Ботантайдан – Құлатай, Лау, Ыстыбай, Жанысбай, Асау, Тұңғышбай,
Шыңғысбай, Қаңтарбай.

Құлатайдан – Түкі, Мақаш, Жұман.

Түкіден – Балабек, одан Дөмегөй.

Мақаштан – Әубәкір, Қашқынбек, Есімбек, Шаймағанбет, Сәтбек, Саудабек,
Есбай.

Қашқынбектен – Оразбек, одан Шаймұрат, Аманкелді, Шаяхмет.

Шаймұраттан – Нұржан.

Аманкелдіден – Мұрат.

Шаяхметтен – Қайрат.

Есімбектен – Нарымбек, Сабырбек, Сләмбек, Мамырбек.

Сабырбектен – Мелс.

Мамырбектен – Болат, Бүлік.

Шаймағанбеттен – Болат, Ернар, Қаныш.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мақашев Шаймағанбет 1931 жылы Семей облысы Шұбартау ауданында дүниеге келді. 1970-1985 жылдары Шұбартау аупарткомының бірінші хатшысы қызметін атқарды. Екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған.

Болаттан – Берік.

Шаймағанбетұлы Болат – белгілі журналист, саясаттанушы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Ернардан – Ердос.

Саудабектен – Ділдахан, одан Айбек, Арна, Айдын.

Есбайдан – Дәрібек.

Жұманнан – Әлібек, Кәрібек, Төлеубек.

Әлібектен – Берікбай, Серікбай, Тілек.

Кәрібектен – Алтын, Бәкен, Инұр, Мақар.

Бәкеннен – Берік, Серік, Дәулет, Дәурен.

Инұрдан – Ерлан, Ербол, Айбек, Ерболат.

Мақардан – Манарбек, Асқар, Бекен, Сәкен, Мұқтарбек.

Жұманов Мақар Кәрібекұлы – 1936 жылы Семей облысы, Шұбартау ауданы

Қарабұжыр ауылында дүниеге келген. Семей облысындағы Аягөз ауданындағы «Ақшатау», «Қазақстан», Абай ауданындағы «М. Ауезов» атындағы және Шұбартау ауданының «Шұбартау» кеңісарларында бас экономист, бас есепші болып 40 жылдай қызмет атқарған.

Бекеннен – Жасұлан, Дастан.

Сәкеннен – Айдын, Нұрлыбек, Нұржан.

Мұқтарбектен – Нұрланбек, Мұратбек.

Нұрланбектен – Мейірбек.

Лаудан – Мекебай, Сәтбай, Үлбай.

Үлбайдан – Байжиен, Ордабай, Дайрабай.

Ыстыбайдан – Кемпірмолда, Жексенбі.

Кемпірмолдадан – Мұзаяқ, одан Орымбай, Әбдіғалым, Абдолла.

Жанысбайдан – Жәкібай, одан Төленді.

Төлендіден – Нұрлан, одан Данияр, Жанай.

Асаудан – Тоқтамбек, Тоқтарбай, Сәрсенбай.

Сәрсенбайдан – Жақан, Әміре.

Әміреден – Мұрас, одан Серік.

Шыңғысбайдан – Жатай, Жанғұтты.

Жанғұттыдан – Кенжебай, Омар, Қожабай.

Кенжебайдан – Жақсыбай, одан Аманжан, Серікжан, Айдар, Асқар, Сәкен.

Аманжаннан – Қайдар.

Серікжаннан – Дәурен.

Айдардан – Алматы, Жайдар.

Асқардан – Азамат.

Омардан – Қали.

Қожабайдан – Қондыбай, одан Рысбек.

Қаңтарбайдан – Итемер, Өскенбай, Майемер.

Майемерден – Нүрке, одан Ахмет, Бейсек, Сейілбек, Ақтай.

Сейілбектен – Шаймұрат.

Ақтайдан – Оралғазы, Сәбит.

Тоқбайдан – Құндақбай, одан Әлімбек.

Таймастан – Жабай, Байжиен, Назар, Иса, Мұса.

Байжиеннен – Базарбек, Базар, Ордабек, Ордабай (Өркей).

Базарбектен – Базылбек, одан Әшірбек.

Базардан – Назкен, Бейсенбек, Бейсенбай, Сәтбек.

Назкеннен – Руслан, Биташ.

Бейсенбайдан – Жанат, Мұрат, Марат, Талғат.

Мұраттан – Болат.

Ордабайдан – Амантай, Жұмағали, Бейсенғали, Дүйсенғали.

Мұсадан – Қыпшақбай, Ошақбай.

Ошақбайдан – Қабидолла, Қабдолла.

Қабидолладан – Бейсен, Серік, Берікбол, Ербол.

Бейсеннен – Рашид, Сергей.

Серіктен – Сафир, Еркеш, Ернұр.

Берікболдан – Абай.

Ерболдан – Андрей.

Ботақарадан – Берікқара, Серікқара, Ырысқара, Сейітбек.

Сейітбектен – Нұрымбет, Сембек.

Сембектен – Ыдырыс, Қали.

Ыдырыстан – Екпін, Бекен, Тілеуен.

Екпіннен – Рахат, Кәрім, Талғат, Асхат, Мақсат.

Рахаттан – Абзал.

Кәрімнен – Әсет.

Тілеуеннен – Құрмет, Медет, Дәулет.

2. Сарыдан – Балта, Қылыш, Түйте, Бегімбет.

Сары көріпкел, ойшыл, әруақты адам болған. Зираты Баршатас елді мекенінен 150 шақырым жерде тұрғызылған. Бұл зиратқа кейіннен інілері Қара мен Торы да жерленген. Сарының ұрпағы Қарауңгір, Қайыңды, Ешкіөлмес, Өгізтау, Бесбұлақ, Әмірсана, Қосжауыр тауларының баурайларын, Еспе өзенінің бойын, Шұбарқұдық, Қарасу, Қызылжол, Отынышыбасы, Қоқыш, Қаракемер, Нутерек, Үштоғыс, Досбиігі, Үшбұлақ, Ақылбайдың ақтамы деген жерлерді қыстап, жаз жайлауын Саздыбұлақ, Дөңгелек, Ақбұлақ, Саралақаз, Жылқыүріккен, Қайрақты, Тайсойған, Мұздыбұлақ, Сарыбосаға, Бесоба, Құнанишапқан, Шұрық атты жерлерде өткізген.

Балтадан – Қойбақ, Мыңжан, Қозыбақ, Салық.

Қойбақтан – Есенқұл, Беркімбаи, Қасабай.

Есенқұлдан – Есберген, Тасберген, Ералы, Жүнісбек.

Беркімбайдан – Мұсабай, Мұса, Исахан.

Қасабайдан – Нығызбай.

Мыңжаннан – Бишойын, Нұршойын.

Бишойыннан – Әбдіхат, одан Мырзабай.

Нұршойыннан – Әбдірахман, одан Сүлеймен.

Қозыбақтан – Бүркітбай, Диканбай, Бақберген, Тоқберген, Ақылбай,
Тышқанбай.

Бүркітбайдан – Аккүс, Сәду.

Диканбайдан – Итқұсты, Бикұсты, Нұрқұсты, Кенжебек.

Ақылбайдан – Оспанбай, Секербай, Оспан, Онарбай, Қапан.

Оспаннан – Қабылжан, одан Қайыржан, Құрметжан, Бақытжан, Саятжан,
Дәулетжан.

Құрметжаннан – Талант.

Бақытжаннан – Ұлан, Думан.

Саятжаннан – Сөкен.

Дәулетжаннан – Альберт, Медет.

Онарбайдан – Көрімтай, Көкен, Төкен.

Қапаннан – Қабылқадыр, одан Серік, Бауыржан.

Тышқанбайдан – Мәті, Ысқақ.

Мәтіден – Боранбай, Дауылбай.

Ысқақтан – Жамбыл, Әбеу, Әбдісәлім.

Әбдісәлімнен – Әсет, Сырым, Серік, Қадыр.

Әсеттен – Әділет, Роллан.

Сырымнан – Нұрахмет.

Қадырдан – Қуаныш.

Салықтан – Бәйменбет, Ысқақ, Имаш, Аманбай, Қызылбай, Кенжебай, Ақбай.

Бәйменбет – Байшойын, Сламбай, Дөңке, Жандар.

Байшойыннан – Әбікен, Байділда, Баукен.

Әбікеннен – Рукен, Мағрия, Русары, Әміржан.

Әміржаннан – Әділжан, Бауыржан, Әміржан, Жанай.

Байділдадан – Жолжан, одан Аманбай.

Аманбайдан – Ғайыпжан.

Баукеннен – Жаңатай, Төлеужан.

Жаңатайдан – Әзімжан, Қалижан, Асылжан, Қадыржан.

Жандарбектен – Міраш.

Қылыштан – Қожамжар, Отыншы, Бәйтiк, Жұмабай.

Қожамжардан – Ауғанбай, Келгенбай.

Ауғанбайдан – Әжік, Әмірбай.

Әжіктен – Махмет, Жүніс, Махметше.

Әмірбайдан – Әбдіхан, Ахметқали.

Ахметқалидан – Темірғали, Қайырғали, Еркін.

Темірғалидан – Талғат, Еркеғали.
Келгенбайдан – Баймағанбет, Нүркебай.
Баймағанбеттен – Тәңірберген, Жексенбай.
Тәңірбергеннен – Мұрат, Қуандық, Ринат, Қайрат.
Жексенбайдан – Жақытай, Нұрлан.
Нүркебайдан – Ақыш, Төлеген.
Төлегеннен – Құдайберген, Қапан, Аманкелді, Қасен.
Отыншыдан – Сүндет, Мақатай.
Сүндеттен – Ысқақ, одан Моқы.
Мақатайдан – Нұрмағанбет, Адамжүніс, Ақберлі, Түсіп.
Ақберліден – Әлімжан, Әбіжан.
Әбіжаннан – Серікжан, Ғалымжан.
Түсіптен – Әділхан, Қабжан, Жеңіс, Әбен, Сәкен.
Әділханнан – Ғалым, Бақытжан, Әлжан.
Әлжаннан – Талғат, Рахат.
Жеңістен – Есенкел, Мейрам.
Әбеннен – Мұхит, Мұқтар.
Сәкеннен – Қалкен, Нұржан, Ержан, Біржан, Ерлан, Нұрлан.
Түйтеден – Қонақ, Мүсіреп, Молдаберген, Әсіреп.
Қонақтан – Аллаберген, Әлімбай, Жеңісбай, Бөпебай, Әуесбай.
Әуесбайдан – Қалия, Базылхан.
Базылханнан – Бауыржан, Бақытжан.
Молдабергеннен – Бәлке, Шәлке, Татубай.
Әсірептен – Жарқынбай, Райымбай, Темірбай, Төлеубай.
Жарқынбайдан – Жетпісбай, Мұқтархан, Мұқтар.
Жетпісбайдан – Мырзахан, Молдахан.
Мырзаханнан – Рымхан, Болатхан.
Молдаханнан – Мұратхан.
Мұқтарханнан – Ерлан, Нұрлан.
Мұқтардан – Дәурен, Айдын.
Райымбайдан – Ахмет, одан Кәрімхан.
Кәрімханнан – Бақыт, Ахан, Асан.
Темірбайдан – Мұсабай, Мұсағұл.
Мұсағұлдан – Серікхан, одан Үмітхан, Өмірхан, Ербол, Есбол, Руслан, Нұрбол.
Бегімбеттен – Меңаяқ, Бижан.

Меңаяқ Бегімбетұлы 1871 жылы Шұбартау болысының басқарушысы болып сайланған. Бесбұлақ, Өгізтау атты жерлерді мекендеген. Зираты Бесбұлақта (қазіргі Қарағанды облысы Приозерный ауданына қарасты Айыртас селолық округінің жері). Бұл зиратқа Меңаяқпен бірге баласы Оспанқұл және қызы Жазық жерленген.

Жазық ақын Меңаяққызы (1826-1868 жж.) бала кезінде шешек ауруы салдарынан екі көзінен айырылған, бірақ тағдырына мойымай, жастайынан ақындық жолға түсіп, суырып салма ақындығымен елге танылады. Жазық өлеңдері Сарыарқа өңірі мен Жетісуға кеңінен таралады. Тіпті оның жырларын Омбының Генерал Губернаторының кеңсесіндегі Хохлов сияқты тілмаштары жатқа айтып жүргенін Қазақстанға жер аударылған поляк (кейбір деректерде - белорус) А.Янушкевичтің естелігінде айтылады.

Хан Кененің Жазыққа ақ бота сыйлаганы бар. Ол бота «Ақ бураға» айналады. Қазақтың тәуелсіздігі үшін он жылға созылған Кенесары қозғалысы Жазық қыздың жадында ұмытылмастай із қалдырады. Кенесарының өзі, оның Жазыққа ақ бота сыйлауы - ақынның жырларында әділ, ел қамын жеген хан бейнесінде

көрініс табады. Көтерілістің ішінде болған Мамадайыр, Мамашық ауылдарының бір тобы Алатауға қарай көшеді. Бұл оқиғалардың тарихы Жазықтың «Алатау - Дәнсу» толғауында көрініс табады. А.Янушкевич патша әкімдері мен қазақ сұлтандарының қысымымен рудың Алатау жаққа ауып барып тұрып келгені жөніндегі жырды қара сөзбен баяндаған. Жазықтың жыр толғауы туралы жазған Адольф Янушкевич, 1846 жылы “Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбаларында” Жазық акынның импровизаторлық өнеріне өте жоғары баға берген, осы А. Янушкевичтің кітабын бауырлары 1861 жылы Париж, 1875 жылы Берлинде поляк тілінде шығарған. 1966 жылы абзал жанды азамат Файна Стеклова орыс тіліне аударып, қазақ жеріндегі оқырманға паш еткен. Кейін 1979 жылы Мұқаш Сәрсекеевтің аудармасымен қазақ тілінде жарық көрді. А. Янушкевич өзінің жазбаларында үлкен өкінішпен бір қолдан жіберіп алған сәтті жазады, ол – жергілікті сұлтандар, басшылар жазыққа Кенесары туралы шығарған дастанын оқуға мүмкіндік бермегендіктері. Жазықтың екі өлеңін көрнекті орыс ақыны М.Цыбин орыс тіліне аударды. 1978 жылы Ленинград қаласындағы «Советский писатель» баспасынан Мұхтар Мағауин құрастырып шығарған XV-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының жинағы («Поэты Казахстана») жарыққа шығады. Міне, осы жинаққа Жазықтың басты іздеушісі болған Мұхтар Мағауин ақынның “Туған елді таныстыру”, және тағыда бір өлеңін кіргізіп, өмірінен қысқаша мәліметтер береді. Қарапайым халықтың ауыр тұрмысын, ел билеушілер мен патша шенеуніктерінің зорлық-зомбылықтарын жырға қосқан бұл екі өлеңін 1995 жылы Мерғали Ыбырайұлы қазақ тіліне аударған. 1999 жылдың 21 тамызында Шұбартау аудандық газетте Жазық жөнінде журналист Фабит Зұлхаровтың мақаласы жарияланады.

Меңаяқтан – Әлпи, Оспанқұл, Берлібай, Смағұл, Уғай, Исағұл,
Құтжан, Түрікбай.

Әлпиден – Қоқыш, Спан.

Қоқыштан – Тайжүніс, Мұхаметжан, Ахметжан.

Спаннан – Жүніс, одан Ақыл, Асыл, Бағдарсын, Ғалымжан.

Асылдан – Болатжан, Мұратжан, Тоғас, Айдос.

Бағдарсыннан – Дәркен, Жанболат, Болатбек, Серіккелді.

Ғалымжаннан – Шитен, Жомарт, Қасым, Қасыл, Төлеуахмет, Фазыл.

Оспанқұлдан – Боранқұл, Әбдірәсіл, Нұрақым, Мірәсіл, Бейсек, Әбдікей,
Нұртаза, Жәміш.

Оспанқұл Меңаяқов – 1856 жылы туып, 1907 жылы қайтыс болған. 1892-1898 жылдары және 1902-1905 жылдары Шұбартау болысының басқарушысы қызметін атқарған. Шұбартауда ауылдық мектеп ашқан, соғыс жесірлеріне және жетім балаларға ақшалай көмек көрсеткен. Далалық генерал – губернатордың бұйрығымен «құрметті шекпенмен» марапатталған. Оспанқұл өзінің жеке басына құрметпен сйлаған сый-сияпатты, малды қарауындағы тұрмысы төмендерге бөліп беріп отырған. Халық қатты құрметтеп, Оспанқұл атын атамай, «Осан» деп кеткен. 1898 жылы Қоянды жәрменкесінде туысы Ақмола уезі Ортау елінің болысы Қаңтарбай ұлы Иса болыспен кездесіп, Сайдалы-Арыстан ұрпақтары Мамадайыр, Мамашық, Барқы, Тоғызақ туралы Арғын шежіресін екі жақ болып жинақтап, бір жүйеге келтірген. Иса бір топ туыстарымен Шұбартау еліне келіп, жинақталған, арабша жазылған Арғын шежіресін және жүз қара көк атты сыйлыққа тарту етіпті. Оспанқұл мырза жүз атты бұл жеке адамға берген сый сияпат емес, елге берген сый деп, елге бөліп беріп, Исаның тобын көп сыйлықтармен шығарып салған.

1909-1911 жылдары Шұбартау болысын баласы Әбдікей басқарған.

Нұрақымнан – Аманкелді, Мұқтар.

Нұрақым Әлшиев – академик, Қырғызстан мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарған ғалым.

Мірәсілден – Төлеубек, Шынарбек, Рымбек, Мұратбек, Аманбек, Мұхамедия.
Төлеубектен – Әлібек.

Төлеубек Әлшиев – Астанадағы Күләш Байсейітова атындағы Академиялық опера және балет театрының президенті.

Шынарбектен – Алтай.

Рымбектен – Бекзат.

Мұратбектен – Әмір.

Аманбектен – Бекежан, Нұрлан.

Аманбек Әлшиев – кинорежиссер, халықаралық байқаулардың лауреаты, Қырғызстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері.

Мұхамедиядан – Алтынбек, Асылбек.

Берлібайдан – Қашжан, Есентай.

Смағұлдан – Құлабай, Қырымбай, Мұстағұл.

Уатайдан – Құлымбай.

Исағұлдан – Жақанбай, Арғынғазы, Төлеутай.

Исағұл Меңаяқов 1911-1913 жылдары Шұбартау болысының басқарушысы, 1913-1916 жылдары басқарушының орынбасары болған.

Бижаннан – Омарқұл, Әмірсана, Рахмет, Қалыш, Әзімбай.

Омарқұлдан – Әмірхан, одан Қасенхан, Биттейхан.

Әмірсанадан – Мүсих, одан Қадіржан.

Рахметтен – Сейітхан, Сейітбай, Әмірбай.

Қалыштан – Жөркен, Мұқтар.

Әзімбайдан – Тоқтамыс, Тәңірберген, Уәли.

Әзімбай Бижанұлы (1854-1922) – белгілі жырау, суырып-салма ақын. Би болған. Әзімбай ақын Жазық қыздың бауыры, қазақ-жоңғар соғысына арнап «Сарыарқа мәселесі» атты қиссасын, осы соғыстың атақты қолбасшыларының бірі, өзі батыр, өзі жырау Ақтамбердіге арнап «Ақтамберді - Жаскілең» толғау - қиссасын және «Қазақ зары» сияқты көптеген замана толғауларын шығарған жыршы, суырып салма - ақын. 19 –шы ғасырдағы қазақ жұртының зар мұңын жырлаған ақынның қисса дастандары, толғаулары ауыздан ауызға жалғасып, ел арасында кең тарап, Семей, Қарағанды, Кереку, Жезқазған, Талдықорған өңірлерінде аты шыққан белгілі ақын ретінде танылып, асқан әділ билігі үшін «жақсы Әзімбай» атанған. Толғау жырлары 1994 жылы «Ақтамберді Жаскілең» атты кітап болып бастырылып шықты. Әзімбайдың ақындығын Абай жоғары бағалаған. Зираты «Шұбарқұдық» қыстағында.

Тәңірбергеннен – Бақыт.

Уәлиден – Әділхан, Төлеу.

Төлеуден – Аманкелді, Марат.

3. Қарадан – Тыран, Дүйсенбай, Байсалбай, Шыңғысбай, Шүршітбай, Қасқа.

Тыраннан – Қаумен, одан Түсіп, Жақып, Әкімжан.

Түсіптен – Торғай, Ахмет, Қуат, Сасай.

Ахметтен – Нұртай, Мұқатай.

Дина Кенжеқызы Нұрпейісованың туып-өскен жері – Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Бекетай құмы деген жер. Топырақ Алматы қаласынан бұйырған. Әкесі Кенже де белгілі домбырашы болған. Атақты Құрманғазыдан бата алған Дина Нұрпейісованың күйлері: «Ана бұйрығы», «Бұлбұл», «Көген түп», «Байжұма», «Әсемқоңыр», «Тойбастар», «Меңдіқара», «8-наурыз», «Қосалқа», «Делезат», «Сталин», «Партия туралы күй», «Жеңіс», «Еңбек ері», «16-жыл» күйлерінде - қазақы күй сарынын сақтай отырып, өзінің тәкаппар өршіл рухына тән, бірде жедел де құйынды, бірде мәнерлі етіп орындап отырған. Халық өнерпаздарының 1937 жылы өткен республикалық байқауына қатысып, 75 жасында Мәскеуде өткен халық өнерпаздарының Бүкілодақтық бірінші байқауында, одан кейін 83 жасында 1944 жылы Тәшкенде өткен Орта Азия республикаларының өнерпаздары қатысқан онкүндікте Дина тағы да жүлделі орындарды жеңіп алады. Дина 1880 жылы Беріш ішіндегі Бесқасқа руынан шыққан Тұрманұлы Қанас деген жігітке тұрмысқа шығады. Қанас пен Динадан Нұрпейіс атты бір ұл туған. Алайда, алғашқы перзенті дүниеге келген соң Қанас көп кешікпей қайтыс болады. Дина ата салтымен қайын інісі Шәпекке

қосылады. Кейін ел ішінде санақ па, сайлау ма, әйтеуір бір тізім алу атай алмаған фамилиясының орнына Дина қайтыс болған тұңғышы Нұрпейістің есімін атаған. Міне, Динаның Нұрпейіс келіні атануының сыры осында).

Нұртазадан – Қасанғали, Қарабала (Жүз батыр), Ақкенже, Айса.

Қасанғалиден – Әжмұқан, Лияс, Мұса, Қайса, Уағиса.

Мұсадан – Серікбай, одан Ермек, Дулат, Ренат.

Қарабаладан – Мұхит.

Ақкенжеден – Құспан, Қисап, Ғинаят, Ысқақ, Сүлеймен.

Қисаптан – Исатай, Махамбет, Июньтай.

Исатайдан – Талғат, Жанат, Есет.

Махамбеттен – Мелс, одан Айбын.

Июньтайдан – Елнұр.

Ғинаяттан – Бекжан, Нұрбек, Идаят, Нұржан.

Ақкенжеев Бекжан Ғинаятулы 1962 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Атырау ауылшаруашылық техникумын бітірген. 1985 жылы Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласына келіп, мұнайшы кәсібін меңгереді. 1993-1996 жылдар аралығында механикаландырылған жөндеу шеберхана бастығы болып, 1996-2002 жылдар аралығында Ақтау қаласында гараж бастығы болады. Бүгінгі күні жеке кәсіпкер, мекеме бастығы болып жұмыс істейді.

Бекжаннан – Ренат, Азат, Алтай, Асхат.

Азаттан – Алмас.

Нұрбектен – Қуаныш, Абат, Ғайса.

Идаяттан – Халит.

Нұржаннан – Нүрәділ, Арсен, Алиабдрахман, Бексұлтан.

Ысқақтан – Тауызбек, Айдарбек.

Тауызбектен – Абзал, Бағдат, Әлібек.

Абзалдан – Айбар, Әнуар.

Сүлейменнен – Рашид, Сейсенбай, Қуандық, Нұрлан.

Рашидтен – Артур, Асхат.

Сейсенбайдан – Артем, Альберт.

Қуандықтан – Азамат.

Нұрланнан – Сұлтан, Осман.

Айсадан – Зубайда.

Мынжасардан – Махамбет, одан Бекжан, Құлжан, Өте, Есжан.

Құлжаннан – Қайырлы, Халел.

Өтеден – Базар, одан Бисенәлі, Ыбырай, Құбаш.

Бисенәліден – Қаппаз, одан Қибатолла, Ибатолла.

Ибатолладан – Асқар, Расул, Бейбіт.

Қырғыззақтан – Зеренбай, Жаутік, Барлыбай, Орынбай, Көркімбай. Зеренбайдан – Үдербай, Имаш, Меңдәлі, Әлжан, Көмбірбай, Кенжебай. Үдербайдан – Ибраш, Ыбырай.

Ыбырайдан – Теміртас, Ерден, Әміржан, Темеш.

Имаштан – Бисенәлі, одан Қанат, Қабдеш, Мұрат.

Меңдәліден – Медеш, Қабдеш, Жүніс.

Медештен – Сапаш, одан Патих.

Әлжаннан – Әбнәлі, одан Дәріш, Ғапу.

Көмірбайдан – Сисенәлі, Тәуей,

Тәуейден – Мұса, одан Фәуеден.

Кенжебайдан – Есмағамбет (Қисық), Есет, Досмағамбет, Мұса.

Есмағамбеттен – Әбу, Рахым, Түсіп, Тілепқали, Шәку, Маужан.

Маужаннан – Сайын, Қажет, Нәсіп, Сарсенбек, Тимош.

Есеттен – Ихсан, Өтешқали.

Мұсадан – Жұмаш.

Жәуіткен – Үкібай, Шобай, Қуанышбай.
Үкібай дін таратушы хазрет-молда болған, округке белгілі би атанған. Моласы Бөкейхан бейітінен 40 шақырым Қиғаш деген жерден қырга жүретін жолда. Сол арада «Үкібай шағылы», 80 шақырым Сасықтау жолында «Үкібай шошақ» деген жер аттары осы күнге дейін сақталған.

Үкібайдан – Мәрек, Қалтабай, Арқай, Сүттібай, Талпақ, Орымбас.

Мәректен – Бисенәлі, Хасан, Үлғара.

Хасаннан – Жансыық, Садиық, Смағұл, Хабделқадір, Жақсылық, Жақсығұл (1-ші әйелінен), Бақтығұл, Қамидолла – (2-ші әйелінен).

Хасанұлы Жақсылық (1916-1976) – Бақыби аталықтарының шежіресін жинақтаушысы. Астрахан облысының Краснояр ауданында білім беру саласында көп жыл еңбек еткен.

Садиықтан – Қадім, Мәнет.

Мәнеттен – Ниғметолла, Избасар, Нәжімеден, Хибадолла, Сәрсембі, Елемес. Елеместен – Самат, Марат, Альберт, Роберт.

Жақсылықтан – Фарит.

Бөпеден – Марқаба, Құмарғали, Қалбай, Құлбай.

Қалтабайдан – Құттыбай, одан Құсайын, Құспанғали, Ошан.

Құсайыннан – Айтпай, Өтеген, Жүсіп.

Мұқимадан – Серік.

Жүсіптен – Шаяхмет, Зұлхаят.

Өтегеннен – Валерий, Ермұрат.

Құспанғалидан – Шәмекең, Дүйсенғали.

Сүттібайдан – Ысқақ, одан Әубекер (Нәбидолла), Хисметолла.

Ошаннан – Қалидолла, Кәрім, Рашид.

Кәрімнен – Амангелді, Асқар, Нұрсұлу.

Арқайдан – Қоңқыш, одан Сабырлы.

Үкібаев Хисметолла Исқақұлы – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, академик, Бақы би шежіресін жинақтаушы.

Хисметолладан – Артур, Мәди, Әбілхайыр.

Артурдан – Айдар, Алмаз.

Айдардан – Арсен.

Орымбастан – Мағау, Рахмет.

Мағаудан – Иқамиден.

Рахметтен – Мырзахан.

Талпақтан – Ыбырай, одан Ғимран.

Қуанышбайдан – Шәкір, одан Құтыш, Құбыш, Байшөке, Болат, Қадырәлі. Болаттан – Қойтан, Жұмағұл, Хамит.

Жұмағұлдан – Жұмақай.

Құтыштан – Халила.

Құбыштан – Қайыржан, Зіби.

Қадырәліден – Әбілхайыр, Құзайыр, Хайдар, Ғұмар, Забен.

Құзайырдан – Рафих.

Ғұмардан – Батыр, Ғайнеш.

Ғайнештен – Мардан, Максим, Марат, Ербол.

Барлыбайдан – Ақпан, одан Қашқынбай, Қашубай, Кенжеғали, Иманғали, Тасқынбай, Жұмалы.

Иманғалидан – Сұлтанғали, Оразғали, Ораш, Әбуғали, Саби, Бөтен, Қалила.

Сұлтанғалидан – Зұлпықар, Зейнетолла.

Зұлпықардан – Бауыржан, Нариман, Қайыржан, Бердіхан.

Бауыржаннан – Нұрлан, одан Нүрәлі, Нұрай.

Нариманнан – Руслан, Еркебұлан, Нұрлы.

Еркебұланнан – Әділжан.

Қайыржаннан – Арман.

Ақбанов Зейнетолла Сұлтанғалиұлы 1941 жылы Астрахан облысы, Красный яр ауданы, Байбек селосында дүниеге келген. 1959 жылы Ақтөбе қаласындағы мемлекеттік медицина институтына оқуға түсіп, оны 1965 жылы бітіреді. Сол жылы кәзіргі Құрманғазы ауданының туберкулезге қарсы күрес ауруханасында дәрігер болып еңбек жолын бастаған ол, 1992 жылы аудандық орталық аурухананың бас дәрігері қызметіне жоғарлатылады. 2002 жылдан аудандық туберкулез ауруханасының бас дәрігері қызметінде болған. Ол Қазірде аудан орталығындағы стоматология емханасының бас дәрігері болып еңбек етуде.

Зейнетолладан – Әсет, Үздік.

Әсеттен – Әлішер, Ақсұлтан.

Оразғалидан – Саташ, одан Абдолла, Хайролла, Нәсіп, Рахметолла.

Сабиден –Халам, Хабиден, Ханафия.

Бәтәннен – Әкіш, одан Рахметолла, Сағидолла.

Көркімбайдан – Боқбай, Баспак, Дүйсенбай, Сисенғали.

Боқпайдан – Ерғазы, Сидеғали.

Ерғазыдан – Қаршыға.

Сидеғалидан – Құбай, Жұбай.

Баспақтан – Азамат, одан Құсым, Есім, Нұрман, Еслям.

Құсымнан – Жамабеден, одан Марат, Нұрлан.

Есімнен – Дүйсен.

Нұрманнан – Тимофеден, Аламеден, Мамамеден.

Дүйсенбайдан –Маңқыш, Бейсенғали, Сұлтан, Нұрғали, Мұқан.

Маңқыштан – Тәшім, одан Қуаныш, Тілекқабыл.

Бейсенғалидан – Өтебәлі, Рақым.

Өтебәліден – Күкім, Өтемұрат, Мұстахим, Ғапу, Мәжік.

Күкімнен –Ізбасар, Бауыржан, Болат.

Ізбасардан – Қаһарман, Нұрлан, Ерлан.

Қаһарманнан – Елдос, Жайнар.

Нұрланнан – Балтөре.

Болаттан – Данияр, Дәурен.

Дәуреннен – Нұрдәулет.

Өтемұраттан – Самиғолла, Марат.

Самиғолладан – Бақытжан, одан Алматы, Бекжан.

Мараттан – Еркебұлан.

Ғапудан – Ғарифолла, Сағидолла.

Сағидолладан – Ерлан.

Зарифолладан –Асылхан.

Мәжіктен – Төлеген, Әзидолла, Нәсиполла, Жакан.

Төлегеннен – Жасұлан, одан Бақдәулет.

Жаканнан - Жансұлтан, Нұрасыл.

Бейсенғалидан - Рақым.

Рақым Бейсенғалиев (1900-1950). Аудан мұрағаттарындағы табылған деректер бойынша, Атырау (Гурьев) облысының Құрманғазы (Теңіз) ауданындағы Қошалақ ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқарған. Ұлы Отан соғысынан кейін, Ботақан ауылдық кеңесіне қарасты «Родина» колхозында төрағалық жұмысты өмірінің аяғына дейін атқарған.

Рақымнан – Қайыржан, Сағынжан.

Қайыржаннан – Аманкелді, Мәлік, Дайыржан.

Аманкелдіден – Әнуар.

Сағынжан Рахимов – Атырау облысы, Құрманғазы ауданы Ботақан ауылдық кеңесі аумағында 1949 жылы дүниеге келген. Орал қаласындағы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне түсіп, оны 1971

жылы бітіріп шығып, экономист мамандығын алады. 1971-1972 жылдары Құрманғазы кенішарында есепші, 1972-1978 жылдары Теңіз кенішарында бас есепші, 1978-1986 жылдарда аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас есепші, 1986-1989 жылдары аудандық агроөнеркәсіптік бірлестігі бастығының орынбасары, бірінші орынбасары, 1989-1993 жылдары Теңіз кенішарының директоры, 1993-1995 жылдары Құрманғазы ауданы әкімінің бірінші орынбасары, 1995-2000 жылдары «Серпер» ЖШС-нің директоры, 2000-2010 жылдары аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарған. 2010-2012 жылдары аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалары бөлімінің бастығы болып істеді.

Сағынжаннан – Эдуард, Жігер, Максұт, Роман.

Жігерден – Ерген.

Максұттан – Бейбарыс, Нұрлы.

Романнан – Бекарыс.

Сұлтаннан – Қасым, Сәлім, Кәрім.

Қасымнан – Мұтақи, Батық, Рақым.

Нұрғалидан – Серікқали, Молдаш.

Серікқалидан – Зейнолла, Марат.

Мұқаннан – Сақып, Мәсәлім, Сақыби, Балақ, Таупих, Байден.

Сақыптан – Еламан.

Серікқалиев Зейнолла – қазақтың көрнекті жазушысы, әдебиет сыншысы. 1938 жылы 10 ақпанда кәзіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Нұржау ауылдық округінің аумағында туған. 1960 жылы Әл – Фараби атындағы қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін журналистика мамандығы бойынша бітірген. 1968 жылы Абай атындағы педагогикалық институтының аспирантурасын бітірген. 1969 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне жазған диссертациясын сәтті қорғаған. КСРО Жазушылар одағының (1963) Журналистер одағының (1971) мүшесі. «Пионер», «Жұлдыз» журналдарында, Жазушылар одағында, «Социалистік Қазақстан» газетінде, М.О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институтында жасапты қызметтер атқарды. «Қазақстан» баспасының Қазақ ССР Мемлекеттік баспасөз комитетінің бас редакторы, ҚР парламентінің бөлім меңгерушісі болып істеді. 2001 жылдан «Раритет» баспа компаниясының Бас редакторы қызметін атқарды. Негізгі ғылыми-зерттеу кітаптары: «Ойлар, толғаныстар (1967), «Жылдар сазы» (1971), «Ақыл таразысы» (1976), «Ақ жол» (1990), «Дүниетану даналығы» (1994), «Тағдыр және біз» (1996), «Сын кітабы» (1997), «Алтын жамбы» (2004). «Дүниетану даналығы» Білім министрлігінің арнаулы бағдармаларына енгізіліп, жоғарғы оқу орындары оқытушыларына филология, журналистика, өнер, факультеттері студенттеріне оқу құралы ретінде ұсынылған. Марапаттары: «Парасат» орденінің иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры. ҚСРО Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған, Шығыс Қазақстан облысы «Абай ауданының Құрметті азаматы».

Қалыбайдан – Көркімбай, Көшеке, Қойбақ, Шыныбек.

Қалыбай – аталықтың ең үлкені болып есептеледі. Қалыбайдың Көркімбай деген баласынан тараған ұрпақтарының ішінде күні бүгінге дейін халық басына барып тәу ететін қасиетті «Жеті қажының» бейіті. Бұл бейітте Сарыбай қажы, Құлбай қажы, Есберген қажы, Өтегүл қажы, Естігүл қажы, Смагүл қажылар мәңгілік орын тепкен. Бабалар бейіті Сасықтау деген жердің шығысындағы «Кұсайын шошақ» деп аталатын шағыл төбенің етегіндегі үлкен сордың жағасында айналасы орланып, ит - құс, мал бүлдірмесін деп қоршалған орында.

Көркімбайдан – Жұрын, Жұрқа, Құйқа, Құрмаш, Бұланай.

Жұрыннан – Бекберген, Бектұрған (Қара теке), Аман.

Бөкей ордасының ханы Жәңгір Бөкейұлы 1845 жылы 13 қарашадағы жарлығымен Жұрын Көркімбайұлы Төлеңгіт руының старшыны етіп бекіткен.

Бекбергеннен – Есберген, Қодар, Естіғұл.

Есбергеннен – Достан, Балмолда, Қазығұл, Жұмағұл, Жұмақаш.

Балмолдадан – Фазыл, Ыбрай, Ысқақ.

Қазығұлдан – Мақым, Мәсәлім, Дәуіт, Нәби, Мәжит.

Жұмағұлдан – Құмар.

Жұмағұлды Құмар 1939 жылы Теңіз ауданының Мыңтөбе құмында дүниеге келген. Жұмағұл ақсақал діни оқудың білгірі, ел арасында үлкен абыройлы адам болған. Жұмағұл 1945 жылы 64 жасында дүниеден озған. 1946 жылы Жұмағұлдың отбасын інісі Жұмақаш балаларымен Сафон селосына қарасты «Судр» елді мекеніне көшіртіп алады. Құмар осы селода 30 жылдай еңбек етіп, үздік жетістіктері үшін «Еңбек даңқы» орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Құмардан – Салық, Жеңіс, Мәлс, Асқар, Самат, Қуаныш.

Жеңістен – Қуаныш.

Мәлстен – Аян, Әркен.

Асқардан – Тілекқабыл, Мұрабек.

Саматтан – Аслан, Сабыржан, Асылхан.

Бақыттан – Әсет.

Қуаныштан – Ернар.

Жұмақаштан – Ғазиз, Қабдолла, Зұлпыхар, Зұлғапар.

Жұмақашев Ғазиз 1911 жыл бұрыңғы Новобогат ауданының Мыңтөбе ауыл кеңесінде дүниеге келген. 1930 жылы Мыңтөбеге қарасты Елтай ұжымшары ұйымдастырылған кезде өзінің аз ғана малын колхозға беріп, аға жұмысшы болып жұмысқа кіріседі. Қара таңу мектебінде бір жыл оқыған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған кезде, майданға аттанған. Кеңес Армиясының 196 атқыштар дивизиясында атқыш болып соғысқа кіреді. 1945 жылдан 1947 жылдың мамыр айына дейін Челябинскі болат құятын заводында жұмысшы болып істеген. 1947 жылы мамыр айында әскерден оралып, Сафон кеңесінде тұратын әке-шешесіне келіп, 25 жылдай «Путь к коммунизму» кохозында шаруашылық жұмыстарында болады. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «2-ші дәрежелі Отан соғысы» орденімен, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

Ғазизден – Файзолла, Зинопла, Дүйсенбай, Әділхайыр, Мағия, Бауыржан.

Жұмақашев Файзолла Ғазизұлы – 35 жыл үздіксіз бұрыңғы «Путь к коммунизму» колхозында, соңғы кездегі «Мұрагер» өндірістік кооперативтік ұжымшарында төрағаның орынбасары болып жұмыс істеген. Бүгінде дербес зейнеткер. Сафон селосындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ауылдың билік айтар, ақыл-кеңес берер ақсақалы.

Файзолладан – Әбілхайыр, Ғариполла, Теміржан, Бабажан.

Әбілхайырдан – Мерей, Нұрлан, Өміржан.

Ғариполладан – Тілекбол.

Теміржаннан – Санжар.

Бабажаннан – Талғат, Талант.

Дүйсенбайдан – Ерлан.

Зинопладан – Ерболат, Темірболат, Ақболат, Ержан, Байболат, Рахымжан.

Ерболаттан – Өмірболат, Бақытжан, Нүрдәулет.

Ақболаттан – Жасқанат.

Ержаннан – Бақтияр.

Байболаттан – Мақсат.

Рахымжан – Азамат.

Әділхайырдан – Бекжан, Сержан.

Жұмақашев Бауыржан Ғазизұлы – Құрманғазы ауданының Сафон ауылында 1963 жылы дүниеге келген. Ф. Энгельс атындағы орта мектепті 1980 – ші жылы

бітірген. 2000-ші жылдан бастап жеке кәсіпкерлікті ұйымдастырып, оны бүгінгі күнге дейін дамыту үстінде. Бауыржан ірі кәсіпкерлікпен бірге ата- бабасының қасиетті атбегілік өнерінің қыр - сырын жете меңгерген азамат ретінде де ел ішінде белгілі.

Бауыржаннан – Олжас, Зорияд.
Қабдолладан – Ораз, одан Ермек, Бейбіт.
Бектұрғаннан – Арық, одан Құлмәжит, Махамбет.
Естіғұлдан – Өтеп, Бақтылы, Төлеп, Қабдұғалым, Мұса.
Өтептен – Нәбидолла, Сейт, Филыман.

Мұса Естіғұлды 1914 жылы Нарын топырағында дүниеге келген. Діни оқудан сауатты, тілге шешен – өз ортасында беделді адам болған. Ұлы Отан соғысына қатысып, елге жеңіспен оралған. Мұнай мекемесінде абыроймен еңбек етіп, зейнеткерлікке «Құрметті мұнайшы» атағымен шыққан.

Мұсадан – Қасиет, Төрбек, Хайнолла.
Хайнолладан – Айбат, Ержан.
Ержаннан – Алдияр, Бақтияр.
Төлептен – Ниғметолла.
Қабдұғалымнан – Қабыл, Маркаба, Қодар.
Қабылдан – Хамза, Қайдар, Айдарбек. (Қодар қалмақ қырында ұрпақтарымен бірге тұрады).

Қодардан – Таңатар, Рамазан, Құспан, Әубәкер, Оспан.
Таңатардан – Аймағамбет, Есмағамбет, Қуан.
Есмағамбеттен – Мырзабай, Ислямғали, Тілепқали, Бақтығали.
Мырзабайдан – Қанат, Сұңғат.
Ислямғалидан – Қайрат, Орынғали, Талғат.
Тілепқалидан – Жасқайрат, Қолғанат, Дархан.
Бақтығалидан – Асылболат.
Рамазаннан- Әбдікер, Кәрім.
Кәрімнен – Бисенбай, Зұлхарнай, Рахметолла, Фибатолла.
Бейсенбайдан – Жаңабай.
Зұлхарнайдан – Бақберген, Бақдәулет.
Рахметолладан – Қайрат, Орынхан.

Өтепұлы Нәбидолла 1916 жылы Сасықтау өңірінде дүниеге келген. 1928-1930 жылдары әкесі ауқатты шаруалар қатарында деп есептеліп, көмпескеге ұшыраған. Нәбидолла әкесі ұсталып кеткеннен кейін колхозға кіріп, балықшы болып, 1941 жылға дейін жұмыс істеген. 1941 жылдың желтоқсанында соғысқа аттанған. 1942 жылы Орел қаласының түбінде кеудесінен ауыр жарақат алып, госпитальда емделіп, елге қайтқан. Елге келгеннен кейін Э. Тельман атындағы су колхозында басқарма көмекшісі, басқарма, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1952-1953 жылдары Сарайшықтағы ауыл шаруашылық мекебінде оқып, мал дәрігері мамандығын алған. 1954-0960 жылдары Коментерин колхозында мал дәрігері, 1963-1977 жылдары Теңіз аудандық мал дайындау және бордақылау мекемесінде дайындаушы болып құрметті демалысқа шыққанына еңбек етті.

Нәбидолладан – Ғалымжан, Қайыржан, Әміржан, Ғизат.
Ғалымжаннан – Ғаділжан.
Қайыржаннан – Абай, Әбдірахман, Бекжан, Тілекші.
Абайдан – Ақылбек, Шәмші.
Әміржаннан – Азамат, Бекзат.
Сейіттен – Нурызбай, Серік.
Наурызбайдан – Берік, Қуаныш.
Филымнан – Жексенбай, Тұрғанбай, Әзербай, Өркенбай, Өмірбай.
Жексенбайдан – Абылай, Сәкен.
Жұрқадан – Жаңқа, Жарылғап, Жанғазы.

Жаңқадан – Қасайын, Құсайын.
Қасайыннан – Мұрат, Есқали, Хамит, Нұғыман, Тәкеш.
Мұраттан – Сабыр, Сырым.
Есқалидан – Тайыр, Тарғын.
Нұғыманнан – Мұстафа, Ғалым.
Жарылғаптан – Қарасай, Қазы, Қозан, Хамза, Мағзұм, Сапи.
Қарасайдан – Шәріп, Қантария, Қапбас.
Қозаннан – Шұғайып, Мәтәліп, Рақым, Матлұп.
Шұғайыптан – Шәки, Өтежан, Сәбит, Биғали.
Рақымнан – Алеша.
Шәкиден – Сережа, Самиғолла.
Өтежаннан – Вахим.
Сәбиттен – Хамит.
Хамзадан – Зинойла, Бурхан, Нух.
Зинойладан – Талғат, Мирхат.
Талғаттан – Ринат, Фархат.
Бурханнан – Асхат, Қайрат.
Мағзұмнан – Марат.
Құсайыннан – Нұғыман, Әйіп, Құзайыр, Қабеке, Ғалым.
Құйкадан – Мұхамбетәлі, Ахмет, Ахмен, Жантілеу, Матай, Меңел.
Мұхамбетәліден – Қабдеш, Медет.
Қаблештен – Сейілхан.
Құрмаштан – Тасмағамбет, одан Қали, Сапар.
Сапардан – Құмар, Қазихан.
Бұланайдан – Нұралы, Ерәлі, Ермұқан.
Нұралыдан – Жұмабек, Оразбек.

Нұралыұлы Оразбек 1896 жылы (әскери билетінде), ал жеке құжаттарында 1900 жылы бұрыңғы Теңіз (кәзіргі Құрманғазы) ауданының Сасықтау – Қойқын немесе «Құсайын шошақ» деп аталатын көңінде, яғни жеті қажы бабалар жатқан жерде дүниеге келген. Бала күнінен қатарларынан ірі, қайратты болып, дараланып өскен. Теңізге шығып, балық аулаған, күш сынасатын топтармен бірге жастық шағын ешкімге жем болмай дараланған. 1943 жылы қаңтар айында Батыс Белоруссия майданындағы атқыштар бөлімінде неміс-фашистермен соғысып, бірнеше жерден ауыр жарақаттар алғанына қарамастан, 1945 жылы Берлинге ту тіккендермен соғысты бірге аяқтап, маусым айының 21-де елге оралған. Елге оралғаннан кейін, колхоздың шаруашылығын қалпына келтіру, дамыту жұмыстарына белсене араласқан. Осындай еңбегімен 1948 жылы «Еңбек Қызыл Ту», 1954 жылы Москвадағы ауыл шаруашылық көрмесінің күміс медалімен марапатталған.

Оразбектен – Теміртас, Темірхан, Сәлім.
Теміртастан – Есет, Азамат, Шынтас.
Есеттен – Ернар, Ердәулет, Рәшид.

Оразбекұлы Темірхан Гурьев облысы Теңіз ауданы Дыңғызыл ауыл кеңесінің Сасықтау (Қойқын) елді мекенінде 1942 жылы туган. 1965 жылы Гурьевтегі мемлекеттік педагогикалық институтын физика және жалпы техника мамандығы бойынша аяқтап, алғашқы еңбек жолын Көкшетау облысындағы Степняк қаласы маңындағы Қазгородок орта мектебінде мұғалім болып бастады. 1974 жылдан бастап сырттай-кешкі мектептің меңгерушісі, техникалық мектептің директоры, оқу ісінің меңгерушісі, 1992-2010 жылдар аралығында ұзбей мектеп директоры қызметін атқарды.

Темірханнан – Мұрат, Арман.
Мұраттан – Данияр, Нұралы.
Арманнан – Нұрхан.

Сәлім Оразбекұлы 1946 жылы Атырау (Гурьев) облысы Құрманғазы ауданының Сасықтау деген жерде дүниеге келген. 1964-1972 жылдары Ақмола институтын бітіріп, емдеу ісі дәрігері мамандығын алады. Уролог – дәрігер болып Гурьев облыстық ауруханасында 1995 жылға дейін жұмыс істеді.

Сәлімнен – Нұрлан, одан Мейірлан.

Көшекеден – Сүтемген, Қара, Өтегүл, Сәсенбай, Қуара, Жиенбай, Мәтен, Қошқар.

Өтегүлдан – Медеш, Зұлқарнай.

Қуарадан – Өтеулі, Төлеген, Өтегүл.

Өтеуліден – Ыбыраш.

Төлегеннен – Сақан, Қали.

Ыбраштан – Өтепқали, Зайд.

Қойбақтан – Смағұл, Закария, Бесбай, Сатқан, Төлеу, Шәкәтір.

Смағұлдан – Қожамжар.

Қожамжардан – Әлмен, Игілік, Елеусін, Мұқсан.

Елеусіннен – Әбілжан, Әмірхан.

Әбілжаннан – Болат, Серік, Берік, Амангелді.

Болаттан – Хазерәли, Мұхамедәли.

Әмірханнан – Мұрат, Абат, Талғат, Жұмабай, Бесбай.

Шәкәтірден – Қуаныш, одан Мұхан, Хасан, Ғайса, Мұса.

Хасаннан – Шәрәпи, Пангерей, Ахметкерей, Көркембай.

Шыныбектен – Сарыбай, Құбыш, (Шойқара), Қайбай, Кенжебай.

Сарыбайдан – Құлыбай (қажы), Жұбаныш, Қайрат, Төлеш, Төлен.

Құбыштан – Қамария, Зинопла, Ниғметолла, Жөпен.

Құлыбайдан – Құбайдолла, Бермұхамбет (қажы), Мұхамбет.

Құбайдолладан – Қаби, Идият (Ғинаят).

Қабиден – Бәйтолла, Парид.

Идиаттан (Ғинаяттан) – Бауыржан, Бекежен.

Жұбаныштан – Әбу, Мәнер, Жәлел, Жәрдем.

Әбуден – Әбдрахман, Қайып, Ораз.

Қайыптан – Рафик.

Кенжебайдан – Шәу, Мәужен, Ысқак.

Шәуден – Ихсанали, Сүндет.

Әжіғалидан – Мақсұт, Салауат.

Салауаттан – Зада.

Мұқамбеттен – Сапа, Мәлік.

Бермұқамбеттен – Қасиет, Әліп.

Төленнен – Қаби, Сақи, Зинекен.

Қабиден – Тілеуқабыл, одан Қуаныш.

Күзембайдан – Жаманқұл, одан Есенғали, Аманғали, Абдүлкәрім, Өтеғали.

Аманғалидан – Әлімқожа, Рәшид.

Әлімқожадан – Бекжан.

Бекжаннан – Жеңісбек, Райымбек.

Абдүлкәрімнен – Қыдырқожа, Байқожа, Лиман.

Қыдырқожа Абдүлкәрімұлы Жаманқұлов – медицина ғылымдарының докторы, профессор. 1940 жылы кәзіргі Құрманғазы ауданы (бұрынғы Теңіз ауданы, Гурьев облысы) Морской ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын бітіріп, осы институттың клиникалық ординатурасында жұмысқа қалдырылған. 1966-1968 жж. госпитальдық терапия ординатурасында ассистент болып, 1968-1971 жылдары Ростов мемлекеттік медицина институтының мақсатты аспирантурасында түсіп, оқиды. Оны бітіріп 1971 жылдан күні бүгінге дейін Ақтөбе медицина академиясында ұстаздық етіп жүр. 1971 жыл кандидаттық диссертация, 1990 жылы докторлық диссертациясын

қорғаған. Профессор Қ. Жаманқұловтың 140 ғылыми еңбегі жарық көрді, оның ішіндегі 20-ға жуығы оқулық, оқу құралдары және монографиялар. 1992 жылы «Орысша-қазақша медициналық сөздік» және екі томдық «Ішкі аурулар пропедевтикасы» клиникалық лекцияларын қазақ тілінде жеке кітап қылып бастырып шығарды. Қ. Жаманқұловтың басшылығымен бір докторлық, 10 кандидаттық диссертация қорғалды, кафедраның 5 қызметкері кандидаттық диссертация қорғау қызметтерін жалғастыруда. Профессор Қ.А. Жаманқұлов – ҚР денсаулық сақтаудың үздігі.

Қыдырқожадан – Бауыржан.

Абдулкаримов Байқожа 1947 жылы Теңіз ауданындағы Алға ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Ақтөбедегі мемлекеттік медицина институтына түсіп, 1971 жылы оқуын аяқтайды. 1971-1973 жылдары Гурьев облысындағы Мақат станциясы теміржол ауруханасында, 1973-2005 жылдарда Атырау теміржол ауруханасында дәрігер-хирург және хирургиялық бөлімнің меңгерушісі болып, 2005-2007 жылдарда Атырау қаласындағы БСМП –да дәрігер-хирург тавматолог болып қызмет атқарды.

Байқожадан – Бекежан, Жәнібек.

Жәнібектен – Қасымхан.

Өтеғалидан – Нұрқожа, Ербол.

Нұрқожадан – Измұрат, Аймұрат.

Ерболдан – Нұрлыжан, Рақымжан.

Сәдібектен – Жәнібек, Отарбай, Батырбай, Қосыбай, Бекбай.

Отарбайдан – Нүрден, Хамит.

Батырбайдан – Меңдіғали, Әлі, Нұрғали.

Меңдіғалидан – Ахметше, Қайырлы.

Ахметшеден – Зайырлы, Тайыр.

Зайырлыдан – Рахметолла, Ғайнолла.

Тайыр қалмақ жерінде, 1954-1955 жылдары Бұрыңғы Теңіз ауданындағы «Жасқайрат» мектебінде орыс тілі пәнінің мұғалімі болды.

Әліден – Құспан, Қозы, Құби, Қаныш, Ғайса.

Құспаннан – Жұмадәулет, Амандық.

Қосыбайдан – Әрен (Арон), Жұмағали, Мырзағали.

Әреннен – Шөрөпи, Хамит, Хамидолла, Нығмет, Мәзи.

Шөрөпиден – Уәп.

Жұмағалидан – Сактапберген.

Бекбайдан – Омар, Қайбалды.

Омардан – Әнес, Қабази.

Әнестен – Жамбыл, Шыбынтай.

Шыбынтайдан Ерлан, Мереке, Талғат, Талап, Нұрлан.

Талғаттан – Айдос.

Талаптан – Арслан.

Нұрланнан – Бекзат.

Қабазидан – Шөкір, одан Манарбек.

Қайбалдыдан – Аманжол, Мұхар.

Аманжолдан – Сағатжан, Қайрат, Меллят, Абай.

Сағатжаннан- Ерғанат, Бақтияр, Бернар.

Қайраттан – Тілекқабыл.

Мелляттан – Азамат.

Абайдан – Эльдар.

Мұхардан – Мертай, Елтай, Шамырат.

Қарабайдан – Жолды, одан Жұмағазы.

Жұмағазыдан – Шамұрат, Қайрош, Мерәлі.

Қайроштан – Әдиет, одан Зейнор.

Зейнордан – Мынжасар, Тоқтар, Кенже, Көпжасар.
Көпжасардан – Нүркен, Сәкен, Болат, Шынболат.
Мынжасардан – Өркен.

Зейнелден – Манарбек, Тоқтарбек.

Шеркешбайдан – Есей, Досай, Төлебай.

Есейден – Төрегелді, Мырзагелді.

Төрегелдіден – Шұқыман, Әбіш.

Шұқыманнан – Мұқамбет, Жалмұқан, Баймұқан.

Мұқамбеттен – Хунафия, одан Рустем.

Жалмұқаннан – Ибрай, Мұса, Хусьрнай, Хибат.

Мұсадан – Нәсіп.

Досайдан – Аманбай, Жаманбай, Рысбай.

Жаманбайдан – Көбей, одан Дайыр, Абдол, Аймақ.

Рысбайдан – Жомарт, Әпен, Тұрақбай.

Тұрақбайдан – Шамұрат, Төремұрат.

Әпеннен – Азамат, Салауат, Жақсыбай, Изатолла.

Салауаттан – Ғайнеден, Сайфеден.

Әпенов Ғайнеден Салауатұлы (1924-1997) 1924 жылы Ресей федерациясы, Астрахан облысы, Володар ауданы, Қарабүйрек селосында қызметкердің отбасында дүниеге келген. Әкесі Әпенов Салауат (1898-1948) ұстаздық қызмет атқарған. Ұлы Отан соғысына қатысып, 1948 жылы елде қайтыс болған. 1938 жылы Ғайнеден Астрахан қаласындағы педагогикалық училищеге түсіп, оны 1941 жылы бітірген. 1942 жылы әскер қатарына алынып, әуелі Сталинград майданында, одан кейін Орел – Курск иінінде ұрыстарға қатысқан. Майдандағы ерліктері үшін 10 медальмен және 8 алғыс хаттармен марапатталған. 1945 жылы соғыстан кейін Ленинград қаласындағы жыл жарымдық офицерлер дайындайтын әскери-техникалық училищеге жіберіліп, 1947 жылдың қаңтар айында лейтенант атағын алып шыққан. 1947 жылдың сәуір айына дейін артиллериялық полктың штабында қызметте болған. Елге қайтып, 1947 жылы әуелі Еңбекшілер депутаттарының Теңіз аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы болып, кейіннен ұстаздық жұмысқа ауысып, мұғалім, мекепе директоры, мектеп директорының оқу ісі жөнінде орынбасары сияқты қызметтер атқарған. 1968 жылы Орал қаласындағы педагогика институтының орыс тілі мен әдебиет факультетін бітірген. 1997 жылдың 4 қаңтарында дүниеден озған.

Ғайнеденнен – Мейрам, Жангелді, Жалғас, Дәреже.

Мейрамнан – Төрехан, Асылбай.

Жангелдіден – Жарас, Әліби.

Жалғастан – Санжар.

Әпенов Сайфеден 1926 жылы бұрынғы Теңіз ауданы Дыңғызыл ауылкеңесі орналасқан Нарын құмында дүниеге келген. 1942 жылы Морской ауылдық кеңесінде хатшы болған. 1947 -1950 әскер қатарында болып, одан кейін мектепте еңбек пәнінен ұстаздық етеді. 1961 жылы сырттай темір жол техникумын бітіріп, Гурьев қаласында темір жол мекемесіне жұмысқа орналасады. Сол жұмысын құрметті демалысқа шыққан 1986 жылға дейін атқарады. «КСРО-ның құрметті теміржолшысы» төс белгісімен және көптеген медальдермен марапатталған.

Сайфеденнен – Мақсұт, Қалыбек, Аманжол, Марат, Бақыт.

Мақсұттан – Арман, Еркін.

Қалыбектен – Сейітжан, Дамир.

Жомарттан – Ысқақ, одан Владимир.

Тұрақбайдан – Төремұрат, Шамұрат, Мұстафа.

Төремұраттан – Марат (Әлік).

Жақсыбайдан – Аманкелді.

Изатолладан – Есенкелді, Келдімұрат.

Сапардан – Әйіп, Дәуіт.
Әйіптен – Қадес.
Дәуіттен – Қабден, Баян.
Тінәліден – Ажықан, Күбіра.
Ажықаннан – Қамал, Жүсіп.
Күбірадан – Жамаледен.
Төлебайдан – Шерәлі, Түсібәлі, Рысалы.
Шерәліден – Өтеш, Қарамалай, Қапа, Тінәлі, Сапа.
Өтештен – Қадір, Қазим.
Қадірден – Марфу, Бақтығали.
Қазимнен – Бақыт, Жолдасқали, Қанатқали.
Жолдасқалидан – Шынар, Нұрбек (Нұрболат).
Қанатқалидан – Нұржан, одан Мейіржан, Батырхан.

Шежіренің 2-ші нұсқасында:

Шерәліден – Қапа, Өтеш, Тінәлі, Сапар.
Қападан – Шайхым.
Тінәліден – Ағимаш, Күбіра, Ажған.
Ағжаннан – Жамел, Түсіп.
Түсіптен – Қуанай, Қуанышбай, Жексенбай, Қадырбай.
Сапардан – Әйіп, Дәуіт.
Түсіпәліден – Шінәлі, Ораз.
Шінәліден – Ережеп, Мұстажап.

*(қараңыз К.Ф. Ахметов, Б. Тоқсанов, А.Қ. Атаев «Бөкейлік төлеңгіттер».
Орал қаласы, 2006 ж. 57 бет).*

3-ші нұсқасында:

Шеркешбайдан – Төрегелді, Мырзагелді, Жұмагелді.
Төрегелдіден – Түсіпәлі, Шерәлі, Бірәлі.
Түсіпәліден – Шінәлі, Ораз.
Шынәліден – Мұстажап, Ережеп, Зұлхарнай, Қасиет, Әбдірахман. Мұстажаптан
– Мардан, Сержан.
Марданнан – Біржан, Әділжан, Бауыржан, Бақытжан.
Біржаннан – Жандос.
Әділжаннан – Жанұзақ, Жантөре, Жансейіт.
Бақытжаннан – Нұртөре.
Сержаннан – Қаһарман, Ермек, Қанат.
Зұлхарнайдан – Тілеміс, Күнту.
Тілемістен – Берік, Ерік.
Күнтудан – Екпін, Ерназар, Ерболат, Эдуард, Ербол.
Екпінен – Абылай.
Ерназардан – Ернар, Айбол.
Жанділдадан – Елеш, Құмар, Мажит.
Құмардан – Идаят.
Жалмұрзадан – Омар, одан Қабази.
Қабазидан – Шаки.
Теңізбайдан – Қалдаман, Сандыбай.
Қалдаманнан – Әлеке, Мүсіреп, Омар, Оспан, Рахмет, Сапар.
Сандыбайдан – Жұмалы, Ізтілеу, Исмайыл, Үмбетәлі, Нияз, Кенжәлі, Досалы,
Есәлі.

Әдебиеттер

1 Әжібеков Б. Өмірзақ ұрпақтарының ата шежіресі. – Алматы: Информ – Арна, 2005. – 136 б.

2 Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Арғын Арыстан тегі – Мамадайыр, Мамашық, Барқы шежіресі және Шұбартау төлеңгіттерінің тарихы. – Алматы: Информ – Арна, 2011. – 256 б.

3 Омари Ж. Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. – Астана: Алтын кітап, 2011. – 414 б.

4 Түлкібайұлы К. Шежіре. – Алматы: Дайк – Пресс, 2004. – 82 б. + 92 б. факсимиле.

5 Ісләмұлы І. Алтай шежіресі. – Қарағанды: Арко ЖШС, 1997 – 165 б.

6 Өнербаев Ә. Шежіре ата мұрамыз. – Алматы: Информ - Арна, 2010. – 128 б.

7 Попов Ю., Оспанов С., Әлиұлы С. «...Шұбартау болысы». – Қарқаралы журналы. №1(28). 2007.

8 Кемелбеков Б., Жасымбаев Е. Қазақ хандығының аталықтары мен төлеңгіттері: Мемлекетке қызмет істеу, тарихи оқиғаларға қатысы және шежіресі. – Алматы: Информ – Арна, 2013. – 480 б.

9 Амангелді Шамғонов, Темірхан Оразбеков. Атыраулық төлеңгіттер. – Атырау: Ақжайық, 2012. – 164 б.

10 Ахметов К. Ф., Тоқсанов Б., Атаев А. Қ. Бөкейлік төлеңгіттер. – Орал, 2006. – 53 б.

**Журналға әзірлеген т.ғ.д., профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі
Х. М. Әбжанов**

ТОҚТАҒАЗЫҰЛЫ Б.

Шежіре*

Атыңнан айналайын нақтағалам,
Ғаламға он сегіз мың жетер панан.
Жіберіп жоқтан бар ғып, жерде жасап,
Жаралған топырақтан атам Адам.

Солардан бері қарай шежіре боп,
Көз жетпес өткеніне қанша заман.
Қатасы арасында қалған болса,
Ғайыпқа бұйырмаңыз оқыған жан.

Топырақтан жаралыпты адам бұрын,
Фердесін топырақтан қылған порым.
Әуелі адам пайғамбар болса-дағы,
Алдымен жаратыпты расул нұрын.

Пайғамбар жүз жиырма төрт мың тәмәм,
Расулдың өзін қылған ең ақыры.
Ат қойған Хабибім деп досты қылып,
Жаратқан Расул үшін барша құлын.

Арыстан, Әбубәкір, Ғұмар, Ғосман,
Кәпірді ғаріп еткен астан-үстен.

*Бұл шежірені Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданына қарасты Тарбағатай ауылының қариясы Балқыбек Тоқтағазыұлынан өткен ғасырдың 90-жылы Ақсуат ауданының тұрғыны (қазір Семей қаласының тұрғыны) Тілеуберді Демеуұлы жазып алған екен.

Төрт жармен Сахаба өткен отыз үш мың,
Жаралған бір Расулдің құрметі үшін.

Хасен мен Құсайыным - екі нұрым.
Деп кеткен өз нәсілім жігер-күшім,
Әулеті Құсайынның әр елде бар,
Ісләмнің діні үшін салып күшін.

Хакаша Сақабдан бері қарай,
Айтады білген адам қазақ үшін.
Жазыпты бір хикая осылайша,
Асқаптан тарайды деп бергі тұсын.

Бұрында сан әулие өткен сабаз,
Үзбеген шежірені жазған қағаз.
Арабша тауарихты оқып көрсен,
Туады Хакашадан бабам Мағаз.

Мағаздан Ысмағұлды тудырады,
Туады деп айтады одан Қорай.
Қорайдан Атаманды туады деп,
Бір жазған шежіреде көрдім солай.

Ақшолпан Атаманның баласы екен,
Солардан қалған болдық тарай-тарай.
Кейбіреу монғолдан деп жорамалдайд,
Айтады біреу алай, біреу бұлай.

Жәйілхан туады екен Ақшолпаннан,
Сұрасаң шежірені оқығаннан.
Бұрынғы өсіп-өнген ата-бабам,
Кем емес дәрежесі мың мен саннан.

Осыны бір адам жоқ көзі көрген,
Шежіре барша жанға үлгі берген.
Атамыз Жайылқаннан Майқы туып,
Жамағат жерің осы өсіп-өнген.

Атамыз Майқы биден туды Өзбек.
Дүниеге біреу келіп, біреу кеткен.
Жігіттер үлкендерден сұрасаңыз,
Қазақ, Созақ туады Өзбектен.

Баласы Өзбектің Қазақ, Созақ,
Харам ғой мұсылманға жеті тозақ.
Созақтан Ауыр, Сәрсен- екі ұл туды,
Жамағат ауырынан нәсілі жоқ.

Сәрсеннен шежіреде Ноғай туып,
Атандық сол себепті Ноғай қазақ.
Сарт-садағам, өзбек-өз ағам деп,
Ноғайлар айтады екен сартты мазақ.

Атамыз Қазақтан туды Озған,
Озғанның Озақ және баласы екен.
Сөзіне үлкендердің нансаңыздар,
Озақтың нәсілінен Алаш екен.

Озақтан жалғыз туған Алаш өзі,
Білгенді айтса жақсы келсе кезі.
Алаштан үш арыс боп туады екен,
Қазақтың үш жүз деген мысал сөзі.

Ұлы жүз Үйсін туды Бекарыстан.
Алшын,Жаббас туады Ақарыстан.
Айтуы үлкендердің рас болса,
Келімбет бабаң туды Жанарыстан.

Жігіттер жиһан кезген болар көсем,
Қызыл тіл сөйлей берсе болар шешен.
Жігіттер үлкендерден сұрасаңыз,
Туады Келімбеттен бабаң Көсем.

Көсемнен туады екен Сарыманай,
Оқығандар болады сөзге де бай.
Наймнның арғы жағы жиырма ата.
Жарандар паһем қылып көрсең санай.

Келеді арғы жағы бірталайдан.
Орыны имандының кең сарайдан.
Сөзіне үлкендеодің илансаңыз,
Ақсопы, Ақжол туады Сарыманайдан.

Тоқалдан туады Қоянбай, Жарғақ,
Кетіпті нәсіл қалмай Қоянбайдан.
Ақжолдан Қарағожа туады екен,
Ақсопыдан туады атам Найман.

Қарағожа баласы Арғын екен,
Ұлы көрі бабамыз үлгі жайған.
Найман ата баласы Арғын немере,
Аты егіз шыққан екен Арғын, Найман.

Найманның жалғыз ұлы Туаш атты,
Жасында Туаш мырза дүние сапты.
Найман шалдың тоқсаннан асқан кезі,
Келіні Әлпеш сұлу жесір қапты.

Найманның тоқсан үшке келген кезі,
Көрмейді ешнәрсені екі көзі.
Баладан енді бабам күдер үзді,
Туад деп ойламаған онан бізді.

Пәндәдә не шара бар тәңір қылса,
Кім қалар тағдырынан әмір қылса.
Данышпан,өзі ақылды текті әйел,

Келіні қайғырады жатса-тұрса.
Ішінен Әлпеш сұлу ой ойлайды.
Атама әперсем деп бір жас қызды.
Үйсіннің биіменен ақылдасып,
Бір қызды алып берді сұлу жүзді.

Тоқтының сүтін бөлек іркіт қылып,
Неше күн атасына құрт ішкізді.
Сол шартпен шарифатқа бабаң келіп,
Өзі өліп қыз Енейге ұл туғызды.

Баланың атын қойды Белгібай деп,
Бір құдай тілегімді берді ғой деп.
Баланы тәрбиелеп өсіреді,
Атамның жалғыз қалған ұрпағы деп.

Найманның Белгібайы ер жетеді,
Баланы қайным ед деп Әлпеш ана неқақ етті.
Бала ер жетіп бәлиғатқа толғаннан соң,
Өзіне Әлпеш ана неқақ етті.

Алам деген әменгерге Әлпеш тимей,
Күтіпті сабырлықпен өмір салтын.
Баласыз кеттім деген Найман бабаң,
Құдайым осындайлық қылған артын.

Белгібай қыз айттырып, алды қатың,
Иманға жақсы әйел болар жақын.
Әлпештің көңіліне салды құдай,
Осылай жоғалтпаған Найман атын.

Белгібайдан туады Төлегетай,
Төлегетайдан бір ұл туды Қытай.
Қытайдың төрт баласы деп атайды
Дөртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.

Жасында Қытай мырза дүние салып,
Білмейді балалары атын атай.
Жас бала үлкен әке қолында қап,
Атанды сол себепті Төлегетай.

Төлегетайдың төрт ұлы түс көріпті,
Түсінде әрбір қилы іс көріпті.,
Алдына атасының келіп тұрып,
Төртеуі кезек-кезек түс жорытты.

1-түсі

Садыр айтты жүр екем боз ат мініп,
Жау-жарақ қаруымды қолға алып,
Осылай ата менің көрген түсім,
Жекелеп жүр екенмін топтан шығып.

Жоруы:

Түсінде жүрсең балам боз ат мініп,
Жау-жарақ қаруыңды қолыңа алып,

Бірталай өсіп-өніп елболарсың,
Арт жағың болады екен жаугершілік.

2-түсі

Матай айтты: «Ту ұстап, тұлпар міндім»,
Түсімде қалың шөпті басып жүрдім.
Осылай ата менің көрген түсім,
Өзенге үлкен алқап ел қондырдым.

Жоруы:

Қарағым, мен кәрімін, сен баласың,
Сен дағы толып жатқан ел боласың.
Ел табаны ауғандай заман болса,
Қоныстың ең тәуірін сен табасың.

3-түсі

Қаракерей айтады көрген түсін,
Жүк артып қара нарға түнде көштім.
Алдымнан қалың тоғай кез боп қалып,
Жол тауып шыға алмадым, соған түстім.

Жоруы:

Тоғайға жол таба алмай қонып қасаң,
Қарағым көп болады малмен басың.
Ұрпағың талша көктеп өседі екен
Ұйтқысы төрт баланың сен боласың.

Бай болған Қаракерей салтанатты,
Бар еді жалғыз ұлы Байторы атты.
Балаға аты сыншыл деген мақал,
Бір қанша бір өзінен жан тарапты.

Қамысқа қой суарып тұрған кезде,
Бабамыз бір жас бала тауып алыпты.
Болмасын екі торының өзгелігі,
Ерторы болсын деді бұның аты.

Жарандар осылайша сөз таратам,
Құдая кешіре гөр болма қатам.
Ерторыдан Қызылым деген бір ұл туды.
Байторыдан туады Мейрам атам.

Атамыз Мейрамнан туды Байыс,
Байсиық туады екен Қызылымнан.
Атамыз Қызылымнан бір ұл туып,
Атанып Семіз Найман болған ұран.

Атамыз Сарымырза Байыс ұлы,
Азғана өңгіме ғып жаздым мұны.
Сарымырзадан Жолымбет бабаң екен,
Құдайдың қыдырдарып тиген нұры.

Жолымбет бабамның айтам ісін,

Бар еді көңлімде көп кеңесім,
Атамыз Жолымбеттен жеті ұл туып,
Бәрінен Қарагері болған әсем.

Дөртуыл бақтым дейді бір қысырақ,
Жануар кете берді тым бытырап.
Осылай ата менің көрген түсім,
Қайырып баға алмадым басын күрап.

Жоруы:

Түсінде бақсаң баламқысыр ақты,
Мекенің болмайды екен бір тұрақты
Бірталай өсіп-өніп ел боларсың,
Арт жағың болды екен бытыраңқы.
Баласы Дөртуылдың Қожасанды,
Бай болған салтанатты болып сәнді.
Кедей менен кемтарға жомарттық қып,
Қайыр-зекет таратқан көптеп малды.

Атамыз Қожасаннан туды Сырлы,
Сүм жалған өтіп барады алуан түрлі.
Сырлыдан Сарымолда туады екен
Ғылымның алуан түрлі жолын білді.

Сарымолда баласы Ақбарақ-ты
Ақболат, Андабарақ, Жалбарақ-ты,
Ақбарақ өте ғадыл би болыпты
Алдынан разы боп ел тарапты.

Дәулетай Ақбарақтан жалғыз туған,
Атамыз Дәулетайдан төрт ұл болған.
Бұқа, Шөтік, Елтізер, Сүйіндік деп,
Кейінгі ұрпағына болған ұран.

Бұқадан тағы төрт ұл болған екен,
Баймұрат, Бөйменбет пен Есет, Жалан.
Жалаңнан Жұмық, Тоғас, Ақан туған,
Жұмықтың сегіз нәпәр ұлы болған.

Аттары ұлдарының Тоғай, Боғай,
Қарғыба, Ердес пенен ер Базарбай,
Қобық, Қармыс, Майбасар деп аталат,
Жартқан ерекше қып пәруәрдегі ай.

Қобықтан Құдасбай, Шөкіл, Кескінбайым,
Шөкілден Жылқышы, Қуаныш, Төукебайым.
Баланы әкеге ұрпақ мирас қылып,
Жаратқан күдіреті күшті бір құдайым.

Береді кімге опа дүние жалған,
Түбіне сүм жалғанның кімдер барған.
Жылқышы, Төукебайлар Қытайға өтіп,
Бабамның мекеніне Қуаныш қалған

Атамыз Қуаныштан туды Майкөт,
Алланың берерінен берері көп.
Майкөттің кіндігінен Есжан қажы,
Ұрпақта алла берсе кім көрер жек.

Есжаннан Демеу, Құрман, Мұқай, Құрмаш,
Төңкерістік заманда болыпты жас.
Иық сүйеп нағашысы Ақшал биге,
Бұларға Құттықадам қылмаған қас.

Атамыз Жылқышыдан Тайкөт туған,
Адамзат тіршілікте дүние қуған.
Тайкөттің жалғыз ұлы Қали қажы,
Байлықтың салтанатын о да құрған,

Қалидан, Қайса, Нұрайса, Құдайиген,
Мырза боп, жақсы ат мініп, асыл киген.
Барлығы да үйленіп, отау тігіп,
Олар дағы бірнеше бала сүйген.

Тоқтағазы туған екен Тәукебайдан,
Жасында талаптанып көп оқыған.
Баяғы Ши амбының заманында
Тоқтағазы Демежанға хатшы болған.

Демежан хатшы болып кете қалса,
Орнына Демежанның билік құрған.
Қабдештің Тағдыр деген романында,
Аузына Тоқтағазды бір алмаған.

Білетін ел жағдайын қария көп,
Олардан бір ауыз сөз сұрамаған.
Ақиқатты шындықтан іздемейді,
Шіркін-ай осы арасын етем арман.

Тоқтағазы елу жаста дүние салды,
Береді кімге опа бұл сұм жалған.
Тоқтағазыдан туады Нұрбек, Балқыбек,
Әкеден жастайынан жетім қалған.

Жетімнен барып жетілер дегендейтін,
Нұрбектен бес, Балқыбектен төрт ұл болған.
Бұлар да шежіреге жалғасады,
Аты-жөні жөні уақытша болсын тамам.

Түйін сөз

Тоқтағазы Тәукебайұлының арабшадан түркі тіліне аударылған шежіресінің нұсқасынан қара сөзді қазақ тілінде әдебиетке айналдырған бір жақтылы өлеңмен жазылған шежіресі Мұхаммет пайғамбардың асқабы Хакаша Сахабасы. Мағаздан бері қарай шежіредегі бірнеше атадан кейін Өзбек бабамыздан Қазақ, Созақты тудырады. Қазақтың ұрпақтарын жалғастыра келіп, Найманнан арғы жиырма

ата, бергісі үш атадан соң туған Төлегетайдың төрт немересі түс көріп, атасы Төлегетайға жорытқанына дейін ғана шежіре жазылып, Қаракерейдің ұрпағын бертінде Тойкеннің Ақшайық деген ұлы өлеңмен жалғастырды деседі. Дөртуылдың ұрпақтарын Тоқтағазының жай сөзбен жазған шежіресінен пайдаланып, өз әкем Тоқтағазыға дейін өзімді қосып, өлеңмен жазып шықтым.

Журналға әзірлеген т.ғ.д.
С.О. Смағұлова

ӘӨЖ 323: 908] (574)

БАЙЖҰМАНОВА З.Б.

(Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Тарихнама, деректану және заманауи методология бөлімінің кіші ғылыми қызметкері)

ЖАРКЕНТ ӨңІРІ ТАРИХЫНАН (этно-тарихи экспедиция материалдары негізінде)

Аннотация

Мақалада Жаркент өңірі бойынша жинақталған ауызша тарих материалдары баяндалады. Ел ішіндегі аты аңызға айналған билер, батырлар жайлы сөз етіледі. Ұлы жүздің Албан, Суан руының ұрпақтарының алкалы билері мен батырлары, Шормак батыр, Қожбамбет би, Елтінді батыр, Бағай батыр, Шойнақ батыр сынды тұлғалардың ерлік істері жайында мағлұматтар келтіріледі.

Кілт сөздер: Ұлы жүз, би, батыр, ру, шайқас, ұрпақ.

Қазақ халқының ұлттық тарихының жаңаша дүниетанымын қалыптастыру, тарихи жадыны сақтап қалу - отандық тарихшыларға міндеттелген жауапты іс болып саналады. Осы тұрғыда ұлттық тарихты насихаттау негізінде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мақсатындағы «Жүз ауыл, жүз қария, ою-өрнектер шежіре» бағдарламасы бойынша жасалған этно-тарихи экспедиция барысында Алматы облысы, Панфилов ауданы өңірінен ауызша деректер алынды. Аталмыш аймақтағы халықтардың тарихы, мәдениеті, өркениеттілігі, кәсібі және ел ішіндегі аты аңызға айналған адамдар жайлы материалдар жинақталды.

Тарихи оқиғаларға толы осы бір мекен ертеде «Қарақойын» деп аталса керек, ата-бабаларымыз «Қарақойынға жетсең жүт алмайды» деген сөз де ел ішінде қалған екен. Жаркент өңірі Қорғас өзенінен бастап, Алтынемел тауының шығысына дейінгі алқапты алып жатқан, қысы жұмсақ, жазы жемісті құтты мекен. Тарихнамаға дендей енсек осы құтты мекенді кезінде қазақтың атақты этнограф ғалымы, атақты жиһангер Ш. Уәлиханов Қашқар сапарына осы Жібек жолы бойымен жүріп, өткенін өзі жазып кеткен. 1643 жылдың жазында қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығы қарсы болған Орбұлақ шайқасы да осы Жаркент өңірдің тау қойнауында болған.

Жаркент өңірінен Ұлы Отан соғысында сегіз жауынгер Кеңестер Одағының Батыры атанған. Екі мәрте Еңбек Ері Николай Головацкий, кеуделеріне Алтын жұлдыз таққан жылқышы Беркімбаев Сайназаров, шопан Айтбала Абданова, атақты жүгерішілер Күләш Айтжанова, Адаләт Зайнавдинова, Мариям Ниязова, Әлімжан Бақтаев, Әбілмәжін Қасымбеков, Зейнеп Жұматаева сынды «Еңбек Ерлері» жылдар бойы маңдай терін төге жүріп, туған өңірді ырыс-берекеге бөлеген ауылдың қарапайым еңбеккерлері. 1986 жылғы Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық жүйесіне қарсы наразылық қимылдарындағы Желтоқсан көтерілісінде ел намысын қорғаған жастар арасында

Жаркент өңірінен өскен өрендер Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асановалардың ерлігі ұрпақ санасында мәңгілік сақталып қалады. Қазақтың өйгілі кескіндемешісі, Қазақстанның халық суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеев, Қазақстанның халық әртісі, әнші, композитор Дөнеш Рақышев, бірнеше тарихи шығармалардың авторы, жазушы Бексұлтан Нұржекеев сияқты біртуар азаматтар да осы жазиралы Жаркенттің құнарлы топырағында өскен биік бөйтеректер.

Бұл өңірде көбінесе Ұлы жүздің Албан, Суан руының ұрпақтары аралас мекен етеді. Осы рулардан басынан сөз асырмаған-алқалы билер мен елін жаудан қорғаған-аруақты, батырлар да шыққан. Солардың бірі тарих бетінде аттары қалған Албан руынан шыққан Шормақ батыр, Суан руынан шыққан Қожбамбет би, Елгінді батыр, Бағай батыр, Шойнақ батыр сияқты т.б. би-батырларды біреулер білсе, біреулер біле бермейді.

Албан руынан шыққан Шормақ батыр осы Албан елінің, Қоңырбөрік руының Сарқұл ұрпағынан тараған. Осы рудың биі, әрі еліне белгілі батыр болған. Шамамен 1780 жылдары туған. Қазіргі Панфилов ауданының Қоңырөлең ауылында, Күрәнбел өңіріндегі (қазіргі Кербұлақ ауданы) Басши ауылы аймағында өмір сүрген. Қырғыздардың Қарабатыр деген батыры бастап барымталық жасап, қазақтардың тыныштығын ала берген соң Шормақ батыр Қарабатырды өлтіріп кек алады. Ол жөнінде Ерғали Ахметұлының 1997 жылы 31 қазанда «Жетісу» газетіне жариялаған «Шормақ батыр», - атты мақаласында былай делінген: «Қырғыздардан шыққан Қарабатыр деген мықты Албан, Суанның, оның ішінде Сарқұлдардың жылқысын айдап әкетіп тыныштық бермейді. Ол кезде Шормақтың жиырманың ішіндегі қылшылдаған қылыштай, күш-қуаты тасыған, батылдығымен, батырлығымен ел аузына түсе бастаған кезі екен. Шыдамы таусылған ол Қарабатырдан кек алуға ақсақалдардан рұқсат сұрайды. Олар ары кенесіп, бері кенесіп ақыры рұқсат береді. Керегінше адам ертуге ақыл қосады.

Шормақ жанына таңдап аз ғана жігіт алады. Сөйтіп Қарабатыр жайлайды деген жайлауға келіп, сол мандағы елден сыр тартады. Сөйтсе Қарабатыр басы тұйық бір салалы ұзын сайды жайлайды екен. Сайдың аузындағы кіре берісті күндіз-түні күзетіп, рұқсатсыз ешкімді өткізбейтін елу шақты сарбаз ұстайды. Сондықтан өзі еш қауіпсіз ауылында еркін жататын көрінеді. Барымтамен әкелген жылқыны өз жылқысына қосып, мыңғыртып сай-салаға айдап тастайды екен.

Шормақ батыр әлгі сайдың тұйығымен кіретін жол көрсететін адам іздейді. Ақыры Қарабатырдан жәбір көрген ондай бір адам Шормаққа тұйықтан түсетін қиын соқпақты көрсетіп береді. Сол аң жүретін соқпақпен түскен Шормақ Қарабатырды айқас үстінде өлтіреді. Ауылды жау шапқанын, Қарабатырдың өлгенін естіген сай аузындағы күзет бытырай қашады. Сай басындағы жылқыны тұтасымен айдап әкелген Шормақтың жігіттері малды Албан ауылдарына, Іледен өткізіп Суан ауылдарына таратып бергендігі», - баяндалған [1].

Суан руының, Ақша ұрпағынан тараған Қожбамбет Ебейұлы 1815-1883 жылдар аралығында өмір сүрген. Ол жас кезінен ақ өте алғыр, қабілетті екендігі байқалады. Сонымен бірге, көріпкелдігі бар, сөзге шешен, батыл мінезді кісі болады. Әрдайым әділ шешім айтатын Қожбамбет басқа рулардың да дау-дамайларын шешіп беруге араласқан кездері болған екен. Ойға жүйрік, әрі ақылды Қожбамбет Ұлы жүздің аға сұлтаны Тезек төренің он екі биінің ішіндегі ең сенімді, ақылман бас биі болады. Қожбамбет би: «Мен дүниеге екі рет келдім», «Бірінші дүниеге келуім анамнан тудым, екінші дүниеге келуім табиғат құрсағынан шықтым» - дейді екен. Олай деуінің себебі: Қожбамбеттің аталары «Аламан» деген жерді мекендейді екен. Сол жер жайлауы да, қыстауы да болса керек. Күздің аяғына таман күн суытып, қар жауады, Қожбамбеттің әкесі болса тау етегіне түспей, күн жылынып қалар деген үмітпен тау басында отырып қалыпты. Бірақ, тауды қалың қар басып, күн қатты суытып кетіпті. Сонда Ақшаның екінші балысы, Есдәулет: «Бәйгілеу тауда отырып қалып еді, оларды барып білмесек болмас» - деп тауға келіпті. Қалың қардан үйді таба алмай, біраз іздеп жүріп, өрең дегенде қарға көміліп қалған киіз үйдің түндігін

табады. Дереву үйді қардан аршып ішке кірсе, анасы Қожбамбетті бесіктің бетін жауып қорғап қалыпты, бала бесікте анасының көкірегіне жармасып жатса керек, анасы өліп қалыпты. «Мен табиғат құрсағынан да шықтым», - деген сөзі осы екен.

1964 жылы Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған «Айтыс» кітабында Сүйімбай мен Тезек төренің айтысында, Қожбамбет жайлы мынадай үзінділер келтіріледі. [3]

*Қожбамбет Суандағы сен бір дүлдүл,
Қашекеден қан жайнақ сен бір бұлбұл.
Төрем пысық болды деп Албан, Суан,
Жайдақ атқа мінгендей жұлқынып жүр.*

Ал Біржан мен Сара айтысында Сараның:
*Ақ Найман, Қожбамбетке Арғын жетпес,
Төртуыл Қаратайдан қазақ өтпес*

деп әнге қосуы да, сол кездегі Қожбамбеттің беделінің жоғары екендігін аңғартады. Тіпті Бақтыбай мен Тезек төренің айтысында Қожбамбет би айтысқа төрелік жасайды.

Қожбамбет би өзі билік құрған кезінде Суан руының ұрпақтарына Өсек өзенінің шығыс жағын Бәйтүгей ұрпақтарына, батыс жағына Тоғарыстан ұрпақтарын қоныстандырады. Олай ету себебі: «Өзен маңын жағалағанның өзегі талмас», «Өсек – ол салған төсек» - деп сол жерлерді мекендетіпті. Қарамола деген жерді осы Суан руынан тараған Бөлектерге береді. «Бөлек ол бағыр, қалмақтар келсе бізге қалқан болады» деген оймен берген екен. Қожбамбет бидің артына қалдырған қанатты сөздерінің астарына ой жіберіп бағдарласаң, жалпы адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, туған жерге деген ыстық ықылас, халқына деген сүйіспеншілік бәрі де Қожбамбет бидің басынан табылатын абзал қасиет екенін көреміз.

Кейіннен Қожбамбет өлерінде Суан руының ұрпақтары Тоғарыстан мен Бәйтүгейдің екеуіне бірдей көз болып тұрайын деп Өсек өзенінің бойында «Талды кесік» деген жер бар екен, сол жерге өзін жерлеуін өтінген екен. Ұрпақтары сөзін жерге тастамай сол өзі айтқан жерге жерлесе керек.

Елтіңді батыр Бәйтүгейұлы шамамен 1598 жылдары дүниеге келген. Суан руынан шыққан. 1693 жылы Батыр қонтайшы мен Салқам Жәңгір екеуінің арасында ұрыста қазақтар жоңғарлардың 11500 адамын өлтіріп, қалғанын тұтқынға түсіреді. Осы ұрыста Шапырашты Қарасай, Арғын Ағынтай, Төртқара Жиёмбет жырау, Арғын Қомпай, Найман Көксерек, Бөдес, Қаңлы Сарыбұқа, Дулат Жақсығұл Қырғыздан Көтен мен Табай т.б. көптеген батырлармен бірге ерлік көрсеткен. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп-түқианнан өзіме шейін» атты кітабында «Бәйтүгей баласы Елтіңді батыр осы ұрыстарда баға жетпес жәрдем жасады. Бұрын қазақтың қалмаққа қарсы барымтасына көп қатысқан, жылқы алатын Елтіңді, Ертіс пен Іле арасын талай сүзіп өткен-ді. Оның жер жағдайын білуі Қарасайдың оң қолына шығарды. Бұдан кейін де Елтіңді үшбу жердегі ұрыстарда мехкамдық жасады деп, Орбұлақ шайқасы жөнінде «Осы ұрыста Суан Елтіңді батырдың көрсеткен ерлігі ерекше болатын. Әсіресе жер жағдай соның ғақылы еді», - дейді [2].

Елтіңді батыр жайында Панфилов ауданы, Басқұншы ауылының тұрғыны, зейнеткер ұстаз Күсебаев Тұрғанбай былай дейді: 1598 жылы Архас тауының етегінде дүниеге келген. Қазақ халқының жоңғар езгісінен азат ету жолындағы әйгілі тарихи маңызы зор ұрыстарда тапқырлық, көрегендік жасаған, ерен ерліктің үлгісін көрсете білген. Ол 1627 жылы алшындарға шабуыл жасап, маза бермеген Еділ қалмақтарына қарсы Хазар теңізінің батыс жағалауында болған ұрысқа қатынасып, қазақ қолының ірі жеңіске жетуіне үлкен үлес қосқан.

1629 жылы басқада батырлармен бірігіп Іле бойын қалмақтардан босатты.

Тастүйіндей жинақы, жауынгерлік қабілеті жоғары, 50 мыңдай қол жинаған қалмақ батыр Қоңтайшы қазақ жеріне лап қойып, Жетісудың едәуір жерін жаулап, қазақтар мен қырғыздардың 10 мыңдай адамын тұтқынға алып, орасан мол байлықты қолға түсірген. Ал 1643 жылы Орбұлақ шайқасында 50 мың қалмақ жасағына аз ғана қолмен жан-жақтан көмек келгенше қазақ әскери тарихында алғаш рет оқпана (окоп) қазып қарсы тұрған белгілі әскер басы батырдың бірі.

1652 жылы Торғауыттар мен Ойраттардан туысқан қырғыз елін азат ету соғысына, 1658 жылы Лабас тауындағы шайқастарға қатысып ерекше ерлік көрсеткен.

Тарихи деректерді зерттеп, жинақтап халыққа тартуға ұйытқы болған жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың, соның ішінде жерлесіміз Сәрсенбі Дәуітов, Бексұлтан Нұржекеев сынды жазушыларымыздың ерен еңбегінің нәтижесінде, сондай-ақ, Қазыбек Бек Тауасарұлының «Түп – түкияннан өзіме шейін» - атты кітабында Елтінді батырдың ерлік істерін дәріптеген, содан бабамыздың батыр екендігін білдік. Елтінді – қазақ халқының батыры.

1643 жылы Орбұлақ шайқасында 50 мың қалмақ жасағына аз ғана қолмен жан-жақтан көмек келгенше қазақ әскери тарихында алғаш рет оқпана (окоп) қазып қарсы тұрған белгілі әскер басы батырдың бірі – Бәйтүгейұлы Елтінді батыр еді. Атақты Шапырашты Қарасай батырдың ең сенімді серігі болған [2]. Елтінді батыр жайлы халық аузында мынадай да жыр шумағы қалған екен:

Елтінді батыр

*Еңгезердей Елтінді,
Жауды көрсе желтінді,
Алпауытын қалмақтың,
Орайына келтірді.
Асырды да айласын,
Көзден шанышып өлтірді.*

1652 жылы Торғауыттар мен Ойраттардан туысқан қырғыз елін азат ету соғысына, 1658 жылы Лабас тауындағы шайқастарға қатысып ерекше ерлік көрсеткен. 1673 жылы 75 жасында дүниеден өткен.

Бағай батыр тарихи деректерге сүйенсек XVIII ғасырда өмір сүрген (шамамен 1703 жылдары дүниеге келген) Суан руының Елшібек ұрпағынан тараған. Елшібек атасы да батыр, жаужүрек кісі болыпты. Ол жөнінде ел ішінде «Қырыққасқа» деген де жанама аты болса керек. Бағай батыр да сол Елшібек атасының жолын қуған батыр болады. Оның қолынан қылышы түспеген, Жоңғар шапқыншылығы кезінде елін жаудан қорғаған, ерекше ерлігімен көзге түскен, қайратты да, қас батыр ретінде тарих бетінде қалған. Ол жөнінде осы Жаркент қаласының тұрғыны зейнеткер ұстаз Әбдіғали Ыбырайымовтың айтулары бойынша былай дейді: «Бағай батыр қалмақтарға қарсы соғыста аттары аңызға айналған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сияқты көрнекті батырлармен бірге болып, соғыстың қыры мен сырын меңгерген батырлардың бірінен саналады. Бағай батыр шолғыншылық жұмысын да орындай білген. Ол қалмақтардың ішінде болып, олардың әскер санын, негізгі шоғырланған бекіністерін, соғыс жоспары жөніндегі мәліметтерді анықтаған».

Бағай батыр туралы Бұхар жыраудың жырларынан да кездестіруге болады:

*...Досты жаудан айырған,
Тағыны таңнан қайырған,
Қасқары ұлы Молдабай,
Қара күші мол Бағай -
Бәрің батыр, бәрің бек,
Тұрсың-ау ығай мен сығай.
Бағайым аз Суаннан,
Ат жалын тартып мінгенде,
Барлық елі қуанған...*

Бағай батыр қалмақ батыры Мұқырыны (қазіргі Талдықорған қаласының маңындағы) Текелі ойпатындағы ұрыста жекпе – жекте өлтіргені жөнінде Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының 1776 жылы жазылған «Түп-түқианнан өзіме шейін» атты кітабында былай баяндалған:

Текелі ойпатында қазақтардың қалмақ шапқыншылығына қарсы бағытталған қиан-кескі ұрысы болды. Мұнда да алдымен дәстүрлі жекпе-жек болып, қалмақтың аты әйгілі Мұқыры батыры Суан – Бәйтүгей - Жылкелді Бағай батырдың қылышынан ажал тапты. Бағай батыр бүкіл Суанды осы Мұқыры мен оның ағайындары қанқақсатып, көрсетпеген қорлығы жоқ еді, құдайдан айналайын, бұл дүниенің қысастылығы о дүниеге кетпейді деуші еді, сәті түсті өшімді алдым Бек аға» деді. Осының алдындағы Іле күйғанындағы соғыста да: «осы Мұқырыға мен шығайын!» деп Наурызбайға көп жалынған еді. Оны бас батыр жібермеген болатын. Міне сол Бағай ақыры кек қайтарды деп жазылған [2].

Суан руының Әпсүгүр ұрпағынан тараған Алданұлы Шойнақ батыр шамамен (1800-1870) жылдар аралығында өмір сүрген. Қожамбет бидің замандасы болып келеді. Ат үстінде, алмас қылышы қолында, дуалы сөзі аузында, әрі би, әрі шешен, әрі әулие адам болған екен. Райымбек батырды әрқашан өзіне пір тұтқан. Шойнақ жөнінде ел арасында жолбарыс алған батыр деген де әңгіме бар. Зейнеткер, осы Панфилов ауданы, Көктал ауылының тұрғыны Әдепхан Төреханұлының «Елім дархан жерім бай» атты таңдамалы туындыларында Шойнақ батырдың жолбарыспен айқасқаны жөнінде мынадай үзінді келтіреді: «Әпсүгір ауылы күздің суық күні Кермеағашының қалың қамысының ортасында отырғанда, Іледен шыққан жолбарыс Шойнақтың бір ту биесін жарып кетеді. Жолшыбай келе жатып батыр інісіне айтады: қазір жолбарыс кездеседі, ол өзінің жемтігін қызғанып маған қарсы шабады. Екеуіміз айқасып жатқанда, сен қорықпай артқы аяғының тірсегін қиып жібер. Сен қиғанша мен жолбарыстың кеңірдегін қысып тұрам, әйтпесе ол екеуімізді жазым етеді» - дейді. Батырдың айтқанындай көп ұзамай ту биені жәукемдеп жатқан жолбарыс батырға қарсы ұмтылғанда, батыр қатты ақырып жібереді, сонда жолбарыс күйрығын бұлғандатып алдына көлденең жата кетеді. Батыр аз-кем ойланып қалады да, бұл өз күнөсін мойындады, мұны өлтірмей-ақ қойсам ба екен, - деп ойлайды.

Жоқ мен өлтіріп терісін апармасам, ел мені жолбарыстан қорқып қайтты дейді, неде болса жолбарыстың басын апарып көрсетіп, өзіме деген халықтың сенімін арттырайын, - деген тағы бір ойға келіп, алдында кесе көлденең жатқан жолбарысты ай балтасымен шауып, терісін алып, ауылына келеді. Батырдың бұл ерлігі Жетісуға түгел тарап, Шойнақтың аты шыға бастайды» [4]

Шойнақ батырдың әулиелік қырынан да көрінетін бірнеше оқиғалар бар. Бір күні Шойнақ батыр жоқта оның туыстары бір жаққа шапқыншылыққа кетіпті. Оны естіген Шойнақ батыр: «Әттеген-ай, бекер болған екен» -деп бас шайқапты. - «Неге олай дедің?» - дейді оған ауылдастары. – «Өріске кеткен малдар мерзімінен бұрын ауылға қарай өріп келеді». - депті Шойнақ. Оның сол болжамы дәл келіп, шапқыншылыққа кеткен туыстары қашқын болып қайта оралыпты. Шойнақ сонда: - «Өз басыңа жау тілеп алсаң, елдігіңе зая, өз басыңа дау тілеп алсаң билігіңе зая», - депті.

Суаннан шыққан алғашқы билердің бірі Қараменде би XVI ғасырда өмір сүрген. Қараменде биі әділ, өте білімді, шешен, тапқыр, келешекті болжайтын қасиетті адам болған деп мадақтайды. Қараменде би 30 жылға жуық билік құрған. Қараменде би бұл дүниеден өткеннен кейін балалары да әкесіне тартып білімді, діл, шешен адамдар болғандықтан халық қалап бес баласын билікке сайлаған. Олар:

Сады би, Тана би, Дәулет би, Малдыбай би, Шәнті билер. Әдепхан Төреханұлының айтуынша сол XVI ғасырдың аяқ кезінде Суанның Тоқарыстан мен Бәйтүгей баласы Сыр бойынан жер ауып келіп, осы Жаркент өңірін мекендеп, орнығады. Суанның Қанбағыс, Досбағыс деген балалары (Бағыс Суандар) сол Сыр бойын мекендеп қалады. Қараменде би, Жалайыр Ескелді әулие мен Балпық әулиеден бұрынырақ, қалмақтардан жер-суын азат ететін Орбұлақ шайқасынан ертерек өмір сүрген. Қараменде бидің халыққа жасаған игі ісі: Сырдан ауып келген Тоқарыстан мен Бәйтүгей руларына мекендейтін жер мен суларын, жайлау, көктеу, қыстау, күзектерін әділдікпен бөліп беріп, ер іргесін ірітпей, бекемдей түскен. Қараменде бидің тұсында Суан руының батырлары Елтінді батыры, Бағай батыры, Мырзакелді, Кебенек, Есет, Қошқар, Туматай, Аралбай, Сады, Биғаш сынды батырлары ел қорғаны болған екен [4].

Осындай ел қорғаған ер бабаларымыз елі мен жері үшін қасық қаны қалғанша аянбай қан төккендері, билеріміздің әділ шешім айтып, елінің ертеңін ойлап айтқан нақыл сөздері, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық істері әрине тарих бетінде жазылып, ел ішінде сақталып қалары сөзсіз.

Жаркент өңірінің тарихы осылай сыр шертеді.

Әдебиеттер

- 1 Ахметұлы Ерғали. Шормак батыр // Жетісу – 1997 – 31 қазан. – 3 б
- 2 Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-түқианнан өзіме шейін. – Алматы: Жалын, 1993. – 120 б.
- 3 Айтыс. – Алматы: Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964. – 115-145 б.
- 4 Әдепхан Төреханұлы. Елім дархан, жерім бай. – Алматы: Бастау ЖШС баспасы, 2007. – 73 б.

References

- 1 Ahmet Ergali. Shormak hero // Zhetisu – 1997
- 2 Shapyrashty Kazibek bek Tauasaruli «» Almaty Zhalin 1776
- 3 Aitis. Kasak Memlekettik korkem adebiet baspasi 1964
- 4 Adephan Torehanuli. Elim darhan, zherim bai. Almaty 2007

БАЙЖУМАНОВА З.Б.

(Институт истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова,
Младший научный сотрудник Отдела историографии, источниковедения и
современной методологии)

ИЗ ИСТОРИИ ЖАРКЕНТСКОГО РЕГИОНА (По материалам этно-исторической экспедиций)

Резюме

В статье рассматриваются материалы устной истории, собранные во время этно-исторической экспедиции в районе Жаркента.

В народе существует множество устных преданий о героях и батырах. Автор приводит сведения о легендарных биях и батырах вышедших из Старшего Жуза, родов Албан и Суан - Кожбамбет би, Шормак, Багай, Елтинди, Шойнак.

Ключевые слова: старший жуз, би, батыр, род, бой, поколение.

Z.B. BAIZHUMANOVA

(Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch.Valikhanov,
Department of Historiography, Source Study and Contemporary Methodology, Junior
Research Fellow)

**FROM THE HISTORY OF ZHARKENT REGION
(based on materials of ethno-historical expedition)**

Summary

In this paper the author considers some materials of oral history collected during the expedition to Zharkent area.

Kazakh people have many oral legends about heroes and batyrs. The author gives some information about legendary bis and batyrs originated from Senior Zhuz, Alban and Suan tribes – Kozhbambet bi, Shormak, Baghai, Yeltindi, Shoynak.

Keywords: Great zhuz, judge, hero, family, fight, generation.

**РЕЦЕНЗИЯЛАР ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ
РЕЦЕНЗИИ И БИБЛИОГРАФИИ
REVIEWS AND BIBLIOGRAPHY**

ТАЙШЫБАЙ З.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры, этно-мәдени ғылыми зерттеулер орталығының жетекшісі)

АБЫЛАЙ ХАН ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

Абылай дүниеден өткеннен кейін екі ғасыр бойы Абылай заманын аңсаған аталарымыз оның есімін қайта жаңғыртып, ғажайып абылайнама жасады. Сонау Шоқаннан бастап, орыс-қазақ авторларының түрлі жазбалары да баршылық. Ұлы ханның өмірі мен қызметін арнайы зерттеуге бүкіл өмірін арнаған, оның бер жағында соңғы 20 жыл бойы мемлекеттік тапсырыспен зерттеп келе жатқан профессор Заркын Тайшыбай Абылай есіміне байланысты жазба деректер негізінде өз ойларын ортаға салады. Бұған қоса осы автордың абылайтану саласындағы еңбектерімен танысудың артықшылығы болмас. Солардың ішінде, мысалы, 2011 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген 1300 беттік екі томдық ғылыми басылымның құны қымбат деген ойдамыз. (Қазақтың ханы – Абылай. «Ел-шежіре», Алматы, 2011. 1-2-томдар.)

Атасы Абылай, одан Уәли (Шежіреде «Көркем Уәли » атанған делінеді). Жас кезінде жетім қалып, нағашысы Қайып ханның ордасында, немере, шөбере туыс ағалары ағалары Сәмеке ханның, Болат хан мен Әбілмәмбет сұлтанның ордасында өскен. Хандар әулеті, ақсүйек дәстүрінде тәрбиеленген, білім алған, соғыс өнеріне ерте машықтанған. Аңыз-әпсаналарда айтылатын «Сабалақ» лақабы оған қайратты, ержүрек, амал-айлалы батырлығы үшін қарсыластары тарапынан берілген. «Сабалақ», яғни моңғол тілінде, сабаушы, жауынгер, бағыр [Монгол-казах толь, Өлгий-1984,403-бет] дегенді білдіреді. Киімі жыртқы, көрбала, қолбала болғаны үшін емес.

Ал, жетім қалып, «Ораз есімді аталықтың тәрбиесінде болуы» жөнінде аңыздай таралған әңгімелер - Аралдың Мұса ханы 1712 жылы қаза болғанда оның Сәтемір деген ұлын Оразалы деген аталық (ханның құлы) жасырып, аман сақтап қалыпты» деген дерекке [«История Казахстана в русских источниках ХУІ-ХХ веков», III том. Алматы 2005, С. 104.] ұқсас, ауыз әдебиетіндегі ежелгі ұйқастыра дәріптеу, айтулы тұлғалар төңірегіндегі мифтік әсірелеудің тағы бір мысалы. «Әбілмансұр» деген есім Абылайға қатысты жазба деректерде кездеспейді, бұл да аңыздарға кейін қосылған – арабша «Жеңімпаз» дегенді білдіретін лақап. Шын мәнінде толық аты-жөні - «Абылай-Мұхаммед Баһадүр сұлтан».

Кіші жүз бен Орта жүздің Ресейге бодандық шартына қол қойғаннан кейін, жаңа геосаяси жағдайда, солтүстік және шығыс шегараларды бекіту мәселесі тұрды. Тәуке хан тұсында билікті бір орталыққа шоғырландыру жөніндегі бастаманы тиянақтаған Сәмеке хан. 1733 жылы Сәмеке хан қазақ даласын билеудің жаңа тәртібін енгізіп, әкімшілік-аймақтық бөліктерге бөліп, оларға сұлтандар тағайындап, тайпа-руларды белгілеп берген [2, 347-348, 352, 353, 356]. Мысалы, Абылай сұлтанға солтүстіктегі уақ-керей, атығай, қарауыл; Құдайменде сұлтанға қыпшақ; Әбілмәмбет сұлтанға қуандық, керей; Барақ сұлтанға шығыстағы найман; Абылайдың немере ағасы Сұлтанмұхаммет сұлтанға Ертістің Жәміш, Железин бекіністеріне қарсы аймақтарды... басқартқан. Абылай 1733 жылы Көкшетау өңірін басқаруға тағайындалып [2,353], немере ағасы Сұлтанмұхаммет (ауызекі Сұлтанбет, Сұлтанбек, орысша Солтанмамет аталған) екеуі отбасымен, нөкерлерімен келіп, билік қызметіне кіріскен. Түркістаннан қоныс аударғанда,

қасында, әдеттегідей, аталығы, ақылшы-күтушісі болуы заңды.

Ел аузында «Абылай 20 жасында... танылып, билікке ие болыпты» деген жорамалдың шығу тегіне үнілсек те, осы 1732-33 жылдар екеніне негіз бар. Сақталған құжатта 1731 жылдың қысында «Сәмеке хан жоңғар қоңтайшысына соғыспен бару үшін 6 мың қол жинап отырғаны, оны Барақ сұлтан мен Әбілмәмбет сұлтан және Жәнібек батыр қолдайтыны» айтылған. [1,91]. Жоңғарлар мен қазақтардың арасында, атап айтқанда, «...1732 жылдың 16 тамызда қазақтар қалмақтармен соғысып жатыр,...қалмақ қолының саны 7 мыңнан асады. Олар 20-дан аса киіз үй мен біраз жылқы-қой әкетіпті». Тағы бір хабарда, «қоңтайшы қалмақтары 200 түндікті шауып, 6 мыңнан аса жылқы мен 10 мың қой әкетіпті» [1,101] деген деректер бар.

1737 жылы шілде айында Қазыбек би бастаған Хан кеңесінде Кіші жүз бен Орта жүздің шегарасында, екі жүздің бірігу құрылтайына қатысып, Әбілқайырды ортақ хан сайлағанда 25 жасар «Абылай-Мұхаммет сұлтан баһадүр» атымен хаттамаға түскен [1,154]. Сол жылы Абылай сұлтанды башқұрттар хандыққа шақырды, бірақ, бұл шақыру Ресейдің ішкі шаруасына араласу болып табылатындықтан, жас сұлтан хандықтан бас тартты.

Абылай 1740 жылғы 28 тамызда Әбілмәмбет ханмен бірге Ор бекінісінде Ресей патшасы деңгейдегі келіссөзге қатысып, рәсім үстінде Орынбор комиссиясының бастығы В. Урусовпен тең дәрежелі әріптес ретінде қазақ қоғамының маңызды мәселелерін шешіп, екі жақты қауіпсіздікке кепілдік алды. Осы келіссөздің барысында Абылай өзін ханнан кейінгі екінші ресми тұлға ретінде ұстап, ішкі мәдениеті бай, ой-пікірін айқын және батыл жеткізе білетін, дипломатияның қалтарыс-бұлтарыстарын сергек танитын, әбден пісіп-жетілген мәмлегер тұлға ретінде Ресейдің шенді әкімдерін таң қалдырған. Ресми әңгіме, пікір алысу үстінде партнердің аңысын аңдып, дер кезінде ескертпе жасап, қажет десе жауап беруден тартынбаған жас Абылайды олар келешекте бірден-бір әріптес ретінде мойындағаны сол жерде қағазға түскен [1, 180-206]. Осы кездесудің қорытындысы бойынша патша сарайына 1740 жылғы 8 қыркүйекте жазған хатында генерал Урусов қазақтардың келіссөз мәдениетінің мұнша жоғары болатынына өзінің таңданысын жасыра алмаған. Әсіресе, Абылай сұлтан көрген-білгені көп, ысылған мәмлегер ретінде танылған. «...Сыртқы істер алқасынан маған биылғы 30 мамырда, Орта жүздің билеушілері Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға тапсыру үшін грамота жіберілген еді. Грамотада олар ел ағалары (старшыны.-З.Т.) деп аталыпты. Ал, ежелгі хан тұқымынан шыққан Әбілмәмбет пен Абылай дәстүр бойынша сұлтан деп аталатын көрінеді. Мына Әбілмәмбет бұл күнде халықтың сайлауымен Орта жүздің шын мәніндегі ханы болып отыр... Хан мен сұлтанға грамоталарды тапсырарда «ел ағалары» деген жазуды «сұлтан» деп түзеттім. Және Әбілмәмбет ханға: «мен С.-Петербургтен шыққанда сіздің хан екеніңізді білген жоқ едім», деп түсіндірдім. [1, 206 б.].

1741 жылғы қаңтар-наурыз мезгілінде кезекті бір қазақ-ойрат соғысында Жоңғар ханы «Қалдын Серен әулетінің бір жақын ағайыны» [1, 207 б] мерт қылған Абылай сұлтан, Шідерті өзені бойында екі жүздей шағын қолмен жоңғар әскерінің қоршауында қалып, қолға түскен [1, 214, 216 б.].

Ресей тарабы 1740 жылы тамыз-қыркүйек айларында қол қойылған екі жақты ынтымақ, сыртқы жаудан бірлесе қорғану жөніндегі одақтастық шартын сақтамай, бір жылға-жетпес мерзімде жоңғар шабуылына ұшыраған Орта жүзге қарулы көмек бермеді, тұтқынға түскен Абылай сұлтанды [1, 214, 216 б.] босатып алу жөнінде Қалдын Серенмен арадағы ежелгі дипломатиялық байланыстың пәрменін пайдаланбады.

Әбілқайыр хан мен Әбілмәмбет хандарға қоқан-лоққы жасап, қысым көрсеткен жоңғар ханының үзілді-кесілді талаптары мәлім болған соң, қазақ жерлерінен айырылып қалу қаупі төнген кезде ғана, Ресей үкіметі 1742 жылы 2 қыркүйекте

Қалдын Серенге елшілік жіберді, басқа мәселелер қатарында Абылайды тұтқыннан босатуды сұрады [1, 244-256 б.]. Алайда, Абылай сұлтанды босатып, сый-сияпатпен қайтару туралы Қалдын Серен Ресей делегациясы келместен бұрын-ақ, Абылайдың өтеуіне жоңғар жағына аманат барып, мәселе шешіліп қойған болатын [1, 228, 242, 261, 263, 270, 294 бб.]. Осыдан былай, Абылай Ресей жағының адалдығына күмәнмен қарап, өз өмірі үшін сақтық жасады, дипломатиялық байланыстардың хабарласу, елшілік алмасу тәсілдеріне көшті. 1740 жылғы келіссөзден кейін, өле-өлгенше, яғни 40 жыл бойы Ресейдің бірде-бір қаласына ат ізін салған жоқ, патшалардың, биік шенді әскербасылардың шақыруына барған жоқ және өзінің осындай қызмет тәртібіне Ресейлік әріптестерін еріксіз көндірді.

1743 ж. көктеміне дейін, яғни екі жыл бір ай Қалдын Сереннің қолында, [1, 303 б.] күзет астында, бірақ, бас еркі өзінде, жақсы күтіммен [1, 232 б.] өткен тұтқындық кезеңінде Абылай жоңғар хандығының әскери жүйеге негізделіп, бір орталықтан, қатаң тәртіппен басқарылған мемлекеттік құрылымын, қорғаныс және ішкі экономикалық жүйесін мұқият зерттеген, ойрат тілін үйренген. Қалдын Серенге өзінің жеке басының озық азаматтық қасиеттерін мойындатып, тұтқыннан құрметпен босап, мол сый және қалыңдық алып оралған [1, 303, 318, 319, 323-328 бб.]. Абылай елге келген бетте Еділ қалмақтарының Аюке ханының тоқалы, Қалдын Сереннің қарындасы Дармабалаға жазған құпия хатында қазақ-жоңғар қатынастарының бұдан былай тату-көршілік арнасында дамитынына сендірген.

Орта жүздің сайламышты ханы Әбілмәмбет, өз заманы өтіп бара жатқанын мойындап, жаңа сипатты геосаяси жағдайда жауапкерлікті жігерлі де дарынды қолбасшы, інісі Абылай сұлтанға артқан. Тиісінше Абылай да, адамгершілік салтынан таймай, Әбілмәмбеттің ағалық, хандық абыройына дақ салмаған, тіпті Ресей тарапынан өзін хандыққа тағайындау туралы бірнеше ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартып, өзінің ұстазы, әкесі ретінде сыйлайтын жанның көзі тірісінде мұндай арандатуға бармайтынын мәлімдеген. Әр жағдайда ханмен ақылдасып, келісіп отыратынын айтқанда, жатжұрттықтар еріксіз таң қалған. Мансапқор емес, дүниеге қызықпайтын, ұстанған принципіне берік Абылайдың мінез-құлқын айғақтайтын басқа да жазба деректер жеткілікті.

Абылайдың тұсында елді басқарудың әкімшілік-аймақтық жүйесі жаңаша тәртіптелді. Беделді билер мен батырлар тиісті руларды басқарды. Олар өз қарауындағы ұлыстардың әлеуметтік-шаруашылық жағдайына, қорғаныс қамына толық жауапты болды. Мысалы, қаракесектің 2000 отбасы Қазыбек бидің, алтай-арғынның 3000 отбасы Нияз батырдың, қанжығалының 2000 отбасы Бөгембай батырдың, тарақтының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың, атығайдың 1000 отбасы Жәпек батырдың, қарауылдың 2000 отбасы Итқара батырдың, тобықтының 1000 отбасы Қарпық бидің. билігінде болды [1, 528, 529 б.]

Абылай, төтенше жағдайларға икемсіз Хан кеңесінің құзырын ықшамдап, дәстүрлі билер институтының өкілетін тежеу арқылы мемлекеттік басқарудың тетіктерін тікелей өз қолына алды.

Халықтың тұрмысын жақсартуды көршілерді тонау-талаудан емес, еларалық сауда қатынастарынан бастаған. Бұхара, Қоқан, Хиуа хандықтарымен, Жоңғар хандығымен айырбас сауданы жөнге қойды. Ұрлық-қарлыққа қатаң тиым салды. Шетелдік сауда керуендерінің аман келіп-қайтуын қатты бақылаған. Алғашқы жылдардың өзінде Абылай. Шұбаркөл бекінісінде, кейін Ор, Петр ағзам, Троицк, Семей, Кереку бекіністерінде, Қытайдың Үрімші өлкесінде айырбас сауда орындарын ашуға тікелей ынтагер болды.

1743-1752 ж.ж. Жоңғар хандығымен және Ресей үкіметімен үш жақты тиімді өрі тату көршілік қарым-қатынаста болуға күш салған [1, 308, 310 б.].

Абылай Ұлы жүз бен Кіші жүз хандарымен, сұлтандарымен, беделді ел

ағаларымен үнемі ынтымақта болып, қажет уақытта күш біріктіріп, жалпыұлттық мүддені бірге қорғаған. Аймақтық, ру-тайпалық жіктелушілікке, алауыздыққа жол бермеген.

Әбілқайыр ханның қазасы сияқты жалпықазақтық маңызы бар төтенше қайғылы оқиға кезінде де Абылай ерекше ұстамды әрі әділ саясат жүргізді. Абылай үшін бұл қазаның аса ауыр болғанын, алайда, қандай бір оқыс қадамның бүкіл қазақ үшін қатер әкелуі мүмкін еді. Жалпыұлттық биіктен танылған Абылай, өзінің қазақ халқы алдындағы зор жауапкерлік борышын саналы түрде түсінген. Ол «аталас туысым» [2, 358 б.] деп сыйлайтын Әбілқайырды хан, ағам әрі қайынатам деп емес, оның ұлдары Нұралыны құрбым әрі әріптесім, Ералыны досым әрі балдызым деп емес, басты кінәгер Барақ сұлтанды бәсекелесім, бақталасым деп емес; біреуін оздырып, екіншісін тізгіндемей – бәрін де қазақтың бір-бір азаматы, ет-сүйектен жаралған, өмірде ілгерілі-кейінді орны бар, Алланың ұлы, Мұхамметтің үмбеті деп сабырмен қабылдады. Ералыны Барақтан қаһарынан сақтады [1, 396 б.], Бопай ханымға Жәнібек тарханды жіберіп, көңіл айтты, кеуделеп барып, сұғынбады. Ойлап қарасақ, бұл Абылайдың енжарлығы немесе «әліптің артын баққан» бейтараптығы емес, көрегендігі. Қазақ халқының бүгінгі тұтастығының үлкен бір жоралғы сорабын Абылай өз кезінде осылай тартқан деп түсінген жөн сияқты. Орта жүз бен Кіші жүздің арасында кездейсоқ шағылған шақпақтың жалғыз ұшқынын Абылай қолдаса, аз қазақтан не қалар еді?

Басқа жүздердің билеушілері, атақты-абыройлы би-батырлары туралы сыртынан Абылай айтыпты деген қаңқу сөз немесе жазба құжат кездеспеуі де осыны дәлелдейді. Әлбетте, оның төңірегіндегі би-батырлардың бәрі бірауызды болып, әйтпесе қаһарынан қаймығып, Абылайдың қабағына қарап отырмаған. Мысалы, башқұрт, қырғыз, қарақалпақ мәселелерінде, Қытай, Ресей, Жоңғар, мұсылман әлемі бағыттарында бас батырлар мен еңселі билердің әрқилы пікірлері, тіпті қимыл-әрекеттері Абылаймен үйлесе бермеген. Осының әрқайсысын салмақтап, ертеңін болжай білген, ықпалды сұлтандар мен батырлардың, билердің пікірін бағалап, қолдап, бағыттап, өз ұстанымына қарай, сайып келгенде, қазақ мүддесіне пайдаланған.

Сыртқы саясатта көрші мемлекеттердің бәрімен тең дәрежеде көптарапты бейбіт халықаралық қарым-қатынас ұстанған.

Жартылай көшпелі тұрмыс жағдайында табиғаттың қатаң сындарынан қазақ халқын аман алып қалу үшін көрші Ресей, Қытай мемлекеттерімен мәмлеге келіп отырған. Бұл жолда жеке басының мүддесі мен намысын құрбан етуге дейін барған, бірақ Қазақ хандығының тәуелсіздігіне сызат түсірмеген. Ұлты қазақ азаматтардың әрбіреуінің тағдырына Абылайдың бей-жай қарамағаны, әрбір қандасының өмірі мен бостандығы үшін табанды күресінің нақты мысалдары көп [1, 269-272, 304, 338, 340, 355 б.].

Абылай жоңғар ханы өлгеннен кейін, нояндардың тақ таласын Қазақ хандығының стратегиялық мүддесіне шебер пайдаланып, Ұлы жүз бен Кіші жүздің қарулы күштерін Орта жүз әскеріне қосып алып [1, 544, 546 б.], Лама Доржы, Дауашы билеген жоңғар хандығының басқыншылық шабуылдарын батыл тойтарған [1, 446-448, 450 б.]. 1752-1757 жылдары бірнеше қарымта жорық жасап, жоңғарлардың жаугершілік қуатын мейлінше әлсіреткен.

1756 жылдың жазында «жоңғар нояны Әмірсананың соңына түстік» деген желеумен қазақ жеріне екі бағыттан, тұтқиыл басып кірген Қытай-манчжур әскерлеріне қарсы қорғаныс амалдарын алдын-ала ұйымдастырған [1, 502, 503, 508, 509 б.]. Басқыншылар Ертісті ішке өткен бетте-ақ, Бөгембай, Қожаберген, Аралбай, Жауғаш батырлар бастаған қарсы ұрыс бастап, қатары қалың, қару-жарағы бекем жаумен екі ай бойы қаша соғыса отырып, Баянаула, Желтау, Арқалық-Едірей, Қу-Боқты, Қарқаралы-Кент сияқты өңшең таулы аймақта кескілескен айқас ұйымдастырды. Нәтижесінде, 1756 жылдың қарашасында,

Қытай-манчжур жасақтарын көп шығынға ұшыратып, қуып шыққан [1, 507, 508, 12 б.]. Осы майданда өзі қатты жараланып, өлім аузынан қалды. Келесі 1757 жылы 14 маусымда қазақ жеріне қайта кірген қытай жасақтарымен Абылай қолы Айдынсу тұсында кездесіп, тағы бетін қайтарды [1, 490 б.]. Аса қуатты және қауіпті көршімен болған қақтығыстарды асқындырмай, олардың салдарын шебер реттеп, Цин империясымен бейбіт қатынас орнатты [1, 494 б.].

Абылайдың ұстанған сыртқы саясаты және сол дәуірде Орта жүздің көрші мемлекеттерден тәуелсіз болғаны жөнінде А.И. Левшиннен бері қарай көптеген авторлар жазды. Басқаны былай қойғанда, Ресей генералы И. Крафт былай мойындаған: «Орта жүз орыс бодандығына Кіші жүзбен бір мезгілде мойынұсынды дегенімен, жырақта жатқан Орта жүзге орыс билігінің қолы жете бермеді, қазақтарға қойындап кіре алмады. Орта жүздің бас билеушісі Абылай сұлтан өзінің шебер саясаты мен айла-амалының арқасында өле-өлгенше мүлде тәуелсіз болып қала берді. Ол уақыт пен кеңістіктегі саяси ауанды аңдып, бірде Ресейге, бірде Қытайға, бірде Жоңғарға берілген сияқты болса да, шын мәнінде, ешқайсысына тізгін берген жоқ. Орайы келсе-ақ, үшеуін де тонап, өз халқы үшін пайда табуға ұмтылды... Абылай Жоңғар хандығын жоюда Қытайға көмектесті» [2, 389 б.].

Абылай сұлтан жоңғар хандығы жойылғаннан кейін, ежелгі қазақ жерлерін қайтарып алуға күш салды. Осы мақсатта және баянды сауда қатынастарын орнату үшін 1757-1760 ж.ж. бастап, Цин сарайымен тікелей мәмлеге келген, стратегиялық әріптес ретінде Ресейден қол үзбей, оның өктем наразылығын еңсереріп, келешек үшін шығыс бағытта қазақ-қытай байланыстарын нығайтқан [2, 372 б.]. Қытай императоры Цянлунь Абылайдың жігерлі дербес саясатын мойындап, Қазақ хандығының іс жүзіндегі тәуелсіздігін таныды, тіпті «қазақтардың ішкі ісіне араласпайтынына жазбаша кепілдік беруге» [1, 497 б.] мәжбүр болған. Қытай мемлекетімен тұрақты сауда орнатты, тарихта «жылқыға-жібек» айырбасы түрінде басталған екі жаққа да тиімді байланыс тікелей Абылайдың күш-жігерімен орныққан [1, 518 б.].

Абылай хан өмірінің соңына дейін Ресей және Қытай мемлекеттерімен, Орталық Азия хандықтарымен теңгерімді әрі тұрақты, екіжаққа да тиімді, дипломатиялық және сауда қатынастарын нығайтып, Қазақстанның саяси және экономикалық тәуелсіздігін, мемлекеттік шегарасының беріктігін қамтамасыз еткен. 1759 жылы ақпанда немере інісі Жолбарыс сұлтан бастатып 12 кісіні Петербургке [2, 48 б.] және тағы бір туысы Орыс сұлтанды 14 кісімен Пекинге [2, 49, 52 б.] аттандырды.

Ресей үкіметі Абылайдың «шектен тыс дербестігінен», әсіресе Қытаймен жақындасуынан сескеніп, оған 1759 жылы жылдық жалақы тағайындады [2, 60 б.], 1760 жылдан бастап жылына 200 пұт астық беріле бастады [2, 125 б.]. Қызылжар бекінісінен 250 шақырым жердегі, Қылшақты өзені бойында қыстау салып беруге көндіріп, қолынан қағаз жаздырып алды. Осылайша, біріншіден, өз халқы алдында Абылайдың абыройына шіркеу түсіруге (көрші елден бағалы сыйлық алған ретінде), екіншіден, қазақтың «сыйға – сый, сыраға – бал» салтымен, бауырға тарту ниетін көздеді. Алайда, мұндай «жол, жоралғы» Абылайды адалдық ниетінен тайдыра алмады.

Аңыздағы «Абылайдың ақ үйіне» барып тірелетін бұл әңгімені Сібір әскер шебінің бастығы генерал И. Веймарн 1761 жылы 22 қыркүйекте бастаған: «Қазақтарды тыныштандырып, ежелгі салтынан айыру, мінез-құлқын жұмсарту, олардың негізгі байлығы болып табылатын малын бірте-бірте азайту...» жоспары үкімет деңгейінде қолдау тапқан. [2, 155-157 б.]. Абылай сұлтанға Қылшақты өзені бойынан үй-жай салып беру мәселесі 1765 жылдың 1 мамырында қайта қозғалды. 13 мамыр күні Қызылжар (Петр ағзам) бекінісінен, барлығы 21 адам, оның 16-сы балташы, екі айға мөлшерлі ас-суымен, капрал Абдуловтың бастауымен, Абылай сұлтанға генерал-майор Девиц атынан жазылған хатты алып, 8 арбамен оңтүстікті

бетке алып, аттанып кетті [2, 221, 222 б.]. Зерттеуші Н.Г. Аполлова мұрағат құжаттарын негізге ала отырып, былай деп жазады: «Орта жүздің әлуетті сұлтаны Абылай 1765 жылы жартылай отырықшы шаруашылық бастады. Петропавл бекінісінің қарсысындағы жайлаулар соған қарайтын... Абылай Қылшақты өзенінен 7 шақырым жердегі қыстауында өзіне қысқы тұрғын-жай салып беруді сұраған. (ООММ, 1-қор, 1-тізбе, 133-іс, 10-10-сырт. пар.) Абылай үшін салынатын қысқы үйлер татарлардың «шұбалма пешімен» жылытылған.

Қосымша ретінде айтарымыз, аталған жаңа қоныстың орны Петропавл бекінісінен 250 шақырым жердегі Қылшақты өзеншесінің өткелінен өткен соң, 7 шақырым жерде. Сол жылдан бастап «Жаңа қыстау» аталған хан ордасы қазіргі Көкшетау қаласынан 35 шақырым жердегі «Кенесары ауылы» деген елді мекеннің оңтүстігіндегі шоқылардың арасына салынған.

1771 жылы Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін, қазақтың үш жүзінің беделді өкілдері «марқұм ханның өз кіндігінен тараған ұлдарының мұрагерлік құқы бола тұрса да, өзге сұлтандардың ішінде ең таңдаулысы ретінде» (Шоқан), Түркістан қаласында Абылайды «үш алаштың» ханы етіп, бірауыздан сайлаған [2, 357-359, 361, 365 б.]. Бірақ, Абылай хан патша құзіретімен биік лауазымға бекіту рәсімін тілемеген және тәуелсіз елдің билеушісі ретінде Ресейге бодандық шартынан бас тартқан. Тек, арада 7 жыл өткен соң ғана Қазақ даласындағы өз ықпалын сақтап қалуды амалдап, Ресей патшалығы 1778 жылғы 4 мамырда А. «Орта жүздің ханы лауазымына бекіту туралы» құзырхат жіберуге мәжбүр болған [2, 367-374, 377 б.]. Алайда, халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін бұл құжатты заңсыз деп таныған Абылай хан, Ресей императорының жарлығын мойындамаған, мансап куәлігінен бас тартқан, көрші мемлекет ұсынған сый-сияпатты, хандық жора-рәсімерді қабылдамаған [2, 386, 392 б.]. Абылайдың бұл қылықтарын әр саққа жүгірткен Ресей генералдары мұндай «варвар, түз тағысын» тақтан тайдыру, тіпті ыңғайы келсе тұтқындап, көзін жоюдың амалдарын қарастырғаны туралы жазылған құжаттар баршылық [2, 375-388 б.].

Енді сол құжаттардан кейбір үзінділер берсек: «...Орта жүзді түгел қозғап, қарауындағыларды Абылайға қарсы қою керек», [2, 393 б.]. «Өз қарауындағы елдерде ғана емес, қазақтың басқа да жерлерінде Ресейдің көптеген адамдарын тұтқында ұстап отыр. Қанша талап етсек те, қайтармайды» [2, 384 б.]. «Елінде және өз ауылында көптеген орыс адамдарын тұтқынға ұстап отыр, оларды қайтару туралы біздің талабымызды орындаған жоқ...орыстарға нешешетүрлі жамандық жасаудан тайынбайды» [2, 388 б.], Орта жүз ішінде Абылайдың беделін түсіретіндей іс ойластырып, оған «бақталас» болатын мансапқор біреуді іздеп тауып, ондай адамды үкімет тарапынан қолпаштап отырған жөн [2, 388 б.].

«...Әзірше, Орта жүзде жағдай осындай болып тұрған кезде бұл жаққа орыстардың қатынауына тыйым салу қажет. Өйткені, бұл «жыртқыштан» қауіп күшті. Сондай-ақ, бүкіл шегара бойында қазақтардың шапқынынан сақтанып отыру қажет, ондай жағдай бола қалса, мейлінше бетін қайтарып, қуып, барымталап жіберу керек [2, 388 б.].

«Осынау бұзық ниетті Абылайға бәсекелес, одан қысым көріп наразы болып жүргендердің арасынан: Ресейге адал қызмет ететін Әбілпейіз сұлтан, ағайынды Бекболат пен Кенжебай сияқтылардың арасы қазір қандай екенін білу үшін, нақты барлау жүргізу жөнінде Огарев мырзаға мынадай нұсқау берген едім: «Егер олар Абылайдың Ресей жөніндегі қылық-әрекеттерін жек көретін болса, Орта жүзді түгел қозғап, қарауындағыларды Абылайға қарсы қою керек. Мұнымыздың орайы келсе, Абылайға қарсы шығушыларды патша ағзам тарапынан қолпаштап, шенін өсіреміз деп дәмелендірген жөн болар еді. Бұл ойымыз сәтімен жүзеге асуы үшін ондай адамдарға пара беріп, аузын алу керек. Генерал-майор Огарев өз тарапынан ханға біз ойлағандай әлуетті бәсекелес таба алар ма екен, ол жөнінде мен біліп отыруым керек қой. Осы жұмыс бойынша оған өз қасымдағы тілмәш Бекчуринді

жіберіп алғанмын.

Осы жоспарымыздан көңілдегідей нәтиже күтіп отырғанымда, таяуда тілмәш Бекчурин де қайтып оралды. Тілмәш арқылы Огарев маған мына жайларды хабарлапты:

«Қолынан іс келеді-ау деген Әбілпейіз сұлтан қазір Түркістан қаласында екен, әзір ол жақтан қайтатын түрі көрінбейді. Арнайы адам жіберіп, шақырып алайын десем, оның да ыңғайын таба алмай отырмын.

Ал енді, ағайынды екеудің біреуі - Бекболат Огаревтің шақырғанына келмепті. Аурумын, денсаулығым жарамайды десе керек. Оның үстіне, бізге шын берілген ел ағалары да оның әлжуаз әрі тым кәрі екенін айтып отыр. Бекболаттың інісі Кенжебай қолайлырақ болар еді, оны былтыр кездескенде Огарев мырза да байқаған екен, алайда Кенжебай шегара шебіне ұрымтал маңнан көрінбейді, қайда екені белгісіз.

Демек, бұл екеуінің де ыңғайы келмейтіндіктен, Огарев мырза Сібір шебіне таяу қоныстанған Төре сұлтан мен Құлыбек батыр екеуінің бірін таңдағанды жөн көретіндей. Төре сұлтан әуелден Абылаймен жұлдызы қарсы, оның айтқандарын орындай қоймайтын, өзін Абылайдан кем санамайтын. Ал, Құлыбек батырдың бізге жақсы қызмет етіп келе жатқаны рас, десек те, оныңыз біз ойлағандай нәтиже шығара алар ма екен?

Огаревтің осындай да күдігі бар. Өйткені Ертісті бойлап, Омбы бекінісінен жоғарырақ аймақта отырған Абылайдың інісі Сұлтанмұхаммет сұлтан мен немере інілері Орыс және Иман сұлтандар бар, бұлардың балалары, туыстары, қарауындағы қазақтары бар. Олар, әрине, Абылайдан сырт айналмайды» [2, 392, 393 б.]. Кезінде хатталған бұл сөздерге түсінік беру артық болар.

Абылай мен орыс билігі арасындағы қатынастар туралы Ресей бас штабының биік шенді офицері И. Красовский былай деп жазған: «... дәл сол кездегі Орта жүзге алғыр да әлуегті әскербасы, көрші державалармен қарым-қатынас жасап тұруға шебер мәмілегер керек еді. Осы міндеттің екеуін де Абылай абыроймен орындап шықты. Ол тек арғын тайпасын ғана емес, басқаларын да биледі. Үш жүздің ортақ дұшпаны жоңғарларға қарсы жеңісті күрес бастады. Аса өрнекті ептілік танытып, Ресеймен де, Қытаймен де байланыс орнатты. Осындай қасиеттерінің арқасында, Әбілмәмбет ханға қарағанда, Абылай сұлтанның атақ-даңқы арта берді. Әбілмәмбет хан болса, әскерді де, мәмілегерлікті де Абылайға өз еркімен беріп қойды, билікке таласқан жоқ. Соның нәтижесінде Сібір даласындағы Орта жүз сұлтандарының арасында алауыздық [болған] жоқ. Мұндай ауызбірліктің екінші бір негізі, жоңғар мен қазақ арасы тыныштанған соң, Абылай бүкіл қазақ аламаньының қолбасы атағынан өз еркімен бас тартты. Орта жүз тайпаларын бұрынғыдай, бір шыбықпен айдаймын деп аптыққан жоқ...». [Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область Сибирских киргизов. Часть 1. СПб, 1868. С.39.]

Абылай хан Ресейдегі Е. Пугачев көтерілісіне байланысты ұстамдылық танытты. Ресейдің ішкі ісіне араласқан жоқ, көтерілістің түбі шикі, мақсаты бұлыңғыр екенін байқады. Қазақ халқын арандатудан, орынсыз қан төгуден сақтап қалды [2, 311, 312 б.]. Ескерте кетейік, «Абылай хан Е. Пугачевті қолдады, тіпті 40 мың әскермен Ресей бекіністерін шабуға дайын отыр» - мыс[2-313] деген жазбаша дерек сол дәуірде насихат үшін таратылған жалған ақпар екені дәлелденді.

Абылайдың қырғыздарға екі мәрте жорық жасағаны туралы деректер сақталған. Екеуінде де Абылайдың қырғыз жеріне немесе байлығына қызығып, басқыншылық ниет көздемеген [1, 532 б.], керісінше, тегі бір, дін қарындас қырғызды қытайланудан сақтап, кейбір рубасыларының қарсылығын баса отырып, Қазақ хандығына қосуды мақсат еткен.

Абылай хан 1780 жылғы қыркүйек соңы, қазанның басында Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Қазақтың үш жүзінің өкілдері ұйғарып, атаулы зират-қорымы болып табылатын Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленді.

Қазақ арасында Абылайдың туған жылы туралы кезінде қалыптасқан 1711 жылы, 1713 жылы деген екі пікір бар. Жазба дерек жоқ және Абылай 70 жасап еді деген сөз аңыз-әфсаналарда кездеспейді. Демек, қолда бар деректерге жүгінсек, Абылай қазақ күнтізбесі бойынша 1712 жылдың аяғында, орысша жыл есебі бойынша 1713 жылдың басында туған және 1780 жылдың күзінде 68 жасында қайтыс болған.

Мұрағатта Абылайдың хатшысы Жағда Усмановтың айтқандары сақталған. Яғни, 1780 жылғы 25 қыркүйекте Көкшетауға «Абылай ханның қасынан (оңтүстіктен) оның ұлдары Шыңғыс сұлтан мен Есім сұлтан, Дат батыр бастаған біраз адамдар келген. Олар ханның жорықтағы жеңістерін айтқан. Келер көктемде, яғни, «1781 жылдың басында Абылай сұлтан Көкшетаудағы ордасына қайтып келеді» деген. Түркістаннан Көкшетауға дейін салт атпен кемінде бір апталық жол екендігін ескерсек, Абылай хан 1780 жылғы 19-20 қыркүйекте тірі [2, 394-397 б.] Демек, Абылай 1780 жылғы 20 қыркүйектен кейін қайтыс болған. Мұны бекітетін тағы бір құжатта, Ресей тыңшысы, Есет провинциясының башқурты Қазақұл Қазанбаев жоғарыда аты аталған Дат батырдан: «Абылай ханның былтыр, 1780 жылы күзде ауырып, өз ажалынан қайтыс болғанын» естіген [2, 410 б.].

Үшінші құжат Петропавл бекінісінің коменданты С.В. Сумароковтың генерал Н.Г.Огаревке жазған хаты. Онда «...1781 жылғы 9 ақпанда Абылай хан өлді деп хабарлаған екенсіз. Шынында дәл осылай ма, Құлыбек батырды шақыртып алып, біліп беріңіз, анық-қанығына жету – біз үшін өте қажет. Барлық күш-жігеріңізді салып, Құлыбек батырды Абылайдың өлген жеріне жіберіп алыңыз. Абылайдың өлгені рас па, неден өлгенін анықтасын. Құлыбек кісі жіберемін десе, жол шығынын толық өтейміз, оған қам жемесін». (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1-қор, 1-тізбе, 226-іс, 52-пар. Бұрын жарияланбаған.)

Бұл ресми түрде қағазға түскен алғашқы хабар, хатталған әзірше тұңғыш құжат. Демек, Абылай хан «1781 жылы қайтыс болды» деген дерек негізсіз.

Уәли сұлтанның Ресей әкімшілігіне хат жазып, әкесінің қазасын 1781 жылғы мамыр айында ғана, яғни кеш хабарлауының мәнісі де нақты деректермен анықталып отыр. Абылай ханның қазасы туралы генерал-майор Н. Г. Огаревтің 1781 жылғы 21 наурызда жазған мәлімхатында «Абылайдың ұлы Шыңғыс сұлтан қазақтарға әкесінің өлімі туралы жаздағы бас қосуға дейін орыстарға айтпандар, деп тыйым салыпты» [2, 402 б.] деген сөздер ханның қазасы жылы таяп, ас бергенше күпия ұсталғанының тағы бір дәлелі.

Әдебиеттер

1 Қазақтың ханы – Абылай. Алматы: Ел-шежіре, 2011. – Т. 1.

**МЕРЕЙТОЙ
ЮБИЛЕЙ
ANNIVERSARY**

КАРТАЕВА Т.

(өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, т.ғ.к.)

ЕКІ МАЙДАНДА ЕРЛІК КӨРСЕТКЕН МАЙДАНГЕР ҒАЛЫМ



ҚР ҰҒА құрметті академигі, өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Уахит Хамзаұлы Шалекенов – 90 жаста. Ол екі майданда ерлік көрсетті, бірі Ұлы Отан соғысының майданында. 53 Дала армиясы, 299 атқыштар дивизиясы, 960 атқыштар полкы құрамында болып Старый Оскол, Новый Оскол, Белгород және Харьков қалаларын азат етуге қатысты. Екіншісі отандық археология және этнология ғылымының майданында. Баласағұн (Ақтөбе) қаласының орнын нақтылауын Уахит Хамзаұлы Шалекеновтың Еуразия археология ғылымындағы ерлігі деуге болады. Мен ғалым-ұстаздың осы бір ерлігіне тоқталмақпын. Көне қала-қоныстардың тарихи-мәдени құндылықтарын табумен қатар, оны ғылыми айналымға ендіру мақсатында лабораториялық өңдеп, ғылыми атрибуциясын жасап, мәдени қабаттан бұзылып шыққан ескерткіштердің графикалық реконструкциясын жасап, одан әрі консервация жұмысын жүргізудің маңызы ерекше, әрі Баласағұн құндылықтарын ғылымға ендіру процесінен кейін, ол дүниелерді өңірлік музейге тапсырып отырған. Бұл ғалымның осы өңірдің тарихи өлкетану, практикалық өлкетану жұмысына деген ерекше қамқорлығын көрсетеді.

Кезінде Қарахан мемлекетінің астанасы болған ерте ортағасырлық қала Баласағұн бізге жер астына енген күйінде сақталып жеткен тарихи мұра. Баласағұнның жер қойнауында талай ғасырлар бойына бүгіп жатқан сырлары мен қырларын ашу, оны кейінгі ұрпаққа жеткізудің ауыр жүгі археолог ғалымдарға жүктелді. Баласағұнның қираған орны қай жерде жатқандығы ұзақ жылдар бойына жұмбаққа айналғаны да тарихи шындық, зерттеушілер қанша іздесе де Баласағұнның орны дәл қай жерде екені көп уақыт беймәлім болып келген еді. 1974 жылдан бастап өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясының кешенді зерттеуі мен осы экспедицияға жетекшілік еткен белгілі ғалым Уахит Хамзаұлы Шалекеновтың табанды зерттеулері нәтижесінде Баласағұнның шынайы бейнесі халыққа жетті. Өл-Фараби бабамыз: *«Ұстаз... ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысынан тас төсетін бейнебір су төрізді»*, - деп «ұстаздық мінез-құлық нормасын» тайға таңба басқандай сипаттап берген еді. Уахит Хамзаұлының бойындағы ынталылық пен табандылық қасиет оған «Баласағұн» зерттеуін кешенді жүрзізу міндетін жүктеп қана қойған жоқ, өз соңына «Баласағұнтаушы» шәкірттерді ерте білді. Ол Баласағұннан болашақ археолог мамандардың практикалық танымын қалыптастыратын «археологиялық база» салуға мұрындық болды, қазіргі таңда «Баласағұн» (Ақтөбе) археологиялық базасы Ашық археологиялық музейлік-туристік кешен ретінде қайта құрылып,

университеттің оқу-практикалық базасын кеңейтті. 2013 жылдың жаз айында ЮНЕСКО мамандары тарапынан Баласағұн қаласындағы ескі қоныстардың реставрациялық-консервациялық жұмыстары жоғары бағалануы Уахит Хамзаұлы бастаған жұмыстың нәтижесі десек болады.

Баласағұндағы кешенді зерттеулердің барысы мен мән-жайы үнемі ғылыми басылымдарда жарық көріп отырғандығы да тарихи ортаға аян. Баласағұн қаласының тарихи ономастикасының аса күрделілігі ғылымда бірнеше пікірді қалыптастырды. Х ғасырда әл-Макдиси өз жазбаларында Баласағұнды «игілікке бай үлкен қала» деп сипаттаған. Махмұт Қашқари жазбалары бойынша Баласағұнның *Күз-Ұлыс* немесе *Күз-Орда* деген аттары болғандығы хабарланса, Мұхамед Хайдар Дулати «жергілікті халық қаланы «Борана» деп атаған» дей отырып, Мұхамед Фатих Баласағұни қабірінің де осы жерде жатқандығын айтады. VIII ғасырда қаланы түріктер Беклік, соғдылар Семекне деп атаған. 1218 жылы Шыңғыс хан әскерлері басып алғаннан соң қала *Ғабалық* (Жақсы қала) деген атқа ие болады. Қаланың *Ақтөбе* атауы да кеңінен мәлім.

Баласағұнның дәл орнын анықтауға деген күштарлық В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, М. Тынышпаев сияқты белгілі ғалымдарды осы қаланы зерттеу аясына әкеп топтастырды. Ұзақ жылдарға созылған зерттеулердің нәтижесінде Баласағұнның тарихи орны, археологиялық картасы жасалып, қала орнының Алматы-Тараз тас жолының бойында, Шарғау, Ақсу, Қарабалта және Тоқташ өзендерінің Шу өзеніне құяр сағалары тұсындағы жазықтықта орналасқаны нақтыланды (Археология қазіргі таңдағы ғылыми танымда гуманитарлық ғылымдармен қатар, нақты ғылымдар қатарында да қарастырылады). Шу аңғары ертеден дала өркениетінің ошағына айналған мекен. Осы аңғардың қойнауына сиып жатқан Сүяб, Аспара, Мерке, Құлан, Тараз, Баласағұн, Ақтөбе қалаларының (тек Жамбыл облысының өзінде ғана жиырмадан астам Ақтөбе археологиялық қала қоныстары бар екен) тарихи сырына үнілсең көз алдына Шу аңғарының байырғы жұрты, қала орталығындағы хан ордасы, уәзірлер, қала аристократтарының мекені, шеберханалар, керуен сарайлар, яғни көне шаһар ішіндегі ертегі тіршілік елестейді. Кез келген ескі шаһардың «мәдени қабаты» өзіндік бір кеніш, сыр-сандық емес пе? Ендеше Баласағұн қаласының сыр-сандығын ашқан, сандық ішінен тарихи маржан шашқан ғалым – Уахит Хамзаұлы Шалекенов екені анық. Баласағұн қаласының ономастикасына қатысты жазба деректерге ғылыми-тарихнамалық, теориялық-деректанулық талдаулар, автордың өзіне дейінгі зерттеулерге ғылыми көзқарастары мен пікірлері оның еңбектерінің ғылыми құндылығын арттыра түседі.

Қазақ халқының тарихында қала мәдениетінің, соның ішінде көне қалалардағы ақша айналымының алатын орны ерекше. Шу аңғарындағы ежелгі қалалардың тоғыз жолдың торабында, Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы, қала базарларында сауданың қызып жатуы, халықтар арасындағы қарым-қатынасты ұлғайта түсті. Ежелгі түркілер Ұлы Жібек сауда жолының бойында орналасқандықтан ақша соғып, оны айналымға ендірту ісін ертеқолға алған. Монета соғу ісі, ақша айналымын ендірту және оны қоғамда төлем құралы ретінде пайдалану – сол қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының белгілі бір сатысына көтерілгендігін көрсетеді. Әсіресе, Баласағұн қаласында ақша қатынасының қарқынды дамығандығын археологиялық қазбалардан табылған металл теңгелер растайды. Баласағұннан табылған Түркеш және Қарахан мемлекеттері тұсында соғылған мыс теңгелер, есеп шоттың тастары осы жерді қоныс еткен тайпалардың сауда-саттығы ақша айналымына негізделгендігін, бұл территориядағы тауар-ақша қатынасы тарихының тамыры тереңде жатқандығын және де сол кезеңде үстем еткен мемлекеттің дәулетін білдіреді. Баласағұннан табылған Түркеш, Қарахан монеталары көмбесінің арасынан, монета тізбесін жасау үшін ортасын

тесіп жасаған түрлерінің кездесуі монета соғу ісінде күрделі технологияның болғандығының белгісі деп қараймыз. Қазіргі таңда Баласағұн монеталары ҚР Орталық мемлекеттік музейі нумизматика қорының және жергілікті музейдің құнды экспонатына айналып отыр.

Баласағұннан табылған моншақтар, өрмелі қола білезік, гүл өрнекті алтын алқалар, белбеу күймалар, түрлі қыш құмыралары, қыштан соғылған тұрмыстық бұйымдары, оларға бедерленген ою-өрнектер қала тұрғындарының эстетикалық талғамының, сән-салтанатының аса жоғары болғандығының көрінісі. Қала орнынан табылған қола мөр, арыстан бейнелі тас мөр, теңгелерге таңба басатын тас мөрлер сфрагистика тарихы үшін аса құнды жәдігер. Қазақ даласының төсінде көшпелі өркениеттің, дала өркениетінің бейнесі Баласағұн сияқты шаһардың болғандығы әрбір қазақ баласы үшін мақтаныш. Талай жылдар сыры жұмбаққа айналған шаһардың сыры шешіп, қаланың көне шежіресін ғылымға ендіріп, өзінді Баласағұн атты көне шаһардың бір жұртындай күй кешетін сезім сыйлағаны үшін Уахит Шәлекенов ағамызға шын көңіліммен рахмет айтамын.

Уахит Хамзаұлы отандық тарих және тарихи этнографияның ежелгі өркениет, этностық саясат, дәстүрлі шаруашылық, дәстүрлі мәдениет, архайкалық діндер мен көне дәстүрлер сабақтастығы сияқты күрмеуі күрделі мәселелерге өзіңіздің батыл көзқарасыңтанытып жүрген, осы салада сүбелі еңбектерді ғылыми айналымға ендіріп жүрген ғалым. Уахит Хамзаұлы ғылым мен білім саласында Шәлекенов 1973 - 1989 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде археология және этнография кафедрасының менгерушісі, тарих факультетінің деканы қызметін атқарды, бұл ғалым мен білім саласындағы ұйымдастырушылық, басшылық қабілетінің нәтижесі. *«Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты»*, - деген әл-Фараби. Уахит Хамзаұлының басына қонған бақыты тұрақты, бақыты - халқы мен отбасына қалтқысыз, тұрақты қызмет етуі, 90 жасты еңсерсе де ғылым сүйгіш жастарға ғылым мен білім нәрін

беруді негізгі міндеті деп санауында дер едім.

САЛҚЫНБЕК.Д.И

(Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, т.ғ.к., доцент)

ТҰҒЫШ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫ

Өткен ғасырдың 30 жылдары республикамызда алғашқы жоғары оқу орындарының шоғыры қалыптасты. Соның бірі, Қазақтың тұңғыш техникалық жоғары оқу орны Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті. Университеттің құрылғанына биылғы жылы, 80 жыл толды.

Өткен ғасырдың 20 жылдарының аяқ кезінен бастап, ғалым Қ.Сәтбаевтың және тағыда басқа ғалымдардың жүргізген геологиялық зерттеулерінің нәтижесі бойынша Қазақ жерінде ірі шикізат көздерінің орындары анықталып, ашылды. Шикізат өңдейтін заводтар салынып, іске қосылды. Ендігі кезектегі республика алдында тұрған басты мәселе осы салынған заводтарда, геологиялық барлау жүргізумен айналысатын экспедицияларда еңбек ететін жоғары инженер-техник мамандарды даярлау болды. Алғашқы кезде бұл салаларға қажетті мамандарды Ресейден, Украинадан шақыртып жүрдік. Бірақ бұл инженер мамандарға деген тапшылықты жоюдың жолы емес еді. Тарих қойнауына үңіліп қарасаңыз, Кеңес өкіметі, республикамызда техникалық жоғары оқу орнын ашуды 20 жылдардың басында-ақ қолға алған екен. 1922 жылы наурыз айында Қырғыз (Қазақ) Халық комиссарлар кеңесінің қаулысы бойынша Орынбор политехникалық институты ашылады. Оқу жылының басында оған 50 адам қабылданса, жылдың соңында олардың жиырмасы ғана қалған. 1923 жылы маусым айында Қазақ орталық атқару комитетінің қаулысымен бұл институт қайта жабылады. Бұның басты себебі материалдық-техникалық базаның нашарлығы, оқытушы мамандардың тапшылығы болды. Сол жылдары бұл оқу орнында сабақ беретін оқытушылардың тек біреуінің ғана жоғары білімі болған.

Республикамызда техникалық жоғары оқу орнын құру әрекеті екінші рет 30 жылдардың басында жасалды. Геологиялық барлау одағы және Қазақ геологиялық мекемелері бастама көтеріп, Семей қаласында 1932 жылы қыркүйек айында геологиялық – барлау институты құрылды. Бұл институт осыған дейін жұмыс істеп тұрған Семей қаласындағы геологиялық – барлау ісін үйрену техникумі мен мектебінің негізінде құрылып, оқу комбинатының құрамдас бөлігі болды. Бірақ бұл жоғары техникалық институты алғашқы кезден бастап, көптеген қиындықтарға тап болды. Жоғары техникалық мамандарды дайындауға қажетті материалдық – техникалық базаның болмауы, білікті оқытушы педагог мамандардың жетіспеуі, сол кезеңдегі республикада қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай үлкен қол байлау болды. Және 1932 жылы шілде айында институттың алғашқы директоры болып тағайындалған көрнекті мемлекет қайраткері Ыдырыс Мұстамбаев 1933 жылы 17 қаңтар күні Москва қаласында өткелі жатқан жоғары оқу орындарының директорлар кеңесіне келген кезінде ОГПУ тарапынан тұтқындалады. Оған «Қазақстанда кеңес өкіметін құлату және КСРО-дан бөлініп кету мақсатында жоғары оқу орындары мен қызыл армия бөлімдерімен байланысқан контрреволюциялық ұйымды және топты құрды» [1,190-б], деген жалған жазықсыз айыптар тағылып, 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

Міне осындай жағдайлар институттың жоғары инженер-техникалық мамандарды дайындау ісін дұрыс жолға қоюға мүмкіндік бермеді. Соған байланысты 1933 жылы 20 қазанда КСРО Халық комиссарлар кеңесі Алматы қаласында ауыр өнеркәсіп Халық комиссарлары оқу орындарының мемлекеттік басқармасына қарайтын Қазақ тау-кен металлургия институтын ұйымдастыру туралы қаулы шығарды. Қаулы бойынша Семей геологиялық – барлау институты

жабылып, қолында бар азын-аулақ материалдық-техникалық базасымен, кітапхана қорымен Алматы қаласына көшіріліп, Қазақ тау-кен металлургиялық институтының бір факультетіне айналды. 1934 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақ тау-кен металлургиялық институтында бірінші оқу жылы басталып, алғашқы қоңырау соғылды.

Жаңадан қайта құрылған институттың алғашқы оқу жылында бір ғана геологиялық-барлау факультеті болды. Ондағы 10 кафедрада 22 оқытушы сабақ берді. Келесі жылы тау-кен және металлургия факультеттері ашылды.

Бұл жылдары бір ғана жоғары оқу орнының жағдайы былай тұрсын, бүкіл кеңестер еліндегі жағдай қиын еді. Жоғары оқу орнына сай, оқу корпустары, арнайы жабдықталған кабинеттер болмады, оқулықтар мен оқу құралдары жоқтың қасы болатын. Аудиторияларда жарықтың болмауынан студенттер білтелі шамның жарығымен оқыды.

Қазақ тау-кен металлургия институтының алғашқы директоры 1934 жылы Я.Свердлов атындағы Орал – Қазақстан өнеркәсіп академиясын үздік бітірген Әшір Жанәліұлы Бүркітбаев болды. Әшір Жанәліұлы жастығына қарамай бұған дейін Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің 1-ші хатшысы, «Лениншіл жас» газетінің редакторы, Риддер қалалық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі секілді жауапты қызметтер атқарып шыңдалған қайраткер еді. Оның алдында профессор – оқытушылар құрамын жасақтау, институттың материалдық техникалық базасын құру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу сынды қат-қат қыруар шаруалар тұрған еді. Алғашқы жылдары жоғары техникалық оқу орнына студент жастардың өзін шақыру жұмыстары оңай болмады. Орыс тілін білмейтін Қазақ жастарының техникалық оқу орнына түсуі тіпті қиын шаруа еді. Сондықтан жоғары оқу орнына дейінгі дайындық курстары ашылды. Дайындық курстарында білімін шыңдаған оқушылар студенттер қатарын толықтырды. Бұл әдіс сол кезеңде өзінің үлкен жемісін берген болатын. Өзіне сеніп тапсырылған жұмысқа білек сыбана кіріскен Әшір Жанәліұлы маман тапшылығын жою мақсатында институтқа Ресейдің жоғары оқу орындарынан Е.Д. Шлыгин, И.И. Бок, Г.Ц. Медоев, А.Н. Карташев, П.М. Кошулько, А.С. Гескин және тағы да басқа мамандарды шақырды. Республикамыздың өз ішінен жұмысқа тартылған ұлттық мамандардан Ащысай Руднигі бас инженерінің орынбасары тау-кен инженері М.Х. Мамыров тау-кен факультетінің алғашқы деканы болды. Алашорда үкіметінің мүшесі болған, педагог – ғалым, қазақтың бірінші математика профессоры Ә.Ә. Ермеков математика кафедрасының алғашқы меңгерушісі болған еді. Әлімхан Әбеуұлы өзінің естелігінде, институттың алғашқы директоры Ә.Ж. Бүркітбаев жөнінде: «Күш-қуаты мол, қайраты жас директор Ә. Бүркітбаев бар ынта-жігерімен еңбек етті, өзінің күшін де денсаулығын да аямады. Жұмыс талап етсе күнмен және түнмен санасқан жоқ, жұмыста жалындап жанды» деп ілтiпатпен еске алады [2,478-б.]. Өкінішке орай, сол заманның қиыншылықтарына қарамастан, алғашқы инженер – техникалық жоғары оқу орнын дамытуға, студенттер санын толықтырып, профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыруға, институттың материалдық-техникалық базасын көтеруге, өндіріс орындарымен байланыс жасап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жолында аянбай еңбек еткен институттың алғашқы директоры Ә. Бүркітбаев тоталитарлық жүйенің жазықсыз жазалауына ұшырады. Ә. Бүркітбаев 1937 жылы қамауға алынып, 1938 жылы «Халық жауы» деген жалған жаламен ату жазасына кесіледі. Бүгінде Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың ұжымы институттың аяғынан тік тұрып дамуына үлкен еңбек сіңірген өзінің алғашқы директорын ұмытқан жоқ. Университет ұжымы Әшір Жанәліұлының 90 жылдық, 100 жылдық мерей тойларын салтанатпен атап өтті. Университеттің тау-кен металлургия ғимаратында Ә.Бүркітбаевтың бюсті орнатылды. Өнеркәсіптік инженерия институтына Ә.Бүркітбаевтың есімі берілді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында және Ұлы отан соғысының алғашқы жылы

институты С.Б.Базарбаев (1937-1939 ж.ж), және А.И. Коктов (1939-1941 ж.ж) басқарды. Бұл жылдары да қиыншылықтарға қарамастан институттың материалдық техникалық базасын нығайту жұмыстары жүргізіліп жатты.

1937 жылы геологиялық барлау мамандығы бойынша институты 20 студент бітіріп шықты. Ал 1939 жылы институтты 56 түлек аяқтады. Институт қабырғасынан қазақтың алғашқы инженер мамандары шықты. Олардың қатарында қазақ қыздарының арасынан институтты алғаш болып бітірген Р.М. Мұхамеджанова, ірі педагог-ғалым Қазақстандық геомеханиканың негізін қалаған А.Ж. Машанов, Оңтүстік Қазақстан геологиялық басқармасының бастығы болған Н.Түкенов және тағы да басқа айтулы тұлғалар бар еді. Соғыс қарсаңында бітірген бұл түлектердің саны өте аз болғанымен де, олар республикамыздағы тау-кен металлургиялық өндіріс орындарының дамуына үлкен үлес қосты.

Институт ұжымы мен студенттері Ұлы отан соғысы жылдары нағыз отан қорғаудағы ерлік өнегесі мен тылдағы ерен еңбектің айқын үлгісін көрсетті. Институт директоры А.И.Коктов, институт партия ұйымының хатшысы Мұса Құрманғалиев және 200 студент, 23 оқытушы, институттың 3 қызметкері өз еріктерімен майданға аттанды. Ұлы отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін институт түлектері Н.Д. Маркелов, Н.И. Ященко, студенттер А.Г. Торопкин, В.А. Засядько, институттың жұмысшы факультетінің тәрбиеленушілері М.М. Баймұқанов, М.Г. Губановтар Кеңес Одағының батыры атағымен марапатталды. Институт директоры А. Коктов, партия ұйымының хатшысы М.Құрманғалиев және институттың 45 оқытушысы мен студенттері майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Даңқты ұшқыш, Кеңес одағының екі мәрте батыры атанған Т.Бигелдинов ағамыз біздің институттың түлегі. Олай дейтініміз 50 жылдары ҚазТКМИ негізінде ұзақ жылдар бойы Мәскеу қаласындағы бүкіл одақтық политехникалық сырттай оқу институтының оқу кеңестік пункті жұмыс істеді. ҚазТКМИ Мәскеудің, Ленинградтың, Свердловскінің орталық жоғары оқу орындарының сырттай оқитын студенттері теориялық оқу курсың өтетін жалғыз жоғары техникалық оқу орны болды. ВЗИСИ студенті атақты әскери ұшқыш Т.Ж.Бигелдинов диплом жұмысын ҚазТКМИ - де қорғаған еді.Бүгінде Талғат Жақыпбекұлы университетімізбен байланысын үзген емес. Әрдайым университетімізге келіп, жастармен кездесіп патриоттық тақырыптарда жиі кездесулер өткізіп тұрады.

Соғыс жылдары ҚазТКМИ ұжымы отан қорғаушы жауынгерлерімізге 55 мың сомның облигацияларын тапсыру, 84 мың 684 сом қорғаныс қорына ақша аудару, 35 мың 419 сом танк колоннасының құрылысына ақша жинау және 800 данадан астам жылы киімдер жөнелту арқылы көмектерін көрсетті. Сонымен қатар, тікелей соғысқа қатысатын 40 пулеметчик, 300 атқыш - шаңғышылар, 30 мотоциклист, 40 автоматшы қыздар, 50 медбике, 50 қоян – қолтық ұрысушылар, 30 танк жойғыш дайындап жіберді [3,5-п.].

Институт кафедраларында әртүрлі бағыттағы 65 ірі ғылыми-зерттеу және 6 ізденушілік жұмыстар орындалып, олардың басым көпшілігі өндірісте, жаңа заводтар, цехтер, шахталар жобасын жасауда қолданылды. Соғыс жылдары институтты басқарған И.Я. Бруктің басшылығында институт ғалымдары жаңа шикізат көздерін іздеп тапты, майдан қажетіне ғылыми тапсырыстарды орындады. И.Я. Брук 1941 жылы Алматыға қоныс аударған Мәскеу түсті металдар мен алтын институтының профессорлары мен оқытушыларын және студенттерін қабылдап, орналастыруда екі ұжымды біріктіріп, оқу процесін жолға қоюда үлкен еңбек сіңірді.

Соғыстан кейінгі 1946 жылы институттың басшылығына Мәскеу түсті металдар мен алтын институтының түлегі, кенші ҚазТКМИ – ға жіберілер алдында Шымкент қаласындағы тау-кен техникумының директоры болған М.К. Гришин келді. Ол институттың материалдық-техникалық базасын кеңейтуге үлкен көңіл бөлді. Көптеген оқу ғимараттары, тұрғын үйлер және жатақханалар салына

бастады.

1947 жылы институттың материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында мемлекет тарапынан 600 мың сом қаржы бөлініп, Ленин даңғылының (қазіргі Достық даңғылы) бойынан институттың жаңа оқу корпусының құрылысы басталып, оқу корпусы 1949 жылы пайдалануға берілді.

Соғыстан кейінгі қиын жағдайларға қарамастан соғыстан кейінгі алғашқы түлектер қатарынан көптеген атақты ғалымдар мен өндіріс майталмандары шықты. Олардың қатарында: Ленин сыйлығының лауреаты, ҚазКСР ҒА тау-кен ісі институт зертханасының меңгерушісі болған техника ғылымдарының кандидаты А.Н. Жақұпбаев, Мемлекеттік сыйлықтың екі рет лауреаты атанған К. Колмогоров, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты А.Л. Котельникова, ҚазКСР ғылым академиясының академигі және президенті болған Ленин сыйлығының лауреаты Ш.Е.Есенов, Социалистік еңбек ері Г.О.Омаров, ҚазКСР ҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазТКМИ проректоры, Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болған, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Е.А.Бөкетов, ҚР ҰҒА академигі Ш.Г. Балғожин, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор П.Г. Шолақов, ҚР ҰҒА академигі Ж.Сыдықов, геология-минералогия ғылымдарының докторы, ҚР минералдық ресурстар академиясының академигі Г.Р. Бекжанов және басқалар бар еді. 1946 жылы институтты қазақ қыздарының арасынан алғашқылардың бірі болып, тау-кен саласының белгілі ғалымы болған Жамал Қаңлыбаева бітірді. Жаңашыл – ғалым Ж. Қаңлыбаева бірқатар ірі ғылыми зерттеулер жүргізіп, отандық тау-кен ғылымының дамуына үлес қосып, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болды.

1950 жылдары еліміздегі жоғары оқу орындарындағы ғылыми зерттеу жұмыстарына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөліне бастады. 1952 жылы үкіметтің шешімімен ҚазТКМИ директоры қызметіне 1940 жылы ҚазТКМИ - дың түлегі, көп жылдар Жезқазған шахта басқармасында жұмыс істеген, кен-металлургиялық комбинаттың бас инженері, сол кезде ҚазКСР Жоғары Кеңесінің депутаты болған Өмірхан Аймағанбетұлы Байқоңыров тағайындалады. Өмірхан Аймағанбетұлы кейінгі жылдары ҚазКСР ҒА академигі болды. Өмірхан Аймағанбетұлы басшылығындағы институттың өркендеу кезеңінің жаңа тарихи дәуірі басталды. Өмірхан Аймағанбетұлы ұлттық мамандарды дайындау ісіне ерекше көңіл бөлді. Институтта алғаш рет техникалық және геология-минералогия ғылымдары бойынша кандидаттық диссертацияларды қорғауға рұқсат алынды. Ө.Байқоңыров жаңа оқу ғимараттары мен жатақханалардың салынуына, лабораториялық базалардың жаңаруы мен жоғары оқу орнын білікті мамандармен толықтыру ісіне айрықша көңіл бөліп, осы салалардағы жұмыстарды ілгері дамытуға қол жеткізді.

Міне осындай жүргізілген қажырлы жұмыстардың нәтижесінде институт беделі Одақ көлемінде көтеріліп, 1960 жылы шілде айында КСРО министрлер кеңесінің қаулысымен Қазақ тау-кен металлургия институты Қазақ политехникалық институты болып қайта құрылды. Заман талабына сай жаңа мамандықтар ашуға мүмкіндік туды. 1960 жылдардың бас кезінде инженерлік құрылыс, энергетикалық, автоматика және есептеу техникасы секілді жаңа факультеттер ашылып, институт инженер мамандарды дайындаудағы өрісін кеңейте түсті.

Университеттің «Политехникалық» кезеңінде 1962 - 1968 жылдары Г.М. Есіркегенов, 1968-1976 жылдары Ә.Қ. Омаров, 1976-1985 жылдары Ә.Ә. Әшімов, 1985-1992 жылдары Б.Р. Рақышовтар басқарды. Бұлардың әрқайсысы ірі педагог ғалым, жоғары оқу орнының шебер ұйымдастырушысы ретінде институттың дамуында өздерінің лайықты үлестерін қосып, қайталанбас қолтаңбаларын қалдырды. Бұл кезеңде институт бүкіл Кеңестер одағындағы жоғары техникалық институттардың алдыңғы қатарында болды. 1989 жылдың қыркүйек айынан

бастап, университет тарихында алғаш рет Баян Рақышұлының басшылығында инженер – техникалық мамандарды даярлаудағы Қазақ бөлімдері ашылды. Бұрын Қазақ мектептерін бітірген түлектерге техникалық мамандық иелері атану арман болған болса, енді оған кеңінен мүмкіндік туды. Кейінгі жылдары университетте мемлекеттік тілде дайындайтын мамандықтар саны көбейді. Қазіргі таңда университеттегі студенттердің жетпіс пайызы Қазақ бөлімдерінде оқиды. Институт кемеліне келіп, жоғары техникалық мамандарды дайындауда көш бастағаннан кейін, республикамыздың өндірісті аймақтарында орналасқан ірі кәсіпорындардың жанынан өз филиалдарын, жалпы техникалық факультеттерді ашты. Олардың базаларында өндірістен қол үзбей инженер мамандарды даярлау жұмыстарына баса назар аударылды. Қазақ политехникалық институты факультеттерінің, филиалдарының және жалпы техникалық факультеттерінің негізінде бүгінде жеке жоғары оқу орындары болып, инженер – техникалық мамандарды даярлап отырған Алматы энергетика және байланыс университеті, Қазақ мемлекеттік архитектура құрылыс академиясы, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университеті, Атырау мұнай және газ институты, Рудный индустриалды институты шаңырақ көтерді.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ техникалық жоғары оқу орны болғанымен де, алғаш шаңырақ көтерген кезінен бастап, студент жастардың рухани – мәдени тәрбиесін көзден таса еткен емес. Ұлттық мәдениетіміздің құрыштап дамуына өзіндік үлес қосып, «Қазақ эстрадасының аңызы» атты халықтық атақ алған «Дос-Мұқасан» ансамблінің ұлттық өнерімізді насихаттаудағы еңбегі ерекше бөліп айтуға болады. «Дос-Мұқасан» ансамблінің аяғынан тік тұрып кетуіне қол ұшын созып, шабыттарына дем берген сол кездегі ректор Әшім Құрамбайұлы Омаров, оқу ісі жөніндегі проректор Өмірбек Арсланұлы Жолдасбеков, кешкі және сыртқы бөлімнің проректоры Мұштай Батырбекұлы Батырбеков, декан Баян Рақышұлы Рақышев, Партком хатшысы Досмұхамед Кішібекұлы Кішібеков, химия кафедрасының меңгерушісі Тұрсын Омарұлы Сәлібаев сынды педагог – ғалымдардың қажырлы еңбектерін айтуға тиіспіз.

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін, қоғам өмірінің барлық салаларында үлкен өзгерістердің басталғаны сияқты, жоғары білім саласының алдынан да кең даңғыл жол ашылды. Жоғары оқу орындары жастарымызға сапалы білім берудің жан-жақты жолдарын қарастыра бастады. 1994 жылы ақпан айында Қазақстан Республикасы министрлер кабинетінің қаулысымен ҚазПТИ Қазақ ұлттық техникалық университеті болып өзгертілгеннен кейін, оның қызметінің жаңа кезеңі ашылып, дүние - жүзілік тәжірибеде қабылданған көпсалалы құрылым бойынша мамандар дайындау ісі басталды.

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі 1992-2008 жылдардың аралығында университетті заман талабына сай жоғары оқу орнына айналдыруда үлкен еңбек сіңірген білікті ұйымдастырушы, көрнекті педагог – ғалымдар Е.М. Шайқұтдинов, Е.Н. Нүсіпов, Д.Қ. Сүлеевтер абыроймен басқарды. Бұл жылдары университеттің халықаралық байланыстары кеңейіп, білім беру мен ғылыми бағдарламалар бойынша тәжірибе алмасу жұмыстары қарқынды жүргізілді. Университет ғылыми және оқу-әдістемелік деңгейде қалыптасты. Университет көптеген жоғары оқу орындарының басын біріктірген халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды. Университет Қазақстанда жұмыс істейтін «Симекс», «Шлюмберже» сияқты ірі шетелдік компаниялардың оқу - зертханаларын жабдықтауға арналған базасы болды. ҚазҰТУ –дың оқытушылары мен студенттері Еуропаның жетекші университеттерінде тәжірибеден өтуді бастады. ҚазҰТУ-ға 1999 жылы еліміздің инженер – техникалық мамандарды дайындаудағы ерекше жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен ірі ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі берілді. 2001 жылы шілде айында ҚазҰТУ өмірінде болған айтулы оқиғалардың бірі Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.

Назарбаевтың жарлығымен Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ ұлттық және жалпы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жолындағы еңбегі және ғылым мен техника саласындағы жетістіктерге қосқан зор үлесі үшін ерекше ұлттық мәртебесі берілді.

2004 жылы ҚазҰТУ Болан үрдісіне ынталы араласушы болғандықтан Еуропалық аймаққа кіргендігін заңды түрде жариялады.

2007 жылы университетке сапа мәдениеті, инновация және алдыңғы қатарлы технологияларды енгізудегі көшбасшылығы және Сапа жөніндегі Халықаралық конвенция (Лондон) сұраныстарын қанағаттандыру ісіндегі корпоративтік жетістіктері үшін «International Quality Crown» Халықаралық тәж сыйлығы берілді. Сонымен бірге, 2007 жылы ҚазҰТУ республикалық «Президент және халық» қоғамдық-саяси газеті ұйымдастырған «Жыл таңдауы» мәртебелі конкурсы және «Жыл таңдауы» республикалық агенттігінің «Үздік оқу мекемесі» номинацияларының жеңімпазы атанды. Тізе беретін болсақ, бұндай университетіміздің табыстары аз емес.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ – дың ұжымы өзінің 80 жылдық мерекесін бүгінгі күні лайықты қарсы алып отыр. ҚазҰТУ Елбасымыз сенім көрсетіп, ұлттық мәртебе берген республикамыздағы тоғыз университеттің бірі. Техникалық жоғары оқу орындарының көш басшысы болып, заман талабына сай, бәсекеге қабілетті жастарымызға сапалы білім беруге барынша күш жігер салып келеді.

Университетіміз бакалавриаттың 47 мамандығы, магистратураның 50 мамандығы және PhD докторантураның 24 мамандығы бойынша мамандар даярлауда. Университет қабырғасынан 110 мыңнан аса жоғары инженер – техникалық мамандар білім алып шықты. Олардың арасынан республикамыздың саяси қайраткерлері, ірі кәсіпкерлер мен ұлттық компанияларымыздың жетекшілері, ғұлама ғалым Қ.И. Сәтбаевтың шәкірттері мен ізбасарлары болған дүние жүзіне танымал ірі ғалымдар шықты. ҚазҰТУ – дың 91 түлегіне Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атақтары берілді. Университетіміздің 50 ғалымы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі және мүше – корреспонденттері деген ғылыми атақтарға ие болды.

Университет ұжымы ірі өндірістің басшылары, ұйымдастырушылары болып, ерен еңбек үлгісін көрсеткен «Социалистік еңбек ерлері» Н.Т. Түкенов, И.С. Воронин, В.А. Гребенюк, В.И. Штифанов, С.С. Покровски, Г. Омаров және «Халық қаһарманы» атағының иегері А.С. Куленовты мақтан тұтады.

Республикамыздағы жетекші жоғары оқу орны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры – Ф.М. Мұтанов, сондай-ақ, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің ректоры – О.Б. Әшімов, Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры – Г.Ж. Дәукеевтер біздің университетіміздің түлектері екенін мақтанышпен айтып кету ләзім.

2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің үкімімен университет ректоры қызметіне тағайындалған ҚР ҰҒА корреспондент – мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Жексенбек Мәкейұлы Әділов өз қызметін абыроймен атқарып келеді. Университет қазіргі таңда сапалық өзгерістерді басынан кешіріп отыр. Университеттің 2020 жылға дейін қабылданған стратегиялық даму бағдарламасында білім мен ғылыми және инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалып: «2020 жылға қарай Халықаралық деңгейдегі ұлттық зерттеу ЖОО болу және әлемдегі жетекші университеттер тізіміне ену» мақсаты белгіленді.

Жастарға сапалы білім берудегі техникалық жоғары оқу орнының бір ерекшелігі және басым бағыты деп айтайық, күшті материалдық – техникалық базаның болуы. Онсыз сапалы білім туралы сөз болуы мүмкін емес. Сондықтан университетте білім және ғылым процестерін қамтамасыз етуге арналған және озық инновациялық ізденісті жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін осы заманға

сай технопарк, бизнес-инкубатор, 52 кафедрадағы 262 оқу –зерттеу зертханасы, ұжымдық пайдаланудағы 3 зертхана, 15 ғылыми орталық, озық технологиялы шет мемлекеттермен ынтымақтастық нәтижесінде құрылған 11 ғылыми – білім беру орталықтары жұмыс істейді. Технология дамыған қазіргі заманда озық шет мемлекеттердің технологиясын меңгеру, жетістіктерін пайдалану өзара тәжірибе алмаса отырып бірлесе жұмыс істеу заман көшінен қалмаулың нақты қадамдары екені белгілі. ҚазҰТУ Францияның Schniden Electric, Германияның Siemens, АҚШ –тың HoneyWell, Жапонияның Иокогава, Кореяның KOICA, Microsoft Corporation, Cisco Networking Academy, Apple, HP, IBM және тағы да басқа шет мемлекеттердің компанияларымен ынтымақтаса жұмыстар жүргізіп келеді. ҚазҰТУ – мен ынтымақтаса жұмыс істеп отырған отандық компанияларымыз да жоқ емес. 2013 жылы Қазақстандық IT – компанияларының Ассоциациясының мүшесі, тұңғыш отандық ақпараттық технологиялардың программалық өнімдердің құрастырушы «Newinttech» компаниясымен ресми «Newinttech – ҚазҰТУ Академиясы» ғылыми білім беру зертханасы ашылды.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Англия, Канада, Франция, Германия, Жапония, Ресей мемлекеттеріндегі жетекші жоғары оқу орындарымен екі жақты байланысты дамытуға ерекше мән беріп, осы салада тығыз қарым-қатынастар жүргізуде. Бұл байланыстардың басты мақсаты халықаралық білім мүмкіндіктерін пайдалана отырып, екі жақты жоғары оқу орнының өркендеуіне ықпал ету, электротехника және автоматтандырылған жүйелеуге техникалық қызмет көрсету саласындағы жоғары деңгейдегі мамандарды даярлау, білім беру жүйесіне жоғары деңгейдегі жетістіктерді енгізу, профессорлар мен оқытушылардың кәсіби біліктілігін көтеру, докторанттарымызбен магистранттарымызды және студенттерімізді бұл елдердегі жоғары оқу орындарында оқыту болып табылады.

Университетіміздің білім және ғылым саласындағы өзара тығыз қарым-қатынаста қарқынды жұмыстар жүргізіп отырған елдердің бірі Франция мемлекеті 2009 жылы ҚазҰТУ – да энергетика, электроника және автоматика саласындағы Қазақстан – Франция білім орталығы ашылып, орталық оқытушылар мен студенттерімізді мамандыққа дайындау ісін жүргізуде. Шнейдер электрик қоры біздің студенттерімізге жыл сайын арнайы шәкірт ақы тағайындап, озық студент шәкірттерімізді марапаттап келеді. Франция елінің Энри Пуанкаре – Нанси – 1 университетімен, Лотаринг ұлттық политехникалық институтымен, Аэронавтика және космонавтика институтымен және Франция жоғары инженерлік мектебімен біздің университетіміз арасындағы жақсы қарым-қатынас жұмыстары жолға қойылған. Қазақстан мен Франция елінің арасындағы екі жақты ынтымақтастық байланысты дамытуға қосқан үлесі үшін ҚазҰТУ –дың ректоры Ж.М.Әділов мырза Пальма бұтағы академиялық орденімен марапатталды.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті республикамызда жұмыс жасап жатқан шетелдік компанияларды бірлескен ғылыми жобаларды игеруге, университеттің материалдық – техникалық базасын қайта жарақтандыру жұмыстарына, үздік студенттер мен магистранттарымызды арнайы шәкіртақымен марапаттап қаржылай демеушілік жасау жұмыстарына белсенді тартып, шетелдік әріптестер ауқымын кеңейтіп келеді. 2007 жылдан бері ҚазҰТУ университеттер серіктестіктері бағдарламасы бойынша «Шеврон» компаниясы демеушілік ететін, әлемдегі 16 университеттер қатарына кіре отырып, білім жүйесі кеңістігіндегі бірегей жоғары оқу орнының біріне айналды. Әр оқу жылы сайын компания конкурстық негізде үздік студенттерімізге, магистранттарымызға шәкіртақы тағайындауда. 2013 жылы «Шеврон» компаниясы университетіміздің 92 үздік білім алушысына шәкіртақы тағайындады.

ҚазҰТУ –дың білім беру саласының сапалық көрсеткіштері бойынша 21 білім

бағдарламасы жөнінен халықаралық аккредитациясы бар. Бұл университетіміздегі білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға жауап беретіндігінің және материалдық – техникалық базамен жақсы жабдықталғандығының айқын көрінісі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасымыз Н.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы жылғы халыққа арналған жолдауында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасының басым бағыттарын белгілей отырып, инновациялық индустрияландыру бойынша: «Мобильді және мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, роботты техника, гендік инженерия, болашақтың энергиясын іздеу және ашу, геологиялық барлау саласында әлемдік рынокқа шығу, Автомобиль жасау және авиақұрылыс, тепловоздар, жолаушылар және жүк вагондарын шығаруды одан әрі кеңейту, сыртқы рынокқа шығу» сынды міндеттерді орындауды тапсырды [4].

Осы салалар бойынша мамандар даярлаумен бірге ғылыми жұмыстарды қарқынды жүргізіп отырған ҚазҰТУ ұжымы Елбасы тапсырмасын орындау жолында жұмыла еңбек етіп, еліміздің әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруіне өзінің лайықты үлесін қосады деп сенеміз.

ИНСТИТУТ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ
ТРУДЫ УЧЕНЫХ ИНСТИТУТА
WORKS OF THE INSTITUTE'S SCHOLARS

УДК 94 (574)
ББК 633 (5 Каз)
Ә17

Баспаға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесінде ұсынылған.

Редакция алқасы:

Х.М. Әбжанов, С.О. Смағұлова (жауапты редактор),
Н.Ә. Атығаев, Д.А. Рахымқұлов

Әбжанов Х.

Ә17 Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. - 328 бет.
ISBN 978-601-7348-47-2

Кітапта Қазақстан тарихын заманауи ақыл-ой биігінен зерделеуге ұмтылыс аясында орныққан жаңа көзқарас пен ұстанымдар дәйектел-ген. Оның әлемдік тарихи кеңістіктегі орны, ерекшеліктері, болжамды келешегі зерделенеді. Ұлттық тарихымыздың мазмұнын анықтаған факторлар жүйесіндегі табиғаттың, адамдар әрекетінің, тұлғалар рөлінің, мәдени үдерістердің, геосаяси октемдік пен ықпалдастықтың бәсі мен бағамын жаңашыл идеямен, методологиямен тиянақтауға зор мән беріледі. Өткеннің тәжірибесіне, тәлім-тағалымына сүйенумен «Қазақстан-2050» Стратегиясына, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолдары қарастырылған.

Кітап тарихшыларға, студенттер мен жас ғалымдарға, сондай-ақ ел тарихына бей-жай қарамайтын оқырман қауымға арналады.



УДК 94 (574)
ББК63.3(5Каз)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институты, 2014

ISBN 978-601-7348-47-2

© Әбжанов Х., 2014



УДК 391/395
ББК 63.5
Т28

Баспаға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесінде ұсынылған

Редакция алқасы:

Х.М. Әбжанов (жауапты редактор), С.О. Смағұлова,
Н.Ә. Атығаев, Д.А. Рахымқұлов

Шікір жазған:

Т.Жұртбай, филология ғылымдарының докторы, профессор
Қолжазбаны тауып, қолжазба авторының өмірбаянын жазған
тарих ғылымдарының докторы *Ахмет Тоқтабай*

Т 28 Төкежанұлы Қ.

Ежелгі қазақ әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014.-72бет.
ISBN 978-601-7348-43-4

1905 жылдан жазылған бұл еңбекте халқымыздың құда түсу, қалың мал, қыз ұзату, келін түсіру, өлікті азалау, жаназаға шақыру, марқұмның үш, жеті, қырқын жөнелту ас беру т.б. жосын-жоралары сөз болады. Қоштасу, сыңсу, жар-жар, жоқтау, көңіл айту сияқты, ауыз әдебиетінің сирек кездесетін үлгілері бар. Кітап тек мәдени-тарихи мұра ғана емес, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуға көмектесетін таза практикалық маңызы бар жәдігер.


УДК 391/395
ББК 63.5

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институты, 2014

ISBN 978-601-7348-43-4

© Құраст.Тоқтабай А., 2014



УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Каз)
Қ53

Баспаға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесінде ұсынылған.

Редакция алқасы:

Х.М. Әбжанов (жауапты редактор), С.О. Смағұлова,
Н.А. Атығаев, Д.А. Рахымқұлов

Пікір жазғандар:

Н. Мрсаметханұлы, тарих ғылымдарының докторы,
профессор; Қ. Өскенбай, тарих ғылымдарының кандидаты

Қ 53 Қинаятұлы 3.


Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Екінші басылым) - Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. — 360 бет.
ISBN 978-601-7348-45-8

Оқушы қауымның сұранысы бойынша тарих ғылымдарының докторы Зардыхан Қинаятұлының «Қазақ мемлекеті және Жошы хан» атты монографиялық туындысының екінші басылымын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Монографиялық еңбектің алғашқы бөлімдері Жошы ханның өмірбаянына, екінші жартысы Қазақ мемлекеттілігінің үлгі, бастауы Ақ Орда мемлекеті тарихына арналған. Еңбектің деректемелік негізі бай, тілі жатық, ойы орамды болғандықтан оқушы қауымды бей-жай қалдырмас деп сенеміз.

УДК 94 (574)
ББК63.3(5Каз)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, 2014
© Қинаятұлы 3., 2014

ISBN 978-601-7348-45-8



УДК070
ББК 76.01
К26

Баспаға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесінде ұсынылған.

Редакция алқасы:

Х.М. Әбжанов (жауапты редактор), С.О. Смағұлова,
Н.А. Атығаев, Д.А. Рахымқұлов

Күрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған және еңбектерін қазіргі әріпке аударған тарих ғылымдарының докторы С. О. Смағұлова

К26 Кәшімов М.

Шығармалар жинағы / М. Кәшімов. — Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. - 216 бет.
ISBN 978-601-7348-46-5


Кітапқа XIX ғ. соңы мен XX ғ. 30-жылдары өмір сүрген ақын, журналист Мұхаметсәлім Кәшімовтың кітаптары мен «Айқап» журналына жарияланған мақалалары, очерктері топтастырылып отыр. Автордың еңбектерінде бала тәрбиесі, жер дауы, жесір дауы, әмеңгерлік, барымта мәселелері, дін-шариғат қағидалары, тазалық, қазақтардың тұрмыс халі, мәдениеті, ағарту ісі, музыка мәселелері көтерілген.

Бұл еңбек гуманитарлық ғылымдар саласы мамандарына, жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен оқытушыларына, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК070
ББК 76.01

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, 2014
© Күраст. Смағұлова С., 2014

ISBN 978-601-7348-46-5




материалы отчетных докладов акимов городов за 2012 г., данные переписей населения, периодической печати, интернета. Имеются таблицы и научный аппарат.

Автор выражает благодарность акимам малых городов за сотрудничество и помощь, оказанную в подготовке материалов.

Книга рассчитана на специалистов и широкий круг читателей.

ISBN 978-601-7348-53-3
ISBN 978-601-7348-52-6



распространяется, хранится в цифровой среде и не имеет печатного аналога. Работа представляет историкографический обзор электронных источников количественными методами. Междисциплинарный синтез предложен как подход при изучении их содержания на примере материалов современной истории Казахстана. Исследование основано на обширном комплексе цифровых форм информации, широком привлечении источников историографического и документального содержания, справочных изданий, периодической печати. Впервые в казахстанской историографии электронных источники вводятся в научный оборот и рассматриваются в качестве объекта научного исследования. Книга ориентирована для специалистов, исследователей современного периода истории Казахстана, преподавателей и студентов, а также всех, кто интересуется проблемами отечественной истории.

ISBN 978-601-4378-42-7

УДК908 ББК 26.89 У13

Рекомендовано:

Ученым советом Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК

Редакционная коллегия:

Х.М. Абжанов (ответственный редактор), С.Х Смагулова, Н.А. Атыгаев, Д.А. Рахимкулов

Рецензенты:

М.Х. Асылбеков, академик, доктор исторических наук, профессор А.И. Кудайбергенова, доктор исторических наук Уалтаева А.

У 13 Малые города Казахстана: информационно-исторический аспект. — Алматы: «Изд-во Елтаным», 2014.

ISBN 978-601-7348-53-3

Т. I. — 2014. — 312 с.

ISBN 978-601-7348-52-6

Книга посвящена социально-экономическому и демографическому развитию малых городов Республики Казахстан, отражает историческую ретроспективу образования, развития этих городских поселений и в период независимости. В I том вошли материалы по малым города Акмолинской, Костанайской, Павлодарской и Северо-Казахстанской областей по состоянию на 2011-2012 год в информационном формате, остальные городские поселения республики войдут в последующие тома и соответствующие временные периоды.

Содержание основано на обширной источниковой базе. В работе использованы статистические материалы, сборники, материалы переписей населения, периодической печати,

УДК 908

ББК 26.89

© Уалтаева А., 2014

© Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2014

УДК004

ББК32.81 А 50

Рекомендовано:

Ученым советом Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК

Редакционная коллегия:

Х.М. Абжанов (ответственный редактор), С.О. Смагулова, Н.А. Атыгаев, Д.А. Рахимкулов

Рецензенты:

Ж.Б. Абылхожин, д.и.н., профессор

Л.И. Бородин, д.и.н., профессор

Научный редактор:

С.Ф. Мажитов, д.и.н., профессор

А 50 Алимгазинов К.

Современные технотронные источники: информационный анализ исторических гипертекстов. Монография. — Алматы: «Изд-во Елтаным», 2014. — 348 с.

ISBN 978-601-4378-42-7


Начало XXI века ознаменовалось бурными процессами информатизации практически всех сфер жизни. Это особенно коснулось сферу политики, экономики, общественных отношений, повседневной жизни. Возникают новые формы общественной коммуникации, новые форматы презентации, переработки и консервации документальных сведений. Традиционные в понимании историкотехнотронные источники дополняются появлением новых их видов — электронных. При этом изучение современной истории имманентно подводит к пониманию того, что оно будет неполным без использования этого массива информации, который возникает,

УДК 004

ББК 32.81

© Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2014


© Алимгазинов К., 2014



кайраткері ретінде қалыптасуы, оның отбасы мүшелерінің өмірі мен тағдырлары, училище мен академияда оқыған жылдары, әскери-дәрігерлік қызметі және Түркістан халықтарының азаттығы үшін күресі тың мұрағат құжаттарының негізінде жан-жақты әрі кешенді түрде зерттелініп, сараланды. Кітаптың соңында Санжар Асфендиаров пен оның отбасы мүшелерінің өмірі мен қызметіне қатысты тың тарихи құжаттар келтірілген.

Кітап Отан тарихын зерттеуші тарихшы-ғалымдарға, саясаттанушыларға, жоғарғы оқу орындарының тарих факультеттерінің ұстаздары мен студенттеріне, Санжар Асфендиаров пен оның замандастарының өмірі мен қызметін білгісі келетін барша оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-7348-48-9
ISBN 978-601-7348-49-6



Однако следует отметить, что советская историография методологии исторической науки имеет значительный научный пласт специальных методологических исследований. В этой связи обращение к основам методологии истории и к наследию советской историографии представляет офомный научный интерес для казахстанских исследователей.

Так же в монографии выделены узловые моменты интерпретации данных понятий.

Работа рассчитана на специалистов историков, филологов, а также на преподавателей и студентов гуманитарных факультетов.

ISBN 978-601-7348-38-0

УДК61 (092)

ББК 633-8

Баспаға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесімен ұсынылған

Редакция алқасы:

Х.М. Әбжанов (жауапты редактор), С.О. Смагулова,

Н.Ә. Атығаев, Д.А. Рахымқұлов

Ғылыми редакторы:

О.М. Қоңыратбаев, *тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

Пікір жазғандар:

Т.Ә. Төлеубаев, *тарих ғылымдарының докторы, профессор С.С.*

Смагулова, *тарих ғылымдарының докторы, доцент*

Жүнісбаев А.

Санжар Асфендиаров: өмірі мен қызметі (1889-1938 жж.). Т.І:

(1889-1918 жж.). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. - 256 + 12

бет суретті жапсырма.

ISBN 978-601-7348-48-9

ISBN 978-601-7348-49-6

Бұл монографиялық зерттеу еңбегі халқымыздың біртуар азаматы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Санжар Асфендиаровтың 1889-1918 жылдар аралығындағы өмірі мен қызмет жолына арналған. Санжар Асфендиаровтың туған жері мен халқына еңбегі сіңген көрнекті қайраткер болғанымен, оның сан-салалы қызметі мен өмірі осы күнге дейін арнайы зерттеу еңбегінің нысанына айнала қоймауы салдарынан көпшілік оқырманға, тарихшыларға, өсіп келе жатқан жас буынға беймәлім.

Кітапта Санжар Асфендиаровтың қоғам және мемлекет кайраткері ретінде қалыптасуы, оның отбасы мүшелерінің өмірі мен тағдырлары, училище мен академияда оқыған жылдары, әскери-дәрігерлік қызметі және Түркістан халықтарының азаттығы үшін күресі тың мұрағат құжаттарының негізінде жан-жақты әрі кешенді түрде зерттелініп, сараланды. Кітаптың соңында Санжар Асфендиаров пен оның отбасы мүшелерінің өмірі мен қызметіне қатысты тың тарихи құжаттар келтірілген.

Кітап Отан тарихын зерттеуші тарихшы-ғалымдарға, саясаттанушыларға, жоғарғы оқу орындарының тарих факультеттерінің ұстаздары мен студенттеріне, Санжар Асфендиаров пен оның замандастарының өмірі мен қызметін білгісі келетін барша оқырмандарға арналған.

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институты, 2014

© Жүнісбаев А., 2014

УДК 930

ББК63

Н 55

Рекомендовано:

Ученым советом Института истории и этнологии

им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК

Редакционная коллегия:

Х.М. Абжанов (ответственный редактор), С.О. Смагулова,

Н.А. Атығаев, Д.А. Рахимқұлов

Рецензенты:

М.Х. Абушеитова, доктор исторических наук

А.Т. Кашибаева, кандидат исторических наук

Неспібаева Ж.

Н 55 Методологические вопросы истории в советской историографии (60-80-е годы XX в.). — Алматы: «Издательство Елтаным», 2014.-160 с.

ISBN 978-601-7348-38-0

Казахстанская историография методологии истории сравнительно молода. Она начала свои методологические изыскания с момента обретения Республикой Казахстан независимости. Ее интересует накопленный советской историографией опыт изучения методологических основ исторической науки. В этой связи данная книга включает в себя исследования фундаментальных проблем методологии истории таких, как понятие «методология истории», ее содержание и структура, категория «исторический факт». Хотя многие методологические вопросы в советской историографии носили порой дискуссионный характер, а также не было завершено формирование исторического категориально-понятийного аппарата.

Однако следует отметить, что советская историография методологии исторической науки имеет значительный научный пласт специальных методологических исследований. В этой связи обращение к основам методологии истории и к наследию советской историографии представляет офомный научный интерес для казахстанских исследователей.

Так же в монографии выделены узловые моменты интерпретации данных понятий.

Работа рассчитана на специалистов историков, филологов, а также на преподавателей и студентов гуманитарных факультетов.


УДК 930

ББК 63

©НеспібаеваЖ.,2014


© Институт истории и этнологии

им. Ч.Ч. Валиханова, 2014



Издание адресовано специалистам, исследователям, преподавателям и студентам, а также всем, кто интересуется проблемами методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана.

ISBN 978-601-7348-44-1



Басылым Қазақстан тарихын зерттеуші мамандарға, магистранттар, студенттер, мамандарға, сонымен қатар ұлт тарихына деген қызығушылық танытқан көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-7348-50-2

УДК94(574)
ББК63.3 (5 Каз)
И89

Рекомендовано ученым советом Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК

Редакционная коллегия:

Х.М. Абжанов (председатель), С.О. Смагулова,
Н.А. Атыгаев, Д.А. Рахимкулов

Ответственный редактор

К.Ш. Алимгазинов

Ответственный секретарь методологического семинара

Ж.Ж. Несипбаева

Рецензенты:

Г.С. Жугенбаева, Ж.Б. Кундакбаева

И89 История Казахстана: новый взгляд: Сборник материалов методологических семинаров Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2012-2013 гг. / отв. ред. К.Ш. Алимгазинов. - Алматы: «Изд-во Елтаным», 2014. 140 с.
ISBN 978-601-7348-44-1

Сборник содержит тексты выступлений докладчиков на методологических семинарах Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК. Материалы представлены в хронологической последовательности проведения мероприятий, в период за 2012-2013 гг., освещают итоги проведенной научной работы по выполнению приоритетных программ исследований Института, акцентируют внимание на актуальных проблемах изучения национальной истории, в русле современных парадигм исторического знания.

УДК 94 (574)

ББК 63.3 (5 Каз)

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2014

УДК94(574)
ББК63.3(5Каз)
У43

Баспаға ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы

Тарих және этнология институтының

Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакциялық алқа:

Х.М. Әбжанов (жауапты редактор), С.О. Смагулова, Н.Ә.

Атыгаев, Д.А. Рақымқұлов

Құрастырушылар:

А.Т. Саурықова, Г.Ж. Өскенбаева, С.Ә. Асанова

У 43 «ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ» І-ші НУСИПБЕКОВ ОҚУЛАРЫ. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы қ., 12-24 желтоқсан 2013 ж. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. 76 б.

«МИРОВАЯ И ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ПРАКТИКА ИЗУЧЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ» I-х НУСИПБЕКОВСКИХ ЧТЕНИЙ. Материалы Республиканской научно-практической конференции. г. Алматы 12-24 декабря 2014 г. — Алматы: «Изд-во Елтаным», 2014. 76 с.
ISBN 978-601-7348-50-2

Жинаққа Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында «А.Н. Нұсипбеков оқулары» бағдарламасы бойынша өткен «Академик А.Н. Нұсипбеков және ұлттық тарихты зерттеу» конференциясы мен «Халық тарих толқынында» аясында «Тәуелсіз Қазақстан: мәселелері мен келешегі», «Тарих ғылымының әдісі және әдістемесі», «Қазақстанның этникалық тарихын және мемлекеттілігін зерттеу мәселелері: жана көзқарастар — тын материалдар», «Жүз қария, жүз ауыл, Ою-өрнек құпиясы, Шежіре» атты дөңгелек үстел және 2013-2014 жж. жүргізілген экспедиция барысында жинақталған материалдары ұсынылып отыр.

УДК 94 (574)

ББК63.3(5Каз)

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2014

Басуға 01. 07. 2014 қол қойылды.
Шартты баспа табағы 12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 500 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды

Редакцияның мекен-жайы:
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28